

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ:81'1(043)

Қолжазба құқығында

ДҮЙСЕН ҚУАТБЕК ҚОНЫСБАЙҰЛЫ

**Тарихи мәтіннің лингвокогнитивтік аспектісі
(«Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)**

8D02303 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д. Сүйеркүл Б.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор
Бирай Н. (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	4
ШАРТТЫ ҚЫСҚARTУЛАР.....	6
КІРІСПЕ	7
1 ТАРИХИ ЖЫРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ.....	14
1.1 Тарихи жырдың мазмұны мен жазылып алынуы.....	14
1.2 Тарихи жыр үзінділерінің кеңес кезеңіндегі жариялануы және зерттелуі Қате! Бетбелгі анықталмаған.	
1.3 Тарихи жырдың тәуелсіздік кезеңіндегі зерттелуі.....	Қате! Бетбелгі анықталмаған.
Бірінші бөлім бойынша түйін.....	42
2 ТАРИХИ ЖЫРДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК.....	44
2.1 Антропонимдердің тарихи аспектідегі когнитивтік-прагматикалық мағынасының көрінісі.....	Қате! Бетбелгі анықталмаған.
2.2 Топонимдердің лексика-семантикалық мағынасының географиялық аспектідегі сипаты және лауазым, атақ атаулары мен этнонимдердің тарихи жыр мәтініндегі әлеуметтік сипаты	Қате! Бетбелгі анықталмаған.
Екінші бөлім бойынша түйін.....	71
3 ТАРИХИ ЖЫРДАҒЫ ӘСКЕРИ КЕҢІСТІК.....	75
3.1 Қару-жарақ атауларының прагматикалық аспектідегі когнитивтік құрылымы	75
3.1.1 Ататын қару атауларының когнитивтік-прагматикалық мәні.....	76
3.1.2 Кесетін қару атауларының когнитивтік-прагматикалық мәні.....	Қате! Бетбелгі анықталмаған.
3.1.3 Түйрейтін, шабатын, соғатын қару атауларының когнитивтік- прагматикалық мәні	Қате! Бетбелгі анықталмаған.
3.1.4 Жарақ атауларының когнитивтік-прагматикалық мәні.....	Қате! Бетбелгі анықталмаған.
3.1.5 Әскери терминдер мен гиппонимдердің ортағасырлық таным шеңберіндегі когнитивтік-прагматикалық аспектісі.....	Қате! Бетбелгі анықталмаған.
Үшінші бөлім бойынша түйін	115
ҚОРЫТЫНДЫ	118
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ	123
ҚОСЫМША А - ТОПОНИМДЕР ДЕРЕКҚОРЫ.....	132
ҚОСЫМША Ә - ҚАРУ-ЖАРАҚ АТАУЛАРЫ МЕН ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕР ДЕРЕКҚОРЫ	134
ҚОСЫМША Б - АТАҚ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМ АТАУЛАРЫ ДЕРЕКҚОРЫ.....	141
ҚОСЫМША В - ЭТНОНИМДЕР ДЕРЕКҚОРЫ	142
ҚОСЫМША Г - АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ДАСТАНДАРДАҒЫ ҚОЛДАНЫСТЫҚ ДЕРЕКҚОРЫ.....	143
ҚОСЫМША Ғ - СОҒЫС АТТАРЫНЫҢ АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ БАТЫРҒА ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ. 1-КЕСТЕ	147

ҚОСЫМША Д - СОҒЫС АТТАРЫНЫҢ АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ БАТЫРҒА ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ. 2-КЕСТЕ	149
ҚОСЫМША Е - ҚҚБ ЖЫРЫНЫҢ БӨЛІМДЕРІ ЖӘНЕ КӨЛЕМІ	151
ҚОСЫМША Ж - АҢШЫБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ БӨЛІМІНІҢ КӨЛЕМІ.....	152
ҚОСЫМША И - ҚАРАДӨҢ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ БӨЛІМІНІҢ КӨЛЕМІ.....	153
ҚОСЫМША К - ЖЕКЕ БАТЫРЛАР БӨЛІМІНІҢ КӨЛЕМІ	154
ҚОСЫМША Қ - ӘСКЕРИ ҚИМЫЛ АТАУЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ.....	155
ҚОСЫМША Л - ӘСКЕРИ ОРЫН АТАУЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ	156
ҚОСЫМША М - ӘСКЕРИ РӨЛ АТАУЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ.....	157
ҚОСЫМША Н - АНТРОПОНИМДЕР ШЕЖІРЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ	158

АНЫҚТАМАЛАР

Әдістемелік ақпарат – өзге ақпаратқа немесе ақпарат жүйелеріне сүйенетін ақпараттың күрделі түрі. Мысалы: жүргізуші куәлігі, емтихан

Әлеуметтік желіні талдау (social network analysis) – әлеуметтік құрылымдарды зерттеу үдерісі

Деректерді көрнекілендіру технологиялары – әртүрлі деректерді жинақтап көрсету үшін пайдаланатын технологиялық құралдар

Гиппоним – атқа қойылатын есім

Зооморфтық есім – жануарға байланыстырып қойған адам есімі

Ибраһим діндері – Ислам, Христиан, Яһуди діндері мен олардың бұтақтары және олардан тараған ағымдар, секталарға қатысты ортақ атау

Когнитивтік ғылымдар – ақыл мен интеллектіні зерттеумен айналысатын және психология, философия, лингвистика, нейро ғылымдар, антропология, жасанды интеллект секілді салаларды қамтитын салааралық ілім

Когнитивтік карталау – бір-бірімен өзара байланысты және тәуелді ақпаратты белгілі бір ретпен кеңістікте орналастыру амалы

Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық табиғи болмысын зерттейтін лингвистика ғылымының бір саласы

Когнитивтік семантика – когнитивтік лингвистиканың мағынаның адам миындағы үдерістермен байланысын зерттейтін бағыты

Когномен – адамның қалың бұқара арасында тараған көпшілік білетін есімі

«Мәдени мұра» бағдарламасы – 2004-2011 жылдар аралығында жүзеге асқан мемлекеттік бағдарлама. Бағдарлама халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құруды қарастырды

Мәтінді қазбалау (text mining) – мәтін ішінен жоғары сапалы ақпаратты өндіріп алу үдерісі және әдісі

Неодарвинизм – 1976 жылдан бастауын алып, қазіргі уақытта жалғасын тауып жатқан лингвистика ағымы. Неодарвинизм ілімін ұстанушылар тілдегі құбылыстарды сипаттау үшін Чарльз Дарвин ілімінің ғылыми аппараты шеңберінде қарастыру мүмкін екенін атайды

Ноғайлы дәуірі – шартты түрде 1391-1557 жылдар аралығындағы орталық еуразия аймағын қамтитын тарихи кезең

Ноғайлы дәуірі әдебиеті – 1391-1557 жылдар аралығында орын алған тарихи оқиғаларға негізделген, Арал-Каспий өңірін мекендейтін түркі тілдес халықтарға ортақ қаһармандық әдебиет

Объективті білім (Objectivist Knowledge) – қоршаған ортамен қатынасу тәжірибесі барысында туындайтын білімдер жүйесі

Реляциялық дерекқор басқару жүйесі – мәліметтер қорын құруға және мәліметтерді өңдеуге (енгізу, жаңарту, жою және таңдау) мүмкіндік беретін бағдарламалар жиынтығы

Социометриялық талдау – топ қатысушылары арасындағы өзара қарым-қатынасты талдау негізінде әлеуметтік құрылымын талдау әдісі

Туа біткен объективист таным (Nativist Objectivist Cognition) – мидың ақпаратты өңдеу үдерісімен тығыз байланысты бастапқы таным

Түрік тілі қоғамы – 1932 жылы Түркияда құрылған, түрік тілі мен түркі тілдес халықтардың тілі мен әдебиетін зерттеумен айналысатын ұйым

Эмпирикалық объективті таным (Empiricist Objective Cognition) – қоршаған ортамен әрекеттесу барысында жинақталған тәжірибе негізінде туындайтын таным

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

АЛА – «Алау батыр» дастаны
АҢБ – «Аңшыбай батыр» (Ала тайлы Аңшыбай батыр, Аңшыбай) дастаны
АТА – «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастандары
АХМ – «Айсаның ұлы Ахмет» (Ахмет, Айсаұлы Ахмет) дастаны
ӘМЕ – «Әмет батыр» дастаны
БЕГ – «Ер Бегіс» (Бегіс) дастаны
БК(б)П ОК – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық комитеті
ЕДІ – «Едіге» дастаны
ЖАҢ – «Жаңбыршы» дастаны
ЖҰБ – «Жұбаныш» (Жұбаныш батыр) дастаны
КЕҢ – «Ер Кеңес» (Ақжонасұлы ер Кеңес, Кеңес) дастаны
КӨК – «Ер Көкше» (Көкше) дастаны
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Қазақ КСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚҒБ – «Қарғабойлы, Қазтуған» дастаны
ҚДҢ – «Қарадөң» (Қарадөң батыр) дастаны
ҚҚБ – «Қырымның қырық батыры»
ҚҚЖ – «Қартқожақ» (Қарт Қожақ) дастаны
ҚОБ – «Қыдырбайұлы Қобыланды» (Қобыланды) дастаны
ҚОС – «Ер Қосай» (Қосай) дастаны
ҚРС – «Қарасай, Қазі» дастаны
ҚҰЛ – «Құлыншақ» дастаны
ҚҰТ – «Құттықия» (Құттықия батыр) дастаны
МАН – «Манашы» дастаны
МҰС – «Мұса хан» дастаны
НӘР – «Нәрік» дастаны
НҰР – «Нұрадын» дастаны
ОРМ – «Орақ, Мамай» дастаны
ПАР – «Парпария» (Парпария батыр) дастаны
СҰЛ – «Сұлтанкерім» дастаны
СҮЙ – «Сүйініш» (Сүйініш батыр) дастаны
ТГК – «Тегіс, Көгіс» дастаны
ТЕЛ – «Жаңбыршыұлы Телағыс» (Телағыс) дастаны
ТМА – «Тама» (Тама батыр) дастаны
ТНА – «Тана» (Тана батыр) дастаны
ТӨР – «Шынтасұлы Төрехан» (Төрехан) дастаны
с.ғ.с. – салалаху ғалейхи уа салам
ТҰҚ – «Манашыұлы Тұяқбай» (Тұяқбай) дастаны
ШОР – «Шора» (Шора батыр) дастаны
ШЫН – «Шынтас» дастаны
ІРА – Халықаралық фонетикалық әліпби (International Phonetic Alphabet)

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Когнитивтік ғылымдар адам танымымен тығыз байланысты ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. XX ғасырдың басындағы эксперименталды психологиядан бастау алған когнитивтік ғылымдар жетіле келе нейро ғылым, лингвистика, философия, антропология, биология, этология, жасанды интеллект, информатика сияқты салаларға ықпал етіп, ғылымдағы жетекші бағыттардың біріне айналды. Когнитивтік ғылымдар XX ғасырдың екінші жартысынан бастап пәнаралық ғылыми бағыт ретінде орнықты. Н. Хомскийдің ізденістері когнитивтік ғылымдардың лингвистика саласында өркендеуіне негіз болды. Н. Хомскийдің «генеративті грамматика» туралы теориясы лингвистика әлемінде тың серпіліс тудырды. Бұл серпілістің басында тілді игеру мен сөйлеудің негіздерін табуға қатысты зерттеулер тұрған. Осы бір үлкен бетбұрыстың алаңында «неодарвинизм» идеяларын ұстанушылар елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Солардың ішінде Дж. Лакофф пен Р. Лангакер зерттеулері елеулі орын алған.

XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап Дж. Лакофф пен Р. Лангакер бастаған ғалымдар тобының ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеулері когнитивтік зерттеулер бағытында жемісін берді. Сол зерттеулердің нәтижесі ретінде XX ғасырдың сексенінші жылдары когнитивтік лингвистика ғылыми қауымдастықта дербес сала ретінде қалыптасты. Дж. Лакофф 1987 жылы өзінің атақты «Women, Fire, and Dangerous Things» (Әйелдер, от және қауіпті заттар) атты когнитивтік лингвистика саласындағы іргелі еңбегін жариялады. Аталған еңбекте кейінірек когнитивтік лингвистиканың іргетасына айналған тұжырымдар айқындалып, саланы өзге когнитивтік салалармен байланыстыратын ұстанымдар аталған, сондай-ақ когнитивтік лингвистика саласының терминологиялық базасы көрсетілген болатын.

Когнитивтік лингвистиканың жеке сала ретіндегі дамуын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы «қалыптасу» кезеңінде когнитивтік лингвистиканың ғылыми аппараты қалыптасып, сала ішіндегі ағымдар рәсімделген болатын. Бастапқыда лингвистиканың бұл саласы когнитивтік семантика және когнитивтік грамматика болып екі тармаққа бөлінген. Когнитивтік лингвистиканың қазіргі қалпына жетуіне осы «қалыптасу» кезеңі зор ықпал еткен. Когнитивтік семантиканың дамуына үлес қосқан көрнекті ғалымдар қатарына Л. Талми, У. Крофт, А. Дуранти, Дж. Дюбуа, И. Ибаретче-Антуано және басқаларды жатқызуға болады.

Когнитивтік лингвистиканы қазақ тіл біліміне әкелген алғашқы зерттеуші Қ. Жаманбаева болатын. Ғалымның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясы – Қазақстан ғылымында когнитивтік зерттеулер бағытында жасалған алғашқы елеулі еңбектердің бірі. Когнитивтік зерттеулер, соның ішінде когнитивтік лингвистика бағытындағы келесі кезеңді шартты түрде «жайылу» деп атауға болады. Бұл кезеңде когнитивтік лингвистика туралы білімдер әлемге кеңінен таралған болатын. Когнитивтік лингвистика бағытындағы зерттеулер әртүрлі тілдерде жүргізілді.

Ал ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы және жаһандану үдерісінің күшеюі когнитивтік зерттеулер бойынша ғылыми ақпараттың тез таралуына зор ықпал етті. Бұл кезеңде когнитивтік лингвистика бағытында зерттеу жүргізген көрнекті ғалымдарға Б.Нұрдәулетова, Э.Оразалиева, Е. Траугот, Д. Гирертс, А. Голдберг, Т. Айниала және өзгелер кіреді.

Қазіргі таңдағы когнитивтік лингвистиканың даму кезеңін «интеграция» кезеңі деп атауға болады. Себебі когнитивтік лингвистика бойынша ақпарат ағымы үлкен. Когнитивтік лингвистика бойынша ғылыми ақпарат жинақталып, көлемді дерекқорлар құрылып жатыр. Бұл іс әлемнің түрлі мемлекеттерінде, түрлі тілдерде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғалымдардың басын біріктіріп жатыр. Ғылыми ақпарат алмасу арқылы когнитивтік ғылымдардың, соның ішінде когнитивтік лингвистиканың адамзатқа ортақ құбылыстарын анықтау бағытында зерттеу жұмыстары жүзеге асырылуда.

Когнитивтік лингвистиканың когнитивтік семантика бағытында, диахрониялық аспектідегі зерттеулер У. Крофт еңбектерінен бастау алады. У. Крофттың «Әлеуметтік эволюция және тілдегі өзгеріс» (Social Evolution and Language Change) атты зерттеуі тіл мен қоғамның байланысын түбегейлі жаңа деңгейде қарастырды. Тіл мен аталған тілде сөйлейтін қоғам өкілдерінің саны арасындағы корреляция тілдің дамуы үшін маңызды рөл атқаратынын атады. Белгілі бір қоғамның экономикалық шаруашылық жүргізу тәртібі, әлеуметтік стратификациясы, тарихи тәжірибесі және өзге де көрсеткіштер жинақтала келіп тілде көрініс табатыны тұжырымдалады. Қоршаған ортамен әрекеттеу барысында жинақталған тәжірибе тілде қатталып, тілдің танымдық құрылымын қалыптастырады деген. Яғни тілдің когнитивтік өзегін құрайды.

Қоғамның қоршаған ортамен қатынасу тәжірибесі көптеген факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырайтындықтан, бұл тілдің когнитивтік өзегінде де айқын байқалады. Тілдегі өзгерістердің қоғамда жүріп жатқан әралуан үдерістерге тәуелділігі айқын көрінеді. У. Крофт өз теориясының негіздемесі ретінде әлем тілдеріне қатысты жинақтаған ғылыми ақпаратты келтірген. У. Крофт теориясы заманауи тілдерге қатысты ғылыми ақпаратты талдау негізінде туындағанымен, оның ауқымы заманауи тілдерден де кеңірек қарастыра аламыз. У. Крофттың қоғамның даму мен тілдің дамуы арасындағы корреляция туралы теориясы оны диахронды аспектіде қарастыруға болатынын көрсетті. Қоғамның дамуы, құрылымының күрделенуі, қоғам сөйлейтін тілде сөйлеушілер санының артуы, стратификацияның күшеюі, шаруашылық жүргізу мәдениетіндегі өзгерістер бірігіп келіп тілдің қабаттарында, соның ішінде тілдің когнитивтік қабатында көрініс береді. Бұл көріністі біз ауыз әдебиеті үлгілерінің, жазба ескерткіштердің мәтінінен көре аламыз. Белгілі бір тарихи кезеңде пайда болған шығарма сол уақыттағы қоғамның танымында орын алған ғаламның тілдік бейнесінен ақпарат береді. Когнитивтік лингвистиканың ғылыми аппараты тарихи мәтіндердегі когнитивтік құбылыстарды анықтап, мағынасын ашуға мүмкіндік беретін зерттеу құралдары мен әдістерге ие салаға айналған.

Алтын орда дәуірі – еліміздің және Арал-Каспий өңірін мекендеген халықтардың өмірінде ерекше мәні бар тарихи кезең. Қазақ хандығының құрылуына Алтын орда тарихи мұрасының әсері зор болғаны мәлім. Қазіргі таңдағы Арал-Каспий өңірі мемлекеттері Алтын орда заманынан бастау алады. Алтын орда заманының Арал-Каспий өңірін мекендейтін түркі тілдес халықтарға әсері тек тарихи фактілермен шектелмейді. Алтын орда тарихи кезеңі Арал-Каспий өңірін мекендейтін халықтардың мәдениетінде терің із қалдырған. Бұл фактіні Ә.Марғұлан, Қ. Сәтбаев, В. Жирмунский, Р. Бердібай, А. Сикалиев, Ж.Асанов, Қ. Шахрияр сынды ғалымдар өз зерттеулерінде растаған. Сол іздердің бірі – Ноғайлы дәуірі әдебиеті. Алтын орданың соңғы кезеңдері мен Қазақ хандығының алғашқы кезеңдері аралығында хронология бойынша орналасқан бұл дәуір, мәдениетімізге қаһармандық әдебиеттің көптеген бірегей үлгілерін қалдырды. Ноғайлы дәуіріне тән қаһармандық әдебиетті өзге ұқсас қаһармандық әдебиет үлгілеріне жақын ететін тұсы тарихи прототипке негізделгендігі. Яғни Ноғайлы дәуіріне жататын қаһармандық әдебиетте сипатталған оқиғалардың тарихи негізі бар. Әдетте ноғайлы дәуіріне жататын қаһармандық әдебиеттегі кейіпкерлердің тарихи прототипі болады. Сонымен қатар Ноғайлы дәуіріне жататын қаһармандық әдебиетті өзге ұқсас шығармалардан ерекшелендіретін өзіндік белгілері бар. Ноғайлы дәуірінің қаһармандық әдебиет мәтіні мазмұндық тұрғыдан біршама күрделі болып келеді. Жыр мәтініндегі қоғамның сипаты, материалдық және рухани мәдениеттің сипаттамасы, қоғамдық қатынастардың иерархиясы жабық әрі түсініксіз. Бұл тұрғыда ноғайлы дәуіріне тән қаһармандық шығармалардың мазмұнында түрлі деңгейдегі әдістемелік ақпарат шоғырланған. Бұл ерекшелік Ноғайлы дәуірінің қаһармандық әдебиеті үлгілерін когнитивтік лингвистика нысаны етіп шығарады. «Қырымның қырық батыры» жыры – Ноғайлы дәуірі әдебиетінің бірегей үлгісі. Жыр мәтіні Мұрын (өз есімі Тілеген) жырау Сеңгірбекұлы арқылы жеткен. «Қырымның қырық батыры» жырын көпшілік ғалымдар ұлттыққа дейінгі әдебиеттің айқын бір мысалы, яғни қазақ ұлттық ауыз әдебиеті құрылғанға дейінгі әдеби шығарма санайды. Жырдың бірегейлігін келесі фактілер арқылы атап өтуге болады. «Қырымның қырық батыры» жыры қазақ ауыз әдебиетіндегі мәтіні көлемді шығармалардың бірі. Жыр отыз алты дастаннан тұрады. Жыр құрамына кіретін дастандар құрылымы және мазмұны жағынан өзара тығыз байланысты. Дастандар тізбектеле келіп бірнеше күрделі иерархиялық құрылымдар құрайды. Жырдың тарихи негізі бар. Дастандар мазмұнында Алтын орда заманындағы оқиғалар сипатталады, оқиға қатысушыларының тарихи прототиптері бар. Жыр мәтінінде кездесетін материалдық мәдениет атаулары, соның ішінде қару-жарақ атаулары мен әскери терминдер хронологиялық тұрғыдан от ататын қару кең тарағанға дейінгі тарихи кезеңге тән. Жыр мәтініндегі ономастикалық кеңістікте 200-ден астам бірегей кісі есімдері қамтылған. Сонымен қатар этнос атаулары, жылқы аттары, лауазым атаулары және Арал-Каспий аймағы мен соған іргелес өңірлерді сипаттайтын географиялық атаулар да кездеседі. Жыр мәтінін 1942 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы мамандары Мұрын жыраудан жазып алған. Алайда жыр мәтіні тек

2005 жылы ғана толық басылып шыққан. «Қырымның қырық батыры» жырын сипаттай отырып аталмыш тақырыптың зерттеу өзектілігі мынадай:

«Қырымның қырық батыры» жырының мәтіні когнитивтік лингвистика тұрғысынан кешенді түрде аз зерттелген тақырыптардың бірі;

- «Қырымның қырық батыры» жыры мәтініндегі қару-жарақ атаулары мен әскери терминдер заманауи лингвистика тұрғысынан талданбаған;

- «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін ономастикалық атаулар заманауи антропоөзекті парадигма аясында жүйелі түрде аз зерттелген;

- «Қырымның қырық батыры» жыры мәтінінде кездесетін түрлі әдістемелік ақпарат когнитивтік лингвистика құралдарының көмегімен зерттелмеген.

Зерттеу нысаны: «Қырымның қырық батыры» жырында қолданылған тарихи лексика.

Зерттеу пәні: «Қырымның қырық батыры» жырында қолданылған тарихи лексикада когнитивтік құрылымдардың көрінісі және ерекшелігі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: тарихи мәтіндегі когнитивтік құрылымдардың сипатын «Қырымның қырық батыры» жыры материалында айқындау.

Жұмыстың міндеттері:

- тарихи жырға ғылыми сипаттама беріп, зерттелуіне шолу жасау;
- тарихи мәтіндегі антропонимдер, топонимдер, этнонимдердің когнитивтік семантикалық құрылымын анықтау;

- тарихи мәтіндегі атақ және лауазым атауларының когнитивтік қабатын тарихи контексте алып, әлеуметтік аспектіде талдау;

- тарихи мәтіндегі қару түрлері, жарақ атаулары және әскери терминдердің когнитивтік-прагматикалық мағынасын соғыс эволюциясы аспектісінде талдау.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер: Зерттеу жұмысын жүргізу барысында мәтінді бастапқы өңдеу кезеңінде лексикалық бірліктерді формалды белгілері бойынша жинақтау үшін мәтінді «қазбалау» (text mining), іріктеу және топтау әдістері қолданылды. Жинақталған лексикалық бірліктердің мәтін ішіндегі сандық, сапалық көрсеткіштерін анықтау үшін дерекқор құрудың сандық және сапалық әдістері, статистикалық талдау әдісі, соның ішінде дескриптив тәсілі қолданылды. Тілдік бірліктерді лексика-семантикалық белгілері негізінде категориялау үшін семантикалық үшбұрыш, сипаттау, салыстыру әдістері және тарихи-салыстырмалы, социометриялық талдау әдістері қолданылды. Қару-жарақ атауларына және антропонимдерге қатысты тілдік бірліктердің функционалдық-семантикалық ерекшелігін анықтап, іштей жіктеу үшін когнитивтік карталау (cognitive mapping) әдісі пайдаланылды. Тілдік бірліктердің жоғарыда аталған белгілері бойынша реляциялық дерекқор басқару жүйесіне негізделген дерекқорлар құрастырылды. Дерекқорларды құрастыру үшін жинақтау, жүйелеу әдістері, тілдік бірліктердің когнитивтік құрылымын талдау үшін контекстік талдау, аналогия құру, кешенді талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне отандық зерттеушілерден: Р. Сыздық, Қ. Өмірәлиев, Е. Жұбанов, Қ. Жаманбаева, Ж. Манкеева, Э. Оразалиева,

Б. Нұрдәулетова, Қ. Рысберген, Б. Сүйеркұл, Н. Базылхан, А. Сейітбекова, Г. Мамырбекова, Н. Әшімбаева, Ж. Есеналиева, Б. Қасым;

шетелдік зерттеушілерден: Л. Витгенштейн, В. Жирмунский, Дж. Лакофф, Е. Кубрякова, Ф. Түркмен, М. Арыкан, Э. Рош, У. Крофт, Н. Бирай, А. Дуранти, С. Хартманн, Б. Өзкан-Налбант, А. Бергс, Қ. Шахрияр және тіл білімі, когнитивтік ғылымдар, антропология, психология, түркология салаларындағы мамандардың тарихи мәтіннің когнитивтік құрылымына қатысты зерттеулеріндегі пікірлері мен тұжырымдары негізге алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық мәні: Когнитивтік лингвистика, соның ішінде диахронды аспектідегі когнитивтік семантика теориясына үлес қосып, түркі тілдеріндегі көрінісіне қатысты эмпирикалық материалдар ұсыну. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика саласындағы зерттеулерді тарихи мәтінді талдау бағытындағы зерттеумен толықтыру. Лингвистикадағы тіл эволюциясы теориясына үлес қосып, оған тарихи мәтіндерден эмпирикалық материалдар қосу. Тарихи лингвистика теориясына үлес қосып, оның ғылыми базасын жаңа материалдармен толықтыру.

Зерттеу жұмысының практикалық мәні: Зерттеу барысында жиналған дерекқорларды лингвистикалық өнімдер үшін мәлімет көзі ретінде пайдалану көзделеді. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарындағы қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту бойынша 4-бағыттың міндеттеріне сәйкес, зерттеу материалдарын Қазақ тілінің ұлттық корпусына қосымша материал ретінде ұсынуға болады. Жыр мәтініндегі әскери іске қатысты деректерді лингвистикалық, тарихи және антропологиялық ізденістер үшін ақпарат көзі ретінде қолдану ұсынылады. Жыр мәтінде келтірілген шежірелер туралы деректерді Алтын орда, Ноғай ордасы және Қазақ хандығына қатысты тарихи зерттеулерде қосымша дереккөз ретінде пайдалануға болады. Жыр мәтіндегі шежірелерге қатысты жүргізілген социометриялық зерттеуде пайдаланылған деректерді көрнекілендіру технологияларын, көлемді деректерді қамтитын лингвистикалық зерттеулерге арналған технологиялық шешімдердің бірі ретінде пайдалану ұсынылады. Зерттеу барысында жинақталған дерекқорларды келешекте репозитарийлерде жариялап, көпшілікке қолжетімді ету жоспарланған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- тарихи жырды өзара байланыстырып, біртұтас мазмұндық желіге біріктіретін когнитивтік құрылымдар анықталып, талданды;

- тарихи мәтіндегі антропонимдер мағынасының когнитивтік-семантикалық қабаттарына талдау жасалып, аталған тарихи кезеңдегі кісі есімдеріне қатысты үдерістер айқындалды. Кейбір топонимдерге қатысты танымдық ақпарат анықталып, топонимдерді біріктіретін ортақ семантикалық белгілер нақтыланды. Этнонимдердің когнитивтік-семантикалық мағынасы ашылып, диахронды аспектіде талданды;

- тарихи мәтіндегі атақ, лауазым атауларының жыр контексіндегі когнитивтік-семантикалық мағынасы анықталып, әлеуметтік аспект шеңберінде талданды;

- тарихи мәтіндегі қару, жарак атаулары және әскери терминдердің когнитивтік-прагматикалық мағынасы ашылып, соғыс эволюциясы аспектісінде талданды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- тарихи жырдың дастандары когнитивтік құрылымдар арқылы өзара байланысып, біртұтас мазмұн құрады. Тарихи жыр құрамына енген отыз алты дастанды өзара байланыстыратын когнитивтік құрылымдар бар. Аталған құрылымдар мәтін мазмұнын біртұтас етіп, жырды бүтін когнитивтік құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;

- тарихи мәтіндегі антропонимдер, топонимдер және этнонимдер мағынасының когнитивтік-семантикалық қабаттары аталған кезеңдегі ономастикаға тән үдерістерді әлеуметтік аспектіде көрсетеді. Атап айтқанда, антропонимдердің танымдық қабаттарында Алтын орда заманында орын алған реисламизация құбылысы сипатталған. Топонимдерге қатысты когнитивтік құрылымдар ортағасырлық кезеңнен бері Арал-Каспий өңірінде болған миграция ағындары мен саяси өзгерістерге қарамастан, жыр мәтініндегі географиялық атаулардың бастапқы қалпының сақталуымен ерекшеленеді. Этнонимдерде қатталған когнитивтік ақпарат Алтын орда дәуіріндегі политонимдерге тән мағыналық қабаттарды сақтап қалған. Сондай-ақ хронологиялық тұрғыдан кейінірек болған Жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының отарлау саясаты сияқты оқиғалардың этнонимдер мағынасында терең ізін қалдырғаны анық байқалады;

- тарихи мәтіндегі атақ және лауазым атауларының когнитивтік құрылымы әлеуметтік аспект шеңберінде көптеген тарихи қабаттарды қамтиды. Атақ және лауазым атауларының мағыналық қабаттарында Алтын орда дәуіріне тән когнитивтік ақпарат басымдыққа ие. Бұл ақпаратқа синкреттілік тән. Себебі атақ және лауазым атаулары Алтын орда дәуіріне дейінгі тарихи кезеңдерге қатысты когнитивтік ақпаратты да қамтыған.

- тарихи мәтіндегі қару, жарак атаулары және әскери терминдердің когнитивтік-прагматикалық мәні соғыс эволюциясы аспектісінде XIV-XVI ғасырларға тән соғыс қимылдары мен соғысу тәсілдерін сипаттайды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Жұмыстың басты дереккөзі ретінде 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қ. Сыдиықұлы мен С.Сәкеновтің редакторлығымен жарияланған «Қырымның қырық батыры: Ноғайлы жырлары» жинағының мәтіні алынды. Аталған жинақ «Қырымның қырық батыры» жырының ең толық әрі жалғыз нұсқасы ретінде танылған. Кеңес дәуірінде «Қырымның қырық батыры» жырының кейбір дастандары жарық көрген «Батырлар жыры» жинағының екінші томы және «Ақсауыт» жинағының екі томы, сондай-ақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Қырымның қырық батыры» жырынан жарияланған кейбір дастандар қосымша материал ретінде қолданылды. Алтын орда, Ноғай ордасы және Қазақ хандығының тарихына

катысты қосымша дереккөз ретінде В. Трепавлов, Ж. Сәбитов, Қ. Ахметжанов, Ө. Ағатай, Т. Уәлиев еңбектеріндегі материалдар негізге алынды.

Зерттеу материалы ретінде жыр мәтінінде 7750 рет қайталанған 626 тілдік бірлік талданды.

Зерттеу жұмысының жариялануы және мақұлданыуы. Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары және негізгі нәтижелер төменде көрсетілген конференциялар мен басылымдарда жарияланды:

1. Duysen Q. et al. Intricate Genealogies: What Is Said in the Epic Poem about Nogay People? // Milli Folklor. - 2024. - vol. 18, no. 143, pp. 111-22, doi:10.58242/millifolklor.1244339.

2. Kyuchukov H. et al. From Russian monolingualism to Kazakh bilingualism: narratives and theory of mind. // Intercultural Education, - 2025. 1–10. <https://doi.org/10.1080/14675986.2025.2463256>.

3. Дүйсен Қ., Сүйеркүл Б. О значении пера на головном уборе из сказания о сорока ногойских батырах // Материалы II Международной научной конференции, приуроченной к 955-летию со времени написания труда «Кутадгу Билиг» Жусупа Баласагына / ред. Абдырахманов Т., Бочаров С. Бишкек-Барнаул: Издательство Алтайского государственного университета, 2024. С. 321–326 .

4. Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін ұйқас есімдер құбылысы // Международная научная конференция «Актуальные научные исследования в современном мире». Переяслав, 2021. Т. 8, № 5(73). С. 145–151.

5. Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. Названия укреплений и фортификационных сооружений в тексте сказания о сорока степных богатырях // International Conference on Modern Linguistics and Foreign Language Teaching. Almaty: A. Baytursynuly Institute of Linguistics, 2021. Р. 14–20.

6. Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. «Қырымның қырық батыры» жырындағы «мырза» сөзі лексикалық мағынасының экстралингвистикалық факторларға байланысты түрленуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. № 5. Б. 261–264.

7. Дүйсенов К., Қажыбек Е. Қырымның қырық батыры «Нұрадын» жырындағы кейбір діни тілдік бірліктерге лингвокогнитивтік талдау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. № 2 (78). Б. 166–169.

8. Дүйсенов К. Қырымның қырық батыры «Едіге» жырында кездесетін «құс бағушы» тілдік бірлігінің мағыналық ерекшелігі // Международная научно-практическая конференция «Вестник института». Пенджикент: Таджикский педагогический институт, 2019. С. 470–472.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және А, Ә, Б, В, Г, Ғ, Д, Е, Ж, И, К, Қ, Л, М, Н қосымшаларынан тұрады.

1 ТАРИХИ ЖЫРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1 Тарихи жырдың мазмұны мен жазылып алынуы

ҚҚБ жыры құрылымы және мазмұны жағынан күрделі әдеби-тарихи шығарма. 1942 жылы Мұрын жырау Сеңгірбекұлының аузынан қағаз бетіне түскен уақыттан бастап, жыр көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің назарына іліккен болатын. Сондай-ақ жыр Кеңес дәуірінде Коммунистік партияның назарына да іліккен еді. Коммунистік партияның ықпалы ҚҚБ жырын ұзақ жылдар бойы зерттеуге тыйым салған болатын. Тыйымның әсерінен жырға байланысты ғылыми ақпарат шектелген болды. Кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығындағы ғылыми зерттеулердің деректерінде ҚҚБ жырына қатысты алшақтық, сәйкессіздік, жүйесіздік және өзге де келеңсіздіктер орын алып келді. Бұны Кеңес үкіметі тарапынан ҚҚБ жырын басып шығаруға, зерттеуге және халық арасында таратуға қойылған тыйыммен түсіндіруге болады. Сол себепті көптеген зерттеушілерде ҚҚБ жыры жайлы базалық ақпаратқа қолжетім болмады. ҚҚБ жырына кіретін дастандардың атауы және дастан санының өзі даулы мәселе саналды. Тек «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында, Қабиболла Сыдиықұлы құрастыруымен, Сейілбек Сәкен редакциясында «Қырымның қырық батыры: Ноғайлы жырлары» атты еңбектің жариялануы арқасында ҚҚБ жырына қатысты көптеген шатасу, қисынсыздық пен қателерді жөндеп, көптеген көкейкесті мәселелердің бетін ашуға зор әсер етті. Қазіргі таңда ҚҚБ жыры өзара бір-бірімен байланысқан отыз алты дастаннан тұрады деп сенімді түрде айта аламыз. Жыр шартты түрде үш үлкен бөлімнен тұрады. «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары», «Жеке батырлар». «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөліміне келесі дастандар кіреді: Аңшыбай батыр; Парпария; Құттықия; Едіге; Нұрадын; Мұса хан; Орақ, Мамай; Қарасай, Қазі. «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөліміне келесі дастандар кіреді: Қарадөң; Жұбаныш; Сүйініш; Ер Бегіс; Тегіс, Көгіс; Тама; Тана; Нәрік; Шора. «Жеке батырлар» бөліміне келесі дастандар кіреді: Асанқайғы, Тоған, Абат (2 дастан); Қарғабойлы, Қазтуған; Қыдырбайұлы Қобыланды; Көкше батыр; Көкшенің ұлы Ер Қосай; Ақжонасұлы Ер Кеңес; Манашы; Манашыұлы Тұяқбай; Жаңбыршы; Жаңбыршыұлы Телағыс; Айсаның ұлы Ахмет; Алау батыр; Әмет батыр; Шынтас; Шынтасұлы Төрехан; Сұлтанкерім; Қарт Қожақ; Құлыншақ. [1, б.19]. Әр дастан мазмұны және логикалық құрылымы жағынан өзге дастандармен байланыстар құрады. Әрбір дастанға «Қырымның қырық батырына» кіретін бір, екі немесе үш батырдың есімі берілген. ҚҚБ жырына кіретін 36 дастанның 30-на бір батырдың, төртеуіне екі батырдың және екеуіне үш батырдың аты қойылған. 36 дастанның жиырма тоғызы толық жазылып алынған күйі, ал жетеуі үзінді түрінде жеткен. Үзінді түрінде жеткен дастандарға келесілер кіреді: «Құттықия», «Сұлтанкерім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ». Жыр мәтініне сүйенетін болсақ ҚҚБ қатарына кіретін батырлардың саны – 41. Оларды жырдың үш бөлімі бойынша төмендегідей жіктеуге болады.

1. «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөлімі: Аңшыбай, Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұса, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі;
2. «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөлімі: Қарадөң, Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Тегіс, Көгіс, Тама, Тана, Нәрік, Шора;
3. «Жеке батырлар» бөлімі: Асанқайғы, Тоған, Абат, Қарғабойлы, Қазтуған, Қобыланды, Көкше, Қосай, Кеңес, Манашы, Тұяқбай, Жаңбыршы, Телағыс, Ахмет, Алау, Әмет, Шынтас, Төрехан, Сұлтанкерім, Қарт Қожақ, Құлыншақ.

ҚҚБ жырына кіретін дастандардың атауларында батырлардың есімдері әртүрлі тәртіппен аталады. Оларды бірнеше форматқа жіктеп қарастыруға болады. Біріншісі – «бір батыр есімі» форматы. Дастан атауы батыр есімімен аталады. 17 дастан атауы аталған форматта рәсімделген. Екінші формат – «екі немесе үш батыр» есімі форматы. Аталған форматқа 5 дастан атауы сәйкес. Үшіншісі «батыр есімі + атағы/лауызымы». Бұл форматқа 5 дастан атауы сәйкес. Олар: «Аңшыбай батыр», «Көкше батыр», «Алау батыр», «Әмет батыр» және «Мұса хан». Төртіншісі «атағы/дәрежесі + батыр есімі». Аталған форматқа 4 дастан атауы сәйкес. Олар: «Ер Бегіс», «Ақжонасұлы ер Қосай», «Ер Кеңес» және «Қарт Қожақ». Бісінші әкесінің аты + батыр есімі» форматы. Бұндай атау форматы 5 дастан атауында кездеседі. Мысалы: «Қыдырбайұлы Қобыланды», «Ақжонасұлы ер Кеңес», «Манашыұлы Тұяқбай», «Жаңбыршыұлы Телағыс», «Шынтасұлы Төрехан». Алтыншысы «әкесінің есімі ілік септікте + ұлы + батыр есімі». Бұл форматтағы атауға «Көкшенің ұлы ер Қосай» және «Айсаның ұлы Ахмет» дастаны сай келеді.

ҚҚБ жыры мәтініне сүйене отырып, жыр дастандары өзара байланыса келе әдеби шежірелер құратынын бақылауға болады. Бұл құбылыс жырдың өне бойын қамтып, дастандарды өзара байланыстырады. Бұны жырдың ішкі құрылымы (blueprints) деп атауға да болады. ҚҚБ жыры мәтінінен екі ірі және тоғыз кіші мәдени шежіре бақылай аламыз. Оларды төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

«Аңшыбай батыр» мәдени генеалогиялық шежіресі. Бұл шежіре құрылымы жағынан «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөліміндегі батырларды толық қамтиды. Аталған шежіре 9 буыннан тұрады және 11 батырды қамтиды. Шежіре келесідегідей таралады: Аңшыбай батыр → Баба түкті Шашты Әзиз → Парпария → Құттықия → Едіге → Нұрадын → Мұса → Орақ; Мұса → Мамай; Мұса → Ысмайыл Тобаяқ; Мұса → Қалу; Мұса → Сары; Мұса → Ақбілек; Орақ → Қарасай; Орақ → Қазі; Орақ → Қибат.

«Қыдырбай-Қарадөң батыр» мәдени шежіресі. Бұл шежіре бастапқы буынында екіге тармақталып кетеді. Бір тармағы «Қыдырбайұлы Қобыланды» дастанымен байланысып 2 буын құрайды және 1 батырды қамтиды. Екінші тармағы жырдың «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөліміндегі батыр есімдерімен толық сәйкес келеді және 9 батырды қамтып, 11 буыннан тұрады. Аталған шежіре келесі батырларды қамтиды: Қыдырбай → Бек; Қыдырбай → Қобыланды; Бек → Қарадөң батыр → Жұбаныш → Сүйініш → Ер Бегіс → Көгіс → Тама → Тана → Нәрік → Шора.

«Айса мен інісі» мәдени шежіресі. Бұл шежіре 3 буыннан тұрады және 3 батырды қамтиды. Шежіренің кезектілігі келесі: Айса → Ахмет; Айсаның інісі (есімі белгісіз) → Алау; Айсаның інісі (есімі белгісіз) → Әмет; Әмет → Ақтерме.

«Асанқайғы-Тоған» мәдени шежіресі. Бұл шежіреге Асанқайғы, Асанқайғының інісі Тоған және Асанқайғының ұлы Абат кіреді. Аталған шежіре 3 батырды қамтиды, 2 буыннан тұрады және келесідегідей тарайды: Асанқайғы – ағасы; Тоған – інісі; Асанқайғы → Абат.

«Қазақ» мәдени шежіресі. Бұл шежіре 3 буыннан тұрады және 2 батырды қамтиды. Келесідегідей тармақталады: Қазақ → Қарғабойлы; Қазақ → Қазтуған; Қазтуған → Асылзат.

«Қарақұс» мәдени шежіресі. Бұл шежіре 2 буыннан тұрады және 2 батырды қамтиды. Осылай тармақталады: Қарақұс → Көкше → Қосай.

«Жаңбыршы» мәдени шежіресі. Бұл шежіре 2 буыннан тұрады және 2 батырды қамтиды. Былайша тармақталады: Жаңбыршы → Телағыс.

«Манашы» мәдени шежіресі. Бұл шежіре 2 буыннан тұрады және 2 батырды қамтиды. Келесідегідей тармақталады: Манашы → Тұяқбай.

«Шынтас» мәдени шежіресі. Бұл шежіре 2 буыннан тұрады және 2 батырды қамтиды. Мынадай болып тармақталады: Шынтас → Төрехан.

«Ақжонас» мәдени шежіресі. Бұл шежіре 3 буыннан тұрады және 1 батырды қамтиды. Келесідегідей тармақталады: Ақжонас → Ер Кеңес → Кеңжанбай (Жанбай би).

ҚҚБ жыры жырында мәдени шежіре құрмайтын батырлар кездеседі. Бұл топқа кіретін батырлар жыр мәтінінде шежіре құрмайды. Шежіре құрмаған батырларға келесілерді жатқызамыз: Тегіс; Қарт Қожақ; Сұлтанкерім; Құлыншақ.

ҚҚБ жырын жазып алу тарихы. ҚҚБ мен Мұрын жырау жайында алғаш деректердің жиналуына 1939 жылы өткен Қазақстан жазушылары мен халық ақындарының II съезі себеп болды. Съезде халық ақыны С. Жанғабылов Қазақстан жазушылар одағына алғаш Мұрын жырау турасында мәлімдеме жасаған. Бұл мәлімдемені Б. Жақыпбаев пен А. Хангелдиннің 1939 - 1941 жылдары аралығында Ғылым академиясына жіберген мәліметтері растады. А. Хангелдин 1941 жылы ҚҚБ жырының отыз жеті дастанынан үзінді жазып алып, Қазақ КСР Ғылым академиясына жіберді. Осы кезден бастап Мұрын жыраудан ҚҚБ жырын және өзге мұраларды жазып алу мәселесі әртүрлі деңгейде көтеріле басталған. Дегенмен сол аралықта Екінші дүниежүзі соғысының КСРО-ның батыс аумағында өршуіне байланысты, жырау мұраларын қағаз бетіне түсіру шаруасын қолға алу біразға шегерілген болатын. 1942 жылы 12 қаңтарда КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы президенті Қ. Сәтбаев және Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Н. Сауранбаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Оңдасыновқа Мұрын жырауды шақырту, оның мұраларын жазып алу және жоғарыда келтірілген мақсатты жүзеге асыру үшін арнайы жағдай жасау хатын жолдайды. Қ. Сәтбаев пен Н. Сауранбаев берген мәлімдеме хатында ҚҚБ құрамында мынадай жырларды көрсетілген:

1. I. «Ала тайлы Аңшыбай батыр.
2. Аңшыбайұлы Баба түкті Шашты Әзиз
3. Баба түкті Шашты Әзизұлы Парпария батыр.
4. Парпарияұлы Құттықия батыр.
5. II. Құттықияұлы Едіге батыр.
6. Едігеұлы Нұрадын батыр.
7. Нұрадынұлы Мұса батыр.
8. Мұсаұлы Мамай батыр.
9. Мұсаұлы Орақ батыр.
10. Орақ батырдың ұлы Қарасай.
11. Орақ батырдың ұлы Қазі батыр.
12. Бекұлы Қарадөң батыр.
13. Қарадөңұлы Жұбаныш батыр.
14. Жұбанышұлы Сүйеніш батыр.
15. Ер Тегіс батыр.
16. III Сүйінішұлы Ер Көгіс батыр.
17. Көгісұлы Тама батыр.
18. Тамаұлы Тана батыр.
19. Танаұлы Нәрік батыр.
20. Нәрікұлы Шора батыр.
21. Ақжонас батыр.
22. IV. Ақжонасұлы Кеңес батыр.
23. Кеңесұлы Жанбай батыр.
24. Жаңбыршы батыр.
25. V. Жаңбыршыұлы Телағыс батыр.
26. VI. Шынтас батыр.
27. Шынтасұлы Төрехан батыр.
28. Қарғабойлы батыр.
29. Қазтуған батыр.
30. Манашы батыр.
31. Манашыұлы Тұяқбай батыр.
32. Айса батыр.
33. Айсаұлы Ахмет батыр.
34. Алау батыр.
35. Тоған батыр.
36. Темір хан батыр.
37. Әділ батыр.
38. Сұлтанкерім батыр.
39. Шырман батыр.
40. Қобыланды батыр» [1, б.451–452].

1942 жылы Мұрын жырау мен оның жиені Дәуітбай Алматыға шақырылған. Жыраудың келуіне арнайы екі бөлме, күтуші кісі, азық-түлік, керек-жарағы дайындалды. Қажеттіліктері үшін Ә. Тәжібаев пен Н. Сауранбаев арқылы әдеби қордан, Ғылым академиясынан қосымша екі жарым мың сом қаржы бөлінді. М.

Сеңгірбекұлы 1942 жылдың 11 шілдесінде немересі Дәуітбаймен бірге Алматыға келді. Біраз тынығып алғаннан кейін филормонияда алпыс шақты кісі алдында «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» дастандарын айтты. Тыңдаушылар арасында С. Мұқанов, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Н. Сауранбаев, Ғ. Мұстафин, А.Жұбанов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұлан т.б. қазақтың зиялы қауым өкілдері болды. Содан кейін дастандарды қағаз бетіне түсіру ісі басталған. М. Исаева мен М. Хәкімжанова жырды жазып алатын болып шешілді. ҚҚБ жыры 1942 жылдың жазында Алматыда жазылған. Күзге қарай жырау шаршағанын айтып, Ғылым академиясының рұқсатымен Маңғыстауға жол жүріп кеткен.

ҚҚБ жырына кіретін дастандар саны алғашқы деректерден бастап 21-ғасырдың басына дейін шатастыру тудырып келді. Ғылым академиясының қорындағы 1942 жылы жазылған және кейінірек 1947 жылы И. Ұйықбаев арқылы жеткен 4 дастанды есепке алатын болсақ жырға кіретін дастандарға қатысты төмендегідей тізім шығады:

Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары:

1. Аңшыбай батыр.
2. Парпария.
3. Құттықия.
4. Едіге.
5. Нұрадын.
6. Мұса хан.
7. Орақ, Мамай.
8. Қарасай, Қази.

Қарадөң батыр және оның ұрпақтары:

1. Қарадөң.
2. Жұбаныш.
3. Сүйініш.
4. Ер Бегіс.
5. Тегіс, Көгіс.
6. Тама.
7. Тана.
8. Нәрік.
9. Шора.

Жеке батырлар:

1. Асанақайғы, Тоған, Абат.
2. Қарғабойлы, Қазтуған.
3. Қыдырбайұлы Қобыланды.
4. Көкше батыр.
5. Көкшенің ұлы Ер Қосай.
6. Ақжонасұлы Ер Кеңес.
7. Манашы.
8. Манашыұлы Тұяқбай.
9. Жаңбыршы.

10. Жаңбыршыұлы Телағыс.
11. Айсаның ұлы Ахмет.
12. Алау батыр.
13. Әмет батыр.
14. Шынтас.
15. Шынтасұлы Төрехан.
16. Сұлтанкерім.
17. Қарт Қожақ.
18. Құлыншақ. [1, б.19].

Байқағанымыздай 1942 жылдың басында Қ. Сәтбаев пен Н. Сауранбаевтың мәлімдеме хатында берген мәліметтер мен Ғылым академиясы қорында сақталған дерек арасында өзгешіліктер бар. Атап айтқанда бірінші тізімде батырлардың есімдері ретсіз, шатастырылып берілген. Әкелі-балалы батырлардың қайсысы кімнен кейін келетіні түсініксіз. Туысқандық байланыстары да айқын емес. Сонымен қатар мәлімдеме хатта жырларға сипаттама беру барысында: «Бұл жырлардағы айрықша лиризм назар аударады: А. Хангелдин, Б. Жақыпбаев және басқа да Мұрын жыраудың кейбір шығармаларын өз құлағымен тыңдаған жолдастардың айтуынша, мәселен, Қарасай-Қазі туралы естігендерден көзіне жас алмаған адам болмаған» [1, б.451], - деп, Қарасай-Қазі дастанын бірге жазғанмен, толық тізімін келтірген жағында Қарасай мен Қазиді жеке-жеке дастан ретінде белгілеген. Бұдан шығатын қорытынды Қ. Сәтбаев және Н. Сауранбаевтың мәлімдемесінде келтірілген жырға кіретін дастандардың аттары, саны, реті туралы ақпарат, фольклорлық экспедициялардың есебі негізінде А. Хангелдин мен Б. Жақыпбаевтың жазбаларына сүйене отырып жасалған. Ал 1942 жыл ортасында Мұрын аузынан қағаз бетіне түскен мәліметтер мен жазылып алынған жырлар ҚҚБ жырына кіретін дастандардың реттілігін көрсетіп тұрған актуалды тізім.

1942 жылы жазда Мұрын жырау Алматыда болып, сол жылы ҚҚБ жырының басым бөлігі жазылып алынған. 1944 жылы Ташкенттегі конференцияда жыр «әлемдік маңызы бар» фольклорлық туынды ретінде мойындалған.

1944 жылы 9 тамызда Партияның БК(б)П ОК Татарстан бойынша «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеялогиялық жұмысының жайы мен оны жақсартудың шаралары туралы» атты қаулы шығып, сонда Едіге және оның ұрпақтарына қатысты зерттеулер қатты сыналған [2]. Сталиндік жүйедегі кеңестік-социалистік қоғамға қайшы келетін шығармаларға қарсы қуғын басталған. Гумилев бұл жағдайды былай суреттейді: «Еще в 1944 г. вышло постановление ЦК ВКП(б) по Татарии, в котором была осуждена, в частности, «популяризация ханско-феодального эпоса об Идеее». Затем подверглись необоснованной критике и облыжному очернению башкирский, туркменский, азербайджанский народные эпосы. Буржуазные националисты, каковых здесь и быть не могло тогда, поскольку не было буржуазии, якобы оказали воздействие и на сказителей киргизского «Манаса», из-за чего он был засорен «пантюрскими и панисламскими идеями, чуждыми и враждебными народу»» [3] (Тіпті 1944 жылы БК(б)П ОК Татарстан бойынша «хандық-феодалдық Едіге

жырын дәріптеуді» сынайтын қаулысы шыққан. Содан соң башқұрт, түрікмен, әзірбайжан халық жырлары негізсіз сын мен ретсіз қаралауға ұшырады. Буржуазды ұлтшылдарды, жоқ және болуы мүмкін емес, себебі ол уақытта буржуазия болмаған, қырғыздың «Манас» жыры мен манасшыларға әсер еткен және соның кесірінен аталмыш жырлар халыққа жат және қауіпті панисламдық және пантүркистік идеяларға толы болған), -деген. Бұл өз кезегінде ҚҚБ жырының болашағына көлеңке түсірді. Ғылыми орталарда ҚҚБ жырын жариялау және зерттеу туралы сөз мүлдем қозғалмады.

Осындай қиын кезеңде ғалым, фольклортанушы Ә. Қоңыратбаевтың 1948 жылы 15 маусымда «Социалистік Қазақстан» газетіне «Мұрын ақын жырлаған «Қырымның қырық батыры»» атты мақаласы жарық көрді. Ғалым Мұрын жырау турасында жалпы ақпарат келтіріп, «Қырық батыр» жинағын талдауға кірісіп кетеді. Эпопеяның құрамын, бас қаһармандарын таныстырады, жырдың шығуы мен тұтастану кезеңіне байланысты пікірлерін келтірген. Мақала басында: «Мұрын әрбір батырдың арғы тегінен бастап, бергі ұрпағына дейін жеткізе, тұқым қуалап айтады. Сюжеттері бірнеше ұяға бөлінеді: 1) Аңшыбай батыр ұрпағы. Бұдан Бабай түкті шашты Әзіз, Барпария, Құттықия, Нұрәдін, Мұса хан, Орақ, Қарасай, Қазі бұтағы тарайды. Біздің бұрынғы эпостық жырларымызда барлық батырлардың атасын Едіге деп шатастырушы еді. Мұрын сюжеттері бұл көзқарасты өзгертеді» [4], - деген. Ә. Қоңыратбаевтың мақала жазу барысында Едіге есімін жазуды ұмытып кетті деуге я редакциядан кеткен қатеден жазылмай қалды деген болжамдар келтіруге болатын еді. Алайда өзінің ғылыми-зерттеу қызметі негізінде ұсақ-түйек, көмескі өзгешелікті ескеруді, сонымен қатар жүйелі пайымдау мен байланыстылықты талап ететін болғандықтан, ғалымның мынадай қателік жіберуі мүмкін емес. Дегенмен үшінші сөйлемде мақала иесінің алдыңғы жазған тізімін әдейі растағандай, Аңшыбай батыр ұрпақтары қатарынан Едігені алып тастағанын байқаймыз. Ә. Қоңыратбаевтың бұл амалын ҚҚБ жырын қорғап қалу әрекеті ретінде бағалауға болады. Себебі Ә. Қоңыратбаевтың «қырық батырдың» қатарынан Едігені алып тастау арқылы, Мұрын жырау мұраларының мүлдем жойылып кету қаупінен сақтап қалған болатын. Сонымен қатар Қоңыратбаев ҚҚБ жырына сипаттама бере келе, жыр мәтінінде бірнеше заманның, атап айтқанда X – XI, XV – XVI, XVII – XVIII ғасырлардың белгілері бар деген.

Екінші дүниежүзілік соғыс елімізге әкелген ғаламат ауыртпашылығымен қатар, қазақ ғылымның көтерілуіне үлкен үлес қосты деп айта аламыз. Соғыс жылдарында Ленинград (қазіргі Петербор), Мәскеу Ғылым академиялары Алматыға көшіріліп, Кеңес Одағының беткеұстар ғалымдары да Алматыға қоныс аударған болатын. Кеңес Одағының барлық тұстарынан келген түрлі сала бойынша тәжірибелі мамандардың бір қалада жинақталуы ғылыми тәжірибе алмасуды, ғалымдар арасында өзара тиімді әрекеттестікті жоғары деңгейге көтерді. Бұл сол кезде лингвистика, түркология, шығыстану ғылымдарының дамуына ерекше әсер етті. Соғыс жылдарында Алматыға қоныс аударғандардың бірі филология ғылымдарының докторы, профессор В. Жирмунский болатын. Соғыс жылдарында В. Жирмунский жергілікті түркі тілдерін, әдебиетін

зерттеумен айналысады. Зерттеулерінің нәтижесі ретінде 1950 жылы «Эпические сказания о ногаских богатырях в свете исторических источников» (Ноғай батырлары туралы эпикалық жыр-дастандар, тарихи деректер негізінде) атты монографиясын жарияламақ болады. Дегенмен аталған еңбегінің жариялануы мүмкін болмағандықтан, зерттеуінің нәтижелері 1974 жылы жарық көрген «Тюркский героический эпос» [5] атты еңбегінде шыққан. Еңбегі В.Жирмунский қайтыс болған соң шықты және қолжазбаны өндеп, баспаға дайындаған Е. Мелетинский болатын.

1953 жылы Қазақ КСР Президиумы қазақ эпосы турасында пікірталас ұйымдастырған. Пікірталас қатаң идеялогиялық бақылауда өткендіктен, мақсаты ұлттық жыр-дастандарды қаралау болатын. Осы жиында әдебиеттанушы М.Ғабдуллиннің «Проблемы народности казахского героического эпоса» (Қазақ қаһармандық эпосының халықтылық мәселесі) - атты баяндамасы жарық көреді. Баяндамада автор эпос мәселесіне қатысты негізгі мәселелерді талдап, қазақ эпосына жататын кей жырларға байланысты идеялогиялық көзқарасын келтірген. Атап айтқанда: «На поэмах «Едиге», «Орақ-Мамай», «Карасай-Қази», «Шора батыр» изображаемые события в которых восходят к периодам образования казахской народности и отчасти казахских ханств, мы не останавливаемся. Эти поэмы возникли в феодально-ханской среде, в них изображается кровожадная, завоевательная деятельность Едиге и его потомков. Основные герои указанных эпических произведениях выступают как грабители-завоеватели, совершающие набеги на соседние страны и жестоко расправляющиеся с народом. Поэтому мы считаем поэма об Едиге и его потомках реакционными, антинародными и поэтому не вызывающими никакой дискуссии» [6] (Оқиғалары қазақ халқы мен қазақ хандықтарының қалыптасу кезеңін суреттеген «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Шора батыр» жырларына біз тоқталмаймыз. Бұл дастандар хандық-феодалдық ортада дүниеге келген, бұларда Едіге және оның ұрпақтарының қанқұмар, жаугершілік әрекеттері көрсетілген. Аталмыш эпикалық туындылардың бас қаһармандары көз алдымызда көрші елдерге шапқыншылық жасайтын және халықты қырып-жоятын тонаушы-жауынгерлер кейпінде келеді. Сол себепті біз Едіге және оның ұрпақтары турасындағы жырларды реакцияшыл, халыққа қарсы және пікірталасқа лайықсыз деп танымыз), - деген. Осыдан кейін Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары бөліміне кіретін «Едіге» дастаны қара тізімге еніп, «Нұрадын», «Мұса хан», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» дастандары, Қарадөң батыр және оның ұрпақтары бөлімінен «Шора» батыр дастаны күмәнді шығармалар қатарына іліккен болатын. Аталмыш дастандар баспа бетін көру мүмкіндігінен айырылған еді. Бұл өз кезегінде туындылардың зерттелуінің кешеуілдетуіне себеп болған.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті 1957 жылы «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» атты қаулы шығарған. Бұл оқиға көп уақыттан бері мұрағаттарда жатқан еңбектердің қалың көпшілік назарына ұсынылуына, Ғылым академиясындағы фольклоршы

ғалымдардың зерттеу еңбектері мен монографияларының шығуына түрткі болды. Сонымен бірге жалпы Қазақ КСР көлемінде әдеби мұраларды жариялауға мүмкіндік берді. Осы қаулыдан кейін Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, С. Садырбаевтардың ауыз әдебиетіне қатысты ғылыми еңбектері мен монографиялары жарық көре бастады. «Батырлар жыры» көптомдығы жинақтала бастаған еді. Дегенмен шектеулер де болды. Кезінде қатаң сынға алынып, «халыққа қарсы», «төңкерісшіл», «керітартпа», «феодолизмді дәріптейді» деп танылған біраз әдеби шығарма мен көркем туындыны зерттеуге рұқсат етілмеген. Жалпы алғанда жоғарыда аталған қаулы арқылы Ғылым академиясының тынысы кеңейіп, жұмыс аясы біршама ұлғайған болатын.

1.2 Тарихи жыр үзінділерінің кеңес кезеңіндегі жариялануы және зерттелуі

1959 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты «Батырлар жыры» [7] жинағын алғаш шығарды. Аталған жинақ уақыт өте келе «Батырлар жыры» көптомдығының бірінші томы болып танылған. 1961 жылы «Батырлар жырының» екінші томы жарық көрді. Екінші томда «Ер Қосай», «Қарабек батыр», «Дотан батыр», «Арқалық батыр», «Төрехан батыр» (Шынтасұлы Төрехан), «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Манашыұлы Тұяқбай» дастандары жарияланған. Мұрын жырау мұралары ішінен бұл жинаққа «Манашыұлы Тұяқбай» мен «Ақжонасұлы Ер Кеңес» дастандары енген еді. Кітап соңындағы түсінікте екі дастанға қатысты:

««Манашыұлы Тұяқбай» – 1942 жылы Мұрын жыраудан жазылып алынды.

Бұрын жарыққа шықпаған, қолжазбасы Қазақ Ғылым академиясының кітапхана қорында сақтаулы, фонды Л 79 д, 830.» [8, б.404] – деп қысқа анықтама берген. Ал екінші дастанға қатысы:

««Ақжонасұлы Ер Кеңес» Мұрын жыраудан 1942 жылы жазылып алынды. Қолжазбасы Қазақ КСР Ғылым академиясының кітапхана қорында сақтаулы, фонды №79 д, 830. Баспаға бірінші рет жарияланып отыр.

«Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Манашыұлы Тұяқбай» жырларының бізге тек Мұрын жырлаған нұсқалары мәлім. Гурьев облысындағы кәріялар бұл жырларды ерте кезде Қашаған, Нұрым жырлаған еді – деседі. Бірақ ол аталған жыраулардан жазылып алынған ештеңе жоқ.

Мұрын жырау өзінің өмірбаянында Қашаған мен Нұрымнан үйренгенін үнемі айта отыратын еді. Соған қарағанда Мұрыннан жазылып алынған жырлар мен өткендегі жыраулардың айтатын жырларының негізі бір болу керек.» [8, б.404–405].

Жыраудың «қырық батырының» құрамына кіретін, «Батырлар жыры» жинағының 2-томына енген «Ер Қосай», «Төрехан батыр» (кітап мазмұнында «Төрехан батыр» деп жазылғаным, ал дастан орналасқан бетте «Шынтасұлы Төрехан» делінген) дастандарының нұсқалары жарияланған. «Ер Қосай» дастаны – белгісіз ақыннан Қалқай молданың жазып алған нұсқасы. Қолжазбаны 1940 жылы А. Хангелдин Ғылым академиясына тапсырған. Мұрын

Сеңгірбекұлының «Ер Қосайына» ұқсамайды. «Төрехан батыр» дастанын 1940 жылы Н. Байғаниннен жазып алған. Бұл да Мұрын жырау нұсқасынан өзгеше.

Атап өтетін жайт «Манашыұлы Тұяқбай» дастанының 1961 жылғы басылымы мен аталмыш жинақтың 1964 жылдан кейінгі басылымдарында, 1977 жылы шыққан «Ақсауыт» жинағының II томы және 2005 жылы «Қырымның қырық батыры» деген атпен жарық көрген нұсқаларында біршама айырмашылық бар. Аталған еңбектерде дастан басындағы әңгіме мен жыр жолдарында сәйкессіздіктер бар. «Батырлар жырының» 1961 жылғы басылымында:

«Ноғайды билеген он бір би болады. Сол елге көп әскерімен Ындыс деген жау Ащағар сайының бойындағы Ноғайға келеді. Ноғайлының он бір биінің үлкені Ормамбет биді шақыртып алады, сонда Ормамбетке Ындыстар былайша жауап айтты:

Дініме менің кір, деді,
Айтқанымды қыл, деді.
Айтқанымды қылмасаң,
Біздің дінмен жүрмесең,
Еліңді шауып аламын,
Ұшыратып бүлікке,
Талапайды саламын.» [8, б.377],- деген.

"Қырымның қырық батырында", "Ақ сауыт" жинағының екінші томы мен "Батырлар жырының" кейінгі басылымдарында:

"Ноғайлы елінде он бір би болады. Сол елге көп әскерімен ындыс – қалмақ деген Ащағар сайының бойына келеді. Ноғайлының ақылшысы Орманбет биді шақыртып алады, сонда Орманбетке ындыстар былай дейді:

Қолыма менің кір деді,
Айтқанымды қыл деді.
Айтқанымды қылмасаң,
Біздің жолмен жүрмесең,
Еліңді шауып аламын,
Ұшыратып бүлікке,
Талапайды саламын!» [1, б.367], [9, б.249], – дейді.

Екінші айырмашылық Манашының айтқан сөзінде бар. 1961 жылғы жинақта:

«- Атаңа нәлет ит кәпір,
Ұстама мені сен, деді,
Мынау тұрған он бір би,
Келмейді саған бұл,- деді
Атаңа нәлет он бір би,
Келмей енді қашады,
Осы айтқаным шын, деді.» [7, б.377]

Кейінірек басылған нұсқаларында:

«- Ата жауым, ындыстар
Ұстама мені сен деді,
Мынау тұрған он бір би,

Келмейді саған бұл деді.
Атаңа нәлет он бір би,
Келмей енді қашады,
Осы айтқаным шын деді.» [1, б.367], [9, б.250].

«Батырлар жыры» жинағының редакциялық алқа мүшелері, зерттеушілердің алғысөздері мен түсініктемелерінде, дәлірек 1964 жылдан кейінгі жыр томдары және қайта басылымдарында осы жырдың мәтініндегі өзгерістерге, қайта редакциялау хақында еш мәлімет берілмеген. Дегенмен қазіргі кезде жоғарыда аталған «Манашы ұлы Тұяқбай» дастанының мәтінін қайта редакциялау себептеріне қатысты тек болжам жасай аламыз. Бұл дастан нұсқаларындағы өзгешеліктер елуінші жылдар соңындағы бүкіл Кеңес Одағы аумағында орын алған әлеуметтік-идеологиялық саясат жемісі ретінде түсіндіруге болады. Ал кейінгі өзгерістер саяси жағдай мен цензуралық жаппай бақылаудың жеңілдеуіне байланысты болса керек. Сол себепті зерттеушілер алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бастап соғыстан кейінгі ширек ғасыр шамасында болмашы себепті күйе жағылып, қарастырмақ түгел атын атауға тыйым салынған Едіге мен оның ұрпақтарының есімдерін зерттеулерінде ақырындап жандандыра бастады.

1965 жылы С. Садырбаевтың «Вопросы циклизации казахского эпоса на материалах эпического репертуара известного сказителя Мурын-жырау» (Қазақ эпосының циклдену мәселелері Мұрын жыраудың эпикалық репертуары негізінде) атты кандидаттық диссертация жарық көрді. Зерттеу ҚҚБ жырының «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөліміне негізінде жазылған. Еңбегінде автор Мұрын өмірбаянына егжей-тегжей тоқталады, жыраудың жырлау ерекшеліктеріне, жырларының сюжеттік, композициялық ерекшеліктерін атап өтеді. Жырлардың санының қырық болуы және атауында «қырық» санының қолдануына қатысты: «Қырымның деген сөзге тіркесіп тұрған 40 саны кездейсоқ қойыла салған жоқ. 40 – түрік халықтарының фольклорында жиі қолданылатын эпикалық тұрақты сан... Орта Азия фольклорында 40 деген сан әр жырдың арасында кездесіп қалатын құбылыс. Мәселен, қарақалпақ халқының «Қырық қызы», қырғыздың «Манас» жырындағы 40 шора, ортағасырлық «Китаби-Қорқуд» эпосындағы Дерсе ханның қасына ерген қырық сарбаздары және Дерсе ханның ұлы Боғач ханда жанына ерткен 40 батыры және түркмендерге, Кіші Азия елдеріне тараған «Көрұғлы» жырындағы 40 батыр туралы поэмалар» [10], - деген пікір қалдырған. Фольклордағы генеологиялық тұтастану фольклордың жоғары дәрежеге жеткен кезінде белең алатын ерекше құбылыс екенін атап өтіп, бұл тарапта ҚҚБ жырын гректің «Иллиадасы», немістің «Песнь о Небелунгах», қырғыздың «Манасы» т.б. әлем фольклорының көркем үлгілерімен бір қатарға қойған. Р. Бердібай Мұрын жырау шығармашылығын зерттеген диссертацияға қатысты:

«С. Садырбаев біздің заманымызға аса күрделі жыр тізбегін (циклін) – «Қырымның қырық батыры» эпосын жеткізген Мұрын жыраудың өмірі мен творчествосын арнайы зерттеп, еңбек жазды. Мұнда аталған жыр шоғырының түп төркіні, оқиғалық ерекшеліктері турасында, жыршы-жыраулық дәстүрдің

табиғаты жөнінде ойлар айтылған. Мұрын жырлаған «Қарадөң батырдың ұрпақтары» деген циклінің құрылысы мен көркемдігіне тоқталған. Бұл – «Қырымның қырық батырына» қатысты қазақ фольклортану ғылымындағы жүйелі зерттеу болып табылады... Сөз болып отырған еңбек бұл тарапта бірсыпыра жанды байқауларымен, қазақ эпостану ғылымында тың жатқан проблеманы күн тәртібіне қоюымен бағалы. Жалпы «Қырымның қырық батыры» эпосы алдағы кезде фольклоршылардың әр тараптан түбегейлі зерттеуін қажет ететін қастерлі тақырыптардың бірі болып қала бермек» [11, б.42], - деп баға берген. Р. Бердібай ҚҚБ жырының түбегейлі зерттеулер қажет ететін, құндылығы жоғары, өз дәрежесінде қарастырылмаған күрделі тақырып екенін айтқан.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап ноғай, татар, башқұрт, каракалпак, қырғыз, түрікмен халықтарының эпикалық шығармалары басылып шыға бастады. «Ноғай халқ йырлары» М., 1969., «Башқорт халық ижады. Эпос. Икенче кітап». Өфа, 1973., Киреев А. Н. «Башкирский народный героический эпос». Уфа, 1970, Короглы Х. «Огузский героический эпос». М., 1976., Сагитов И. Т. «Каракалпакский героический эпос». Ташкент, 1962., Суванбеков Ж. «Қырғыз элинин батырдык эпостору». Фрунзе, 1970. т.б. Олардың ішінде ҚҚБ жырында кездесетін дастандарға аттас, не байланысы бар сюжеттері ұқсас жыр-дастандар болды. Бұл жағдай ғалымдарға түркі тілдес халықтардың эпос ортақтығы мәселесіне көңіл бөлуіне себеп болған. Түркі тілдес, әсіресе қыпшақ тобына жататын халықтарының әдебиеті бастауларының ортақтығы, жақындастығы жайында пікірлер тарай бастады. Сонымен бірге эпосты топтастыру мен жырларды зерттеу мәселесі туындады.

1972 жылы М. Ғабдуллин мен Т. Сыдықов екеуі берлікте «Қазақ халқының батырлық жыры» атты монография шығады. Аталған еңбекте Орталық Азия халықтарының эпикалық шығармаларының шығу төркіні, жанрлық, сюжеттік ерекшеліктері, ортақ бөліктері, оқиғалық даму, шарықтау шегі тұрғысынан ерекшеліктері егжей-тегжей сараланған. Сонымен қатар батырлық жырлардағы бас қаһармандардың тұлпары, үстіндегі сауыты, жер-су аттары, туысқандық қатынастары, жаулары, олардың есімдері, астына мінген аттары, тіпті аттарының шабысына дейін қарастырылған болатын. Мұнымен тоқтамай қазақ эпосының шығу тегі мен қалыптасу жағдайы, жырдың даму жолында тарихи оқиғалардың әсері және тұтастану мәселесіне де көңіл бөлген. Алтын орданың ыдырау кезінде дүниеге келген жырлардың қазақ ауыз әдебиетінде көптеп кездесетінін атап өтіп, аталмыш топқа «Қырымның қырық батыры», «Ер Тарғын» т.б. жырларды жатқызған. Қазақ батырлар жырының шығу, қалыптасу, даму тарихын шартты төрт кезеңге бөлген:

I. «Патриархалдық, рулық құрылыс кезінде туған батырлар жыры (Тоныкөк, Күлтегін, Қорқыт ата кітабы);

II. XIV – XVIII ғасырдағы эпостық шығармалар (Қобыланды батыр, Қырымның қырық батыры, Ер Тарғын);

III. XIX – XX ғасырдың бас кезінде шыққан жырлар (Махамбет, Жанғожа батыр);

IV. Кеңес дәуіріндегі дастандар» [12].

1971 жылы В. Жирмунский қайтыс болды. В. Жирмунский өзінен кейін үлкен ғылыми мұрағат қалдырған. В. Жирмунскийдің мұрасын жариялау міндеті Е. Мелетинскийге өткен болатын. Е. Мелетинский редакторлығымен 1974 жылы «Тюркский героический эпос» монография жарияланды. Аталған еңбек Кеңес Одағы аумағын мекендейтін түркі тілдес халықтарының фольклоры, эпосы, халық шығармашылығы мен оларды зерттеу мәселелеріне арналған еді. Бұл монографияда В. Жирмунскийдің түрлі себептерге байланысты тірі кезінде жариялай алмаған зерттеулері енген болатын. Солардың ішінде ҚҚБ жырына қатысты «Ногайские богатыри в казахском эпосе» атты көлемді зерттеуі монографияға енген. Зерттеуде В. Жирмунский қазақ эпосының тұтастану мен жалғастығы мәселесіне назар салады: «Казахские эпические сказания о ногайских богатырях образуют генеологический цикл, герои которого, как в народном предании, так и в истории образуют генеологический цикл, герои которого, как в народном предании, так и в истории, являются членами одной семьи. Родоначальник этой семьи – Идиге, исторический Едигей, золотоордынский временщик, имя которого хорошо известно из русской истории» [5, б.393],-дейді. В. Жирмунский ҚҚБ жырының өзегі, Ноғай ордасының негізін қалаған Едіге есімін атап, ноғайлы жырлары Едіге айналасында тарағанын, жырдағы ноғайлы батырлары Едіге ұрпақтары екенін ашық жазған. Пікірінің жалғасында В. Жирмунский: «Сказание об Идиге широко распространено у всех тюркоязычных народов, входивших когда-то в состав империи Чингизидов, - у казахов, каракалпаков, узбеков, ногайцев, у казанских, крымских и сибирских татар» [5, б.393],- деп, аталмыш жырдың кезінде бір мемлекет астында өмір сүрген түркі халықтарына ортақ екенін айтқан. Ноғайғы жырларына тән ортақ тұстары мен ішкі ерекшеліктерін келтіре отырып, ҚҚБ жырын толық тұтастандыру мен жүйелеуге түскен нұсқасы жазылғанын келесідегідей келтіреді: «в недавнее время они были записаны в более тесном объяснении и последовательности как часть огромного генеологического свода, носящего заглавление «Сорок ногайских (или крымских) богатырей», который представляет попытку, по-видимому, позднейшей систематизации и циклизации сюжетов казахского эпоса по принципу родства между знаменитыми богатырями» [5, б.393]. Сөзінің жалғасында Мұрын жырау өмірбаянынан біраз мәлімет береді және Мұрыннан жазып алынған жырлардың тізімін келтірген. Жирмунский ҚҚБ жырын генеологиялық жақындығы жағынан он топқа бөледі:

«I. 1) Ала Тайлы Акшибай батыр; 2) его сын Парпария; 3) его сын Кутты Кыя; 4) его сын Идиге; 5) его сын Нуреддин; 6) его сын Муса хан; 7-8) его сыновья Орак и Мамай; 8-9) сыновья Орака Карасай и Казы (всего около 7500 стихов).

II. 11) Ер-Кёкшө; 12) его сын Ер-Косай.

III. 13) Карадон-батыр; 14) его сын Жубаныш; 15) его сын Суйниш; 16) его сын Ер-Бегус; 17) его сын Ер-Когис (Когус и Тогус); 18) его сын Тама-батыр; 19) его сын Тана батыр.

IV. 20) Нарык-хан; 21) его сын Шора-батыр.

V. 22) Ак Жонас-батыр; 23) его сын Кенес; 24) его сын Жанбай бий.

VI. 25) Жанбырши-батыр; 26) его сын Тел-Агыс батыр.

VII. 27) Шынбас-батыр; 28) его сын Тырахан-батыр; 29) Карга-бойлы, Казтыган-батыр.

VIII. 30) Манашы-батыр; 31) его сын Туякбай-батыр.

IX. 32) Айса-батыр; 33) его сын Айса батыр.

X. 34) Ер-Алау; 35) Тоған-батыр; 36) Темир-хан-батыр; 37) Адил-батыр; 38) Султан-Карим; 39) его сын Шымон-батыр; 40) Кобланды батыр» [5, б.394–395].

В. Жирмунскийдің генеологиялық жіктеуі мен батырлар құрамы жалпылай алғанда нақты болғанымен бойында сәйкессіздіктер бар. Батыр есімдерінде кеткен қателерді қоспағанда алғаш сәйкессіздік генеологиялық жіктеуде жатыр. «Нәрік» және оның ұлы «Шора» батырды жекелей алған. Ал жыр мазмұнында «Нәрік» пен «Шора» батыр «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөліміне жатады. «Ақжонас батыр», «оның ұлы Ер Кеңес», «оның ұлы Жанбай биді» біріктіріп, әкелі-балалы ретінде жеке топқа шығарған. Аталмыш генеологиялық топ ҚҚБ жырында мүлдем жоқ. Жыр мазмұнында аталған батырлардан тек «Жеке батырлар» бөліміне кіретін «Ақжонасұлы Ер Кеңес» бар. «Көкше батыр мен Көкшенің ұлы Ер Қосай», «Жаңбыршы» мен «Жаңбыршыұлы Телағыс», «Шынтас» пен «Шынтасұлы Төрехан», «Манашы» мен «Манашыұлы Тұяқбай» шынымен әкелі-балалы батырлар туралы дастандар, алайда бұлардың генеологиясы әкесі мен ұлы аралығында біткендіктен, келтірген дастандар «Жеке батырлар» бөліміне енген. Тоғызыншы топқа «Айса» мен «Айсаұлы Ахметті» дастандарын шығарған. Шындығында «Айса» дастаны ҚҚБ жырында жоқ. «Айса» есімі «Айсаұлы Ахмет» дастанындағы кейіпкерлердің бірі. Оныншы бөлімге «Тоған батыр» дастаны орналасқан. Негізінде тарихи жырда «Тоған» есімі «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастандарында кездеседі. «Темирхан батыр» мен «Әділ батыр» дастандарын ноғай халық жырларынан алған болу керек. Себебі Мұрыннан жазып алған жырда «Темирхан батыр» мен «Әділ батыр» дастандары жоқ.

Ғылым академиясының деректерінде ҚҚБ жырының құрамында «Сұлтанкерім» дастаны кездеседі, бірақ дастанмен байланысты шығарма ретінде «Шымон батыр» дастаны жоқ. Барлығын қорытындылайтын болсақ В.Жирмунский келтірген тізімінен «Әмет», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ» дастандары табылмады. В. Жирмунский тізіміне жіті назар салып қарасақ, жыр мазмұны мен дастандардың орналасу реті Қ. Сәтбаев пен Н.Сауранбаевтың 1941 жылы Қазақ КСР комиссарлар кеңесінің төрағасы Н. Оңдасыновқа жолдаған мәлімдеме хатындағы жырға тізіміне ұқсас. В. Жирмунский мақалада 1940-жылдары ҚҚБ жыры туралы жарияланған деректерге сүйенгені анық. Жырды зерттеуге қатысты тыйым күшіне енгеннен кейін В. Жирмунский ҚҚБ жырына қатысты өзге мәліметке қол жеткізе алмағанға ұқсайды. Бұны ҚҚБ жырының тыйымға байланысты Ғылым академиясының қабырғасынан шықпай, шаң басып жатқандығы мен жинақ құрамы мен қаһармандарына қатысты ақпараттың сол уақытқа (кітап шыққан жыл) дейін реттеліп бір жүйеге түспей жүргендігімен түсіндіруге болады. Мақаланың жалғасында В. Жирмунский «Нұрадын», «Мұса

хан», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Жаңбыршыұлы Телағыс» дастандарының әртүрлі нұсқаларын салыстырады және тарихи деректермен байланыстырады. Зерттеуінің қорытынды бөлімінде: «Исторические основы сказаний о ногайских богатырях очевидны: имена главных действующих лиц, как и многие события их жизни, засвидетельствованы историей. Но исторические воспоминания народа сохранились в отражении фольклора, творчески преобразованы народным сознанием. Поэтому необходимо пристальное изучение всех документальных свидетельств истории ногайцев, чтобы отделить историческое от фольклорного и тем самым восстановить процесс формирования эпического сказания как поэтической героизации исторического прошлого» [5, б.410] (ноғайлы батырлары хақындағы дастандардың тарихи негізі айқын: негізгі кейіпкерлердің аттары, өмірінде болған оқиғалары, тарихта белгіленген. Дегенмен тарихи оқиғалар халық жадында фольклор түрінде көрініс тауып, халық санасында құбылып, өзгерген. Тарихи мен әдеbidі ажырату үшін ноғай тарихының деректерін жіті зерттеу және соның арқасында эпикалық туындының қалыптасу кезеңін тарихи өткенді әдеби көркемдеу құбылысы ретінде қайта қалыптастыру қажет). - деп аталмыш жырлардың болашақта жан-жақты зерттеулер қажет ететін, фольклорлық, тарихи, этнографиялық, этнологиялық тұрғыдан маңызды туындылар екенін атап кеткен.

1974 жылы Қ. Сыдиықұлының «Ақын жыраулар» монографиясы басылып шықты. Қ. Сыдиықұлы монографияда Абыл, Шынияз, Сүгір, Қашқынбай, Нұрым, Қашаған, Ақтам, Сәттіғұл, Мұрын және өзге ақын-жыраулардың өмірбаяны, шығармашылығы, өмір сүрген тарихи дәуірі, шығармаларының маңызы мен мазмұнынан ақпарат береді. Әсіресе жоғарыда аталған жыршы-жырауларды жаңа қырдан тану, ол кісілердің өмірбаяны мен шығармашылық өсу кезеңдері мен оларға тәлім берген ұстаздарды айтқан. Ғылымда қалыптасқан бірыңғай құрғақ дәлелдермен баяндамай монография қаһармандарын әр тараптан зерттеуге тырысқан. Олардың ақындық қырларынан басқа азаматтық, адамдық қырларын көрсеткен. Зерттеу барысында тарихи шолулар жасап тұрды. Алғаш бөлімінде ауыз әдебиеті және оның қызметі хақында: «Негізінде, ауыз әдебиетінде бұқара жыршылары нәр алар кемтар қауымның даналығы мен әділдігін, адамгершілігі мен ерлігін суреттейтін әуендер мол еді.

Сол халықтық әуен әсіресе Ноғайлы дәуірінде (XIII – XVI ғ.) ерекше бой көрсетеді. Бұл тұста туған «Қырық батыр» құрамындағы бірқатар жырларда басқыншыларға қарсы тәуелсіздік күрес негізгі тақырып болса, ел қорғау сазы бұл дәуірдегі жырлардың өзекті идеясына айналады» [13, б.17],- дейді. Қазақ әдебиетінің XIII – XVI ғасыр аралығын дәуірлеуде тұңғыш рет «Ноғайлы дәуірі» термині қолданылды. Мұрын жыраудың өмірбаянына тоқталып, оның өмір сүрген заманы, ерекшелігін баяндайды. Сол заманда орын алған маңызды тарихи оқиғаларды (1868 жылғы уақытша ереже, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласы т.б.) атап өткен. Мұрынның өскен жыршылық ортасымен етене таныстырады. Қашаған, Нұрым, Қарыз, Қарасай, Қалым, Бегім секілді ұстаздары атап, олардан қандай жырларды үйренгенін жазады. Қ. Сыдиықұлы барлық жырауларға тән жыр алмасу құбылысын ерекше атап өтеді. «Жыраулық, жыршылық дәстүрдің

бір белгісі – репертуар алмасу. Ерлік дастандарын тудырушы ақын, жыраулар бірінен-бірі үйреніп, дамыта жырлап, бұл өнегені келешек дәуірге ұластырып отырады... Мұрын репертуарындағы «Қырық батыр» жырларының көбін Нұрым мен Қашағаннан, Қарасай мен Қарыздан, олар Абылдан үйренген» [13, б.47], - дейді. Осы жыршы мен жырауларға тән ерекше дәстүр ғасырлар бойы көптеген мұраларымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, ғасырлар асырып, шығармалардың ғұмырын ұзартып, халық арасында дәріптеп отыруға зор әсер еткен. Дегенмен жырлардың көп нұсқалығына да себепкер болуы ғажап емес.

1975 жылы қазақ-совет энциклопедиясында ҚҚБ жыры жайлы мақала шығады. Қ. Сыдиықұлы мақала авторы ретінде жазылған. Мақалада ҚҚБ жыры туралы жалпы ақпарат жазылып, оның Мұрын жырау арқылы жазылып алғандығы және жырдың бөліктері «Батырлар жыры» көптомдығында жарияланғаны айтылған. Жырдың нақты санына келгенде өзгешеліктер байқаймыз. Атап айтсақ «Қарадөң батырдың ұрпақтары» бөлімінде «Тана», «Нәрік», «Шора» дастандары жоқ. Негізінде ҚҚБ жырында «Тегіс, Көгіс» бір дастан, ал энциклопедияда жеке-жеке дастандар ретінде көрсетілген.

Жеке батырлар цикліне кіретін «Сұлтанкерім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ» дастандары жазылмаған. «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастанының орнына «Асан қайғы», «Абат», «Тоғай» атымен жеке-жеке дастандар ретінде белгілеген. ҚҚБ жыры құрамында жоқ және құрамында болуы мүмкін емес «Қазтуған» және «Көрұғлы Сұлтан» дастандары қосылған. Қазтуған – XIV–XV ғасырлар шамасында өмір сүрген жырау, ал «Көроғлы» түрікмен халқының қаһармандық эпосы. Анықтамада Қ. Сыдиықұлы жырдың генезисіне қатысты келесі мәлімет келтірген: ««Қ. қ. б.» жырында Алтын орда дәуірінен басталып, 19 ғасырға дейінгі қазақ халқының қоғамдық, тарихи-әлеуметтік жағдайы айқын бейнеленген» [14], - деген. Демек Мұрын арқылы жеткен мұралар сол уақыттың өзінде тарихи тұрғыдан ғалымдар арасында қызығушылық туғызған.

1976 жылы С. Садырбаевтың қазақ фольклорының мәселелеріне қатысты «Фольклор және эстетика» атты монографиясы жарияланды. Автор қазақ эпосының мәселелеріне кең көлемде шолу жүргізді. Батырлық жырлардың шығу тегіне байланысты: «Қазақ халқының батырлық жырларының тарихи түп тектері, негізінен мынадай жағдайға байланысты жырланады:

а) XIII ғасырдағы Шыңғыс хан шапқыншылығы,

ә) XVII ғасырдағы Жоңғар хандығының соғыстары,

б) XIX ғасырдағы Қоқан-Хиуа хандықтарының жорықтары» [15, б. 71], - деген.

Осы үш топтың ішінен ҚҚБ жырын С. Садырбаев екінші топқа кіргізді. Эпикалық дастандардың тұтастану құбылысының себептеріне қатысты: «о баста үзік-үзік оқиғалы өлеңдердің бертін келе біртіндеп күрделене беріп, ақыры эпикалық дастан дәрежесіне жетудің және шоғырланып, тұтастанудың үш түрлі себебі бар деп санауға болады. Олар: біріншіден қазақ руларының халық болып бірлесуіне және күш қуатының нығая бастауына, екіншіден дастан жанрының даму дәрежесіне, үшіншіден Орта Азия жырауларының бір-біріне әсер,

ықпалына байланысты» [15, б.103],- деп пікірлерінің дәлелдерін қазақ халқының тарихына қысқаша шолу жүргізу арқылы, Мұрын жыраудың кезінде бүкіл Орта Азияны аралап, көптеген ақын-жыраулармен тамыр-таныс болғандығын, сол арқылы шеберлігін шыңдап, қырық батырды жинақтағанын баяндаған. Келтірілген мысалдарын өзге халықтардың эпикалық шығармаларынан алынған мысалдармен толықтырып, барлық халықтар, ұлт пен ұлыстар эпосының тұтастану процесінде ортақ заңдылықтар бар екендігін айтады. Бұл пікірін «Қырымның қырық батыры» жинағының «Қарадөң батыр ұрпақтары» циклін әлем әдебиетіндегі көркем фольклорлық шығармалармен салғастыра отырып дәлелдеуге тырысқан. Автор эпостағы тұтастануды төртке бөледі. Бірінші: әр батырдың басынан кешкен жеке-дара оқиғалар. Екінші: батырдың туғанынан бастап, өлгеніне дейінгі аралықтағы іс-әрекеттері толық айтылып, мұны өмірбаяндық тұтастықта айту. Үшінші: Алғашқы бабасы қалай батыр болып туса, одан туған немере-шөберелері бір-бірінен асып түскен батыр болады. Төртінші: бас батырға бірнеше батырлар шексіз бағынып, бір орталыққа тұтастану. Ал ҚҚБ жырының жинақталуы турасында: «XVI ғасырда қазақ жерінде қоғамдық күштің өсуіне байланысты қазақ эпостарының бір-бірімен тұтастануы, шоғырлануы пайда бола бастаған» [15, б.104],- дейді. Алайда бұл пікірінің дәлелі нақты емес. Себебі ол XVI ғасырдағы тарихи оқиғаларды жалпылама, абстрактілі, жүйесіз жазған, және ең бастысы Мұрын жырау арқылы жеткен мұраның тұтастану уәжі түсініксіз. Қандай қоғамдық күштер бұл жырдың сақталуына себеп болды, бұл жырлардың ол кездегі әлеуметтік, тәрбиелік, саяси мақсаты не? Сол уақыттағы Қазақ хандығын әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық жағдайы қандай? Бұл сұрақтарға жауап үстірт берілген. Сонымен қатар «Қарадөң батырдың ұрпақтары» бөліміндегі оқиғалар желісін XVIII ғасырда болған «Жоңғар шапқыншылығы» кезінде орын алған тарихи-әлеуметтік оқиғалармен байланыстырады. Алайда аталған батырлардың руларының аталмай бәрінің тұтас «ноғай» болып келу мәселесіне қатысты жауап жоқ және талдау желісінде «Қарадөң батырдың ұрпақтарынан» он батырдың бірдей «Ақтабан шұбырындының» куәгерлері мен қатысушысы болған секілді көрсеткен.

С. Садырбаев «жырау» терминінің қолданылуына қатысты пікір келтірген: «Тегінде, эпосшылар жыршылар емес, жыраулар болған. Ал жырау деген термин қазақтың көшпелі дәуірінде ақын, әрі дастан жаттаушы есебінде аралас қолданған. Әрі-бері салыстырып қарағанда, жыраудың тегінде ұзақ жыр (эпос) жаттаушылардың функциясын атқарушыға өте жақын тұратын сияқты. Жырау – ұсақ шығармаларды, тақпақтарды айтушы деуге келмейді. Оның еншісі – үлкен жанр, эпостық жүгіне жақын тұрады» [15, б.88],- деген. Осы пікірі жырау, жыршы, ақын секілді асыл сөзді жинақтаушылар арасындағы айырмашылықтарды анықтап, Мұрын жырау және жалпы жырауларға, «жырау» термині мағынасының мәселесін терең қарастырған. Қорытындысында Мұрын есіміне "жырау" атының тегін қосылмағанын және бұл атақтың тектен-текке берілмейтінін атап шыққан болатын. Сонымен бірге Мұрын жырларының әсерлілігіне және Мұрынның ерекше орындаушылық шеберлігін атап өтті.

Жыраудың орындаушылығына қатысты мынадай мысал келтірген: «Бір күні ақын Иманжан Жылқыайдаров Бозтай Жақыпбаевтың үйінде отырып, Мұрын жырауға «Қарасай-Қазиді» айтқызады. Жырдың аянышты халді суреттейтін жерлерін айтқанда, өзі де жылап отырып жырлапты» [15, б.99],- деген. Ал 1941 жылғы мәлімдеме хатта жырдың әсерлілігі сондай, «Қарасай-Қазиді», «Орақ-Мамай» дастандарын айтқан кезде көзіне жас алмаған адам болмаған, деп хабарлайды. Ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибе арқасында Мұрын Сеңгірбекұлының орындаушылық шеберлігі дәрежесі сондай биікке жеткен, тыңдаушысын ұйытып қана қоймай, жылататын да күлдіртетін, қуантатын да қорқытатын, жігерлендіретін де жабырқататын болған.

С. Садырбаев ҚҚБ жырының «Қарадөң батырдың ұрпақтары» кіретін дастандарды тізімдеген. Келтірген бөлімге жеті дастанды жатқызды. Олар: «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Бегіс», «Көгіс», «Тегіс», «Тама» дастандарын жатқызды. «Тана», «Нәрік», «Шора» дастандары тізімге енген. «Көгіс» пен «Тегіс» дастандарын бөліп тастаған. Қорытынды сөзінде С.Садырбаев ҚҚБ жырына қатысты Ә. Қоңыратбаев секілді жырды болашақта жан-жақты зерттеу қажет ететінін атап өткен.

1982 жылы Р. Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты монографиясы басылып шыққан. Р. Бердібаев Мұрын жырау жырлаған батырларда ғана кездесетін, қазақ эпикалық туындыларындағы типтік «қалмақ» және «қызылбас» жауларынан бөлек «ындыс» атымен белгілі жаудың бар екенін атап өткен. «Қаһарманның айқасатын жауларының ұлты бірде қалмақ, бірде қызылбас деп аталады... Бүкіл қазақ жырында эпикалық жаулардың екеу-ақ – қалмақ пен қызылбас болып келуі де, осы пікірімізді дәлелдей түседі. Тек Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларда ғана тағы да бір эпикалық дұшпан – ындыс аталады» [11, б.95],- деген. «Ындыс» атауына қатысты мынадай пікірін келтіреді: «Мына ындыстың тегі кім болды екен? Индус па? Ингуш па? Қалай болған күнде де бұл атау негізсіз алына салмағаны анық. Мұны тарихи деректермен салыстырып көріп, анығына жету кезекті міндеттердің бірі» [11, б.102],- деп, аталған тақырыпта зерттеу материалдары мен ғылыми еңбектердің шектеулігіне байланысты, болжам ғана жасаған.

XX ғасырдың сексенінші жылдары КСРО көлемінде «История всемирной литературы» (Әлем әдебиеті тарихы) атпен жарық көре бастаған көптомдық жинақтың, 1985 жылы 3-томында «Кипчакский эпос о ногайских богатырях» (Ноғай батырлары жайлы қыпшақ эпосы) мақаласы шыққан. Мақала авторы Е.Мелетинский. Мақалада «Аңшыбай батырдың ұрпақтары» және «Шора батыр» жырларының мазмұнын талдап, тарихи деректермен байланыстыра отырып сипаттаған. Әуелі «Шора батыр» жырына тоқталады. «Шора батыр» жырының түрлі нұсқалардағы мазмұнын келтіріп отырып оның тарихта болған прототипін келтірген. «Возможно, что Чура имеет исторический прототип в лице упомянутого еще Н. Карамзиным некоего Шора из Крыма, который был убит в Казанском ханстве в 1546 г.» [16], - деп Шора батырдың тарихта болған кісі екенін келтірген. «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөлімінен «Едіге», «Мұса хан», «Орақ-Мамай» жырларының түрлі-түрлі нұсқаларынан мысалдар

келтіріп, тарихи тұрғыдан талдаған. Е. Мелетинский жырдағы оқиғалар «Ноғай ордасында» орын алған тарихи оқиғалар мен Едіге ұрпақтарының таққа таласын суреттейтінін, тарихи деректер келтіре отырып жазған.

1987 жылы Ө. Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» атты үлкен зерттеу еңбегі жарияланды. Еңбегінде ҚҚБ жырына қатысты «Ноғайлы эпосында Орақ, Қарасай, Қазі есімдері бар. кейбіреулер бұл есімдерді атап өту керек, егер оған мүмкіндік болмаса, сол төрт жырдан қашу керек деседі. Екінші біреулер тек Едіге жырын тастап, өзгесін алсақ дейді» [17, б.191] деген пікір келтірді. Автордың бұл пікірі ҚҚБ жырының «Едіге және оның ұрпақтары» бөліміне қатысты идеялогиялық жақтан қысымның қайтпағанын меңзеген. Ө. Қоңыратбаев пікірі екіұшты болуының өзі, жырдың Едігеге қатысты бөлімі ғалымдар арасында біржақты пікірге ие болмай, қызу талас-тартыс нысаны болғанын көрсетіп тұр. ҚҚБ жыры атауындағы «қырым» сөзіне қатысты Ө. Қоңыратбаев Алтын орданың ыдырап Қырым хандығының құрылуына қатысты емес, «қырдан шыққан, қырдың» қырық батыры болуы мүмкін деген болжамын келтірген. Ө. Қоңыратбаев Едіге дастанының тарихи қырына кеңірек тоқталады. Едігенің Алтын орда ыдырай бастаған уақытта билік басына келген, Алтын орда ханы Тоқтамыспен хан тағына талас барысында Әмір Темірді паналағанын айтқан. Тоқтамыс ханмен күрес барысында ханды тақтан құлатқан соң ұрпақтары хан болғанын айтты. Ө. Қоңыратбаев «Едіге» бидің хан болғанын атап, өрескел қателікке жол берген. Алтын орда кезіндегі оқиғаларды Ө. Қоңыратбаев ноғай мен қыпшақ, хандар мен батырлар, феодалдар мен қарапайым халық арасындағы күрес ретінде суреттеп, кеңес дәуірі үшін доминант «таптық күрес» идеясы айналасында талдаған. Тоқтамыс пен Едіге, Едіге мен Әмір Темір арасындағы қарым-қатынасты суреттеген. Ал Едігеден кейін билік басына келген Нұрадын, Мұса, Орақ-Мамай, Қарасай-Қазиді ноғайланған қыпшақтар деген. ҚҚБ жырындағы нарративтер «жағымды» – қыпшақтардың, «жағымсыз» – ноғайларға қарсы соғысы түрінде сипаттаған. Ал «ноғайланған» Едіге мен оның ұрпақтары осы оқиғалар толқынында біресе жағымды, біресе жағымсыз кейпінде көрсеткен. Ө. Қоңыратбаев Едігеден бұрынғы дастандарды, дәлірек «Аңшыбай», «Барпария» (Парпария) дастандарын Ноғайлыға дейінгі кезең, Оғыз-қыпшақ заманында туған жырларға жатқызған. Ескере кететін жайт, «Едіге» дастанына дейінгі шығармаларда ҚҚБ генеалогиясында Едігеге дейінгі «Құттықия» дастаны аталмаған және талданбаған. Бірақ «Едіге» дастанының мазмұнында оны Құтты-баба деп атаған болатын.

Ө. Қоңыратбаев бірінші болып «Аңшыбай батыр ұрпақтары» бөлімін қысқаша мазмұндарын баяндап, оларға азды-көпті тарихи, композициялық және сюжеттік талдау жасаған. Алдымен «Аңшыбай батыр» дастанына тоқталды. Аңшыбай батырдың жетім қалғанын, аң аулап күнелткенін, бір күні оған аққу кейпінде бірі кәпір, екіншісі мұсылман пері келіп, күйеуге тигенін, Аңшыбайдың жорықтарын айтады. Үйленуін Қоңыратбаев: «Мұнысы «Оғызнамадағы» Күн қызы мен Жер қызына үйленетін Оғызхан аңызына ұқсас» [17, б.197], деген. Келесі «Барпария» (Парпария) дастанын қарастырды. Ө. Қоңыратбаев

Парпарияның ұлы Баба Түкті шашты Әзиз дейді. Ал жыр мазмұнында Парпария Баба Түкті шашты Әзиздің ұлы. Жырдағы жер-су аттары мен кейіпкер есімдерін сәйкестендіре отырып, жырдың шығу тегін X – XI ғасыр, оғыз-қыпшақ заманына сәйкестендірген. Ал Баба Түкті шашты Әзиз жайында: «Бабай-Түкті ертедегі сақ тайпаларының көсемі Баба-Ғұмар болса керек. XI ғасырдағы шаманизм атасы Қорқыт делінсе, Мұрын шаманизмнің арғы атасын Бабай Түкті деп, оны XI ғасырға әкелген» [17, б.198], - дейді. Алайда кейінгі зерттеулерде Баба түкті Шашты Әзиз әулие Өзбек хан заманында өмір сүрген және Алтын орда аумағында ислам дінінің кең тарауына ықпал еткені туралы деректер бар. Бұған қоса «Парпария» дастаны әңгімесінде «Парпарияның әкесі Баба Түкті шашты Әзиз әулие болған екен. Өзінің мешіті бар, тақуа» [1, б.51] делінген.

«Едіге» дастанына қатысты Ә. Қоңыратбаев Едіге батырдың балалық шағын, әкесін, Тоқтамыспен қарым-қатынасы, Тоқтамысты өлтіруін суреттеген. Бұл дастанды – ноғайлы дәуіріне жатқызған. Едігеден соң «Нұрадын» дастанын сипаттаған. Мазмұнын рет-ретімен баяндады. Алайда бұл дастанға «Мұса хан» дастанындағы нарративтер еніп кеткен. Дастан мазмұнына Арслан хан, Баба Түкті еніп кеткен. Ә. Қоңыратбаев «Нұрадын» мен «Мұса хан» дастандарының мазмұнын баяндап, дастандағы Қозанды «Қозаны – Қазан-Салор ма дейміз», деп жырды оғыз заманына жатқызған. «Орақ-Мамай» дастанының мазмұнына мүлдем тоқталмай: «Орақ-Мамай» жырында Мұрын ноғай мен қыпшақтардың жауласқанын көрсеткен. Нұрадин сияқты бұлар да ұнамсыз. Бұл екеуін Қозыхан (Хиуа) тұтқындайды. Бір аты – Гөзел хан, түргеш. Орақ оғызханды өлтіреді. Жырдағы бейнесі ұнамсыз» [17, б.199], - деп өте мардымсыз сипат берген. Жұрт жылап тыңдайтын «Қарасай-Қазы» дастанын мазмұнын қысқа әрі біржақты берген. «Қарасай-Қазы» дастанындағы бас қаһармандардың Ысмайылмен болған оқиғаларын еш айтпай, дастан мазмұнын үстірт баяндаған. Қайтадан жағымды-жағымсыз кейіпкер, ноғай мен қыпшақ арасындағы араздықты қозғаған.

«Қарадөң батыр ұрпақтарын» бөлімін тізіп шыққан. Оларға: «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Бөгіс», «Төгіс», «Тама» (Нәрік), «Шора». «Нәрік» батыр. «Тама» дастаны құрамындағы «Тана» батыр дастаны мүлдем айтылмаған.

ҚҚБ жыры «Жеке батырлар» бөлімінің орнына «Асаннан туған Абат, Тоғай, Телағыс, Қосай, Тұяқбай, Кеңес, Төрехан, Айсаның ұлы Ахмет образдарын ноғай емес, қазақ (қыпшақ) деп көрсетеді» [17, б.200], - делінген. Бірақ бұл топта жеке батырлар ерлігі баяндалғандықтан, «Аңшыбай батыр ұрпақтары», «Қарадөң батырдың ұрпақтары» жинағымен салыстырғанда дастандардың генеологиялық байланысы «әке-бала» деңгейінен аспаған. «Асанқайғыны» жеке дастан қылып көрсеткен. Бірақ «Асан қайғы, Тоған, Абат» деп бірігіп, құрамы екі жеке жырдан тұрады. «Аңшыбай батыр ұрпақтары», «Қарадөң батыр ұрпақтары», «Асанқайғы ұрпақтары» атты үш бөліктен тұрады деген ой туындайды. Ә. Қоңыратбаевтың «ноғай» сөзінің этимологиясына қатысты өзінің нұсқасын ұсынған: «Ноғай деген сөздің түбірі ноқай, ол моңғол сөзі болса керек. Ноқай шақшаға қан толтырып алып, соны ұрттап түкіріп, көкірек аурумын деп Тоқтамыс билігі үшін таласқандардың бірі» [17, б.194], - деген.

Бұл жерде Ө. Қоңыратбаевтың тұжырымдарына қатысты нақтылау жүргізу қажет секілді. Тарихи деректерге сүйенсек, тарихтағы Ноғайдың өмір сүрген уақыты XIII ғасырдың екінші жартысы және ол Тоқтамыстан екі ғасыр үлкен. Ноғай Шыңғыс ханның некесіз туған ұрпағы болғандықтан, Жошы ұлысы тағына отыруға мүлдем құқығы болмаған. Себебі хан тағына тек Жошы ханның ұрпақтары отыра алған. «Ноғай» сөзін моңғол тілінен аударғанда «ит» мағынасын береді. Тарихи деректерде Тоқтамыс хан заманында XIV ғасыр аяғы мен XV ғасыр басында хан тағына үмітті тұлғалардың қатарынан «Ноғай» есімі кездеспеген.

Ө. Қоңыратбаев «Ноғай эпосы біз үшін тарихи жыр бола алмайды» [17, б.200], - деген қорытынды жасаған.

1.3 Тарихи жырдың тәуелсіздік кезеңіндегі зерттелуі

1987 жылы «Коммунистік жол» газетінде Қ. Сыдиықұлының «Мұрын жырау ізімен: М. Сеңгірбекұлы (1859 ж туған) туралы» атты мақаласы шыққан. Мұрын жырауға қатысты Маңғыстау даласына сапарынан жинап келген тың деректерін келтіріп, осы уақытқа дейін шатасып «Сеңгірбаев» деп жазылып келген жырау тегінің дұрысы «Сеңгірбекұлы» екенін баяндайды. Сонымен бірге жыраудың туған жылы 1860, 1862 де емес, 1859 жыл екенін дәлелдеген. Жыраудың мұралары мен оның жинақталуы хақында, жыраудың өмір жолы, өмір сүрген ортасы мен ұстаздары жайлы бірер атап өткен.

Мақалада бұрынырақ жазылған ғылыми еңбектер мен энциклопедияларда берілген анықтамалармен салыстыратын болсақ, «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөліміне кіретін дастандар бірінші рет 1942 жылы толық жазылып, кезекпе-кезек орналастырылған. «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөлімінде «жеке батырлар» бөліміне кіретін «Құлыншақ» дастаны қосылғаны болмаса, жалпы алғанда Қ. Сыдиықұлының сипаттамасы толық болып келеді. Дегенмен Қ. Сыдиықұлы «Тама», «Тана» дастандарының орнын шатастырып берген. ҚҚБ жырының «жеке батырлар» бөлімі ретсіз берілген. Себебі ҚҚБ жырында «Қыдырбай батыр» дастаны жоқ. ҚҚБ жырында Қыдырбай "батыр" емес "бай" ретінде мазмұндалған және ол «Қыдырбайұлы Қобыланды» дастанындағы кейіпкер. «Шынтасұлы Төрехан», «Әмет», «Алау», «Көкше», «Қосай» жеке дастандар.

«Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Қарадөң батыр және оның ұрпақтарына» кіретін дастандар өзара байланысып, шежіре құрады. Ал «Жеке батырлар» бөліміне кіретін дастандар өзара шектеулі байланысып, қысқа шежірелер құрады. «Шынтасұлы Төрехан» дастанында, кейіпкер ретінде баласы Төрехан мен әкесі Шынтас бар да, аталары айтылмаған. «Жеке батырлар» бөлімі толық емес сипатталған. Үзінді түрінде қағазға түсіп үлгерген «Сұлтанкерім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ» дастандары тізімде белгіленбеген еді. ҚҚБ жырына қатысты: «Алтын орда дәуірінен басталып, 19 ғасырға дейінгі қазақ халқының қоғамдық, тарихи, әлеуметтік жағдайы бейнеленген» [18], - деген.

1989 жылы Маңғыстау көлемінде Мұрын жырау Сеңгірбекұлының 130 жылдық мерейтойы тойланды. Мерейтойда жырау жайлы сол уақытқа дейін қате болып келген деректерді түзеткен. Осы кезден бастап жырау ресми түрде «Мұрын Сеңгірбекұлы» болып жазылатын болды. Жырау мұраларын келешек дәріптеу, зерттеу, толық жариялау мәселелері қозғалған. Осы мерейтойдан кейін «Жазушы» баспасы арқылы шыққан «Батырлар жыры» жинағының V, VI томында ҚҚБ жырына кіретін дастандар жарияланған.

1994 жылы А. Сикалиев (Шейхалиев) авторлығында «Ногайский героический эпос» монографиясы жарық көреді. Еңбек түгелдей ноғай эпосының онтологиясы, генезисі, жанрлық, коркемдік, композициялық ерекшелігін зерттеуге арналған. Алғы сөзінде Сикалиев ноғай жырларын былай бөліп көрсеткен: «Главными жанрами ногайского эпоса являются богатырские поэмы (баьтир йырлары) и лирические дестаны (ашыклык дестанлары). Как героический, так и лирический эпос ногайцев насчитывает в своем составе десятки поэм, совершенно не связанных друг с другом сюжетно. Богатырские поэмы занимают в героическом эпосе центральное место и составляют наибольшую группу. Наиболее распространенные – поэмы «Ахмет, сын Айсула», «Копланды батыр», «Эдиге», «Муса бий», «Мамай», «Карасай-Казы», «Манашы», «Манашы улы Туякбай», «Эр Таргыл», «Шора батыр», «Адилъ-Солтан», «Сорок ногайских богатырей», «Эр Кусеп», «Эр Косай», «Эр Шобан», «Эр Кокше», «Камбар батыр», «Курманбек», «Елкілдек батыр» и т.д.» [19] (Ноғай эпосының басты жанрлары қатарына батырлық жырлар мен ғашықтық дастандар жатады. Қаһармандық, лирикалық жырлар құрамына бір-бірімен сюжеттік жағыан байланыссыз оншақты жырлардан тұрады. Батырлық жырлар қаһармандық эпоста орталық орын алып, ең үлкен топ болып табылады. Көп тараған жырларға – «Ахмет, Айсула ұлы», «Копланды батыр», «Едиге», «Муса би», «Мамай», «Карасай-Казы», «Манашы», «Манашы ұлы Тұяқбай», «Ер Таргыл», «Шора батыр», «Әділ сұлтан», «Ноғайдың қырық батыры», «Ер Күсеп», «Ер Қосай», «Ер Шобан», «Ер Көкше», «Қамбар батыр», «Кұрманбек», «Елкілдек батыр» және т.б.

2004 жылы «Ұлттық энциклопедияның» 6 томында «Қырымның қырық батыры» мақаласы жарияланған. Авторы Т. Қоңыратбай. ««Қ. қ. б.» – 1942 жылы Мұрын жыраудан (Тілеген Сеңгірбаев) жазылып алынған» [20, б.203],- деген. 1988 жылдан бері Мұрын жыраудың тегі түзетіліп, жалпы ғылыми айналымда «Сеңгірбекұлы» деп жазылатын болғандықтан, «Сеңгірбаев» деп жазылуы өрескел қате болып табылады. ҚҚБ жырын үш циклге жіктеген. «Аңшыбай батырдың ұрпақтары», «Қарадөң батырдың ұрпақтары», тұтастанбаған «Жеке батырлар» деген. «Аңшыбай батыр» ұрпақтарын түгелдей тізіп береді, «Қарадөң батыр» ұрпақтары қатарына «Құлыншақ» батырды қосып жіберген, ал жеке батырлар тобында «Жаңбыршы», «Шынтас», «Манашы», «Қарт Қожақ» аталмаған. Мақала соңында аталған жырдың тек үзінділері бар деген. «Айсаның ұлы Әмет» деген, негізі дастан «Айсаның ұлы Ахмет» деп аталады. Осыған дейін оларды әртүрлі дастандар ретінде қарастырған болатын. Автор бұл дастандар толығымен «батырлар жыры» жинағының V томында жариялаған дейді. Алайда

шындығында аталмыш жинаққа ҚҚБ жырына кіретін дастандардың тек белгілі бөлігі ғана енген.

2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде «Қырымның қырық батыры: ноғайлы жырлары» кітабы басылып шығады. Жұмыс Қ.Сыдиықұлының қолжазбалары негізінде, С. Сәкенов редакторлығымен жүргізілді. Тұңғыш рет Мұрын жыраудың аузынан жазылып алынған ҚҚБ жыры бір кітапта жинақталған еді. Жинақталып қана қоймай түсіндірме жазылып, қосымша бөліміне жырға қатысты зерттеу мақалалар мен құжаттардан үзінділер енген болатын.

2007 жылы Türk Dil Kurumu (Түрік тілі қоғамы) ҚҚБ жырын түрік тіліне аударды. Жыр түрік тілінде «Kazak destanları IV: Kırımın kırk batırı» атпен жарияланды. Жыр мәтінін түрік тіліне Фикрет Түркмен және Метин Арыкан аударды. Жоғарыда келтірген екі оқиға ҚҚБ жырын зерттеу ісінде жаңа тараудың бастауы болды. Себебі қалың көпшілікке жыр мәтіні қолжетімді болды. Осы сәттен бастап жыр мәтіні негізінде өз зерттеулерін әртүрлі сабақтас сала мамандары Қазақстанда және шетелде жүргізе бастады. Лингвистика саласында М. Сабыр [21], С. Симбаева [22], С. Сәкенов, А. Çakır, Ғ.Қамалқызы, Ғ. Gün, N. Gözсü. Әдебиет саласында А. Тұрғанбаев, Ғ.Жүгенбаева, Р. Сахиева, Б. Көкесенеұлы, Б. Абдулғазиева. Тарих саласында Ж. Сәбитов [23], Ө. Ағатай [24], Т. Уалиев, А. Кушқумбаев [25], В. Викторин [26]. Палеогенетика [27] саласында М.Жабағин, И. Тажигулова, I. Alborova, A. Agdzhoyan, L. H. Wei, В. Урасин, С.Кошел, К. Mustafin, A. Akilzhanova, H. Li, O. Balanovsky, E. Balanovska.

ҚҚБ жыры құрылымы жағынан күрделі шығарма. Жыр мазмұны жағынан өзара байланысқан отыз алты дастаннан құралған. Жырға кіретін дастандар көптеген параметрлер бойынша ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер жырға күрделі мазмұн береді. Күрделі мазмұн жырды біртұтас құбылыс ретінде қабылдау үшін қиындықтар туғызады. Дегенмен ҚҚБ жырын алғаш жазып алған кісілер және бастапқыда зерттеген алғашқы қатар зерттеушілер жырды еш күмәнсіз мазмұны біртұтас әдеби-тарихи шығарма ретінде таниды. Зерттеушілердің жырды біртұтас шығарма ретінде тануы келесі тұжырымдамаларға негізделген. А. Орлов [28] ҚҚБ жырына кіретін дастандардың атауы XIV-XV ғасыр аралығында Алтын ордада өмір сүрген ноғайлы билеушілерінің есімдерімен сәйкестігін атап өтіп, жырдың тарихи оқиғаларды репрезенттегенін көрсеткен. Соның негізінде жырдың тарихилығын тұжырымдаған. Ө. Қоңыратбаев жырдың тарихилығын атап да өткен. Дегенмен А. Орловқа қарағанда Ө. Қоңыратбаев жырда сипатталған тарихи оқиғалардың хронологиясын X ғасырға дейін апарады. Ө.Қоңыратбаев бұл пікірін жыр мәтініндегі кейбір сөз қолданыстарының мағыналық ерекшелігімен және жыр мәтінінде кездесетін географиялық атаулардың мағынасын талдай отырып негіздеген. В. Жирмунский және Е.Мелетинский ҚҚБ жырының шығу тегін Алтын орда заманымен тығыз байланыстырған. В. Жирмунский пайымы бойынша Алтын орда заманында өмір сүрген ноғайлы батырлары туралы жыр бастапқыда кезеңде бұрынғы Алтын орда аумағында кеңінен тарағанымен, уақыт өте келе қыпшақ

тобына кіретін түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетінде сақталған деген қорытындыға келді. Ғалымдар тұжырымының дәлелі ретінде жыр мәтінінің қазақ, ноғай ауыз әдебиетінде сақталып, жырға кіретін дастандардың біраз бөлігі жеке-жеке шығарма түрінде өзге түркі тілдес халықтарда сақталғанын алға тартты. Жоғарыда келтірген тұжырымдар ҚҚБ жырының табиғатын тарихи тұрғыдан ашуға үлкен үлес қосты. Бұл зерттеулер жырдың тарихилығын жырдағы оқиғалар мен есімдерді тарихи есімдер және оқиғалармен сәйкестендіру негізінде жүзеге асты. Дегенмен бұл зерттеулер жырдың біртұтас мәтін ретінде тануының себебін түсіндіре алмады.

ҚҚБ жырының тұтастығының себебін анықтау жыр мәтіні толық жарияланғаннан соң мүмкін болды. Жырдың толық мәтіні 2005 жылы жарияланғаннан кейін, көптеген зерттеушілердің алдында жыр құрылымынан ақпарат беретін бас дереккөз көпшілікке қолжетімді болды. Жыр мәтінін негізге алып жасаған зерттеулердің көбі жырға жаңа көзқараспен қарауға әкеп соқты. Жыр мәтіні лингвистикалық тұрғыдан көпқабатты екені анықталды. Мәселен С. Сәкенов жыр мәтінінде кездесетін географиялық онимдерді талдап, табиғатын ашты. Сәкенов жер-су атауларын талдай келе, көптеген атаулардың Каспий жағалауы географиясын сипаттайтынын көрсеткен [29]. С. Сәкенов зерттеулері мұнымен шектелмеген. С. Сәкенов ҚҚБ жырының құрылымын Алтын орда заманындағы ноғайлы билеушілерінің шежіре деректерімен салыстыра талдаған [30]. Ғалымның пайымдауынша ҚҚБ жырындағы батырлардың құратын шежіресі ноғайлы дәуірінде өмір сүрген билеушілердің шежіресімен үндеседі деген қорытындыға келді.

ҚҚБ жырының мәтініне қатысты зерттеулердің ішінен түрік ғалымдарының ізденістерін ерекше атап өтуге болады. М. Арыкан және Ф. Түркмен Түрік тілі қоғамы тапсырысы негізінде 2007 жылы ҚҚБ жырын түрік тіліне аударып, факсимилесін жасаған. Зерттеу нәтижесі «Kazak Destanları» жинағының IV томында жарық көрді [31]. Жырдың түрік тіліндегі аудармасын жоғары деңгейде жасаған. Аудармамен қатар түпнұсқа мәтіннің латынша транслитерациясын қатар берген.

Жинақтың мазмұны 1990 жылдары «Батырлар жыры» көптомдығында жарияланған ҚҚБ жырынан үзінділерді қамтыды. Бұл жинақта ҚҚБ жырына кіретін дастандардың бәрі кірмеген. Дегенмен лингвистикалық тұрғыдан жыр мәтінінің аудармасы ҚҚБ мазмұнын, орын алған оқиғалардың сипаттамасын, оқиға қатысушыларын, материалдық мәдениеттің сипаттамасын нақты берген. ҚҚБ жырының түрікше аудармасы жыр мәтінін зерттеу үшін үлкен мүмкіндіктер ашты. Себебі түркологтардың көбі жыр мәтінін түрік тілінде әрі оқып, факсимилесінің арқасында мәтінді түпнұсқадан транслитерация арқылы оқуды мүмкін етті. Сондықтан жинақтың түрік тіліндегі аудармасы жыр мәтінін түркологтардың көпшілігіне қолжетімді ету үшін жасалған маңызды қадам санаймыз.

ҚҚБ жырын түрік тіліне аударылуы өз жемісін берді. Жырдың түрік тіліндегі алғашқы ғылыми сипаттамасы жарияланды. Ғылыми сипаттаманы А. Чакыр әзірлеген [32]. А. Чакыр сипаттамасы ҚҚБ жырына қатысты негізгі

ерекшеліктерді атап өткен. Зерттеу барысында А. Чакыр жыр мәтінінің өзара байланыстылығына назар аударған. Чакыр пайымдауынша жыр мәтінінің өзара тығыз байланыстылығы, жырда сипатталған оқиғалардың бір кезеңде орын алған оқиғаларды сипаттайтынын көрсетеді. Бұл ретте жырдың лексикалық қабаттары, жырда кездесетін материалды мәдениет атаулары, жыр мәтінінде бар рухани мәдениетке қатысты сөздер мен түсініктер бір тарихи дәуірдің бейнесін көрсетеді деген тұжырымға келген.

А. Чакырдың ҚҚБ жырына қатысты зерттеуі Түркиядағы ғылыми қауымдастықта жыр мәтінін зерттеу векторын анықтады. Зерттеулер жыр мәтінін талдау бағытында жүзеге асты. Бұл бағытта Н. Гөзджү мен Ф. Гүннің ҚҚБ жырында кездесетін алғыстар мен қарғыстарға арналған зерттеуін атап өтуге болады [33]. Бұл зерттеу жыр мәтінін талдауға негізделген жүйелі зерттеулердің бірі. Мақалада авторлар жыр мәтініне талдау жүргізген. Жыр мәтінінде кездесетін алғыстар мен қарғыстарды анықтап, оның сол замандағы қоғам үшін маңызы мен рөліне шолу жасаған. Бұл зерттеу өзге ұқсас зерттеулер ішінен өзінің инновациялылығымен көзге түскен. Бұл зерттеу ҚҚБ мәтініндегі бір мәдени әрі тілдік феноменге фокус қойып, бүтін жырдың ішінен аталған феноменнің репрезентациясын көрсеткен. Сондай-ақ қазіргі түркология саласындағы алғыстар мен қарғыстарға қатысты өзекті зерттеулерді талдай келе, жыр мәтініндегі алғыстар мен қарғыстардың сипатын сәйкестендірген. Н.Гөзджү мен Ф. Гүн жасаған зерттеу ҚҚБ жырына жаңа көзқарас әкелді. Жыр мәтіні белгілі бір үлгі мен кезектілікте жазылған әдеби шығарма ретіндегі шекарадан шықты. Жыр мәтіні белгілі бір тарихи кезең жайында ақпарат беретін күрделі дереккөз ретіндегі көзқарас орныға түсті.

Когнитивтік лингвистиканың диахронды бағыттағы зерттеулер бастауларында У. Крофт есімі тұр. У. Крофттың «Social Evolution and Language Change» (қазақша ‘Әлеуметтік эволюция және тілдегі өзгеріс’) еңбегінде қоғамда жүріп жатқан өзгерістер тілде өзгерістер тудыратынын айтады. Қоғамдағы сандық және сапалық өзгерістер аталған қоғам сөйлейтін тілді түрлендіріп отыратынын алға тартты [34]. Қоғамға кіретін мүшелер санының артуы тілге иерархиялық сипат беріп, аталған қоғам сөйлейтін тілдің лексикалық қоры мен тілдегі грамматикалық құралдардың күрделенуіне тікелей ықпал ететінін атап өтеді. Бұл ретте тарихи негізі бар әдеби шығарманы өз заманының сипатын беретін дереккөз ретінде қарастыруға болатын секілді [35]. Ал ҚҚБ жырының тарихи негіздері соңғы сексен жылдықта көпшілік мойындаған факт саналады. ҚҚБ жырының осы бір ерекшелігін негізге алып, жыр мәтінін талдауды міндет еттік. ҚҚБ жыры мәтінін талдауға кірісу үшін, әуелі кезекте жыр мәтініне қатысты эмпирикалық ақпаратты жинақтау қажеттілігі туындады. Жыр мәтінін статистикалық тұрғыдан талдау бірінші кезеңде жүзеге асты.

ҚҚБ жырының статистикалық сипаты жырдың құрылымын көп жерде қайталайды. Дегенмен, мәтінді талдау барысында жырдың статистикалық сипаты мен құрылымы арасында айырмашылық бар екені анықталды. ҚҚБ жырын статистикалық талдау жыр мәтінінің күрделі екенін көрсетті. ҚҚБ жыры 24506 жол жырдан және 1646 сөйлемнен тұратын құрылымын анықтадық. Жыр

бөлімдерінің мен оларға кіретін дастандардың көлемі әртүрлі талдау көрсетіп шықты. Мысалы көлемі жағынан жырдың «Жеке батырлар» бөлімі ең көлемді болып шықты. Бөлім мазмұны 18 дастаннан құралған. Дастандар бірігіп келіп 9557 өлең жолы мен 750 сөйлемді құрайды. Көлемі жағынан екінші көлемді бөлім – «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөлімі. Бөлім тоғыз дастаннан тұрса да, аталған дастандар бірігіп келіп 8479 өлең жолы мен 310 сөйлемнен тұрады. «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөліміне кіретін дастан саны көп болмаса да, мазмұны жағынан дастандары көлемді келеді. «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөлімі дастан саны жағынан да, мазмұнының көлемі жағынан да кіші саналады. Бұл бөлімде сегіз дастан бар. Олар өзара қосылып 6470 өлең жолы мен 586 сөйлем құрған. ҚҚБ жыры бөлімдерінің көлемі туралы ақпарат ҚОСЫМША Е-де берілген.

Жырға кіретін дастандардың мәтін көлемі бірдей емес. Дастандардың арасында мазмұны күрделі, оқиғаларға бай, егжей-тегжей сипаттамасы бар үлгілері жетерлік. Сондай-ақ толық қағазға түспеген, үзінді түрінде сақталып қалған дастандар да кездеседі. Мәтінінің көлемі жағынан ірі дастандарға «Шора» (1690), «Қобыланды» (1562), «Қарғабойлы, Қазтуған» (1328), «Аңшыбай» (1277) кіреді. Көлемі аз дастандарға «Шынтас» (34), «Манашы» (36), «Құлыншақ» (44), «Қартқожақ» (51), «Жаңбыршы» (58), «Сұлтанкерім» (92) кіреді. Үзінділері бар дастандардың барлығы дерлі «Жеке батырлар» бөліміне жатады. Өзге дастандардың көлемі 229-ден 1159-ға дейінгі өлең жолдары аралығында көрсетілген. ҚҚБ жырындағы кіретін дастандардың көлемін «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөлімі бойынша ҚОСЫМША Ж-дан, «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» бөлімі бойынша ҚОСЫМША И-дан және «Жеке батырлар» бөлімі бойынша ҚОСЫМША К-ден қараңыз.

ҚҚБ жырының бірегейлігі көлемімен шектелмейді. Жыр мәтіні лексикалық қабаттарымен ерекшеленеді. Жыр мәтінінің бұл қасиетін әртүрлі кезеңдерде Ә.Қоңыратбаев, А. Орлов, В. Жирмунский, М. Ғабдуллин, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Қ. Сыдиықов атап өткен. Мәселен Ә. Қоңыратбаев 1948 жылғы мақаласында ҚҚБ мазмұнына шолу жасап, жыр мәтінінде кездесетін онимдерді талдап өткен. А. Орлов пен В. Жирмунский жырдағы антропонимдерге тоқталып өткен. Ал М. Ғабдуллин мен Қ. Жұмалиев жырдағы әлеуметтік топ атауларына тоқталған. Ал жыр мәтініндегі жер-су атауларының Каспий жағалауы бойындағы елдімекен атауларымен ұқсастығын ең алғаш атап өткен. Алайда жоғарыда келтірген зерттеушілер үшін жыр мәтіні қолжетімсіз болғандықтан, олар қолда бар аз мәліметтерді талдауға мәжбүр болған. ҚҚБ жырының толық мәтіні 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланғаннан кейін жыр мәтінін зерттеуге мүмкіндіктер ашылды. Жыр мәтінінің лингвистика тұрғысынан әлеуетін көрген алғашқылардың бірі С.Сәйкенов болды. С. Сәкеновтің 2006-2011 жылдар аралығында жариялаған мақалалар сериясы ҚҚБ жырының ішінде тұрған лингвистикалық ақпараттың ауқымы мен әралуандығын көрсетіп жатыр. С. Сәкенов зерттеулерінде ҚҚБ жыры мәтініне тән екі түрлі ерекшелікті қайталап өтеді. Біріншісі жыр мәтінінің тарихилығы. ҚҚБ жырындағы оқиғалар Қазақ хандығына дейінгі тарихқа құралған. Оны жыр

мәтініндегі антропонимдер, жырдың ономастикалық кеңістігі көрсетіп жатыр. С. Сәкенов жоғарыда келтірген онимдерді талдай келе, оларды нақты Алтын орда заманының Ноғайлы дәуірімен байланыстырады. Біз С. Сәкеновтің осы тұжырымына толық қосыламыз және аталған тұжырымды эмпирикалық деректермен толтыру қажетін түсініп отырмыз. Бұл ретте зерттеуіміз жырдың лексикалық қабаттарын талдап өтетін болады. С. Сәкеновтің зерттеулеріндегі екінші ерекшелігі ҚҚБ жырының мазмұндық құрылымынан шығып жатыр. ҚҚБ жыры мәтінінің құрылымы өзара байланысып келіп шежірелер құрайды. Бұл шежірелердің жыр құрылымындағы рөлі орасан зор. С. Сәкенов жыр мәтіні құратын байланыстардың артында негіз бар екенін тұжырымдайды. Өз сөзінің дәлелі ретінде жырдың «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөліміне кіретін дастандардағы батырлардың тарихи прототиптерін талдап көрсеткен. Біз С. Сәкеновтің бұл тұжырымдамасына заманауи технологиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, кешенді талдау жүргізу қажеттілігін біліп отырмыз. Зерттеуіміз жыр мәтінінің өзара байланыса келе, тұтастық құру мәселесін келесі бөлімде қарастыратын боламыз.

Ноғайлы дәуірі әдебиетінің лингвистикалық мұрасы отандық зерттеушілер тарапынан кеңінен қарастырылғанын атап өткен жөн. Ноғайлы дәуірінің әдеби мұрасын лингвистикалық қырда қарастырған еңбектерді көтерген тіл білімінің мәселесіне қарай төмендегідей қарастыруымызға болады:

Қ. Өмірәлиевтің «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» [36], Б.Нүрдәулетованың «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі» [37], С. Симбаева «Ноғайлы дәуіріндегі жырлардың тілдік ерекшеліктері» [22, б. 13], Е. Жұбанов «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері» [38], Б. Қарағұлова «Тарихи жырлар лексикасы» [39]. Келтірген зерттеулер ноғайлы дәуірі әдебиетінің тілдік ерекшеліктерін әртүрлі аспектілерден қарастырды. Дегенмен аталған зерттеулерде зерттеу материалы ретінде ҚҚБ жыры қарастырылмағанын атап өту керек. Бұл тұрғыдан осы диссертациялық жұмыс ноғайлы дәуірі әдебиетін лингвистика тұрғысынан жүргізген зерттеулерді, тың материалдармен толықтыра алады деп үміттенеміз.

Диссертациялық жұмыстың екінші қыры когнитивтік лингвистика мәселелеріне арналған. Когнитивтік лингвистиканың негізін Дж. Лакофф 1987 жылы қалаған [40]. Дж. Лакофф когнитивтік лингвистиканы адамның таным жүйесіне байлап, когнитивтік ғылымдармен тығыз байланыста қарастырған. Бұл көзқарас тіл білімінің өрісін кеңейтіп, лингвистикалық зерттеулердің ғылыми зерттеу аппаратын кеңейте түсті. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика бағытында алғашқылардың бірі болып монография жазған Қ. Жаманбаева [41]. Қ. Жаманбаева когнитивтік лингвистиканың ғылыми аппаратын құратын терминология мен ұғымдарды қазақ тілінде сөйлетті. Осы тұрғыдан Қ. Жаманбаеваның монографиясы құнды болып табылады. Когнитивтік лингвистика бағытындағы ТМД мемлекеттері үшін өзекті еңбектердің қатарына Е. Кубрякова бастаған зерттеу тобы жариялаған «Краткий словарь когнитивных терминов» [42] атты сөздікті ерекше атауға болады. Бұл сөздік когнитивтік

лингвистиканың бұрынғы КСРО аумағында тарауына ықпал еткен еңбек саналады. Сондай-ақ Е. Кубрякова сөздігі қазіргі кездің өзінде когнитивтік лингвистика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдар үшін сүйенетін негізгі терминологиялық дерекқор болып табылады.

Когнитивтік ғылымдар, соның ішінде когнитивтік лингвистика бағытындағы өзекті бір еңбекке У. Кинтцтің «Comprehension: A Paradigm for Cognition» [43] (Түсіну: танымға арналған парадигма) атты зерттеу жұмысын атап өту керек. Бұл зерттеу адам санасында жүретін танымдық үдерістерді жүйелі сипаттаған еңбектердің бірі. Осы зерттеу арқылы когнитивтік ғылымдардың зерттеу ареалы қайта қарастырылып, когнитивтік лингвистиканың қарастыратын мәселелері нақтыланған болатын.

Когнитивтік лингвистикаға арналған өзекті бір зерттеуге Э. Оразалиеваның «Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма» [44] атты монографиясын атап өту керек. Бұл зерттеу когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулерді қамтып, даму векторын айқындап берген еңбек болды. Э. Оразалиеваның монографиясы когнитивтік лингвистиканың заманауи даму бағытын көрсеткен және қазіргі таңда отандық зерттеушілер зерттеулерінде атап өтетін фундаменталды зерттеуге айналған.

А. Дурантидің «Dilbilimsel Antropoloji» [45] (Тіл білімі антропологиясы) монографиясы когнитивтік лингвистиканы адам танымымен тығыз байланыста қарастырған зерттеулердің бірі. Бұл зерттеудің артықшылығы тілде жүретін құбылыстарды сол тілде сөйлейтін қауымның қоғамдық құрылысы, әлеуметтік тапталуы және қауым өкілдері санына тәуелділікте қарастырған. А. Дуранти еңбегі цифрландыру дәуіріне өткен заманда когнитивтік лингвистика алдында тұрған белестерді айқындаған болатын.

Тарихи мәтінді танымдық тұрғыдан зерттеу бағытында А. Бергстің «Studies in Morphosyntactic Variation in the Paston Letters (1421-1503)» [46] (Пастон хаттарындағы морфосинтактикалық вариация зерттеулері) атты зерттеу мақаласын атап өткен жөн. А. Бергстің зерттеуі тарихи мәтінді зерттеу үшін цифрлық технологияларды пайдаланған. Бұл ретте А. Бергстің мақаласы инновациялылығымен көзге түсіп жатыр. Осы бағытта С. Хартманның «Diachronic Cognitive Linguistics» [35, б. 3] (Диахрониялық когнитивтік лингвистика) мақаласы бар. Бұл мақала цифрландыру дәуіріндегі когнитивтік лингвистиканың даму деңгейі аясында диахрониялық зерттеулердің теориялық тұжырымдарын айқындаған еңбек. С. Хартман диахрониялық когнитивтік зерттеулер бағытында неміс тіл білімінде жинақталған тәжірибені талдай отырып, өзекті теориялық мәселелерін талқылаған. Бұл мақала диахронды когнитивтік лингвистиканың қазіргі даму бағытын көрсетуге бағытталған, еуропалық лингвистиканың ғылыми дискурсы шеңберінде қарастырған еңбек болып табылады.

Деректерді өңдеу технологиялардың дамуы ғылымға әсер етіп жатқаны анық. Қазіргі таңда ғылыми айналымда жүрген ғылыми ақпарат көлемі жыл өткен сайын артып келеді. Осы жағдайда көлемді деректермен жұмысты оңтайландыратын шешімдердің маңызы артады. М. Джонстың «Big Data in

Cognitive Science» [47] (Когнитивтік ғылымдардағы үлкен деректер) атты зерттеуі жоғарыда келтірген мәселені талдап, қарастырған зерттеулердің бірі. М.Джонстың монографиясында көлемді деректермен тиімді жұмыс істеуге арналған ұсыныстары қазіргі когнитивтік зерттеулер үшін өте өзекті санаймыз.

Ж. Есеналиеваның авторлығымен баспаға шыққан «Лингвистиканың өзекті мәселелері» [48] атты монография когнитивтік лингвистика саласында орын алған үдерістерді талдаған актуалды еңбектердің бірі. Монографияда когнитивтік лингвистиканың Қазақстандағы бағыт-бағдары талданған. Сонымен қатар отандық когнитивтік лингвистикада орын алған үдерістерге сипаттама берген.

ҚҚБ жыры мәтінін талдау барысында тарихи лингвистика, тарихи семантика, шығыстану бағыттарында зерттеулерін жүргізіп жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алдық. Олардың ішінде Б.Сүйеркүл [49], З. Ахметжанова [50], Б. Әбдуәли [51], Н. Жанпейісова [52], Р.Кисинг [53], Ө. Гөксел [54], Ж. Байтелиева [55], Б. Өзкан-Налбант [56], Ж.Рақышева [57] еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар диссертациялық жұмыста қолданылды.

Бірінші бөлім бойынша түйін

ҚҚБ жыры мазмұны мен құрылымы күрделі ауыз әдебиеті үлгісі. Жыр туралы 1939 жылы алғаш мәліметтер тарағалы бері көптеген зерттеушілердің назарында жүрді. Солардың ішінде Қ. Сәтбаев, Н. Сауранбаев, М. Әуезов, А. Орлов, В. Жирмунский бастаған Кеңес дәуірінің атақты ғалымдары тұрды. Қ. Сәтбаев пен Н. Сауранбаев қайраткерлігінің арқасында ҚҚБ жыры Мұрын жырау аузынан жазылып алынды. Қ. Сәтбаев пен Н. Сауранбаев жырдың жазылып алуына соғыс уақытына, шектеулерге қарамастан қол жеткізген. Мұрын жыраудан жазылып алынған жырды 1944 жылы саяси себептерге байланысты жариялауға және зерттеуге тыйым салды. Бұл жағдайда Ө. Қоңыратбаев 1948 жылы ҚҚБ жырын ақтап шығу мақсатында жазған мақаласын атап өтуге болады. Дегенмен ҚҚБ жырының мәтіні көпшілік үшін жабық болып қала берді. 20-ғасырдың 50 және 60-жылдары М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев секілді ғалымдардың ҚҚБ жырына қатысты бұғаттарды жою бағытында жасаған әрекеттерін байқаймыз. Әрекеттердің көбі нәтиже бермеген. Ғылыми айналымда ҚҚБ жырына қатысты 1944 жылға дейін жарияланған ақпарат жүрді. Қалыптасқан жағдай қызық парадокс тудырды. Зерттеушілер ҚҚБ жырының құрылымын біледі, бірақ мазмұнымен таныса алмайды. Осы ретте В. Жирмунскийдің қайраткерлігін атап кеткен жөн. В. Жирмунский соғыс жылдары ҚҚБ жырын зерттеумен айналысқан. Саяси жағдайға байланысты зерттеуін тірі кезінде жариялай алмайтынын білген ол, зерттеуін қайтыс болғаннан кейін шәкірттері арқылы жариялатқан. В. Жирмунскийдің еңбегі Кеңес уақытының ғылыми айналымына ҚҚБ жырының айналасындағы талқының қайта жандануына ықпал етті. Жырға қатысты соғыс жылдарында В. Жирмунский анықтаған құбылыстар еңбекте көрсетілгенімен, жыр мәтіні

көпшілік үшін қолжетімсіз болып қала берді. Қорытындылай келгенде ҚҚБ жырына қатысты Кеңес заманындағы зерттеулер 20-ғасырдың 40-жылдары жинақталған ғылыми материалдарға негізделген. Бұл материалдар жырдың мазмұны мен құрылымын жалпылай сипаттаумен шектелген.

ҚҚБ жырына қатысты зерттеулердің сапа жағынан өсуі посткеңестік кезеңнен бастау алды. Аталған үдеріске ҚҚБ жырына қатысты Кеңес дәуірінде орнаған шектеулердің күшін жоюы негіз болды. Соның ішінде ҚҚБ жыры мәтінінің 2005 жылы толық жариялануы үлкен оқиғаға айналды. Жыр мәтінінің толық жариялануы өз кезегінде өзге оқиғаларға түрткі болды. Мәселен 2007 жылы ҚҚБ жырының мәтіні түрік тіліне аударылды. Жыр мәтінін талдауға негізделген зерттеу мақалалары қазақ, түрік тілдерінде жариялана бастады. ҚҚБ жырының түрік тілінде ғылыми сипаттамасы жарияланды. ҚҚБ жырына байланысты зерттеулер 1940 жылдары жарияланған зерттеулерді сипаттаудан, жыр мәтіні негізінде жүрген талдау деңгейіне дейін өсті. Бұл ретте жыр мәтініне қатысты кейбір қызық фактілер назарға ілікті. Бұл фактілер жыр мәтінінің тереңдігін және өзектілігін арттырды деуге болады.

Жоғарыда атап өткендей ҚҚБ жырын 1942 жылы Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясы мамандары қағазға түсірген. Ал 1942 жылы Коммунистік партияның орталық комитеті жыр мәтінін зерттеуге және жариялауға тыйым салды. Яғни жыр мәтіні елу жылдай консервацияда жатты. Осы уақыт аралығында ҚҚБ жырына кіретін дастандар көркемдік редакциялауға, түзетуге, Кеңес мемлекеті идеологиясының құндылықтарына сәйкес түзетуге ұшырамады. Келтірген факті «уақыт капсуласы» эффектісін тудырды. Жыр мәтіні 1942 жылы Мұрын жырау аузынан жазылып алынған күйінде сақталған. Жыр мазмұны, дастандардың кезектілігі, оқиғалардың сипаты, кісі аттары, соғыстың сипаттамасы Мұрын жырау жырлаған тәртіпті сақтаған. Бұл тұрғыда жыр мәтіні бастапқы қалпын сақтап қалған бірегей шығарма ретінде танымыз.

Мұрын жырау бала кезінен қартайғанға дейін темір ұстасы болған. Ұсталық кәсібі әкесінен берілген. Мұрын жыраудың металл өңдеу кәсібін жақсы меңгергені ҚҚБ жыры мәтінінде көрініс берген. Жыр мәтінінде қару-жарақ пен материалдық мәдениет атаулары көптеп кездеседі. Осы тұрғыдан жыр мәтіні қызығушылық тудырып, лингвистика тұрғысынан жырды құнды ақпарат көзі ретінде қарастырамыз.

ҚҚБ жыры тарихи негізі бар шығарма. Бұл фактіні жыр ғылыми айналымға енген сәттен бастап зерттеушілердің басым көпшілігі растап келеді. Осы тұрғыдан жырдың тарихилығын диахронды лингвистика, соның ішінде когнитивтік лингвистика тұрғысынан пысықтау маңызды санаймыз. Бұл жұмыс жыр мәтінінің хронологиялық сәйкестілігін анықтауға және жыр мәтініндегі когнитивтік құбылыстарды зерделеу арқылы тілдің даму үдерісінің белгілерін зерттеу үшін қажет эмпирикалық материал жинақтау үшін пайдалы болар деп сенеміз.

2 ТАРИХИ ЖЫРДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

2.1 Антропонимдердің тарихи аспектідегі когнитивтік-прагматикалық мағынасының көрінісі

ҚҚБ жырын талдау барысында жыр мәтінінің көлемді ономастикалық қабат анықталды. Бұл қабат антропонимдерді, зоонимдерді, фитонимдерді, этнонимдерді, ойконимдерді, гидронимдерді, урбонимдерді, қару-жарақ атауларын, әскери атауларды, лауазым мен атақтарды, тіпті жылқы аттарына дейін қамтиды. Кейбір атаулар мәтін ішінде бірнеше мәрте қайталанған. Осындай мол ономастикалық қабатты бір диссертация шеңберіне сыйғызу мүмкін емес екенін анықтадық. Сондықтан диссертациямызда ең жиі кездесетін ономастикалық топтарды жинақтап, талдауға алдық.

Жоғарыда атап өткен мақсатымызды негізге ала отырып, біз жыр мәтінінде ең көп кездесетін лексикалық бірлік ретінде кісі есімдерін алып талдадық. Жыр мәтінінде адам аттары жиі кездеседі. Талдау нәтижесі жыр мәтінінде барлығы 200 кісі есімі кездесетінін көрсетті. Оның ішіне 41 «Қырымның қырық батырының» есімі. Қырық батыр туыстарына тиесілі 40 есім. Батырлардың 11 одақтасының, 63 қарсыласының және 45 өзге кісінің есімі келтірілген. Жырдағы кісі есімдері туралы толық мәліметті ҚОСЫМША Г-дан қарай аласыз. Жыр мәтінінде кездесетін кісі есімдері мәдениетімізде қалыптасқан есім беру дәстүрімен үндес келеді. Дегенмен жыр мәтінінде есімдерге байланысты өзіндік ерекшеліктер бар екенін атап өткен жөн. Талдау барысында жырдағы кісі есімдерін төмендегідей жіктедік.

Қырық батырдың есімі. Абат (Абатжан), Алау (Алау батыр), Аңшыбай (Ала тайлы Аңшыбай), Асанқайғы (Асан, Асан мырза), Ахмет (Айсаның ұлы Ахмет, Айсаұлы Ахмет), Әмет (Әмет батыр), Бегіс (Ер Бегіс), Едіге (Едігежан), Жаңбыршы, Жұбаныш, Кеңес (Ақжонасұлы ер Кеңес), Көгіс, Көкше (Көкше батыр), Қазі (Қазіжан), Қазтуған (Қазақтың ұлы Қазтуған), Қарадөң, Қарасай, Қарғабойлы (Қарғабой), Қарт Қожақ (Қожақ, Қартқожақ), Қобыланды (Қыдырбайұлы Қобыланды, Қобылан), Қосай (Көкшенің ұлы ер Қосай), Құлыншақ, Құттықия, Мамай, Манашы, Мұса (Мұса хан), Нәрік, Нұрадын, Орақ, Парпария, Сұлтанкерім, Сүйініш, Тама, Тана, Тегіс, Телағыс (Жаңбыршыұлы Телағыс), Тоған (Ер Тоған), Төрехан (Шынтасұлы Төрехан, Төрежан), Тұяқбай (Манашыұлы Тұяқбай), Шора, Шынтас.

Әйелдердің есімі. *Ақару* – Қобыланды батыр анасының есімі. *Ақбілек* – Телағыс батыр әйелінің, Мұса хан қызының, Орақ және Мамай батырлар қарындасының есімі. *Ақмеңді (Меңді)* – Нәрік батыр әйелінің, Шора батыр анасының есімі. *Ақмоншақ* – Манашы батыр қызының, Тұяқбай батыр әпкесінің есімі. *Ақтерме* – Мұса ханның бәйбішесінің, Алау батырдың қарындасының/қызының есімі. *Арубибі* – Ақжонасұлы Кеңес батыр анасының есімі. *Асылзат* – Қазтуған батырдың қызының есімі. *Бибі* – Сүйініш батырдың әйелінің, Бегіс батырдың анасының есімі. *Гүлқашима* – Қарадөң батырдың әйелінің, Жұбаныш батырдың анасының есімі. *Жәмілхан* – Нұрадын батырдың қарсыласының қызының есімі. *Ибажан* – Қобыланды батыр жырында кездесетін

есім. *Күйкен* – Манашы батыр анасының есімі. *Қанымша* – Бегіс батыр әйелінің, Көгіс батырдың анасының есімі. *Қарабек* – Қосай батырдың әйелінің, Көкше батырдың келінінің есімі. *Қараүлек* – Орақ батырдың әйелінің есімі. *Қарахан* – Мамай батырдың екінші әйелі, Қозан хан қызының есімі. *Қарлығаш* – Ақжонасұлы Кеңес батырдың әйелінің, батырдың қарсыласы Қара ханның қызының есімі. *Қибат* – Орақ батыр қызының, Қарасай батыр қарындасының, Қазі батыр сыңарының есімі. *Құртқа* – Қобыланды батыр әйелінің есімі. *Мақпал* – Тоған батыр әйелінің, Едіге батыр туысының есімі. *Сүйін бике* – Көкше батыр анасының есімі. *Ханбибі* – Шынтас батырдың қызы, Шынтасұлы Төрехан батырдың қарындасы. *Ханжан* – Шора батырдың әйелінің, Нәрік батырдың келінінің есімі. *Ханзия (Зияжан)* – Қазі батыр одақтасы әпкесінің есімі. *Хансұлу* – Қыдырбайұлы Қобыланды батырдың егіз қарындасының есімі. *Шолақ қатын* – Орақ батырдың әйелінің, Қарасай, Қазі батырлардың анасының лақабы. *Шыңбике (Шыманның қызы Шыңбике)* – Шынтасұлы Төрехан батырдың әйелінің, батыр қарсыласының қызының есімі.

Қарсыластардың есімі. Абығай, Ағрабат, Айқасқа, Ақорал хан, Ақташ хан, Ақташы, Ақтөре хан, Ақша хан, Алшағыр, Андыз хан, Асанәзір, Әділ Жәнібек, Бағлан таз, Байқасқа, Батыр хан, Беген, Бердіхан, Берен шайыр, Беріксұлтан, Дәуекескен, Ерғали, Есен, Есен хан, Жайнас, Иманқара, Көкқасқа, Қазанбас, Қайнас, Қайыспас, Қалу, Қанқожа, Қара хан, Қарабалта, Қаразым, Қараменде, Қодарқұл, Қозан (Қожан), Қозғалмас хан, Қойқара, Қондыкер, Қостөре, Қылыш хан, Мейрам хан, Меңді хан, Меңсұлтан, Мұрат, Мұса хан, Орақшы, Орманғали, Оспан (қарсылас), Өгіз хан, Өгіз хан, Пикасқа, Сары, Серек, Серен, Серке, Сұлтан хан, Сүйін, Тарқас, Тобылғы хан, Тоғалай, Тоқтамыс, Төре, Төре хан, Тулақ хан, Хан Тірсек, Науазым, Шамақан, Шаппаз, Шаштөбе, Шыман хан, Ысмайыл Тобаяқ.

Өзге есімдер. Айса, Ақжонас, Аққозы, Алтын би, Аңғысын, Апар құл, Аралхан, Арыстан (Арыстан баб), Арыстан/Арышлан/Аршылан (Әзірет Әли), Асылнұр шал, Аюбай, Әділ хан, Әділше хан, Әзірет Әлі, Әліби, Баба түкті Шашты Әзиз, Бек, Берді, Бозоғлан, Дастан, Дәуітұлы Сүлеймен, Ер Тарғын, Жапар құл, Жұбай, Жылқыбай, Зеңгі баба, Кеңестің ұлы Кеңжанбай (Жанбай), Күміс би, Қазақ, Қарақұс, Қосым, Қошабай, Қыдыр ата (Қызыр), Қыдырбай, Меңді, Мұстафа, Мұхамед, Ноғай, Нұр, Нұрдың Қарабайыры, Нұрлыхан, Ойсыл қара, Орманбет, Орманбетұлы Әли, Оспан, Рүстем, Садуақас, Сарыбай, Сәтемір (Темір хан), Селме Селім, Сұлтан, Сұлтанәлі, Сыпыра, Тауып хан, Телшора, Шаһимардан, Шопан ата, Ілияс, Іскендір.

Талдаудың бұл кезеңін жүргізгенде жинақтаған мәліметтер жыр мәтініндегі антропонимдердің әралуандығын көрсетті. Кісі аттары шығу тегі, лексикалық және семантикалық құрамы жағынан әртүрлі болып шықты. Мәтінді талдау барысында семантикалық үшбұрыштар әдісін қолдандық. Бұл әдіс объект-субъект қатынасына негізделген. Соның нәтижесінде жыр контекстінен де кісі есімдерін ажырату мүмкін болды. Жырдағы батырлардың өзара байланысына қатысты деректерді көрнекілендіру технологияларын пайдалана отырып жасаған когнитивтік картаны ҚОСЫМША Н-дан қараңыз. Сонымен қатар жыр мәтінінде

бірдей есімдер бар. Бірдей есімдер кездескен жағдайларды талдау үшін атрибуция әдісі қолданды. Яғни жыр мәтінінде кездескен есімдердің нақты бір кейіпкер немесе кейіпкерлерге қатыстылығын анықтау үшін формалды белгілерді пайдаландық. Формалды белгілерді анықтау арқылы жыр мәтінінде қайталанған бірдей есімдердің бір кейіпкер немесе бірнеше кейіпкерге тиесілілігін анықтадық. Сонымен қатар бұл әдіс жырдағы кісі аттарына қатысты өзге лингвистикалық ақпараттың бетін ашты. Бұл ақпарат бір зерттеу мақаласына арқау болды [58]. Жинақталған есімдерді талдау барысы ҚҚБ жырында кездесетін есімдерге қатысты бірнеше құбылысты көрсетті. Құбылыстар лингвистикалық тұрғыдан, атап айтқанда тарихи және когнитивтік лингвистика тұрғысынан құнды. Жинақталған антропонимдер Арал-Каспий аумағын мекендеген түркі тілдес халықтар тіліндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі ат қою мәдениетінің даму эволюциясынан ақпарат беріп тұр. Алтын орда заманының Ноғайлы дәуіріне тиесілі есім қою тәжірибесі аталған тарихи кезеңге тән танымды айқын сипаттайды.

Жыр материалы негізінде жинақтаған мәліметтерге сүйенсек белгілі бір кезектілікке түсіп, иерархия құрған антропонимдерді кездестіруге болады. Кісі аттары лексика-семантикалық тұрғыдан мағыналас болып келеді. Кісі аттары өзара байланысты әрі өзара тәуелділік құрып жалғасып жатыр. Жыр мәтініндегі есімдер есім иесінің шығу тегі, руы, сенімдері, саяси көзқарасы, дүниетанымынан хабар береді. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан ат қою құбылысы объективист білімге (Objectivist Knowledge) [29, б.159] негізделеді. Объективистік білім екі түрлі танымға сүйенеді. Алғашқысы және негіз болып саналатыны ол – туа біткен объективист таным (Nativist Objectivist Cognition). Кейінгісі – эмпирикалық объектив таным (Empiricist Objective Cognition). Туа біткен объективист таным фундаменталды білімге негізделіп, базалық білімді қамтиды. Бұл таным түрі жүйелілігімен және біркелкі байланыстылығымен көзге түседі. Эмпирикалық объектив таным туа біткен танымға тәуелді болып келеді. Эмпирикалық объектив таным қоршаған ортаның әсеріне де тәуелді. Тіл тұтынушысы өмір сүріп жатқан уақыт пен кезеңнің тәжірибесін қабылдайды. Тіл тұтынушысы өмір сүріп жатқан қоғамның айнасы іспетті аталған заманның бейнесінің үзiгiн береді. Объективист білім антропонимдерге келгенде зерттеуші тарапынан зерттеу нысанының хронологиялық сипатын және аталған тарихи кезеңде орын алған әлеуметтік үдерістерді есепке алуға міндеттейді. Өткен бөлімдерде атап өткендей, ҚҚБ жыры хронологиялық тұрғыдан Ноғайлы дәуіріне тиесілі ауыз әдебиеті үлгісі екені бәрімізге белгілі. Жыр мәтіні 1942 жылы жазылып алғанның өзінде шығарма өзінің ортағасырға тән сипатын толық сақтап қалғаны анық. Бұны бірнеше мәрте тарихшылар, атап айтқанда Ж.Сәбитов [59] және Т. Уалиев [60] өткен. Осыған орай ҚҚБ жырындағы лексикалық бірліктер, соның ішінде ономастикалық атауларды талдау жырдың тарихылығын есепке алуды міндеттейді. Сол себепті біздің талдауымыз лингвистикалық дерекқорлармен қатар тарихи әдебиетке де сілтеме жасайтын болады. Ал лингвистикалық және тарихи әдебиеттен дерек таба алмаған жағдайда тарихи ұқсас прецеденттерге аналогия құра отырып талдайтын

боламыз. Антропонимдерді талдау үшін отандық антропонимика саласының ірі зерттеушілері Т. Жанұзақтың «Очерк казахской ономастики» [61], Қ. Рысбергеннің «Ұлттық ономастиканың когнитивтік негіздері» [62], С. Иманбердиеваның «Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ түркі жазба ескерткіштері негізінде)» [63], Б. Әбдуәлиұлының «Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері» [64], Б. Оспанның «Есімдер: Сақтардан қазақтарға дейін» [65], С. Рахымберлинаның «Қазақ тіліндегі бейресми кісі есімдерінің этнолингвистикалық және танымдық сипаты» [66] атты еңбектердегі теориялар мен тұжырымдар басшылыққа алынды. ҚҚБ жырындағы кейбір діни антропонимдерге қатысты библиист Л. Джонстың «Encyclopedia of religion» [67] (Дін энциклопедиясы) атты еңбегіндегі тұжырымдар басшылыққа алынды. Когномендер мен лақап аттарға қатысты М. Адамстың «Power, politeness, and the pragmatics of Nicknames» [68] (Лақап аттардың күші, сыпайылығы және прагматикасы) атты еңбектегі тұжырымдар мен ұстанымдар басшылыққа алынды.

ҚҚБ жырында кездесетін антропонимдер өзара байланыса келе шежіре құрайды. Шежірелер жыр мазмұнына реттілік береді. Бұл құбылыс қазақ мәдениеті үшін бірегей құбылыс емес. Қазақ ұлты үшін шежіре жүргізу үлкен мәдени мәнге ядролық құбылыс. Сол себепті шежіре жүргізу бар қоғамда әдетте балаларының есімдерін өзара мәндестіріп қою құбылысы жиі кездеседі. ҚҚБ жырында мәндес есімдер құбылысы кездеседі. Жырда кездесетін батырлардың есімін осылай жіктеуге жекелеу және ортақтастыру уәждері негіз болған секілді. Жыр мәтініне қарасақ кісі есімдерінің бойында екі үлкен қарама-қарсы үдеріс қатар жүреді. Индивидуалдау немесе көп ішінен жеке қылып айрықшалап көрсету бір жағынан көрініс беріп жатады. Екінші жағынан айрықшалап жекелеумен қатар, есім иесінің белгілі әлеуметтік ортаға, идеяға қатыстылығын көрсетеді. Аталған екі үдеріс үнемі өзара әрекеттесіп жатады. Екі үдеріс түрлі тілден тыс факторларға байланысты түрленіп әрі толығып жатады. Бұл жайлы Т. Айниала «Социо-ономастика: есімдердің прагматикасы» атты еңбегінде атап өткен. Т. Айниаланың пайымдауынша «есім беру кезінде көптеген есімдер аталған есім иелеріне тән уәжді нышандардың (expressions) сипаттамалары болып келеді» [69] дейді. Себебі әр адамның есімі белгілі уақыт пен кеңістікте, белгілі әлеуметтік формация шеңберінде, өз заманының танымы аясында беріледі. Әр есім өз заманының репрезентациясы ретінде жеке дара болып келеді. Сонымен қатар аталған үдерістердің көп жағдайда бір генеалогиялық буын деңгейінде жалғасатынын айта аламыз. ҚҚБ жырында бұл үдеріс көрініс жалғасын тауып келеді. Дегенмен жыр мәтінінде кездесетін батырлардың есімдерін зерттеу барысында семантикалық тұрғыдан өзара байланысқан, әрі бірнеше генеалогиялық буынға таралатын кісі есімдеріне кезіктік. Аталған есім түрлері әдетте әкелі-балалы батырларға тарайды. Әке мен бала батырлардың есімдері семантикалық аяда ұйқасады. Жырда келесі үндес есімдер жұбы бар.

Құттықия – Едіге. Бұл әкелі-балалы батыр есімдері жұбының бірінші сыңары құрамында «құтты» компоненті «игі, жақсы, берекелі» мағынасын береді. Екінші сыңарының мағынасы біраз сұрақтар туындатады. Себебі біздің

қазіргі ақпараттық-коммуникациялық кеңістігімізде «Едіге» есімінің екіншілік номинациясы басым орын алып жатыр. Аталған екіншілік номинация Алтын орда заманында өмір сүрген Едіге би есімімен тығыз байланысты екені бәрімізге аян. Алайда біздің қарастырып жатқан әдеби ескерткіш ортағасырлардағы оқиғаларды суреттейтіндіктен, біз сәйкесінше «Едіге» есімінің мағыналық құрылымын диахрониялық тұрғыдан қарастырғанымыз орынды болады. Қалай айтсақ та тарихтағы Едігенің есімінің берілуінде де белгілі бір уәж, таным тұрғаны анық. «Едіге» есімінің мағынасын іздеу мақсатында бірінші кезекте аталған есімге дыбысталуы жағынан ұқсас сөздерді қарастырдық. Көне түркі жазба ескерткіштерінің лексикалық қорын керемет қамтыған Көне түркі сөздігінен (Древнетюркский словарь) келесі мәліметтер шықты. Көне түркі сөздігінде «Едіге» сөзіне ұқсас «edgü» сөзі кездеседі және сөз «жақсы, игі» мағынасын береді [70, б.163]. Клаусон сөздігінде «edgü» сөзі 51 рет қайталанған. «Edgü» сөзі кісі есімі түрінде немесе тіркестердің ішінде кездеседі. Мысалы кісі есімі ретінде *Edgü ögil tegin* [71, б.483], *Işig Edgü Totok Er Toņa* [71, б.515] болып кездеседі. Тіркестерде *ol edgü kü at tört bulunda yadıltı* (аудармасы «ол жақсы атақ дүниенің төрт ширегіне жайылды») [71, б.686] және т.б. секілді мысалдарда кездеседі. «Edgü» сөзінің жазба ескерткіштердегі мағынасының семантикалық құрамына қатысты И. Карагөздің [72] жүйелі талдауы бар. Байқағанымыздай, келтірілген мысалдардан «Едіге» есіміне қатысты келесі қорытындыларды келтіруге болады: а) көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін *Edgü* есімі қазіргі қазақ тіліндегі «Едіге» есімінің бастапқы формасы; ә) көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін *edgü* сөзінің семантикалық өзегін «игі, жақсы» семасы құрайды; б) «Қырымның қырық батыры» жырында «Едіге» есімінің біріншілік номинациясы келтірілген деп сенімді түрде айта аламыз.

Әкелі-балалы «Құттықия» мен «Едіге» есімдерінің мәндес болуы аталған есім иелерінің байланыстылығын, бір уақыт пен кеңістік аясындағы идеологиялық ортақтығын білдіреді. Осы пікірімізді екі мәндес есімді талдаудың нәтижесі растап жатыр.

Жаңбыршы – Телағыс. Жырдағы *Жаңбыршы* және *Телағыс* батырлардың тарихи прототиптері Ноғай ордасында өмір сүрген. Тарихи деректер бойынша «Жаңбыршы» Едіге бидің шөбересі. Ал «Телағыстың» есімі тарихи құжаттарда *Ағыс*, *Ағиш* деп те жазылады, Жаңбыршының ұлы. «Жаңбыршы» есімі екі құрамдас бөліктен тұрады. Жаңбыр (сұйық күйде түсетін жауын-шашын) + -шы (кәсіпті білдіретін қосымша) құралған. «Телағыс» есімі де құрамдас екі бөліктен тұрады. Тел (ұқсас, жақын) + ағыс (судың жер бетінде қозғалу бағыты) сөздерінен құралған. Аталған есімдердің семантикалық өзегі «су» тақырыбы аясында тоғысады. Есімдерді ортақтастыратын архисема «су» болғандықтан, есімдер өзара тығыз байланысып, селбеседі. Бұл ретте Жаңбыршы есіміндегі «-шы» компоненті есім құрушы компоненттердің бірі ретінде ерте кездерден қолданыста бар екенін айтқымыз келеді. Мәселен «Қырымның қырық батыры» ішінде есімінде «-шы» компоненті бар «Аңшыбай», «Манашы» батырлар бар. Бұдан басқа есімінде немесе әкесінің есімінде «-шы/-ші» компоненті бар Оқшы ата [73], жырау Шалкиіз Тіленшіұлы (XV-XVI ғ.), Балғожа Жаңбыршыұлы

(XVIII ғ.), Жоламан Тіленшіұлы (XIX ғ.) бар. Сонымен қатар «-шы/-ші» компоненті кейбір ру тармақтарының атауларында кездеседі. Мысалы: Көтенші (шын аты Құдайберді), Балықшы (шын аты Шыбынтай), Бидайшы (Шын аты Абата). Телағыс есімінде «тел» компонентінің қолданылуын диахрониялық тұрғыдан қалыптасқан дәстүрден ауытқу санаймыз. Себебі антропонимдерде «тел» сөзі әдетте *тең, жақын, секілді* мағынасын беріп, атақ немесе лауазыммен қатар аталады. Мысалы: Телшора, Телқожа, Телтөре, Телбай, Телмырза. Бұл ретте «Телағыс» есімін бірегей прецедентті есім ретінде қарастыруымызға болады.

Зооморфтық есімдер. «Қырымның қырық батыры» жырында бірегейлігімен бірден көзге түсетін есімдер тобын кездестіруімізге болады. Ол – зооморфтық есімдер. Олардың қатарында Ақжонас, Аққозы, Аңшыбай, Арыстан (Әзірет Әли), Арыстан (Арыстан баб), Аюбай, Бағлан таз, Жылқыбай, Күйкен, Қазтуған, Қарабайыр, Қаракұс, Қарғабойлы, Қарлығаш, Қараүлек, Қойқара, Қондыкер, Қобыланды, Құлыншақ, Құртқа, Тана, Тұяқбай, Өгіз есімдерін кіргізуге болады.

Зооморфтық есімдер тілімізде және мәдениетімізде ерте замандардан бері қалыптасып, жалғасып келе жатқан антропонимиялық құбылысты репрезенттеп жатқанын толық сеніммен айта аламыз. Зооморфтық есімдер немесе құрамында зооморфтық компоненті бар есімдерге қатысты деректер көне түркі жазбаларынан бастап осы кезге дейін кездеседі деп толық айта аламыз. Көне түркі ескерткіштерінде және көне түркілерге қатысты тарихи деректерде зооморфты кісі есімдері көптеп кездеседі. Л. Н. Гумилев «Древние тюрки» атты еңбегінде зооморфты аттары бар немесе зооморфты есімдері түрлі деректерде сақталған түркі қағанаты хандарының келесі есімдерін келтіреді: Арыстан хан, Ел-Арыстан хан, Бөрі шад, Құш хан, Ілбіс Ышбара, Шона, Үкі шад, Құлын бек және т.б. [74, б.470]. Ортағасыр деректерінде бұл мәдениеттің жалғасын көруімізге болады. Селжүктердің екінші сұлтаны көптеген әдебиет көздерінде Алып Арслан (Alp Arslan) есімімен белгілі. Шын есімі Мұхамед ибн Дәуіт Шағрибек [75]. Атақты ортағасырлық тарихшы Мұхамед Хайдар Дулат(и). Бұл кісінің есімі үш құрамнан тұрады. *Мұхамед* есімі, *Хайдар* (арыстан) лақабы, *Дулат* руының аты [76]. Қазақ хандығы тарихындағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы тұру кезеңінің атақты батыры Қабанбайдың шын есімі *Ерасыл* екені көпшілікке мәлім [77]. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестің бастаушыларының бірі – Төле би көпшілікке тағы *Қарлығаш би, Қарлығаш әулие* (Орнитоним) есімімен белгілі. Сонымен қатар ұлттық мәдениетімізде соңғы онжылдықта зооморфтық есімдердің түрленген күйде қайта жанданып жатқанын байқауымызға болады. 2011 жылдан бері дәстүрлі түрде өтіп жатқан «Қазақстан барысы», «Әлем барысы» турнирі зооморфтық есімдерінің қайта жандана бастауының трансформацияланған бір көрінісі болып табылады. Аталған спорт турнирінде балуандарға лақап беру жанданып жатыр. Мәселен 3 дүркін «Қазақстан барысының» жеңімпазы Б. Ыстыбаевтың лақабы – *Тараз арланы* [78]. Бұл ретте жоғарыда келтірген прецедентті мысалдарға сүйене отырып, «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін зооморфты есімдердің бір бөлігі кейіпкерлердің өз есімдері болмауы әбден мүмкін деген

пікірді ұстанамыз. «Қырымның қырық батыры» жырында келтірілген кісі есімдерінің біразы лақап аттар болуы мүмкін деген болжам жасаймыз.

ҚҚБ жыры мәтінін талдап отырып назарымызға бірегей зооморфтық есім ілікті. Ақжонас есімі. *Ақжонас*, IPA ‘aɣzɒnas’. ҚҚБ жырында *Ақжонас* есімі құрамында Жүніс пайғамбар есімі келтірілген. Есім екі компоненттен тұрады *Ақ* + *жонас* (Жүніс пайғамбардың фонетикалық өзгеріске ұшыраған есімі). Есімнің күрделі фонетикалық өзгеріске ұшырауы өте бір қызық құбылыс. Есім парсыша/арабша «يونس» болып жазылып, IPA ‘junus’ түрінде дыбысталады. Есім парсы/араб тілінен қазақшаға өткенде й ‘j’ > ж ‘з’, у ‘u’ > о ‘ә’, сөздің соңғы буынында у ‘u’ > а ‘а’ дыбысына ауысып өте бір күрделі фонетикалық трансформацияға ұшырайды. Бұл ретте қазақ тіліне тән й-дің > ж дыбысына ауысу құбылысын байқаймыз. Сонымен қатар у дыбысының о дыбысына ауысу құбылысын көруімізге болады. у > о дыбысына түрленуіне қатысты Т. Жанұзақтың «созылыңқы дауысты у орнына қазақ фонемалары ы, ү, ұ, о сәйкес келеді» [79, б.111] деген пікірі бар. Бұл ретте пайғамбар есімінің ивритте жазылуы мен дыбысталуын қарастырайық. Иврит тілінде Жүніс пайғамбардың есімі «יְהוֹנָס» жазылып, IPA бойынша ‘jɒnɑh’ болып дыбысталады. Есім «көгершін, кептер» деген мағына береді [80]. Жиналған деректер есімнің қазақ тіліне ивриттен тікелей енуі әбден мүмкін деген пікірге итермелейді. Себебі есімнің парсыша/арабша дыбысталуынан гөрі ивритше дыбысталуы жыр мәтініндегі дыбысталуға жақын болып келеді. Сондай-ақ есімнің ивритше этимологиясының актуалдылығына есім құрамындағы «ақ» хромонимінің қолданылуы есімнің қазақша мағынасын ашып, мәнін түсіндіріп беріп жатыр. Осы фактілерді негізге ала отырып ҚҚБ жырының мәтінінде кездесетін *Ақжонас* есімінің мағынасы «ақ көгершін» деген мағына беретінін, ал этимологиясы иврит тіліне сілтейтінін тұжырымдаймыз. Сондай-ақ ұлттық ономастикада пайғамбар есіміне хромоним қосып айту үрдісі жоқ екенін ескере отырып, ҚҚБ жырында кездесетін *Ақжонас* есімінің зооморфтық есім ретінде қарастырамыз.

Хромонимі бар есімдер. ҚҚБ жыры мәтінінен құрамында түс атаулары бар келесі есімдерді байқауға болады:

Ақ: Ағрабат, Ақару, Ақбілек, Ақжонас, Аққозы, Ақмеңді, Ақмоншақ, Ақорал, Ақташ, Ақташы, Ақтерме, Ақтөре, Ақша;

Аралас: Бозоғлан;

Көк: Көкқасқа, Көкше;

Қара: Иманқара, Қара, Қарабек, Қарабайыр, Қарабалта, Қарадөң, Қарақұс, Қараменде, Қарасай, Қараүлек, Қарахан, Қойқара;

Сары: Сары, Сарыбай.

ҚҚБ жырында хромонимі бар антропонимдер біршама жиі кездеседі. Антропонимдерде жалпы төрт негізгі түс және бір аралас түс атауы кездеседі. Жырда кісі аттарының компоненті ретінде *ақ*, *көк*, *қара*, *сары* түс және аралас түс ретінде *боз* қолданылған. Хромонимі бар есімдердің ішінен бізге қара сөзі тіркескен есімдердің өнімділігі көзге түсті. Сонымен қатар антропонимдердегі *қара* компонентінің семантикалық қабаттарында түс атауын беретін мағынадан өзге мағыналардың бар екен деген ой туындады. Себебі антропонимдердегі *қара*

сөзі нақты материалдық дүние атауларымен қатар, абстрактілі ұғымдармен де тіркесіп келген. Осы құбылыстың табиғатын анықтау мақсатында ономастикалық атаулардағы *қара* сөзінің кездесуіне шолу жасадық. Жинақталған деректерге сүйенсек, «қара» компоненті бар ономастикалық атаулардың семантикалық өрісінде түс мағынасымен қатар «алып, ірі, үлкен, дүлей» мағынасы бар екенін байқауымызға болады. Оған келесі ономастикалық атаулардан мысал келтіре аламыз: *Қаратау*, ірі-қара мал, *Қарақұм*, *Қара теңіз*, *Қарабақ*, *Қарашығанақ* және т.б. Ал антропонимдерден *Қарахандар*, *Қаракерей*, *Төртқара*, *Қара Ыссы қаған* және т.б. есімдер бар. Келтірілген деректер «Қырымның қырық батыры» жырындағы хромонимі бар есімдердің ұлттық мәдениетімізде ерте кездерден қалыптасқан антропонимдік дәстүрдің жалғастығын көрсетеді.

Оронимдердің қатысуымен жасалған кісі есімдері. Құрамында оронимі бар есімдерге *Абат*, *Ағрабат*, *Аралхан*, *Қарадөң*, *Қаразым*, *Қарасай*, *Құттықия*, *Тоған*, *Шамақан*, *Шыңбике* жатады.

Абат есімі парсыша «ĀBĀDĪ» сөзінен тараған. Қазақша «елдімекен, қоныстанған жер» мағынасын береді [81]. Сонымен қатар «абат» сөзімен әкімшілік аймақ, шағын қалаларды атаған. Оған *Ашгабат*, *Жалал-абад*, *Хайдарабад* секілді қала атаулары дәлел. Парсы тіліндегі поэтикалық әдебиетте «абат» сөзін «құтты мекен, жайлы қоныс» мағынасында қолдану да кездеседі. Соның әсерінен аталған сөз антропонимдерге өткен болу керек. Сондай-ақ жыр мәтініне сүйенетін болсақ *Абаттың әкесі Асанқайғы*. Ал фольклор деректеріне сүйенсек *Асанқайғы* өзінің жерұйықты іздеген сапарларымен атағы шыққан кейіпкер [82]. Бұл факті ҚҚБ жырындағы *Абат* есіміне жаңа мағыналық реңк беріп, *Асанқайғының* жерұйықты іздеу идеясының жалғасын көрсетіп жатыр.

Қаразым фонетикалық өзгеріске ұшыраған *Хорезм* аймағының атауы. Қазір ол аймақ жартылай Өзбекстан Республикасының аумағында жартылай Түркмен Республикасының аумағында орналасқан [83].

Шамақан фонетикалық өзгеріске ұшыраған *Шамахы* аймағының атауы. Қазір ол аймақ Әзірбайжан Республикасының аумағында орналасқан [84].

Материалдық мәдениетке байланысты есімдер. ҚҚБ жырында материалдық мәдениетке байланысты есімдерге *Ақмоншақ*, *Ақтерме*, *Алтын*, *Берен*, *Күміс*, *Қазанбас*, *Қарабалта*, *Қылыш*, *Мақпал*, *Орақ*, *Орақшы*, *Сәтемір* (*Темір хан*), *Тулақ* кіреді.

Жыр мәтінінде материалдық мәдениетке байланысты есімдер кездеседі. Олар көбіне шикізатты өңдеу және қайта өңдеу арқылы жасалған материалдық құндылықтар. Материалдық мәдениетке байланысты есімдер гендерлік қатыстылығына қарай келесідегідей жіктеуге болады:

Текстиль түрлері, өңдеу/ көмкеру тәсілдерінің атаулары, сәндік бұйымдар және олардың құрамдас бөліктерімен әйел есімдері берілген. Мысалы: *Ақмоншақ*, *Ақтерме*, *Мақпал*;

Шикізатты бастапқы өңдеу барысында шығатын өнімге (*Алтын*, *Күміс*, *Сәтемір* (*Темір хан*), *Тулақ*), қайта өңдеу арқылы жасалған өнім (*Берен*,

Қазанбас, Қарабалта, Қылыш, Орақ, Орақшы) атауларымен байланысты ер есімдері.

Теонимдер немесе діни мәдениетке байланысты есімдерге Айса, Ахмет, Арыстан (Әзірет Әли), Арыстан (Арыстан баб), Асанәзір, Асанқайғы, Асылнұр, Әзірет Әлі, Әли, Әліби, Баба түкті шашты Әзиз, Ерғали, Есен, Есен хан, Жәмілхан, Иманқара, Қазі, Қыдыр ата, Мұрат, Мұса, Нұр, Нұрадын, Нұрлыхан, Орманбет, Орманғали, Оспан, Селме Селім, Шаппаз, Шаһимардан, Ысмайыл Тобаяқ, Ілияс аттары кіреді.

Жыр мәтінінде теонимдер жиі кездеседі. Сонымен қатар жыр мәтінінде діни негізі бар кісі аттарының варианттылығын байқауға болады. Теонимдерді келесідегідей бөліп қарастырдық:

а) пайғамбарлар есімі.

Айса, IPA ‘ajsa’. Тілімізде *Айса* есімінің *Иса*, *Ғайса* нұсқалары кездеседі. Айса есімі тілімізге Ислам діни миссионерлері арқылы енгені байқалады. Оған есімнің парсыша/арабша жазылу және дыбысталу тәртібі айқын мысал бола алады. Парсыша/арабша *Иса* есімі «عیسی» IPA ‘isa’; жазылуы оңнан солға қарай ‘ع’ – айн таңбасы айтылмайды, ‘ي’ – иә таңбасы, ‘س’ – син таңбасы, ‘ی’ – иә таңбасы, сөз соңында /a/ болып дыбысталады. Дегенмен нақты *Айса* есімінің үлгісінде парсыша/арабша жазуды қате оқудың мысалын көруімізге болады. Себебі араб жазу жүйесінде ‘ع’ – айн таңбасы дыбысталуы күрделі таңбалардың бірі болып табылады және сөздегі орнына байланысты әртүрлі дыбысталады. Бұған қоса аталған таңбаға өте ұқсас «غ» - ғайн таңбасымен жиі шатастырылуы әбден мүмкін. Сондықтан бастапқыда бұл есім дыбысталуында *Ғайса* болып, кейінірек *Айса* болып өзгерген болу керек. *Айса* есімі араб тіліне ивриттен «יֵשׁוּעַ» IPA ‘jesua’ енген болуы керек. Сонымен Айса есімінің қайта аталуларына қатысты келесідегідей кезектілікті байқауымызға болады: қазақша *Айса* IPA ‘ajsa’ < қазақша *Ғайса* IPA ‘kajsa’ < парсыша, арабша *Иса* IPA ‘isa’ < ивритше Йешуа IPA ‘jesua’. Есімнің этимологиясына қатысты библиист мамандардың басым көпшілігінің пайымынша есімнің этимологиясы көне Йахуди құдайы «ЙаһУе» есімімен байланысты. Есім «ЙаһУе сақтайды немесе қорғайды» деген мағынаға саяды [85].

Қыдыр ата, IPA ‘qɯdɯr ata’. ҚҚБ жырында *Қыдыр* есімі «Нұрадын», «Әмет», «Төрехан» дастандарында аталады. Сонымен қатар құрамында *Қыдыр* компоненті бар *Қыдырбай* есімі «Қобыланды» дастанында кездеседі. Ислам мәдениеті әсерінен енген есім. Есім арабша «الخضر» түрінде жазылып, IPA бойынша ‘əl χidr’ түрінде және ‘əl χizr’ болып та дыбысталады. Себебі есімнің жазылуындағы «خ» *дод*, *зод* таңбасы «д» болып та «з» болып та оқылады. Сондықтан тілімізде *Қыдыр* есімінің кейде *Қызыр* түрінде де дыбысталуы қалыпты құбылыс болып табылады. *Қыдыр* есімі Ислам мәдениетімен тығыз байланысты. Есім араб тілінде «жасыл адам» деген мағына береді және Құран хикаяларына сүйенсек есім пайғамбарға тиесілі [86, б.514]. Жыр мәтінінде семантикалық тұрғыдан есімнің *Қыдыр* пайғамбарға қатысты белгілері сақталған: а) оның ұзақ сапарға шыққан жолаушыларға кезігетіндігі; ә) оны кездестірудің үлкен сәттілік нышаны саналуы; б) сапаршының мақсатына

жылдам жетуіне әсер ететіндігі. ҚҚБ жырындағы *Қыдыр* есіміне қатысты семантикалық өріс Құран хикаяларындағы Қыдыр пайғамбарға қатысты семантикалық қабаттардың көбін қайталайды. Дегенмен ҚҚБ жырында есімнің этимологиясы қатысты ақпарат берілмейтіндіктен, жыр мәтінінде кездесетін *Қыдыр* есімін теонимдік екіншілік номинация деп толыққанды айта аламыз.

Мұса (*Мұса* пайғамбардың есімі). *Мұса* есімі тарихи әрі діни тұлғаның есімінен туындаған екіншілік номинация деп толығымен айта аламыз. Себебі жырдағы оқиғалар сипатталатын әлеуметтік формацияда, аталған есімдерді берерде есімнің этимологиялық мағынасынан гөрі идеологиялық мәні мен символдық мағынасына назар аударылғанға ұқсайды. Мәселен этимологиялық сөздік мәліметтеріне сүйенетін болсақ [87] *Мұса* есімі қазіргі дыбысталуы мен номинациясына келуден бұрын ғасырлар бойы түрлі мәдениеттер мен ұлттарда реноминациядан өткен. Бұл жерде *Мұса* есімі қазақ тіліне парсы тілі (موسی) арқылы енген. Парсы тіліне араб тілінен (موسی) енген. Араб тіліне Ивриттен енген (מֹשֶׁה). Ивритке ежелгі Мысыр тілінен енген деген пікірлер кездеседі. Бұл ретте *Мұса* есімінің әр кезеңдегі қайта номинациялануында есімнің дыбысталуы да өзгеріске ұшырап отырған. Аталған өзгерістерді келесі кезектілікпен сипаттауға болады: қазақша *Мұса* IPA ‘musa’ < парсыша, арабша «موسی» IPA ‘musa’ < иврит «מֹשֶׁה» IPA ‘moʃe’ < ежелгі мысыр. *Мұса* есімінің этимологиясына қатысты К. Хэйс есімнің ежелгі мысырлық есім қою дәстүрімен сәйкес келетінін атап өтіп, есім ежелгі мысырға тән теологиялық болуы әбден мүмкін деген пікір келтіреді. К. Хэйс «Typically, however, scholars identify the real etymology of Moses’ name as an Egyptian one, arguing that “Moses” is derived from the common element in names such as Thutmosis (“Thoth created him”) or Ramesses (“Ra created him”)» [88, б.116] деп есімнің ежелгі мысырлық теофорлық есім екенін көрсетеді. Біз К. Хэйстің этимологиясын толық қолдаймыз және жыр оқиғалары орын алған заманның өзінде есімнің этимологиясы әбден көмескіленгенін атап өткіміз келеді. Есімнің семантикалық ядросынан ежелгі мысырлық кезеңге тән семалар жойылып кеткені байқалады. *Мұса* есімінің пайғамбарлық пен патшалыққа қатысты семалардың басымдық алып, есім құрамында Ибраһим діндеріне ортақ семалардың орныққаны байқалады;

Мұстафа, IPA ‘muʃtafa’ – Мұхамед с.ғ.с. пайғамбардың есімдерінің бірі. Жыр мәтінінде есім «Мұхамед» есімімен қатар аталады. Есім қазақ тіліне ислам діне мен мәдениетіне байланысты енген. Соған байланысты есімнің номинациясы исламмен тығыз байланысты. Есім арабша IPA ‘mustafa’ болып дыбысталып, «مصطفى» түрінде жазылады. Семантикалық тұрғыдан есімнің арабша нұсқасы «таңдаулы, таңдалған» мағынасын береді.

Мұхамед, IPA ‘muħamed’ – ислам діні мен мәдениетіне байланысты енген есім. Есім Мұхамед с.ғ.с. пайғамбар есімінің қазақша дыбысталуға бейімделген түрі. Есім екіншілік номинация болып табылады, себебі есімнің қазақ тіліндегі семантикалық қабаттары толығымен Мұхамед с.ғ.с. пайғамбарға және ислам дініне сілтейді. Есімнің қазақ тіліндегі нұсқасында есімнің этимологиясы көрсетілмеген деп толық айта аламыз. Себебі есімнің арабша этимологиясы арабтың (حَمْدٌ) IPA ‘ħəmdə’ ырықсыз қатыстылық етістігінен туындап

«мақтаулы, мақтауға лайық» мағынасын береді. Жыр мәтінінде аталған есімнің келесі нұсқаларын кездестіруге болады: Орманбет – Ораз (*Ораза*) + манбет (*Мұхамед* пайғамбардың фонетикалық өзгерістерге ұшыраған және кіріккен есімі); Орманғали – Ораз (*Ораза*) + ман (*Мұхамед* пайғамбардың фонетикалық өзгерістерге ұшыраған және кіріккен есімі) + ғали (*Әли* есімінің фонетикалық өзгеріске ұшыраған түрі).

Сүлеймен, IPA дыбысталуы ‘sʉlejmɛn’. Жыр мәтінінде *Сүлеймен* есімі аталады. *Сүлеймен* есімін атағанда оның пайғамбарлығы және патшалығы атап өтіледі. Келтірілген ақпарат арқылы біз *Сүлеймен* есімімен Ибраһим діндеріне ортақ *Сүлеймен* пайғамбарды меңзегенін анық айта аламыз. Жырда Құран Кәрімде *Сүлеймен* пайғамбардың патшалық билігі және бойына дарыған пайғамбарлығы туралы тезисті толық қайталайды. Сондықтан ҚҚБ-да *Сүлеймен* есімі пайғамбардың есімінен туындаған екіншілік номинация екенін толық сеніммен айта аламыз. *Сүлеймен* есімі қазақ тіліне ислам мәдениеті арқылы енгені анық. Парсыша/арабша «سُلَيْمَان», IPA бойынша дыбысталуы ‘suɭajman’. Есімнің қазақ тіліне енгенде фонетикалық өзгерістерге, яғни дауысты дыбыстарының өзгеріске ұшырағанын байқауға болады. Парсыша/арабшадан қазақ тіліне өткенде ‘u’ > ‘y’ және ‘a’ > ‘e/ə’ дыбысына ауысып фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Есімнің мағыналық құрамы парсы/араб тіліндегі есімге қатысты семантиканы репрезенттейді. Есімнің қазақ тіліндегі семантикалық өрісі *діни қайраткер* ұғымы аясында топталады. Ал өзге діни қайраткерлерден бөлектейтін семасы ретінде пайғамбарлығы және патшалығы келтіріледі. Дегенмен бұл ізденісіміз есімнің тек екіншілік номинациясын көрсетеді. Ал есімнің этимологиясын ивриттен таба аламыз. *Сүлеймен* есімі ивритше «שְׁלֵמֹן» болып жазылып, IPA ‘ʃdomɒn’ болып дыбысталады. Есімнің этимологиясы «бейбіт» [89] мағынасын береді. Жоғарыда келтірген деректер арқылы біз есімнің диахрониялық тұрғыдан дыбысталуының түрлену эволюциясын бақылауымызға болады: қазақша «Сүлеймен» < арабша «سُلَيْمَان» ‘suɭajman’ < ивритше «שְׁלֵמֹן» ‘ʃdomɒn’. Есім қазақ тіліне өткенде екіншілік номинацияға ұшыраған. Себебі есімнің этимологиясы мүлдем көмескіленіп, есімнің семантикалық өрісінің өзегін Құран оқиғаларындағы пайғамбарға тән семалар құраған. Бұл *Сүлеймен* есімінің қазақ тіліне өтіп қайта номинациялануы кезінде семантикалық құрамының өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді.

Ысмайыл, IPA ‘ɯsmajɯɭ’. ҚҚБ жырында *Ысмайыл* есімі «Ысмайыл Тобаяқ» есімінің құрамдас бөлігі түрінде кездеседі. *Ысмайыл Тобаяқ* жырда ҚҚБ бірі *Мұса* ханның ұлы және *Орақ*, *Мамай* батырлардың інісі. *Ысмайыл* есімі – Ибраһим діндеріне ортақ пайғамбардың есімі. Есімнің семантикалық өрісіне келесідегідей ақпарат кіреді: а) Ибраһим пайғамбардың ұлы; ә) анасының есімі Ажар; б) пайғамбар; в) есімі зәмзәм көзімен байланысты; г) араб, иаһуди тайпаларының атасы. *Ысмайыл* есімі тілімізге ислам мәдениеті әсерінен енген. *Ысмайыл* есімі парсыша/арабша «إِسْمَاعِيل» болып жазылып, IPA бойынша ‘jɯsmajɯɭ’ болып дыбысталады. Есімнің қазақша және парсыша/арабша дыбысталуында сөз басында ‘ɯ’ < ‘ji’ ауысқанын және қазақшасында сөз соңында ‘ɯ’ дыбысының қосылғаны байқалады. Есім ивритше «יִשְׁמָעֵל» болып

жазылып, IPA бойынша ‘jɪʃma'ɛl’ болып дыбысталады. Л. Джонстың пайымдауынша *Ысмайыл* есімінің этимологиясы сөз тіркесі болып келеді. Есім ‘jɪʃma’ мағынасы *естіді* және ‘ɛl’ құдайдың есімі [67, б.45]. Құдайдың есімі семит, аккад мәдениеттері үшін ортақ саналады. Мәселен парсы/араб тіліндегі «إلهي» *илаһи* сөзі және оның түрлі формалары ‘ɛl’ болып дыбысталатын құдайдың есімінен тарайды. Бұл мәлімет есімнің әу бастан теофорлық болғанын көрсетеді. Сонымен қатар есімнің этимологиясы қасиетті кітаптарда *Ысмайыл* пайғамбарға қатысты хикаялардың желісімен ұштасатынын айтып кеткеніміз жөн. Дегенмен біз қарастырып жатқан жырдағы *Ысмайыл* есімі ортағасырларға жататын кезеңде кездесетіндіктен, аталған есімнің ислам мәдениеті әсерінен туындаған екіншілік номинация екенін және есім бойында біріншілік номинацияға қатысты семалардың әбден көмексiкiленгенi анық. Жырдағы *Ысмайыл* есімінің семалары толығымен *Ысмайыл* пайғамбарға байланыстырылған және өрісі Құранда сипатталған актуалды ақпаратты қамтитынын толық сеніммен айта аламыз.

Илияс, IPA ‘ɪljɑs’. Жырда *Илияс* есімі екі рет кездеседі. *Илияс* есімі *Қыдыр* есімімен қатар аталады. *Илияс* – пайғамбардың есімі. Есім ислам мәдениеті арқылы тілімізге енген. Ибраһим діндерінде *Илияс* пайғамбарға қатысты келесі белгілер атап өтіледі: а) пайғамбар; ә) әбілһаят суын ішкен; б) *Қыдыр* пайғамбар секілді ажалсыз; в) *Қыдыр* пайғамбар секілді жер бетін түрлі кейіпте кезіп жүріп, жолаушыларға жәрдемдеседі. Есім парсы/араб тілінен енген. *Илияс* есімі парсы/арабша «إلياس» [86, б.147] болып жазылып, IPA бойынша ‘ɪljɑs’ болып дыбысталады. Парсы/араб тіліндегі *Илияс* есіміне қатысты семантикалық өріс жыр мәтінінде қайталанады. Есімнің қасиетті кітаптарда көрсетілген номинациясы жырда көрініс береді. Дегенмен аталған сипаттамаларда есімнің этимологиясы көрініс бермейтіндіктен, *Илияс* есімі ислам мәдениетіне байланысты екіншілік номинациядан туындаған есім екенін нақты сеніммен айта аламыз. Есімнің этимологиясын библиистердің зерттеулерінен табуымызға болады. *Илияс* есімі ивритше «אֵלִיָּאֵשׁ» болып жазылып, IPA бойынша ‘ɛljɑhɐ’ болып дыбысталады. Есімнің этимологиясына қатысты Дж. Бартон есімнің теофорлық екенін атап өтеді. Есім ‘ɛl’ – құдай есімі және ‘jahwɐ’ – *Йаһуди* құдайы тіркесінен тұрып «Құдайым *Йаһуе*» [90] деген мағына береді. Жоғарыда келтірілген деректерді ескере отырып, ҚҚБ жырында кездесетін *Илияс* есімі Ислам мәдениеті әсерінен енген, екінші номинациялық есім екенін мойындаймыз және есімнің семантикалық құрылымын Ислам дінінде *Илияс* пайғамбарға қатысты семалар құрайды деген сенімдеміз.

ә) *әулиелер мен халифалар есімі*. «Қырымның қырық батыры» жырында әулиелер мен халифалардың есімдері жиі қайталанады. Сонымен қатар олардың есімдері жыр мәтінінде әртүрлі формада қайталанады.

Арыстан (*Аршылан, Арышлан*) IPA ‘ɑrɯstɑn’. ҚҚБ жырында *Арыстан* есімі өзге әулие есімдерінен жиірек кездеседі. Аталған есімдер әдетте тарихта болған әртүрлі діни қайраткерлерге қатысты болып келеді. Аталған есімдердің нақты қайсыбір діни қайраткерге қатыстылығын жыр мәтінінен және жырда аталған нақты *Арыстан* есіміне қатысты әдістемелік ақпараттан анықтауымызға болады.

ҚҚБ жырында «Арыстан» есімі әдетте әділетті төрт халифаның бірі атанған әзірет Әлидің лақаптарының бірі болып келеді. Әзірет Әлиге «арыстан» лақабының берілуі Мұхамед с.ғ.с. пайғамбармен байланыстырылады [91]. *Арыстан* есімі Әзірет Әлиге қатысты арабша «حيدر» IPA ‘ħajdar’ *арыстан* лақабының аудармасы. Бұл пікірімізді жыр мәтініндегі *Арыстан* есімімен бірге қолданылатын тіркестер растайды. Мәселен «Нұрадын» дастанында «Арыстан» деп ат қойған, Бір Алланың өзі еді, Арыстан жәрдем бере көр» [1, б.94] деп Әзірет Әлидің *Арыстан* лақабына сілтейді. «Ақжонасұлы ер Кеңес» дастанында «Шәһимардан оған бар, Алланың шері Арыстан» [1, б.351] деген. Бұл жерде өлең жолының бірінші бөлігінде Әзірет Әлидің парсыша «شاه مردان» IPA ‘ʃah ɛ mardan’ *Шәһ е Мардан* лақабы аталған. Өлең жолының екінші бөлігінде «Алланың шері Арыстан» тіркесін Әзірет Әлиге қатысты араб тіліндегі теофорлық «أَسَدُ اللَّهِ» IPA ‘aθadɔlla’ *Алланың арыстаны* тіркесінің қазақша интерпретациясын байқауға болады. Ономастика тұрғысынан Әзірет Әлиге қатысты «Арыстан» есімі когномен, яғни көпшілік есім болып табылады.

Арыстан – IPA ‘arɯstan’. Арыстан баб. Жыр мәтінінде Арыстан бабтың есімі Әзірет Әлиден мәтіндегі пропозициялық ақпарат арқылы ажыратылады. Мәселен «Ақжонасұлы ер Кеңес» дастанында «Асыл туған Арыстан, Бір перзентке зар болып, Басыңа келіп түнедім» [1, б.352] делінген. Аталған мысалдан батырдың әкесі *Арыстанның* басына бала тілеу үшін барғанын білуге болады. Көптеген батырлар жыры, аңыз-әңгімелерде «ұлсыздарға ұл берген, қызсыздарға қыз берген» деп Арыстан бабты атайды. Сонымен қатар Арыстан бабтың кесенесі Отырарда орналасқанын, ал Әзірет Әлидің кесенесі Ән-Наджаф қаласы, Ирақта орналасқанын ескерсек, жырда Арыстан бабты меңзегенін толық сеніммен айта аламыз. Арыстан бабтың есімі ономастика тұрғысынан ортонимге айналған когномен ретінде қарастыруымызға болады. Себебі көптеген ғасырлардан бері Арыстан бабтың шын есімі ұмытылып, қалың бұқара арасында оның зооморфты когномені яғни көпшілік арасында танымал есімі есте қалған.

ҚҚБ жырындағы екі бірдей «Арыстан» есімнің кездесуі күрделі танымдық құбылыс. Екі есім жыр мәтінінде бірдей аталғанымен есімдердің семантикалық мағынасын құратын семалар әртүрлі сема беріп, есімдерге қатысты екі түрлі танымдық ақпарат беріп жатыр. Бұл құбылыстың ішкі мәселелері туралы М. Лафлам [92] жақсы сипаттаған. М. Лафлам сипаттаған мәселенің қазақ ономастикадағы көрінісін «Арыстан» есімдері мысалында бақылауымызға болады.

Әли – IPA ‘æli’ әділетті төрт халифаның бірі атанған әзірет Әли есімі. Жыр мәтінінде бұл есімнің екіншілік номинациясы көрініс тапқан. *Әли* есімі жырда ислам діні мен мәдениетіне байланысты келеді және есімді құрайтын семантикалық қабаттар ислам мәдениетіндегі әзірет Әлиге қатысты ақпаратты береді. Есімнің этимологиясы араб тіліне әкеледі. Араб тілінде есім «علي» болып жазылып, IPA ‘ali’ дыбысталады да «биік, жеңімпаз» мағынасын береді. Сонымен қатар жыр мәтінінде бойында *Әли* есімі бар *Ерғали*, *Орманғали* секілді кісі есімдері кездеседі. Бұл есімдердің мысалынан қате дыбысталудан туындаған *Әли* есімінің нұсқаларын бақылауымызға болады. Атап айтқанда күрделі есімнің

құрамындағы *Әли* компоненті «Ғали» болып айтылады. *Әли* есімнің екі-үш компонентті күрделі есімдерде «Ғали» болып дыбысталуын әртүрлі факторлардың әсерімен түсіндіруге болады. Есімнің «Ғали» болып дыбысталып ұшырасуы, есімді арабшадан қате оқу салдарынан туындаған болуы мүмкін. Себебі араб жазу жүйесі ережелері күрделі құрылым екені бәрімізге белгілі. Бұл ретте арабтың тәжuids, яғни дұрыс оқу ережелерін бұрыс түсіну салдарынан есімнің қате дыбысталуынан туындаған болу керек. Екінші тараптан араб әріптерін ажырату мәселесін байқауымызға болады. Мәселен *Әли* есімінің арабша жазылуында «علي» алғашқы (оң жақ шеттегі) таңба ‘ع’ – «айн» әріпі сөз басында, ортасында және соңында жазылуы әртүрлі күрделі таңба болып табылады. Аталған әріпке жазылуы айна ұқсас ‘غ’ – «ғайн» әріпі бар. Екі әріп бір нүктемен ажыратылады. Бұл жағдай екі әріптің шатастырылуына және соның салдарының көрінісі ретінде *Әли* есімінің күрделі есімдердің құрамында қате дыбысталуына әкеп соққан болу керек. Сонымен қатар бұрынғы заманда бүкіл кітап қолмен көшірілгендіктен, қате жазу және соның салдарынан қате оқу қалыпты құбылыс болғанын атап өткен жөн. Жоғарыда аталған факторлар әсерінен *Әли* есімінің күрделі есімдер құрамында «Ғали» түрінде дыбысталуын қалыпты құбылысқа айналғанын толық айта аламыз.

Баба түкті шашты Әзиз IPA ‘baba tʏktʊ ʃaʃtʃ æziz’ – батырлардың жебеушісі саналатын әрі батыр әрі әулиең есімі. «Қырымның қырық батыры» жырының басым көпшілік дастандарында Баба түкті есімі аталады. Әулиең есімі құрылымы мен мағыналық құрамы жағынан күрделі болып келеді. Есімнің құрылымында үш түрлі компонент анықтауымызға болады. *Баба* компоненті діни атақ болып келеді. Бұл атақты көптеген тарихи тұлғалардың есімдерінен байқауымызға болады. Мысалы Әнет баба, Баба Юсуф Хаики және т.б. Семантикалық тұрғыдан *Баба* компоненті түркілік негізге ие және «әке, ата» мағынасын береді. Бұл ретте *баба* атағының Орталық Азияға тиесілі көшпенді тариқаттарға тән діни атақ екенін атап өткеніміз жөн. Есім құрамындағы *түкті шашты* компонентінің мағынасын анық атау қиын болып тұр. Д. Тұрантегі мен Ж. Боранбап «Баба Түкті Шашты Әзиз» атты кітапта есімнің аталған бөлігі адам терісінің беткі қабаттарын қаптайтын кератинді өскіндерді білдіреді деген пікірді ұстанады. Біз аталған пікірмен толық келіспесек те, қазіргі таңда қолымызда бар деректерге сүйене отырып, аталған пікірдің актуалдығы жоғары екенін мойындауға мәжбүрміз. Есімнің келесі *Әзиз* компоненті. Әулие есімімен аттас кітапта есім құрамындағы *Әзиз* сөзін «аяулы, аруақ қонған» сөздерінің синонимі ретінде қарастырып [93, б.22], діни атақ ретінде таниды. Дегенмен Ислам. Энциклопедиялық анықтамалықта «әзиз» діни атағын таппадық. Өзге тілдегі дерекқорлардан да «әзиз» атағын таппадық. Бұл ретте «Баба Түкті Шашты Әзиз» кітабында әулиең есіміндегі «Әзиз» компонентіне қатысты пікірді орынсыз санаймыз. Біздің ойымызша «Әзиз» әулиең өз есімі яғни ортонимі болуы әбден мүмкін. Сондықтан біз әулие есімінің үшінші компоненті әулиең өз есімі деп ойлаймыз.

Зеңгі баба – әулие, сиыр малы пірінің есімі. Зеңгі баба есімі – әулие, діндар, дін таратушысы Айқожа ибн Тәжқожа ибн Мансұрдың қалың көпшілік арасында

белгілі когномені. Есім екі түрлі компоненттен құралған. *Зеңгі* компоненті парсы тілінен келген болу керек. Парсы тілінде «زنگی» түрінде жазылып, IPA ‘zangu’ болып дыбысталып, «қара» мағынасын береді. Аталған сөз парсы тілінде қара нәсілді адамдарға қатысты айтылады. Сөздің этимологиясына қатысты араб тілінде «الزنج» IPA ‘æl zandʒ’ ұғымы оңтүстік шығыс Африка аймағына қатысты қолданылып [94] «Қаралар елі» мағынасын береді. Осы сөзден «زنجي» IPA ‘zandʒi’ *қара нәсілді* сын есімі туындаған.

Ойсыл қара – әулие, түйе малының пірі.

Оспан – әділетті төрт халифаның бірі әзірет Османның фонетикалық өзгерістерге ұшыраған есімі.

Садуақас – Мұхамед с.ғ.с. пайғамбар сахабаларының біріне тиесілі есім. Толық есімі Сағд ибн Әбу Уаққас. Есім фонетикалық өзгерістерге ұшырап, кірігіп қазақ тілінде Сәдуақас түрінде сақталған.

Шаһимардан – әділетті төрт халифаның бірі әзірет Әлидің лақабы. Лақап парсы тілінен енген. Парсыша «шаһ» мағынасы патша, байланыстырушы «и» жалғауы және «мардан» мағынасы жауынгер сөзінің қосындысы. «Жауынгерлердің патшасы немесе жауынгерлердің жауынгері» мағынасын береді.

Шопан ата – әулие, қой малының пірі.

б) Ислам мәдениетімен тығыз байланысты есімдер. Бұл топқа кіретін есімдер нақты классификациялауға келмейтіндіктен жоғарыда келтірілген шартты атау бердік.

Ахмет. ар. «мақтаулы, мақтауға лайық» [41, б.114]

Асан, Асанәзір, Асанқайғы. Мұхамед пайғамбардың немересі Хасан есімінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі.

Жәмілхан. Жәміл компоненті арабшадан «әдемі, көркем, сұлу» [41, б.117] мағынасын береді.

Иманқара. Иман сөзі исламның басты шарттарының бірін білдіретін ұғым. Есімнің құрылымында «қара» сөзімен тіркесіп келіп «иманы биік, иманы мықты, иманы кәміл» мағынасын береді.

Искендір, IPA ‘iskendir’. ҚҚБ «Тана» дастанында кездеседі. Жырда кездесетін Искендір есімі Құран Кәрімде аталатын Зұлқарнайын патшаға телінеді. Ал көптеген Құран тәпсіршілері Искендір Зұлқарнайын есімімен тарихтағы Македония патшасы Александр III пен байланыстырады. Искендір есімі қазіргі таңда тілімізде Ескендір болып жазылуы нормаға айналған. Ескендір есімі тілімізге Ислам мәдениеті әсерімен енген. Есім парсыша/арабша «اسکندر» болып жазылып, IPA бойынша ‘iskender’ немесе ‘iskandər’ болып дыбысталады. Есім парсы/араб тілінен қазақ тіліне өткенде дауысты дыбыстарда и ‘i’ > i-ге ‘ı’ ауысып, фонетикалық өзгеріске ұшырағанын байқаймыз. Семантикалық тұрғыдан есім бойында Ислам мәдениетіндегі есімге қатысты номинациялық белгілерді сақтаған. Есім семасы Құран Кәрімде кездесетін «Зұлқарнайын» патша есіміне байланысқан. Есімнің этимологиясы парсы/араб тіліне емес, көне грек тіліне апарылады. Көне грекше Искендір есімі «Ἀλέξανδρος» IPA ‘alɛksandrɔs’

болып дыбысталады. Есім екі компоненттен тұрады: алексейн IPA 'alɛksɛin' мағынасы «қорғалған» және антропос IPA 'antɾɔpɔs' мағынасы «адам». Есімнің этимологиясы «қорғалған/сақталған адам» мағынасын береді [95]. Бұл дерек ҚҚБ жырында кездесетін *Іскендір* есімінің Ислам мәдениеті әсерінен туындаған екіншілік номинация екенін және есімнің құрамындағы семалар Құран Кәрімде көрсетілген ақпаратқа негізделгенін толық сеніммен айтамыз.

Қази. Сөз арабша «Ғази» жеңімпаз деген сөздің фонетикалық өзгерістерге ұшыраған түрі.

Мұрат. ар. «мақсат, тілек, ықылас» [79, б.121].

Нұр, Асылнұр, Нұрадын, Нұрлыхан. Нұр – Құран Кәрімдегі сүренің атауы.

Селме Селім. Сәлім есімінің фонетикалық өзгеріске ұшыраған түрі. Ар. "аман, сау-саламат, бүтін, сау" [41, б.123].

Шаппаз. Аталған есімнің мағынасы мен шығу тегіне қатысты арабша Шихаб ад Дин «дін нышаны» атының кіріккен әрі фонетикалық өзгерістерге ұшыраған түрі деген болжам келтіреміз.

Дене мүшесі, физиологиялық ерекшеліктерге (соматикалық) қатысты есімдер. Айқасқа, Ақбілек, Ақмеңді, Баба түкті шашты Әзиз, Бағлан таз, Байқасқа, Көкқасқа, Қазанбас, Қарғабойлы, Меңді, Меңсұлтан, Пиқасқа, Серек, Тірсек, Хансұлу, Шаштөбе, Шолақ, Ысмайыл Тобаяқ.

Соматикалық есімдер. «Қырымның қырық батыры» жырындағы соматикалық антропонимдерді дене мүшелеріне қатыстылығына қарай бөліп қарастыруға болады. Олар бастың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты Айқасқа, Байқасқа, Көкқасқа, Қазанбас, Пиқасқа, Шаштөбе есімі. Бастан басқа дене мүшелерінің физиологиялық ерекшеліктеріне немесе ауытқуларына байланысты есімдер: Ақбілек, Ақмеңді, Меңді, Меңсұлтан, Шолақ, Ысмайыл Тобаяқ. Есім иесінің жалпы дене бітім ерекшеліктеріне байланысты есімдер: Баба түкті шашты Әзиз (Түк деп адам денесіндегі өсінділерді атайды, шаш адамның басында өседі. Бұл ретте есім құрамындағы түк пен шашқа -ті және сәйкесінше -ты қосымшасының жалғануы, есім иесінің өн бойындағы өсінділердің көптігін білдіреді), Қарғабойлы (ұзындығы қарғадай), Серек (Дене бітімі ұзын әрі жіңішке), Тірсек (Бойы тірсектен келетін мағынасында), Хансұлу (Жыр мәтінінде «хандай сұлу болғасын атын Хансұлу қойды» деп айтылады).

Атақ немесе лауазым есімдер: Арубибі, Батыр, Бек, Беріксұлтан, Бибі, Бозоғлан, Ерғали, Жәмілхан, Қанқожа, Қарабек, Қарахан, Қостөре, Меңсұлтан, Нәрік, Нұрлыхан, Сұлтан, Сұлтанкерім, Телшора, Тама, Төре, Төрехан, Ханбибі, Ханжан, Ханзия, Хансұлу, Шора, Шыңбике.

Есім құрамында «батыр, ер» компоненті бар: Батыр хан, Ерғали.

Есім құрамында «бек, сұлтан, төре» компоненті бар: Бек, Беріксұлтан, Қарабек, Қостөре, Меңсұлтан, Сұлтан, Сұлтанкерім, Төре, Төрехан.

Есім құрамында «бибі, бике» компоненті бар: Арубибі, Бибі, Ханбибі, Шыңбике.

Есім құрамында «хан» компоненті бар: Жәмілхан, Қанқожа, Қарахан, Нұрлыхан, Төрехан, Ханжан, Ханзия, Хансұлу.

ҚҚБ жыры мәтінінде тарихи тұлғалардың есімдері немесе аты аңызға айналған болмаса мәдени символ болып кеткен тұлғаларға сілтеме жасалады.

Қази. Қази – Кіші Ноғай ордасының негізін салған ноғай мырзасы. XVI ғасырда өмір сүрген. Атақты Едіге бидің ұрпағы, Орақ мырзаның ұлы. Жыр мәтінінде Едігенің ұрпағы, Орақ батырдың екінші ұлы болып келеді.

Ноғай. Алтын орда заманындағы әскербасы, Шыңғыс ханның ұрпағының есімі. Есімнің этимологиясына байланысты әртүрлі болжамдар кездеседі. Тарихи деректерге сүйенсек Алтын орда заманында Ноғай есімі Әскербасының қоластындағы жұрттың ортақ атауына ауысқан. XIV-XVIII ғасыр аралығында Алтын ордадан бөлініп шыққан мемлекет атауы. Қазіргі таңда түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіретін, солтүстік Кавказ аумағында өмір сүріп жатқан этнос атауы. «Едіге» дастанында «Ноғайлы жұрты» сол кісінің атына қойылған делінген.

Нұрадын. Ноғай ордасының негізін қалаған Едіге бидің үлкен ұлының есімі. Есімі арабша «Нур ад Дин» (қазақша ‘діннің нұры’) тіркесінің кіріккен әрі фонетикалық өзгеріске ұшыраған нұсқасы. Тарихи деректер Ноғай ордасында «нұрадын» лауазымы болғанын атайды.

Сүйін бике. Едігенің ұрпағы. Қазан қаласының билеушісі [96, б.103–104]. «Қарасай, Қази» дастанында есімі атап өтіледі. Сүйін бике (Сүйінбике, Сүйімбике) Қазан татарларының тарихы мен ауыз әдебиетінде ерекше орын алатын тұлға. Сүйін бике татар мәдениетінде қайсарлық пен еркіндікке ұмтылыстың символына айналған.

Тоқтамыс. Есімі тоқта + мыс өткен шақты білдіретін қосымша. Алтын орданың ханы. Өмір Темір және Едіге бимен замандас болған. Тарихи деректерге сүйенсек Тоқтамыс Едігенің әкесі Құттықияны өлтірген. Бұл оқиға «Едіге» дастанының мазмұнында көрініс тапқан.

Шора. Шора Нәрікұлы Қазан хандығындағы бектердің бірі. XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Шора батырдың тарихи прототипі.

Асанқайғы. Аңыздарда желмаяға мініп, ел аралап жерұйықты іздеген тұлға ретінде танылады. Жыр мәтінінде «қырық батырдың» бірі ретінде келтірілген.

Едіге. Деректерде Едіге би – Ноғай ордасының негізін қалаған қайраткер. Сондай-ақ Едіге түркі тілдес халықтарының әдебиетінде үлкен мұра қалдырған тұлға. Мәселен Ж. Асановтың жинаған деректеріне сүйенсек [97] қазақ фольклорында Едіге жырының 26 нұсқасы бар. Бұл көрсеткіш Едігеге байланысты аңыздарды, оқиғаларды, әпсаналарды есепке алмағаннан шығып тұр. Е. Мағауин деректеріне сүйенсек [98] Едігеге байланысты фольклорлық туындылар қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, қырым татарлары, татар, башқұрт, үрім, гагауз, сібір татарлары, өзбек және т.б. түркі тілдес халықтарда кездеседі. Едігенің тарихи және әдеби тұлғасының түрлі аспектілерін В. Викторин [26], И. Серес [99], Я. Сарыкая [100] секілді көптеген зерттеушілер мақалаларында қарастырған. Едіге тақырыбына қатысты заманауи жүйелі еңбек ретінде Қ.Шахрияр монографиясын [101] атап өтуге болады. Аталған монографияда Едіге есіміне қатысты түркі тілде халықтарда қалыптасқан варианттарды да қарастырған.

Сәтемір (Темір, Темір хан). «Қырымның қырық батыры» жырының зерттеушісі Сейілбек Сәкенов Сәтемір есімімен XIV ғасырда Әмудария мен Сырдария аралығында өмір сүрген Әмір Темір меңзеледі деген пікірде. Біз жыр мәтінінен жинақталған пропозициялық ақпаратты негізге алып Сәкеновтің пікірімен толық келісеміз.

Алшағыр. «Қыдырбайұлы Қобыланды» дастанындағы Қобыланды батырдың қарсыласының есімі. Сонымен қатар Қазақ ауыз әдебиетіндегі «Қобыланды батыр» жырының нұсқаларында Алшағыр есімі кездеседі.

Әділ Жәнібек. Әділ Жәнібек есімі «Қырымның қырық батыр» жырынан басқа аңыздарда кездеседі. Әділ Жәнібектің тарихи прототипі белгісіз.

Дастан. Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнаме» дастанындағы әрі батыр әрі патшаның есімі.

Ер Тарғын. Тарғын есімі Қырымның Қырық батырында кездеседі. Сондай-ақ ұлттық ауыз әдебиетінде жеке «Ер Тарғын» жыры бар, БҚО батыр есіміне байланысты Үш Тарғын жер атауы, Тарғын өзені бар [102, б.404].

Қазтуған және Қарғабойлы. Ауыз әдебиетте «қарғабойлы» сөзі Қазтуған есіміне жалғанған сипат түрінде кездеседі. Дегенмен «Қырымның қырық батыры» жырында Қарғабойлы сөзі батырды сипаттайтын атау емес, ағасының есімі.

Қарасай. Қарасай – қырық батырдың бірінің, Қазидың ағасының есімі. «Қырымның қырық батыры» жырындағы «Қарасай, Қазиды» дастанынан басқа, жеке «Қарасай-Қазиды» жырларының нұсқалары бар.

Қартқожақ (Қарт Қожақ, Қожақ). Қартқожақ есімі қырық батырдың біріне тиесілі. Сонымен қатар Қартқожақ есімі «Ер Тарғын» жырында кездеседі.

Қобыланды. Жыр мәтінінде Қобыланды қырық батырдың қатарында аталады және оған арналған жеке дастан бар. Тарихта Қобыланды есімі көптеп кездеседі. Дегенмен көпке белгілі екі «Қобыланды» бар. Бірі Қобыланды Қыдырбайұлы. Екіншісі Қобыланды Тоқтарбайұлы [103]. «Қырымның қырық батыры» жырындағы Қобыланды Қыдырбайдың ұлы болғандықтан, жыр мәтініндегі Қобыланды XV ғасырдың төртінші ширегі мен XVI ғасырдың басында өмір сүрген.

Құртқа. Құртқа есімі үнемі Қобыланды есімімен байланысады. Құртқа «Қырымның қырық батырында» да, «Қобыланды батыр» жырының өзге нұсқаларында да Қобыланды батыр жарының есімі.

Рүстем. Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнаме» дастанындағы батырдың есімі.

Мағынасы белгісіз немесе көмескі есімдер: Абығай, Аңғысын, Әмет, Беген, Бегіс, Жайнас, Қайнас, Қалу, Қозан (Қожан), Мамай, Манашы, Парпария, Серен, Тама, Тарқас, Тоғалай, Науазым.

Қысқарған немесе кіріккен есімдер. Бұл есімдер қатарын екі топқа жіктеп қарастыруға болады. Жыр мәтінінде есімнің толық және қысқа нұсқасы кездеседі. Оған Ақмеңді (Меңді), Асанқайғы (Асан), Кеңжанбай (Жанбай), Қарғабойлы (Қарғабой), Қартқожақ (Қожақ), Қобыланды (Қобылан). Сондай-ақ жыр мәтінінде есімнің қысқарған немесе кіріккен нұсқасы кездеседі. Нұрадын

(толық есімі «Нур ад дин»), Орманбет (толық есімі «Оразмұхамет»), Орманғали (толық есімі «Оразмұхаметәли»), Шаппаз (толық есімі «Шихаб ад дин»).

2.2 Топонимдердің лексика-семантикалық мағынасының географиялық аспектідегі сипаты және лауазым, атақ атаулары мен этнонимдердің тарихи жыр мәтініндегі әлеуметтік сипаты

Жыр мәтінінде барлығы 78 бірегей жер-су атауы кездеседі. Жер-су атауларының толық тізімін және жыр дастандарында кездесу жиілігін ҚОСЫМША А-дан көре аласыз. Атаулардың басым бөлігін қазіргі таңда идентификациялау қиын болып тұр. Себебі географиялық атаулар қазіргі заманауи карталарда кездеспейді. Географиялық атаулардың анықтап, олардың географиялық координаттарын анықтау ісі ауқымды зерттеуді және архивтік жұмысты қажет етеді. ҚҚБ жырында кездесетін географиялық атаулардың біршама бөлігін С. Қондыбай [104] анықтап, өз интерпретациясын берген. Сонымен қатар С. Сәкенов мақаласында [22, б.59] топонимдерді анықтап, географиялық орнын көрсеткен болатын. С. Қондыбай мен С. Сәкенов ҚҚБ жырындағы оқиғалар Арал-Каспий жағалауы аумағында орын алғанын көрсеткен. Біз өз кезегімізде ҚҚБ жырында орын алған оқиғалар С. Қондыбай және С. Сәкеновтің тұжырымдарын орынды санап, толық қосыламыз. Дегенмен жырдағы топонимдердің географиялық координаттарын анықтау ісі арнайы кешенді зерттеуді қажет ететінін атап өтуді жөн санаймыз. Төменде топонимдерді идентификациялау мүмкіндіктерімізге қарай жазып көрсеттік.

Оронимдер:

Аққұм (белгісіз);

Ақтыбоз (белгісіз);

Ақшағыл (белгісіз);

Ащыағар сайы. Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы [105];

Бадахшан. Қазіргі Тәжікстан Республикасының оңтүстік шығысы мен Ауғанстан Республикасының шығысында орналасқан тарихи өңірдің атауы [106];

Балқан. Қазіргі Түрікменстанның батысында орналасқан тау және елдімекен атауы;

Бесоба (белгісіз);

Есенқазақ (белгісіз);

Жетітөре (белгісіз);

Кеңарал. 1824-1825 жылғы Бергің Маңғыстауға жасаған экспедициясында Кеңарал деген жер туралы айтылады. Дегенмен қазіргі деректерден нақты координаты белгісіз;

Көк Төрткүл. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы тау [107, б.386];

Қазаншық (белгісіз);

Қап (Қап тауы). Каспий теңізі мен Қара теңіз аралығында орналасқан тау жүйесінің ескі атауы;

Қара өткел. (Қара өткел атауы Қазақстан аумағында жиі кездесетін атаулардың бірі болғандықтан, бұл ойконимнің нақты орналасқан жерін анықтау мүмкін болмады;

Қараойық (белгісіз);

Қызғышты (белгісіз);

Қыземшекті Сарышоқы. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданында орналасқан аласа тау;

Қызылқұм. 1. Әмудария мен Сырдария аралығындағы құм. 2. Каспий теңізінің шығысындағы Бозащы түбегінің орталығындағы құм [108, б.169];

Қырым. Қара теңіздің солтүстік жағалауында орналасқан түбек;

Мысыр. Солтүстік шығыс Африкада орналасқан тарихи жер атауы [109, б.665–666].

Өзен (белгісіз);

Сарыойық (белгісіз);

Томарөткел (белгісіз);

Торыат (белгісіз);

Төрткіл (белгісіз);

Уағаш (белгісіз);

Ұрым (Үрім). Азов теңізінің шығыс жағалауына қатысты тарихи жер атауы;

Үш Бөкенбай. Жем өзенінің орта сағасындағы жер аты;

Үшқиян (белгісіз);

Үшхан (белгісіз);

Хан Төрткүл (белгісіз);

Шерқұрты (белгісіз);

Шөлтау (Егізбұлақ) (белгісіз)

Гидронимдер:

Ақеділ. Еділ өзенінің бір сағасы.

Ащыбас шат. Серікбол Қондыбайдың дерегі бойынша Маңғыстау облысындағы Таушық аулынан оңтүстікке қарай 20 км жердегі «Ащыбас» және «Шат» құдықтарының атауы.

Әмудария. Орталық Азиядағы ең ірі және су мол өзен. Гиндукуш тауларынан басталып Арал теңізіне құяды [110].

Еділ. Бастауын Валдай қыратынан алып Каспий теңізіне құятын өзен.

Елек. Мұғалжар тауынан басталып Жайыққа құятын өзен.

Елік суы. Белгісіз.

Етірек. Етірек (түрікменше Etrek) Иранның солтүстік батысы және Түрікменстан Республикасының оңтүстік батыс аумағында шығыстан батысқа қарай ағатын өзеннің аты.

Жабағы су. Белгісіз

Жайық. Орал тауынан басталып Каспий теңізін құятын өзен [111, б.473–474].

Жекенді көлі. Белгісіз.

Жем. Мұғалжар тауынан бастау алып, Каспий теңізіне құятын өзен [112, б.640].

Жирен көлі. Белгісіз.

Көкөзен. Белгісіз.

Күркен. (түрікменше *Gürgen Derýasy*) Иранның солтүстігінде шығыстан батысқа қарай ағып, Каспий теңізіне құятын өзеннің аты.

Қарабұлақ. *Қарабұлақ* гидронимі жиі кездесетін атаулардың бірі. Дегенмен біздің пайымға сәйкес жыр мәтінінде меңзеген *Қарабұлақ* қазіргі Ақтөбе облысы Шалқар ауданында орналасқан бұлақ [113, б.428–429] болуы әбден мүмкін.

Қарақобда. Үлкен Қобда өзеніне құятын, Жайық алабындағы өзен аты.

Сарыат көлі. Белгісіз.

Сырдария (Сыр). Алатаудан басталып Арал теңізіне құятын Орталық Азиядағы ірі өзеннің бірінің атауы [114, б.137–138].

Темір. Жем алабындағы өзен [115, б.137–138].

Шат. Серікбол Қондыбайдың дерегі бойынша Маңғыстау облысындағы Таушық аулынан оңтүстікке қарай 20 км жердегі құдықтың атауы.

Шыңғырлау (Шығырлау). Еділ өзенінің саласы.

Шұман көлі. Белгісіз.

Ойконимдер:

Аратөбе шыңы (Күйкен). Белгісіз.

Боғда. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданында орналасқан тау.

Бөтентау. Арал теңізінің батысында орналасқан қырат.

Ешкіқырған тауы. Белгісіз.

Жыланды тау. Белгісіз.

Қарадөң. Белгісіз.

Қарамая. Маңғыстау облысы, Қарақия ауданындағы шың.

Қаратау. Маңғыстау түбегіндегі аласа тау жоталары [116, б.613].

Құба тау. Деректер нақты емес.

Оқ. Түрікменстанның батысында орналасқан Балқан тауының бір сілемі.

Өгізтау. Белгісіз.

Сүйретпе тауы. Белгісіз.

Тобылғылы тау. Белгісіз.

Урбонимдер:

Адарыс қаласы. Белгісіз.

Аштархан. Еділ өзенінің екі жағалауын ала, Каспий теңізінен 150 км қашықтықта орналасқан [117] қала.

Әулие шаһар. Қаланың сипаттамасын және өзге деректерді негізге алып *Әулие шаһар* атауымен «Отырар» аталуы мүмкін.

Балықты. Жыр мәтінінде *Балықты* атауы *Бадахшанмен* қатар аталатындықтан урбоним Бадахшан аумағында орналасқан *Балх* қаласына тиесілі болуы мүмкін.

Көне Үргеніш. Қазір Түрікменстанның солтүстік шығысында Өзбекстанмен шекаралас орналасқан қаланың атауы. Қаланың қазіргі атауы Ташауыз (*Daşoguz*).

Қазан. Еділ өзенінің жағалауында, Қазан өзенінің сағасында орналасқан [118, б.451] қала.

Хиуа. Әмударияның солтүстік жағалауында орналасқан, көнеден келе жатқан қала [119].

Шам шаһары. Жерорта теңізінің оңтүстік шығыс жағалауында орналасқан қала атауы.

ҚҚБ жырындағы топонимдерге қатысты жүргізген ізденістер біз күткен нәтиже бермеді. Себебі жыр мәтінінен тапқан 78 жер-су атауының 38-ін анықтай алдық. Бұл ретте анықталған 38 топонимді талдай келе оларға қатысты келесідегідей танымдық келтіреміз:

Талдау барысында анықталған жер-су атауларының басым бөлігі Арал-Каспий жағалауында орналасқан географиялық нысандарға тиесілі. Мысалы көбіміз үшін бейтаныс «Етірек» пен «Күркен» атаулары Каспий теңізінің оңтүстігінде орналасқан өзендерге қатысы бар. Аталған екі өзен түрікменше «Etrek» және «Gürgen» болып жазылады. Бұл жерде ҚҚБ жырында екі өзеннің атауы қазақша мәнерде жазылып алынғаны назар аудартады.

Арал-Каспий өңіріне кірмейтін урбонимдердің атауы ортағасырда жібек жолы бойында орналасқан ірі сауда қалаларына тиесілі. Мәселен «Балықты» атауында Балх қаласының аты айқын көрініс берген. Қазіргі таңда Балх қаласы Ауғанстанның солтүстігінде орналасқан. Ортағасырда бұл қала сауда, өнер және мәдениет орталығы саналған.

Өз кезегімізде ҚҚБ жырындағы алыс елдімекендерді атау үшін қолданатын топонимдердің танымдық тұрғыдан құнды ақпарат беретінін атап өткіміз келеді. Жыр мәтініндегі жер-су атаулары Ноғайлы дәуірі тұрғындары үшін үйреншікті кеңістікті көрсетіп жатыр. Жоғарыда атап өткендей ҚҚБ жырындағы елдімекендер атауы Арал мен Каспий жағалауында орналасқан жерлерді сипаттайды. Ал тарихи деректерге қарайтын болсақ Ноғай ордасы Каспий мен Арал жағалауында өмір сүрген мемлекет екенін көрсетіп тұр. Бұл факт жыр мәтініндегі оқиғалар XVI ғасыр екінші жартысына дейінгі оқиғаларды сипаттап жатқанын көрсетеді. Яғни жыр оқиғалары сипатталған кезеңде ноғайлар қазіргі Батыс Қазақстан өңірін мекендеген. Кейін Қазақ хандығының құрылуы, Ноғай ордасының ішкі қақтығыстары және Мәскеу мемлекетімен жүргізген ұзақ соғыстар жүргізген. Қақтығыстардың әсерінен Ноғай жұрты XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап солтүстік Кавказ, Қара теңіздің солтүстік шығыс жағалауына қарай тұрғылықты жерін ауыстыруға мәжбүр болғаны белгілі. Аталған аралықта жыр мәтіні ноғайлармен бірге көшіп, Азаулы мен Құба жерлерінде халық арасында айтылып жүрген болу керек. Тарихшы Ж. Сәбитов ноғайлардың бір бөлігі Каспий жағалауына қарай XVIII ғасырда кері көшкенін айтады. 1745 жылы Кубан даласынан көшкен ноғайлар кіші жүздің руларына кірме ретінде қосылған. Ноғайлардың кіші жүзге қосылуына шешуші рөлді ҚҚБ жырын білетін жыраулар ойнаған болу керек [30, б.56]. ҚҚБ жырына қатысты бұл факт, жыр мәтініндегі географиялық атаулар ноғайлардың миграциясына байланысты өзгермегенін көрсетті. Жырдың мәтіні мен құрылымы қалыптасқан XVI ғасырдың ортасынан бастап, ноғайлардың батысқа қарай жасаған алғашқы миграциясы жыр мәтініндегі топонимдерді әуел бастағы күйінде сақтап қалғанға ұқсайды. 1745 жылы Кубан ноғайларының кіші жүзге қосылған шағында ҚҚБ

жырындағы топонимдер сақтаулы күйде кері келген болу керек. Яғни ноғайлардың екі жүз жылдам астам миграциясы ҚҚБ жырының мәтіні, соның ішінде географиялық атауларына ықпал етпегенін көрсетіп тұр. Демек жыр мәтініндегі географиялық атаулар XVI ғасырға тиесілі деген болжам келтіреміз.

ҚҚБ жырында барлығы 25 атақ пен лауазым атауы кездеседі. Олар жыр мәтінінде 997 мәрте қайталанған. Атақ пен лауазым атауларының толық тізімін және жыр мәтінінде қайталану жиілігін ҚОСЫМША Б-дан қараңыз. Жырдағы атақ пен лауазым атауларының семантикалық аражігін ажырату үшін атрибуция әдісін пайдаландық. Сондай-ақ жыр контекстін негізге ала отырып атақтар мен лауазымдардың аражігін ажырату мәселесі туындағанын атап өту керек. Дегенмен тарихи әдебиеттерді шолу XVI ғасырдағы атақтар мен лауазымдардың табиғатын түсініп, ішкі ерекшеліктерін ұғуға Н. Әшімбаеваның «Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атауларының тілдік сипаты» [120] атты диссертациялық жұмысы оң ықпал етті. Семантикалық тұрғыдан атақ пен лауазымды ажырататын бір ерекшелік бар. Атақ әкеден балаға беріледі. Өз кезегінде лауазым басым жағдайларда әкеден балаға берілмейді.

Атаққа қатысты тілдік бірліктер:

Ақсүйек. Жырда 10 рет қайталанған. «Нұрадын», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі», «Қарадөң», «Нәрік», «Шора» дастандарында кездеседі. Қазақ хандығы тұсында «төрелер» мен «қожаларды» ақсүйектерге жатқызатын. Төре немесе қожадан туған әр бала бірден ақсүйек саналатын. Ақсүйектер қазақ хандығы тұсында рулық жүйеге кірмейтін. Себебі төрелер мен қожалар ру немесе тайпа емес, олар туа бітті артықшылықтары бар әлеуметтік топ [121, б.129]. Алтын орда заманында Шыңғыс хан тұқымдары мен Мұхамед пайғамбардың ұрпақтары билік ету керек деген идеялар басым болғанын атап өтуіміз керек. Бұл идеялар ноғайлы қоғамында да жалғасын тапқаны анық. Дегенмен ноғайлы қоғамында ақсүйектер қатарында Едіге және оның ұрпақтары болғанын жыр мәтіні көрсетеді. Бұған қатысты С. Сәкенов Едігенің шежіресін қолдан жасап, шығу тегін Әбу Бәкірге дейін жеткізгенін жазады [122]. Едіге және оның ұрпақтарының ноғайлы қоғамында ақсүйектер қатарына қосып атауын қызық құбылыс санаймыз. Танымдық тұрғыдан Едіге және оның ұрпақтарының ақсүйек атануына Едігенің ұйымдастыра алған некелері жатыр деп пайымдаймыз.

Едіге және оның ұрпақтарының ақсүйек атануының бастауында не жатқанын түсіну үшін әуелі Алтын орданың қоғамды құрылымына көз жүгіртуіміз керек сияқты. Жоғарыда атап өткендей, Алтын орда қоғамында Шыңғыс хан тұқымдары мен Мұхамед пайғамбардың ұрпақтары ақсүйек саналған. Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресі тек еркектер жағынан тарайтын. Ал Шыңғыс хан ұрпақтарының қыздары күйеуге тиген жағдайда күйеуі «көрекен» [123] атағына ие болатын, алайда ақсүйек саналмайтын. Бұл жүйе Мұхамед пайғамбар ұрпақтарына қатысты басқаша жұмыс жасайтын. Себебі Мұхамед пайғамбардың ұрпақтары ересек жасқа дейін өсіп жеткен Фатима атты қызы арқылы тараған. Сондықтан қожалар шежіресін еркек жақтан да, әйел жақтан да тарата береді. Еркек жақтан да, әйел жақтан да туған балалар қожа

саналады және туған бойы ақсүйек саналған. Бұл ерекшелікті Едіге және оның ұрпақтары жақсы түсініп қожалармен некелескен болу керек.

Ақын. Ақын атағы жырда 2 рет кездеседі. «Аңшыбай батыр» дастанында қайталанады.

Жырау (жыршы). Атақ жыр мәтінінде 13 рет және «Едіге», «Қобыланды», «Ер Көкше» дастандарында қайталанады.

Мырза. Жырда мырза атағы барлығы 16 рет атап өтіледі. «Аңшыбай батыр», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Ер Қосай», «Ер Кеңес», «Тұяқбай» дастандарында аталады. Мырза атағын әдетте әмірлердің және билердің ұрпақтарына береді. Тарихта Әмір Темірдің және Едігенің еркек кіндіктен тараған ұрпақтары мырза атағына ие болған. Қазақ хандығында Едігенің ұрпақтары ақсүйектер ретінде танылмаған. Дегенмен тарихи құжаттарда ХІХ ғасырға дейін мырзалар кездеседі. Соған қарағанда Қазақ хандығы заманында мырзалар әлеуметтік дәрежесі жоғары болған секілді. Мырза сөзінің қазақ тілінде мағынасының өзгеру эволюциясы жайында мақала жарияладық [124].

Сері. Бұл атақ жыр мәтінінде 1 рет «Мұса хан» дастанында қайталанады.

Төре. Төре атағы жыр мәтінінде барлығы 27 рет кездеседі. «Аңшыбай батыр», «Нұрадын», «Мұса хан», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі», «Қарадөң», «Тама», «Тана», «Нәрік», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Шынтас» дастандарында атап өтіледі. Төре атауын Шыңғыс ханның үлкен ұлынан тараған ұрпаққа қатысты қолданады.

Шайыр. Бұл атақ жырда 7 рет және «Орақ, Мамай» дастанында қайталанады.

Шешен. Шешен атағы жырда 3 рет кездеседі. «Тана» дастанында қайталанады.

Шора. Жыр мәтінінде 5 рет атап өтіледі. Бұл атақ «Қарадөң», «Сүйініш», «Тана», «Телағыс» дастандарында қайталанады.

Лауазымға қатысты тілдік бірліктер:

Әкім. Аталған лауазым жыр мәтінінде 1 рет кездесіп, «Ер Кеңес» дастанында аталады.

Бастық. Бастық лауазымы жырда «Мұса хан» дастанында 1 рет кездескен.

Бек. Бұл лауазым жырда 29 рет кездеседі. «Аңшыбай батыр», «Едіге», «Мұса хан», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі», «Қарадөң», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Ер Қосай», «Ер Кеңес», «Телағыс» дастанында аталады.

Бекзат. «Ер Қосай» дастанында 1 рет қайталанады.

Би. Жыр мәтінінде би лауазымы 157 рет аталады. «Аңшыбай батыр», «Едіге», «Орақ, Мамай», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тана», «Нәрік», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Ер Қосай», «Ер Кеңес», «Тұяқбай», «Манашы» дастандарында қайталанады.

Ғұлама. «Ер Кеңес» дастанында 1 рет қайталанады.

Құс бағушы (Бақташы). Құс бағушы (бақташы) лауазымы жыр мәтінінде 2 рет «Едіге» дастанында қайталанады.

Қазы. Аталған лауазым жырда 8 рет кездеседі. «Қобыланды» және «Ер Кеңес» дастанында қайталанады.

Қызметкер. Жыр мәтінінде қызметкер лауазымы 2 рет «Едіге» дастанында қайталанады.

Мүфти. Жырда аталған лауазым 3 рет атап өтіледі және «Қобыланды» мен «Ер Кеңес» дастанында кездеседі.

Нөкер. Нөкер лауазымы жырда 7 аталады. «Парпария», «Едіге» және «Нәрік» дастандарында қайталанады.

Патша (падишах). Аталған лауазым жырда барлығы 43 рет қайталанады. «Аңшыбай батыр», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі», «Қарадөң», «Сүйініш», «Тама», «Тана», «Қобыланды», «Ер Көкше», «Ер Кеңес», «Құлыншақ» дастандарында атап өтіледі.

Сұлтан. Жыр мәтінінде *сұлтан* лауазымы жалпы 24 рет қайталанады. «Едіге», «Нұрадын», «Мұса хан», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі», «Нәрік», «Кеңес», «Қарт Қожақ» дастандарында кездеседі. Ұлттық энциклопедияда *сұлтан* деп ислам діні енген халықтардағы билеуші лауазымын атайды [125, б.91] делінген. Сонымен қатар көптеген тарихи деректерде тек төрелер аталған лауазымға сайлана алатыны аталған. Бұл ретте Қазақ хандығының қоғамдық құрылымында *сұлтан* лауазымының иерархиялық тұрғыдан ханнан төмен тұрғанын атап өткен жөн.

Уәзір. Аталған лауазым аты жыр мәтінінде 1 рет «Қарадөң» дастанында кездеседі.

Хан. Бұл лауазым жыр мәтінінде 631 рет қайталанады. «Әмет», «Манашы», «Жаңбыршы» дастандарынан басқа дастандарда кездеседі. Деректерге сүйенетін болсақ *хан* лауазымын иелену үшін ақсүйек қатарынан болу міндетті болған. Сонымен қатар бұл атақ әкеден балаға берілмейтін болған. Оған көшпенді халықтарда орын алған билікті иелену тәртібі себеп. Көне түркі заманынан бері көшпенді халықтарда екі сатылы билікті иелену тәртібі болған [36, б.181]. Бұл тәртіп бойынша билік бірінші сатыда ағайындылар арасында ағасынан інісіне (інілеріне) кезекпен беріліп отырған. Екінші сатысында ағасының тұңғыш ұлына беріліп отырды. Содан кейін інісінің немесе інілерінің тұңғыш ұлдарына кезекпен беріліп отырды.

Этнонимдер. ҚҚБ жырында 10 этноним кездеседі. Жыр мәтінінде жалпы 1912 рет қайталанған. Олар: Ақошан, Арғын, Ерсары, Қалмақ, Қарақыпшақ, Қанжыға, Қараноғай, Қызылбас, Ноғай/лы, Ындыс. Этнонимдердің тізімі және дастандар бойынша қайталану жиілігі ҚОСЫМША В-да көрсетілген. Жыр мәтінінде этнонимдердің қайталану жиілігі келесідегідей:

Ақошан. Жыр мәтінінде 1 рет «Тама» дастанында кездескен.

Арғын. 1 рет «Шора» дастанында қайталанған. Дастанда Шора батыр өзін «Арғынмын» деп таныстырады.

Ерсары. «Нұрадын» дастанында 2 рет аталады. Ерсары түрікменше «Ärsary». Түрікменнің ірі тайпасы.

Қалмақ. Жырдың бүкіл дастанында қайталанады. Барлығы 1084 рет қайталанған. *Қалмақ* этнонимімен XVI-XVIII ғасыр аралығында Еділ өзені

маңына қоныс аударған моңғол тектес тайпалар одағын атайды. «Қалмақ» этнониміне қатысты ғылыми ортада көптеген сапалы зерттеулер бар. Солардың ішінде этнонимді Алтын орда дәуірі контекстінде қарастырған Д. Кара [126], Б. Тербиш [127] талдауларын ерекше атап өткеніміз жөн.

Қарақыпшақ. 1 рет «Қыдырбайұлы Қобыланды» дастанында қайталанады. Қобыланды батыр өзін таныстырғанда руын *Қарақыпшақ* дейді. Қазіргі таңда Қарақыпшақ Орта жүздегі Қыпшақ тайпасына кіретін ру.

Қанжыға. «Тама» дастанында *Ақошан* этнонимімен қатар 1 рет атап өтіледі. Аталған этнонимді Орта жүзге кіретін Арғын тайпасынан кездестіруге болады.

Қараноғай. «Әмет» дастанында батыр өзін таныстырғанда 2 рет аталады. Қазіргі таңда ноғай этносының құрамына кіретін *Қараноғай* руы бар.

Қызылбас. Жыр мәтінінде 74 рет қайталанады. «Нұрадын», «Сүйініш», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Тана», «Шора», «Ер Қосай», «Алау», «Төрехан», «Құлыншақ» дастандарында атап өтіледі. Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, С. Сәкеновтің деректеріне сүйенсек *Қызылбас* этнонимімен Иранды мекендейтін халықтарды атайды. Бұл этноним атауының бастауында материалдық мәдениетке қатысты негіздің барын атауға болады. Этноним атауының негізінде аталған топты ерекшелейтін баскиім жатыр. Бастапқыда бұл атпен өзін ерекшелеу үшін 12 иірімі бар баскиім киетін Иранды мекендейтін көшпенді діни орден мүшелерін атаған. Уақыт өте аталған орденнің үлкен күшке айналуына байланысты атау Иран жерін мекендейтін халықтардың жалпы атауына айналған. *Қызылбас* этнонимінің қазақ тілінде пайда болып актуалдануын С. Сәкенов Иран шахы Нәдірдің 18 ғасырда Орталық Азияға жасаған жорықтарымен байланыстырады. Біз жоғарыда келтірілген пікірдің орындылығын атап өтіп, қазақ тілінде *қызылбас* этнонимінің XIV-XVIII ғасырларда Иран жерін мекендеген халықтарға байланысты айтылған деген ұстанымды қолдаймыз.

Ноғай/лы. Барлық дастанда кездеседі. Жыр мәтінінде барлығы 618 рет қайталанған. «Қырымның қырық батыры» жырында *Ноғай/лы* этнонимімен тілі, мәдениеті, тұрмыс-салты, шаруашылық жүргізу тәртібі және құндылықтары ортақ өзара тығыз байланыстағы ру мен тайпалардың бірлестігін атайды. Кейде бірлестіктің көлемін көрсету үшін «тоқсан баулы ноғай» деп толықтырылып аталады. Ұлттық энциклопедияда өкінішке қарай «ноғай» этнонимінің анықтамасын таба алмадық. Энциклопедияда «Ноғайлы», «Ноғайлы әдебиеті» және «Ноғай тілі» мақалалары бар. Алайда қазіргі таңда ақпараттық кеңістігімізде *Ноғай* этнонимін қыпшақ тобына кіретін, Алтын орда құрамында болған түркі тілдес халықтарға қатысты жалпы атау ретінде қолданатыны белгілі.

Ындыс. Жырда 128 рет аталады. «Аңшыбай батыр», «Нұрадын», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Тана», «Шора», «Манашыұлы Тұяқбай», «Алау батыр» қайталанады. Ындыс этнонимін ерекше атап өтуге болады. Себебі қазақ ауыз әдебиеті үшін аталған «типтік жау» атауы бірегей болып келеді. Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдулин, Р. Бердібай еңбектеріне сүйенсек Қазақ ауыз әдебиетіне 3 түрлі «типтік жау» тән. Олар: *Жоңғар, Қалмақ,*

Қызылбас. Аталған «типтік жау» атауларының тарихи негізі бар. Аталған этнонимдер еліміздің әртүрлі тарихи кезеңдерінде белгілі болған. Сондай-ақ аталған этнонимдерге ие халықтарға қарсы ұзақ уақыт соғыс болған. Сондықтан да аталған халықтардың атаулары ұлттық санамызда кристалданып, ұлттық дүниетанымымыздағы типтік «жау» бейнесі ретінде қалыптасып, сақталып қалған. Бұл ретте «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін *Ындыс* этнонимін осы жырға тән прецедентті этноним деп толық айта аламыз. Себебі жоғарыда аталған этнонимді тек «Қырымның қырық батыры» жырынан кездестіруге болады. Бұл этнонимді ерекшелейтін тағы бір өзгешелікке *Ындыс* этнонимінің тарихи прототипінің тартысты мәселе болуында жатыр. «Қазақ эпосы» атты монографиясында Р. Бердібай *Ындыс* этнонимі «ингуш» я «индус» этнонимінің фонетикалық өзгеріске ұшыраған атауы ма деген сауал қояды да, осының жауабын табу болашақ зерттеулердің еншісінде деп атап кетеді [11, б. 102]. С. Сәкенов жеке сұқбаттарында жыр мәтінінде *Ындыс* этнонимімен «үнді» этнонимін атауы мүмкін деген пікірді ұстанады. Тарихшы медиавист Ж. Сәбитов пен Р. Темірғалиев аталған этноним жырау өмір сүрген заманда отарлаушы халықты сипаттау үшін қолданған криптоним болуы әбден мүмкін деген пікір айтқан. *Ындыс* этнониміне қатысты жоғарыда келтірілген пікірлерді келтіре отырып, аталған пікірлердің белгілі деңгейде орынды екенін мойындаймыз. Алайда зерттеуіміздің нәтижелеріне сүйене отырып С. Сәкеновтің нұсқасын ұстанамыз. С. Сәкенов «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы этнонимдер мен топонимдер» атты мақаласында: «Едіге мен Нұрадынның елдерге аттанғаны туралы тікелей баяндалған тарихи деректер болмағанымен, «Едіге мен оның көзі тірісінде қайтыс болған ұлы – Нұрадын Ақсақ Темір мен оның ұрпақтарының Үндістанға, Иранға жасалған жорықтарынан шет қалды», - деп те үзілді-кесілді тұжырым жасауға негіз беретін құжатты да таба алмасымыз хақ» [22, б.60], - дейді. Бірақ Едіге мен оның ұрпақтарының Темір әулетіне тәуелді болғанын ескере отырып, Әмір Темір жорықтарына қатысу ықтималдылығы бар екенін айтқан. С. Сәкеновтің жоғарыда аталған пікірін басшылыққа алып, жыр мәтініндегі *ындыс* этнонимінің белгілі этносқа қатыстылығының ықтималдығын қарастыра бастадық. Бұл ретте назарымызға «Нұрадын» дастанының мәтіні ілікті. Бұл дастанның мәтініне назар аударуымызға бірнеше себеп бар. Алдымен аталған дастанда *ындыс* этнонимі өзге этнонимдерге қарағанда әжептәуір жиі қайталанған. Екіншіден дастандағы батырдың тарихи прототипі белгілі. Үшіншіден дастанда есімі келтірілген батырдың тарихи прототипіне қатысты деректер мен тарихи құжаттар жиі ұшырасады. Төртіншіден «Қырымның қырық батыры» жырына кіретін «Нұрадын» дастаны өзге дастандарға қарағанда салыстырмалы түрде біршама егжей-тегжей зерттелген болып келеді. Жоғарыда келтірілген фактілерді негізге алып, дастандағы *Нұрадын* батырдың тарихи прототипіне қатысты тарихи деректерді қарастыра бастадық. Ізденісіміздің барысында қолымызға тарихтағы *Нұрадынның* өмір сүрген заманы яғни шамамен 1380-1440 жылдар аралығындағы, Орталық Азия аймағына қатысты құжаттар түсті. Бұл құжаттардың ішінен Гийясатдин Әлидің «Дневник похода Тимура в Индию» (Темірдің Үндістанға жорығы күнделігі) атты еңбегі тиді.

Талқылауымызды бастамас бұрын аталмыш еңбек жайлы бірер айтып кетсек. Гийясаддин Әли Йезд қаласынан шыққан ғалым. Өзінің айтуы бойынша өмір бойы дін ілімін зерттеумен айналысқан. Әмір Темір күнделікті жазуды Гийясаддин Әлиге тапсырған екен. Өзі бұл жорыққа қатыспағандықтан, шығармаға дереккөз ретінде Темір заманындағы бас сот төрешісі, Үндістан жорығының қатысушысы – маулана Насреддин Омардың әскери күнделігін негізге алыпты. Күнделікте 1398 жылы Әмір Темір Үндістанды мекен ететін кәпір, отқа табынушы және басқа да секталарға қарсы "ғадауат соғысын" жариялайды. Әмір Темір әскерімен Үндістанға қауіпсіз әрі ыңғайлы Гиндукуш тауының батыс беткейінен емес, орташа биіктігі 3000 метрден асатын, биік шатқалдарға толы, аз қоныстанған және ағысы күшті өзендерге толы "Кәпірстан" аймағы орналасқан Гиндукуш тауының оңтүстік және оңтүстік батыс бөлігінен енген болатын. Темір күнделігінде Гийясаддин Әли Шейх Нураддин Мұхамед атты әскербасы туралы жазады. Батырдың ата-тегі туралы: «...эмирский сын Шайх Нураддин Мухаммад, сын эмира Сарыкбуга, который, принадлежа к знати и приближенным [высочайшего] двора, достиг при дворе убежища вселенной, [счастливого монарха], высоких степеней и цветущего положения и был утвержден [его величеством] в должности даруга в области Фарса [128, б.45]. Бұл тарихи құжатта Дешті Қыпшақтан келген Нұрадин Мұхамед Едігенің ұлы екенін нақты айта алмаймыз. ҚҚБ жырындағы Нұрадинның тарихи прототипі екеніне күмәніміз бар. Сонымен қатар Едігенің ұрпақтары Үндістанға жорықтар ұйымдастыру фактісіне де күмәнмен қараймыз. Осы ретте ындыс этнониміне қатысты Ж. Сәбитовтің болжамын қазіргі таңдағы ең рационалды санаймыз. Сондықтан ҚҚБ жырында «ындыс» этнонимінің астарында Мәскеу мемлекеті мен Орыс патшалығын меңзеді деп болжаймыз.

Екінші бөлім бойынша түйін

ҚҚБ жыры мәтінін талдау ісі жүйелі дайындықты талап етті. Жыр өте көлемді болғандықтан, мәтінмен бастапқы жұмыс лексикалық және семантикалық категориялар бойынша тілдік бірліктерді іріктеу жұмысын оңтайландыру қажет болды. Зерттеу нысаны етіп алған онимдердің (антропоним, топоним, этноним, лауазым және атақ атаулары) сандық және сапалық көрсеткіштерін жинақтау жүргіздік. Жинақталған мәліметтерді оним түріне сәйкес дерекқорларға біріктірдік. Дерекқорлар үш түрлі төмендегідей ақпаратты қамтыды. Баған бойында – тілдік бірлік және оның жазылу нұсқалары. Жолақ бойында – ҚҚБ жырына кіретін дастандардың/батырлардың атаулары/есімдері. Тілдік бірлік жазылған баған мен дастан/батыр жазылған нүктелер түйіскен тұста тілдік бірліктің қайталану жиілігін көрсететін сан орналастырдық. Сондай-ақ бағандардың аяқталғаннан кейінгі бағанға тілдік бірліктердің жалпы қайталану сомасы шықты. Ал баған біткен тұста тілдік бірліктердің лексика-семантикалық категория ішінде жалпы қайталану сомасы шықты. Дерекқорлар онимдерге қатысты сандық көрсеткіштерді шығарып берді. Дерекқорларды реляциялық деректер қорларын басқару жүйесі стандарттарына сәйкестендіріп,

көлемді мәтінмен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық қамтымды пайдалана отырып рәсімдедік.

Зерттеу жұмысының сапалық көрсеткіштерін шығару онимдерге қатысты түрлі ғылыми ақпаратты талдауды қажет етті. Жұмыстың бұл сатысы лексика-семантикалық категориялар бойынша жинақталған дерекқорларды кешенді талдауды көздеді. Антропонимдерді бастапқы талдау кісі есімдерінің үлкен екі топтан тұратынын көрсетті. Олар: түркілік есімдер және Ислам мәдениетіне байланысты есімдер. Түркілік есімдер жеке есімдерді, көпшілік есімдерді (когномен), зооморфтық есімдерді, материалдық мәдениетке байланысты есімдерді қамтыды. Ислам мәдениетіне байланысты есімдерге пайғамбарлар, сахабалар, әулиелер, көпшілік есімдер, ислами прецедентті есімдерді қамтыды. Сонымен қатар ҚҚБ жырында шығу тегі моңғол, ежелгі грек, парсы есімдер кездесті, Бұл жағдайда категориялаудың жоғарыда келтірген тәртібі ҚҚБ жырында кездесетін бүкіл антропонимді қамти алмағандықтан, өзге лексика-семантикалық көрсеткіштер негізінде категориялау жүргізілді. Атап айтқанда жыр мәтінінен қырық батырдың есімі мен есімдерінің нұсқалары, қырық батыр қарсыластарының есімі, қырық батыр одақтастарының есімі, қырық батыр туыстарының есімі, жырдағы бейтарап кейіпкерлердің есімі, жыр мәтінінде атап өткен діни қайраткерлер мен аңыз кейіпкерлерінің есімі жіктеп алынды. ҚҚБ жырындағы антропонимдер ер және әйел адам есімдерін қамтығандықтан, антропонимдер гендерлік белгілері бойынша да жіктелді.

Талдаудан өткен антропонимдер жыр мәтіні контекстінде бірнеше танымдық қабаттарға ие екенін көрсетті. Антропонимдердің жыр контекстіндегі кезектілігін және иерархиялық орнына қарап отырып, жыр кейіпкерлерінің көне түркілік есімдерден Ислам мәдениетіне қатысты есімдерге өту үдерісін байқауға болады. Мысалы Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары шежіресіндегі есімдердің кезектілігінен батырлардың мұсылман есімдеріне өтуі анық көрініс берген. Едігенің әкесі (Құттықия), атасы (Парпария), бабасы (Аңшыбай) түркілік есімдерге ие болса, Едігенің ұрпағының көбі Ислам мәдениетіне байланысты есімдер иесі (Нұрадын, Мұса, Мамай, Қазі). Тарихи деректерге сүйенсек Алтын орда тарихында бірнеше мәрте қайта исламдану (реисламизация) үдерісі өткені белгілі. Біздің пайымдауымызша ҚҚБ жырындағы кісі есімдерінің түркіден мұсылман есімдеріне өтуге жыр оқиғалары орын алған кезеңдегі исламдану құбылысының көрінісі болу керек. Когнитивтік тұрғыдан бұл өзгеріс ортағасырлық қоғам санасындағы бетбұрыспен түсіндіруге болады. Қоғам құндылықтарының өзгеруі тілдік санадағы өзгерістерге әкеп соғады. Аталған өзгерістер жыр мәтінінде антропонимика деңгейінде көрініс берген секілді.

ҚҚБ жырындағы топонимика Арал-Каспий өңірі және оған шекаралас аймақтардың географиясын сипаттайды. Бұл ретте жырдағы географиялық атаулардың біршама бөлігін идентификациялау мүмкін болмаса да жалпы жыр контекстінен Арал-Каспий аймағындағы географиялық нысандарды сипаттайтынын толық сеніммен айтуға болады. ҚҚБ жырындағы топонимдерді талдай келе, жыр мәтіні географиялық атаулар 14-16 ғасыр аралығындағы нысандардың атауы болуы әбден мүмкін. Бұл тұжырымға келуге жырға

байланысты келесі фактілер итермелеп жатыр. ҚҚБ жыры Ноғай ордасы заманында кең тараған. Кейінірек ноғайлардың саяси себептерге байланысты Каспий-Қара теңіз өңіріне көшкен кезде ҚҚБ жыры ноғайлармен бірге аталған географиялық аймақта таралып жүрген. 19 ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының ықпалынан ноғайлардың бір бөлігі кіші жүз руларына кірме ретінде қосылған. Осы тұста ҚҚБ жыры кіші жүз рулары арасында тараған. Яғни ҚҚБ жырындағы географиялық атаулар жырды сақтаушы және таратушы жыраулардың миграциясына қарамастан байырғы атаулардың көбін сақтап қалған. Бұл феномен ҚҚБ жырындағы когнитивтік құрылымдарға тарихи жады тұрғысынан қарауды қажет етеді.

ҚҚБ жырындағы лауазым және атақ атаулары хронологиялық тұрғыдан Алтын орда, Ноғай ордасы және Қазақ хандығы тарихи кезеңдеріне ортақ саналады. Жыр контекстін талдай отырып, лауазым мен атақтарды ажыратудың семантикалық белгілері тарихи контекстке тәуелді екенін атап кету керек. Бұл ретте жыр мәтініндегі лауазым мен атақтың аражігін ажыратудың негізі ортағасырдағы қоғам құрылысында жатыр. Жыр мәтіні ортағасырға тән қоғамды сипаттайды. Аталған тарихи кезеңде қоғам «ақсүйек» және «қарасүйек» деп аталатын екі үлкен әлеуметтік топтан тұрғаны белгілі. Екі әлеуметтік топ қатты иерархияланған болатын. Бұл жағдайда әлеуметтік топ ішінде және әлеуметтік топтар арасында ауысу мүмкіндіктері өте шектеулі еді. Атақтар әкеден балаға беріліп жатты. Атақтарға қатысты бұл танымдық ерекшелік диахрония факторын есепке алу негізінде туындаған. Когнитивтік деңгейде диахрония әдістемелік ақпарат түрінде көрініс беріп жатады. Яғни жыр қатысушыларының тарихи прототиптері өмір сүрген заманда ақсүйек баласы ақсүйек, қожа баласы қожа, би баласы би болып қала берген. Сондықтан атақ пен лауазым атауларын ажыратуда әдістемелік ақпараттың орны өзекті.

ҚҚБ жырында он түрлі этнос атауы кездеседі. Жырдағы этнос атауларының қайталану жиілігі ерекше жоғары. Этнос атауларының сапалық көрсеткіштерінен «өзім және өзге» концептінің көрінісін байқауға болады. Жыр мәтінінде «өзім» концептісінің шеңберінде ноғайлы этносы және соған сыбайлас руларды топтастырған. Ал «өзге» концептісі шеңберінде бәсекелес (қалмақ, ерсары) және мәдени жағынан жат (қызылбас, ындыс) этностарын топтастырған. Жыр контекстінде «өзге» концептісі аясында бәсекелес этностармен қатынас құру барысында әріптестік, кейде тіпті одақтастық қатынас орнату мүмкін болып жатса, мәдени жат этностармен қатынас тек жаугершілікке құрылғаны ашық көрініс берген. Келтірген құбылыс этнонимдердің семантикалық қабаттарында көрініс беру арқылы, когнитивтік деңгейде ерекшелейтін құрылымдар тудырған. Сонымен қатар ҚҚБ жырында кездесетін этнонимдер арасында тек «қырық батыр» туралы жырға тән бірегей «ындыс» этнонимі кездеседі. Аталған этнонимді прецеденттік есімдер қатарына жатқызамыз. Сондай-ақ «ындыс» этнонимінің семантикалық қабаттарына қазіргі заман оқырманы үшін жабық әдістемелік ақпарат бар. Этнонимге қатысты ақпараттың жабық болуы атаудың белгілі бір этносқа тиесілілігін анықтауға мүмкіндік бермей жатыр. Этнонимнің белгілі бір этносқа қатыстылығын анықтап бойынша ғылыми қауымдастықта

түрлі болжамдар ұзақ уақыттан бері тарап жүр. Өз тарапымыздан «ындыс» этнониміне қатысты гипотезаларды қарастыра келе, сонымен қатар жыр мәтінін талдауды негізге ала отырып, ҚҚБ жырындағы аталған этнонимді криптоним қатарына қосамыз. Криптонимге қатысты тарихшы Ж. Сәбитовтің болжамын негізге алып, ҚҚБ жырының мәтінінде «ындыс» этнонимі арқылы орыс этнонимін меңзеген болуы мүмкін деп тұжырымдаймыз.

3 ТАРИХИ ЖЫРДАҒЫ ӘСКЕРИ КЕҢІСТІК

3.1 Қару-жарақ атауларының прагматикалық аспектідегі когнитивтік құрылымы

Ортағасырлық қаһармандық ауыз әдебиеті мәтіндерінде материалдық мәдениет элементтері әдетте көп суреттелмейді. Оған көбіне қаһармандық дастандарға тән жанрлық шектеулер және жырлардың ауыздан ауызға тарауынан мәтіннің белгілі бөлігінің жоғалуы себеп болып келеді. Қаһармандық әдебиетте көп көрініс бермейтін материалдық мәдениет элементтерінің ішінен белгілі бір түрі тұрақты әрі егжей-тегжей суреттеліп отырады. Ол – қару-жарақ атаулары мен құрамдас бөлшектері және олардың физикалық, эргономикалық қасиеттеріне байланысты атаулар. Қаһармандық әдебиетте қару-жараққа ерекше мән беріп сипаттау, соғысу құралдарының маңыздылығын көрсетеді. ҚҚБ жырына кіретін дастандарда қару-жарақ кең ауқымда сипатталған. Сондай-ақ жырда қару-жарақтың көптеген түрлері аталып, түріне қарай құрамдас бөлшектері мен керек-жарағы да суреттелген. Бұған қоса қару-жарақ түріне қарай, оны қолдану жағдайлары мен шарттары сипатталған. ҚҚБ жырындағы қару-жарақ суреттеулері жоғарыдағы келтірген ақпарат түрлерімен шектелмегенін атап өткен жөн. Дастандардағы батырлардың соғысып жатқан кеңістігі мен орнына қарай қару-жарақтың әр түрін мақсатты түрде пайдалану оқиғалары жыр мәтінінен көруге болады. Осы ретте ҚҚБ жырында қару-жарақ атауларының қайталану дүркінділігі, қолдануы ерекшеліктерінің көрсетуі және мақсатына қарай мамандануы, жыр мәтініне дереккөз ретінде қарауға негіз бола алады. Аталған материалдық мәдениет элементтерінің суреттелуі белгілі бір танымдық жүйеге негізделген және хронологиялық тұрғыдан белгілі бір уақыт пен кезеңге байланысты құбылыс ретінде қарастыруға толық негіз бар секілді. Жырдағы қару-жарақтың сипаттамасында белгілі бір танымдық жүйенің бар екендігі туралы пайымымызды жырды бізге жеткізген Мұрын жыраудың биографиялық деректері жанама түрде растайды. Қазақ КСР Ғылым академиясының ғылыми қызметкерлері М. Исаева мен М. Хакімжанова жазып алған Мұрын жыраудың биографиясына сүйенетін болсақ жырау өмір бойы ұсталық кәсіппен айналысқанын атап өткен. Жырау ересек шағында металдан түрлі бұйымдар жасап жүргені айтылған. Ал С. Сәкеновтің деректеріне сүйенсек, Мұрын жыраудың әкесі Сеңгірбек те темір ұстасы болған екен. Сеңгірбек 1870 жылғы Иса-Досан көтерілісіне қатысқан және көтеріліс нәтижесіз аяқталғаннан кейін отбасымен бірге Әмудария аумағына жер аударуға мәжбүр болған хабарлайды. Келтірген деректерден Мұрын жыраудың әкесі ұста ретінде қару-жарақпен етене таныс болуы әбден мүмкін екенін көрсетеді. Мұрын жырау да әкесінен ұсталық кәсіпті үйрену барысында және бала кезінде қару-жарақпен танысқан болуы керек. Жыраудың ұсталық кәсіпті меңгергендігі оның жырды үйренген кезінде қару-жараққа назар аударуына ықпал еткен сияқты. Жоғарыда келтірген биографиялық фактілерді негізге ала отырып жыр мәтініндегі қару-жарақ сипаттамасы мен атаулары ғылыми назарымызға ілігіп тұр.

ҚҚБ жыры мәтініндегі қару-жарақ атауларын зерттеу мәтіннен қаруға, жараққа қатысты атауларды іріктеуден басталды. Жырдың 36 дастанынан соғысқа қатысты материалдық мәдениет атауларын жинақтап алдық. Атауларды жинақтау қару-жарақ атауын және оның әр дастандағы қайталану жиілігін анықтадық. Бастапқы кезеңде дастандардағы әр қару, жарақ және қару немесе жарақ қосалқы бөлшегінің қайталану жиілігін санап шықтық. Жиналған мәліметтерді кестелерге орналастырдық. Бұл жұмыс төмендегідей кезектілікпен жүзеге асты:

Бірінші бағанда қару-жарақ және әскери терминдер атауларына аталды. Бұл бағанның жолдарында қару, жарақ және оларға қатысты атаулар мен терминдер орналасты. Кестеде А бағаны.

Бірінші бағаннан өзге бағандарға ҚҚБ жырына кіретін дастандардың аттарын жаздық. Дастан аттары барлығы 35 бағанды құрады. Кестеде дастандардың аттарын В-АІ бағандарының аралықтарында орналастырдық.

Дастан аты мен қару-жарақ атауы түйіскен ұяшыққа қару немесе жарактың дастан мәтінінде қайталану жиілігін белгіледік. Белгілі бір қару немесе жарық дастан мәтінінде кездеспеген жағдайда ұяшық бос қалып отырды.


АК әріптері арқылы белгіленген бағанға қару-жарақ атауларының жалпы жыр мәтінінде қайталануы бойынша қорытынды сома шығардық. Кестеде "Барлығы қайталанды" атты бағанда қару-жарақ атауларының қайталануы статистикасы көрсетілген.

Жоғарыда келтірген жұмыстардың нәтижесінде жыр мәтінінде кездесетін қару-жараққа байланысты нақты статистика жинақталды. Жырдың әрбір дастанында қару немесе жарақ атауының қанша мәрте қайталанатыны және жалпы жырда соғысу құралдарының кездесу жиілігін шығардық. Бұл мәлімет зерттеуіміздегі деректерді сандық тұрғыдан нақтылап, талдау сапасын арттыруға ықпал етті. Нәтижесінде ҚҚБ жырының 36 дастанынан 271 қару, жарақ және соғысқа байланысты атауды жинақтадық.

Зерттеудің келесі кезеңінде жыр мәтінінде кездесетін қару, жарақ және соғысқа қатысты атауларды жіктеу қажеттілігі туындады. Материалдық мәдениетке жататын бұйымдардың бұл түрі күнделікті тұрмыста сирек кездесіп, қару-жарақ түрлерін арнайы соған маманданған әлеуметтік топтар қолданатындықтан, жинақталған материалдарды классификациялау жұмысы арнайы әдебиеттерді қарастыруды міндеттеді. Бұл ретте ҚҚБ дастандарындағы қару-жарақ атаулары мен олардың сипаттамасына, қолдану ерекшеліктеріне байланысты отандық және шетелдік сала мамандарының еңбектерін негізге алуға тура келді. Қару-жарақ классификациясын Қ. Ахметжанов, Л. Бобров, А. Кушкumbaев, Ө. Ағатай еңбектеріне сүйене отырып жасадық. Жіктеу нәтижесі қару-жаракты «ататын», «кесетін», «шабатын/соғатын», «түйрейтін», «қорғанатын жарақ» түрлерге топтастырдық. Аталған топтар келесі қару түрлерін, қосалқы бөлшектерді, қаптарды және қарумен жұмыс жасауға байланысты тіркестерді қамтиды.

3.1.1 Ататын қару атауларының когнитивтік-прагматикалық мәні

ҚҚБ жырында *ататын қаруға* байланысты 30 атау кездеседі. Олар жыр мәтінінде жалпы 235 рет қайталанған. Сонымен қатар мәтінде ататын қаруға байланысты өңдеу, реттеу жұмыстары және қарумен қимыл атаулары кездеседі. Ататын қаруға қатысты атаулардың жіктелімін Сурет 1-ден қараңыз.



Сурет 1 – Ататын қарудың жіктелуі

Ататын қаруға келесілер кіреді:

Жақ. Жырда «Аңшыбай батыр» және «Орақ, Мамай» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде жалпы 4 рет кездеседі.

Садақ. «Аңшыбай батыр», «Парпария», «Қарадөң», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Көкше», «Қосай» дастандарында аталады. Жыр мәтінінде жалпы 17 рет қайталанған.

Мылтық. «Қобыланды», «Тана» және «Шора» дастанында аталады. Барлығы 5 рет қайталанған.

Қырлы мылтық. «Қобыланды» дастанында 1 рет қайталанатын. Мылтықтың бір түрі ретінде бейнелеген. Дастанда қару иесінің дәулетін көрсететін бұйым ретінде көрсетілген.

Ататын қарудың құрамдас бөліктері атаулары.

Адырна. «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазы», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастандарында кездеседі. Мәтінде 6 рет кездеседі.

Бау. Жыр мәтінінде «Ахмет» дастанында ғана аталады.

Жебе. «Парпария», «Едіге», «Нұрадын», «Мұса хан», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Тана», «Нәрік», «Шора», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Алау» дастандарында аталады. Жыр мәтінінде 19 рет кездеседі. Сонымен қатар жырда жебенің келесі түрлері жеке аталады:

Көк жебе. «Нұрадын», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Тама», «Нәрік», «Шора», «Қобыланды» дастандарында атап өтіледі және барлығы 8 рет қайталанған.

Қу жебе. «Нұрадын», «Жұбаныш», «Нәрік» дастандарында қайталанған. Жыр мәтінінде 4 рет кездеседі.

Сұр жебе. «Парпария», «Нұрадын», «Жұбаныш», «Нәрік», «Қобыланды», «Кеңес», «Тұяқбай», «Телағыс» дастандарында аталады. Барлығы 11 рет қайталанатын.

Қанат. Жыр мәтінінде тек «Нұрадын» дастанында қайталанған.

Қорамса/қ. «Едіге», «Мұса», «Орақ, Мамай», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тама», «Нәрік», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Кеңес», «Тұяқбай», «Алау», «Әмет», «Шынтас» дастандарында кездеседі. 26 рет қайталанған.

Толай. «Құттықия», «Мұса хан», «Қобыланды», «Шынтас», «Қартқожақ» дастандарында кездеседі және 5 рет аталған.

Масақ. Жыр мәтінінде «Қосай» дастанында бір рет аталады.

Оқ. «Аңшыбай», «Парпария», «Құттықия», «Нұрадын», «Мұса», «Орақ, Мамай», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Тама», «Тана», «Нәрік», «Шора», «Қобыланды», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Қосай», «Кеңес», «Әмет», «Шынтас» дастандарында қайталанатын. Жыр мәтінінде 117 рет кездеседі. Сонымен қатар жыр мәтінінде оқтың келесі түрлері жеке аталады:

Берен оқ. «Мұса» дастанында кездеседі. 1 рет аталады.

Қозы жауырын оқ. «Мұса», «Қарадөң», «Тама», «Көкше» дастандарында аталады. 5 рет қайталанған. Қозы жауырын оқ пішіні жағынан мұз оятын сүйменге ұқсас жалпақ келеді. Үшбұрыш пішін құрап, қозының жауырынына ұқсас кішкентай әрі жіңішке келгендіктен солай аталып кеткен. Аталған оқ түрі

жебенің ұшына жабыстырылып, өзіндік мақсатта ұрыс алаңында пайдаланылған. Қозы жауырын оқтың тұрпаты аэродинамика тұрғысынан мүлдем тиімсіз келеді. Яғни мұндай оқ түрінің аэродинамикалық кедергісі жоғары. Сол себепті қозы жауырын оғы бар жебе ұзақ қашықтыққа ұша алмайды. Қозы жауырын оқтың пішіні жебенің ұшына салмақ қосып дисбаланс жасайды. Сондықтан аталған оқ түрін пайдалану үшін садақшы арнайы ату техникасын пайдаланған болуы әбден мүмкін. Жыр мәтінін талдау барысында қозы жауырын оқты батырлар арнайы мақсатта ғана пайдаланғанын аңғаруға болады. Жыр мәтініне қарасақ қозы жауырын оқты сауытты бұзу үшін пайдаланғанын байқаймыз. Дастандарда қозы жауырын оқты батырлар сауыттың қабырға және қолтық тұсына көздеп ататынын көреміз. Бұл еңбегінен бастап бақайларына дейін темір киген қарсыластың ең әлсіз тұсы – сауытының тігістерін бұзу мақсатын көздейді. Қозы жауырын осы мақсатқа толығымен сай келеді. Қозы жауырын оқтың металдан жасалған жалпақ жүзі өзге оқтарға қарағанда тию аумағы кең болуымен көзге түседі. Оқтың ауыр салмағы жебеге қосымша күш береді. Жоғарыда келтірген қасиеттер қозы жауырын оқты арнайы мақсатта қолданатын ататын қарудың жебесі ретінде бізге көрсетеді.

Масаты. 1 рет «Тана» дастанында кездеседі. Дастан мәтінін әзірлеген редакторлар масатыға келесі түсініктеме берген. Масаты – сауыт бұзатын, төрт қырлы алмастан жасалған оқ [1, б.219].

Он екі тұтам (қатар) оқ. «Аңшыбай», «Мұса», «Сүйініш», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Қосай» дастандарында атап өтіледі. Барлығы 7 рет қайталанған. Аталған жебе түрінің атауында дәстүрлі өлшем бірлік бар. Демек біз ататын қару жебесінің атын ғана біліп қоймай жебенің өлшемін де шамалап біле аламыз. Түрлі деректерге сүйенсек бір тұтамды метрлік жүйеге аударсақ 8-10 см-ге тең. Он екі тұтам орташа есеппен 86-120 см шығады. Бұл әдеттегі ататын қару жебелеріне қарағанда әжептәуір ұзын. Әдетте ортағасырлық ататын қару жебелерінің ұзындығы оғымен қоса алғанда 100 см-ден аспайды. Ал он екі тұтам жебенің ұзындығы ерекше көзге түсіп жатыр. Жыр мәтініне қарағанда он екі тұтам жебені жекпе жекте жиі қолданғанға ұқсайды. Дегенмен жыр мәтіні он екі тұтам жебенің құрылысына қатысты толық ақпарат бермеген. Сондықтан аталған жебені қолданудың ерекшеліктеріне қатысты ақпарат аз болып тұр.

Сауыт бұзар оқ. «Мұса», «Жұбаныш», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Қосай», «Әмет» дастандарында аталады. Жыр мәтінінде жалпы 8 рет қайталанған. Бұл жебе түрінің жырдағы сипаттауына қарап тұтас металдан құйылғанын байқаймыз. Сонымен қатар аталған жебенің оғы сауытты бұзуға арнап қолданғанын көруге болады. Жебе оғының пайдалану мақсатына қарай атауы да берілген болу керек. Жыр мәтінінде аталған жебе түрін ерекшелеу бар. Жебе оғының ерекше өткірлігіне байланысты оны көк жебелер ішінен, яғни Е. Қариннің пайымдауынша [129] аталған жебе түрі атап өткен

Қол оқ. «Құттықия», «Қосай», «Кеңес» дастандарында бір реттен қайталанған. Бұл оқтың түріне қатысты көздерден ақпарат таппадық.

Оқтың көзі. «Қобыланды» дастанында ғана атап өтілген. Жебе ұшындағы оқтың тиер басын көз деп атайды. Оқ көзінің пішініне байланысты оның

физикалық қасиеттері, жебенің ұшу ұзақтығы мен қарқыны, мақсаты анықталады. Оқтың көзіне байланысты оның мақсатты нысанын анықтауға болады. Мәселен Қ. Ахметжановтың айтуынша оқтың жасалған материалына қарап, жебенің сауытты сындыруға бағытталғандығын, адамды жарақаттауға бағытталғандығын, болмаса белгі беру үшін жасалғанын анықтауға болатынын атап өткен.

Ататын қарумен жұмыс атаулары.

Садақты керу. Аталған тіркес «Аңшыбай» және «Қарадөң» дастандарында кездеседі. Бұл тіркеспен қаруды қолдануға әзірлеуді білдіреді. Садақтың адырнасын үнемі тартылған күйде ұстау, садақтың серпімділігі мен физикалық-динамикалық қасиеттеріне кері әсер етеді. Адырнаның үнемі тартылған күйде тұруы садақтың қызмет ету ұзақтығын күрт төмендетіп, сапасын нашарлатады. Сондықтан бұл қару түрін тек пайдаланар алдында адырнасын керіп, дайын күйге қояды.

Садақты салмақтау. Жыр мәтінінде аталған тіркес «Аңшыбай» дастанында ғана кездеседі. Садақ жауынгердің өз ыңғайына қарай пайдаланатын жеке қаруы. Сол себепті жауынгер садақты өзінің дене тұрқына, физиологиялық ерекшелігіне, садақты тарту техникасына, ауа райына және басқа да көптеген қоршаған орта факторларына байланысты баптайды. Садақты салмақтау тіркесі астарында адырнаның керу дәрежесін ретке келтіру, садақтың серпімділігін қатайту немесе босату, садақтың бөліктерінің арасындағы салмақ қатынасын өзгерту және пайдаланатын оқтың түріне сәйкестендіріп қарудың адырнасын келтіру жұмыстары айтылады. Садақ жөнді бапталмаған жағдайда өз қызметін дұрыс атқармауы мүмкін. Кейде тіпті садақпен жұмыс істеп жатқан адамды жарақаттауы мүмкін. Сонымен қатар садақтың дұрыс салмақталуы оқтың нысанаға дәл тиюіне зор әсер етеді. Жоғарыда келтірген фактілерді негізге ала отырып садақты салмақтау жұмысының маңызын байқаймыз.

Садақты тарту. «Аңшыбай», «Сүйініш» дастандарында кездеседі. 4 рет қайталанған. Бұл әрекет жебені қанаты аяқталған тұстан ұстап тұрып, садақтың адырнасына керуді білдіреді. Садақпен жасалатын аталған әрекеттің техникасы әртүрлі. Бұл әрекет садақшының қолындағы қаруын сезуге, оның физикалық мүмкіндіктерін дұрыс есептеуге мүмкіндік береді. Садақты тарту техникасы әртүрлі және садақпен жұмыс істеп жатқан адамның жасына, жынысына, тәжірибесіне байланысты өзгеріп отырады.

Ататын қарумен қимыл атаулары.

Ату. Жыр мәтінінде 64 рет қайталанатын. Садақтың адырнасы арқылы жебені керіп ұшыру әрекеті.

Атып түсіру. Жыр мәтінінде 1 рет қайталанатын. Садақтың адырнасы арқылы керіп ұшырған жебенің нысанаға тию әрекеті.

Атысу. Жыр мәтінінде 3 рет қайталанатын. Екі не одан да көп қарсыластың ататын қарумен бір біріне жебелерді ату әрекеті.

Қабырғасын сөгу (қабырғасын қақырату). «Аңшыбай», «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастандарында кездеседі және барлығы 2 рет қайталанған. Қазіргі қазақ тілінде қабырғасын сөгу, қабырғасы сөгілді және т.б. ұқсас тіркестер орны

толмас ауыр қазаға байланысты қолданылады. Дегенмен аталған тіркестің «Қырымның қырық батыры» жырындағы мағынасы біршама өзгеше. «Аңшыбай» батыр дастанында батыр *қабырғасын сөгу* тіркесімен қарсыласына қарсы жасайтын әрекетін айтады. *Қабырғасын сөгемін* деп қарсыласының сауытын меңзейді. Осындай тұжырымға келуімізге қару-жараққа байланысты тарихи әдебиетті қарастыру барысында келдік. Ахметжанов бойынша XIV-XVII ғасыр аралығында жауынгерлер арасында «ламелляр» яғни метал сақиналардан өріліп құрастырылған сауыттар көпшілік қолданыста болған. Аталған сауыт жауынгердің денесін кесетін, шабатын және ататын қарудың соққыларынан жақсы қорғаған. Бұл сауыт түрлері белгілі ретпен өзара пішілген метал сақиналардан құралған. Әдетте сақиналардан пішілген сауытты тоқу техникасы қазіргі кездегі қолөнер саласында жіптен жемпір тоқу техникасына ұқсас. Сауыттың алды, арты және жеңдері жеке тоқылады. Сауыттың тоқылған бөлшектерін әдетте сым арқылы өзара пішеді. Осындай әдіспен пішкен сауыт серпімді, адам денесінде қолайлы тұрады. Сонымен қатар тұтас пішкен сауытқа қарағанда жөндеуге қолайлы келеді. Оның үстіне сауыт тоқыған ұста бұндай сауыттың өлшемін батырдың дене пішіміне оңай өзгерте алады. Сақиналар сауытқа тұтастық пен берік байланыс бергенімен, бұндай сауыттың икемділігі әлсіз тұсы болып келеді. Сауытты байланыстырып тұрған сымның үзілуі сауыттың тұтастығын бұзады. Бұл өз кезегінде жауынгерді қорғансыз қалдыратын болған. Осы ретте XIV-XVII ғасыр аралығында соғыс қимылдары барысында қарсыластың сауытының тігісін үзіп, сөгіп тастау өзекті мәселе болды. Ортағасырлық батырлар үшін соғыс майданында қарсылас сауытының тұтастығын бұзу бірінші кезектегі міндетке айналды. Бұл міндетті орындау ортағасырлық соғысты жүргізу тактикасын өзгертіп, батырлардың қолданып жүрген қару-жарақ кешеніне өзгерістер әкелді. Тарихи деректерде байқағанымыздай XIV-XVI ғасырлар аралығында ататын қарудың қолданысында трансформациялар орын алды. Ататын қарудың жарақаттау қуаты мен ұшу ұзақтығы екенші орынға шықты. Оның орнына жебелердің сауытты бұзу қасиеті мен сауыттың шынжырларын үзу қызметінің нәтижелілігі бірінші орынға шықты. Яғни ортағасырлыққа дейінгі тарихи кезеңдерде ататын қарудың негізгі нысаны қарсылас болса, ортағасырлық кезеңде қарсыластың сауыты ататын қарудың негізгі нысанына айналды. Батырлардың садақ ату өнерінде жебенің ұшу ұзақтығы мен аэродинамикалық қасиеттерінің маңызы төмендеді. Оның орнына жебенің нысананы соғу қуаты мен дәлдігі маңызға ие болды. Бұл жағдайда ататын қаруды пайдалану қашықтығы да қысқарды. Себебі соғу қуаты жоғары және дәл ұшатын жебені алыстан садақпен ату мүмкін емес болды. Батырлар садақпен сауыттың тігістері бойын атып түсіруге машықтанды. Көп жағдайда сауыттың тігістері қолтық тұсында, қабырғаны бойлай бүйірге дейін орналасты. Сауыттың қабырғасын сөгу мақсатында ататын қару жебесінде сәйкес өзгерістер орын алды. Жебелердің оғы ауырлап пішіні шынжырды үзуге бейімделді. Жебенің ұзындығы артты. Жебені қанаттаудың маңызы төмендеді. Соның әсерінен оқтың ұшу арақашықтығы төмендеп, аэродинамикалық қасиеттері төмендеген. Есесіне оқтың соғу күші артып, жебесінің жаралау

ауданы ұлғайды. Аталған уақыт аралығында *қозы жауырын оқ, он екі тұтам оқ* және т.б. оқ түрлерінің актуалдығы артқан. Ортағасырлық ұрыс майданында оппонентті ататын қарумен сауытын сөгіп жарамсыз ету, қарсылас батырдың аман қалу ықтималдылығын қатты төмендеткен. Сауыты жарамсыз болып қалған батыр ең оңтайлы жағдайда ұрыстан шет қалып, ешкімге қауіп төндіре алмай отырған. Басқа жағдайларда майданда ауыр жарақаттанған, кейде тіпті өлуге дейін барған. Сол себепті жыр мәтінінде *қабырғасын сөгу* тіркесіне мән беріп, ерекше қолданып, жоғары маңыз берген.

Оқ ату. «Қарадөң» дастанында ғана қайталанған. Садақпен жебені тарту әрекетін білдіретін тіркес. Бұл жерде метонимия құбылысын байқауға болады. Яғни жебенің орнына оның бір бөлшегі, жарақаттаушы бөлігін атап жатыр.

Оққа ұшу. «Аңшыбай» дастанында 1 рет қайталаанады. Ататын қарумен жебені ату әрекетінен нысананың жарақат алуын білдіретін тіркес. Оққа ұшу тіркесі, әдетте, жыр мәтінінде садақтан атқан жебенің оғынан ауыр жарақат алу мағынасында қолданған. Бұл ретте жырдағы оқиғалар антисептикалық құралдар кең қолданысқа енбеген уақытта орын алғандықтан, «оққа ұшу» тіркесінің бойында жарақат алған адамның ұзақ уақытқа соғыс қимылдарына қатыса алмайтынын, болмаса өмірі үшін аса қауіпті жарақат алғанын білдірген.

Ататын қаруды пайдалану ерекшелігі. Жыр мәтініндегі ататын қаруды пайдалану оқиғаларын талдай отыра аталған қаруды пайдаланудың өзіндік жағдайлары болғанын аңғарамыз. Жыр мәтінін талдай отырып ататын қаруды орта және жақын қашықтықта пайдаланғанын аңғарамыз. Бұған аталған тарихи кезеңдегі технологиялардың даму ерекшелігі мен металл өндіру және өңдеу деңгейіндегі өзгерістер себеп. Жыр мәтініндегі ататын қаруды пайдалану ерекшеліктеріне тоқтамас бұрын, жырда сипатталған оқиғалар орын алған кезеңді сипаттап, аталған заманның өзіндік технологиялық ерекшеліктеріне шолу жасаған жөн болар.

Ортағасырлық кезеңнің орта шағында метал өңдеу технологияларында үлкен өзгерістерді байқауға болады. Металды тау жыныстарынан өндіру технологиялары жетіледі және соны есебінен қару менен жарақтың құрылымында металдың үлесі артты. Мысалы осы аралықта метал пластиналарынан құрастырылып, өзара былғары баулар арқылы біріктірілген сауыттардың орнын метал сақиналардан өріп тоқылған сауыттар басты. Бұл жағдайда ататын қарудың және оның құрамдас бөлшектерінің сауыттағы өзгерістерге бейімделгенін көруге болады. Яғни ататын қарудың жебесі қарсыласты және оның сауытын нысанаға алатын болды. Бұл өзгеріс ататын қаруға қатысты жебе түрлерінің көбеюіне әкеп соқты. Ататын қаруға қатысты жебе түрлерінің көбеюі өз кезегінде олардың атауларын да көбейтті. Мысалы «сауыт бұзар оқ», «он екі тұтам оқ», «қозы жауырын оқ» секілді атаулар пайда болды. Бұл атаулар ортағасырдағы соғыс майданында орын алған өзгерістерге жауап ретінде шықты. Сонымен қатар бұл құбылыс адам санасында жебенің нысаны ретінде адаммен қатар оның жарағы да танылуы мүмкін деген түсінікті нығайтты. Бұл құбылыс тілде ататын қаруды пайдалануға байланысты жаңа түсініктердің пайда болуына әкелді. Мысалы «қабырғасын сөгу» тіркесі

Қырымның қырық батыры жыры мәтінінде ататын қарудың жебесін ұшырып, нысан сауытындағы сақина(лар)ды физикалық түрде ұзу арқылы әрекет етудің нәтижесін білдіреді. Бұл тіркестің семантикалық аясында бірнеше құбылыстың сәйкес келуі жатыр. Біріншісі шарт қарсылас екі тараптың болуы. Қарсылас тараптардың арнайы кеңістікте кездесуі. Қарсылас тараптардың қарулы болуы және жарақтануы. Қарсылас тараптың бірінде ататын қарудың болуы және метал сақинаны сындыруға арналған жебенің болуы. Тараптың бірі атқан жебенің екінші тарап сауытына тиіп, сауытының тігісін үзуі. Келтірген шарттар орындалған жағдайда «қабырғасын сөгу» құбылысы жүзеге асады. Жоғарыда келтірген ақпарат «қабырғасын сөгу» құбылысының семантикалық аясын білдіреді. Шарттар құбылыстың сипатын көрсеткенімен, аталған құбылыстың сипаттамасы жоғарыда келтірген ақпаратпен шектелмейтінін атап өткен жөн. «Қабырғасын сөгу» тіркесінің мағыналық қабаттарында психологиялық және эмоционалды ақпарат бар. Ортағасырдағы ұрыс кезінде бір тарап батыр сауытының тігісі үзілген жағдайда, сауыттың тұтастығы бұзылады. Яғни батырдың денесін және маңызды органдарын қорғайтын металл жабын жойылады. Батырдың денесі суық қаруға қарсы қорғансыз қалады. Жоғарыда келтірген жағдай орын алған жағдайда сауыты бұзылған батыр үшін ұрыс тоқтайды. Өйткені сауыты бұзылған батырдың жарақаттану болмаса тіпті майданда өліп кету ықтималы лезде артады. Бұл жағдай батыр және оның қоршаған ортасы үшін өлу қаупі жоғары екенін де көрсетеді. Сондықтан батырлар жыры, соның ішінде Қырымның қырық батыры жыры мәтінінде аталған тіркеске мән берген. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан «қабырғасын сөгу» тіркесін метонимиялық құбылысқа жатқызамыз. Тіркес атауы құбылыстың физикалық орындалуын білдіреді. Ал тіркестің семантикалық құрамы өзара байланысты әдістемелік жабық ақпаратты құрады. Бұл тұрғыдан «қабырғасын сөгу» тіркесіне семантикалық тұрғыдан аналогия ретінде спорт терминдерін ұқсатуға болады.

3.1.2 Кесетін қару атауларының когнитивтік-прагматикалық мәні

ҚҚБ жырында кесетін қаруға қатысты 27 атау кездеседі. Олар жыр мәтінінде жалпылай 249 рет қайталанған. Кесетін қаруға қатысты атаулардың жіктелімін Сурет 2-ден қараңыз.

Алмас. «Парпария», «Едіге», «Нұрадын», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазі», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тама», «Тана», «Нәрік», «Шора», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Көкше», «Кеңес», «Алау», «Манашы» дастандарында атап өтілген. Жыр мәтінінде 60 рет кездеседі. Сонымен қатар жыр мәтінінде аталған суық қарудың келесі түрлері кездеседі: *Ақ алмас*, «Сүйініш» дастанында кездеседі. *Болат алмас*, «Қарадөң» дастанында қайталанған. *Көк алмас*, «Аңшыбай», «Жұбаныш» дастандарында кездеседі.

Берен. «Парпария», «Мұса», «Қарадөң», «Сүйініш», «Тегіс, Көгіс», «Тана», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Кеңес», «Тұяқбай», «Алау» дастандарында атап өтіледі. Барлығы 17 рет қайталанған. Жырда береннің келесі түрлері бар:

Ақберен. «Парпария», «Қарадөң», «Тегіс, Көгіс», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қосай», «Кеңес», «Тұяқбай», «Ахмет», «Төрехан» дастандарында айтылады. Барлығы 15 рет қайталанған.

Көкберен. «Нұрадын», «Қарадөң», «Бегіс», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастандарында атап өтіледі. Барлығы 6 рет қайталанған.

Қанжар. «Аңшыбай», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Тұяқбай», «Телағыс» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде барлығы 9 рет қайталанған.

Қылыш. «Едіге», «Орақ, Мамай», «Тана», «Нәрік», «Ахмет», «Сұлтанкерім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қартқожақ», «Құлыншақ» дастандарынан басқа дастандардың бәрінде кездеседі. Жыр мәтінінде барлығы 89 рет қайталанған. Жыр мәтінінде қылыштың төмендегі түрлері көрсетілген:

Алмас қылыш. «Тама» дастанында ғана кездеседі. Бір рет қайталанған.

Қалақ қылыш. «Сұлтанкерім» дастанында атап өтілген. Бір рет қайталанған.

Пышақ. «Едіге», «Нәрік», «Кеңес», «Тұяқбай» дастандарында кездеседі. Барлығы 6 рет қайталанған.

Семсер. «Сүйініш», «Бегіс», «Тегіс, Көгіс» дастандарында қайталанған. Барлығы 6 рет қайталанған. Жырда семсердің бір ғана түрін атап көрсеткен.

Ақ семсер. «Қарадөң», «Тегіс, Көгіс», «Қосай», «Ахмет» дастандарында аталған. Барлығы 8 рет кездеседі.

Кесетін қарудың құрамдас бөліктері.

Балдақ. «Парпария», «Едіге», «Нұрадын», «Мұса», «Орақ, Мамай», «Жұбаныш», «Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Шора», «Қобыланды», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Қосай», «Телағыс», «Алау», «Төрехан» дастандарында кездеседі және 18 рет қайталанған. Жырда балдақтың әрлеу материалына байланысты ақ балдақ, алтын балдақ, көк балдақ, күміс балдақ түрлері аталған.

Жүз. «Аңшыбай», «Қосай» дастандарында кездеседі. Жырда жүздің келесі түрлері көрсетілген:

Алмас. «Қосай» дастанында 1 рет қайталанған.

Екіжүзді. «Аңшыбай» дастанында 1 рет қайталанған.

Қынап. Қынап – кесетін қарудың жүзін салып қоятын және жол жүру барысында қауіп төндірмес үшін сақтайтын жабдық. Қынап түрлі материалдардан жасалады. Қынап иесінің әлеуметтік орны мен дәулетіне қарай безендіріледі. Жырда қынап «Аңшыбай», «Парпария», «Мұса», «Тана» дастандарында қайталады. Барлығы 8 рет қайталанған.

Сап. «Көкше» дастанында 2 рет қайталанған. Кесетін қарудың қолға ұстайтын бөлігін сап деп атайды.

Кесетін қарумен жұмыс атаулары.

Қылышты қаптау. Қылышты сақтауға және қылышты тасымалдауға арналған қынап жасау әрекетін жыр мәтінінде *қаптау* деп атайды. «Қарадөң» дастанында кездеседі.

Кесетін қарумен қимыл атаулары.

Шабу. «Парпария», «Құттықия», «Едіге», «Мұса», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазы», «Қарадөң», «Сүйініш», «Тегіс, Көгіс», «Асанқайғы, Тоған,

Абат», «Ер Қосай», «Ер Кеңес», «Тұяқбай», «Телағыс», «Ахмет», «Алау», «Әмет», «Төрехан», «Жаңбыршы», «Шынтас» дастандарында кездеседі. Барлығы 53 рет қайталанған.

Шабысу. «Парпария», «Мұса», «Жұбаныш», «Ер Бегіс» дастандарында кездеседі. Барлығы 6 рет қайталанған.

Кесетін қаруды пайдалану ерекшелігі.

Кесетін қарудың жыр мәтінінде қайталану жиілігін талдай отырып, аталған қару түрі ерекше жағдайларда пайдаланылатынын анықтадық. Сондай-ақ жыр мәтініне сүйенсек кесетін қару негізгі қару түріне жатпайтыны белгілі болды. Жүзі бар қаруды пайдаланудың өзіндік орны мен тәртібі бар екен. Жыр мәтініне сәйкес батырлар кесетін қаруды жекпе жек жағдайында, қорған ішіндегі ұрыста және жақын қашықтықта шайқасқан кезде пайдаланатынын көзге түсті. Қарудың бұл түрін жыр мәтінінде жоғарыдағыдай көрсетудің негізі бар екені анық. Кесетін қарудың әрекет ету радиусы төмен болғандықтан, жүзі өткір қаруды тар кеңістікте пайдалану өте қолайлы. Сонымен қатар қаруды аталған түрін пайдалану арнайы дағдылар мен тәжірибені қажет етеді. Өйткені кесетін қаруды орынды пайдаланбаған жағдайда батыр қаруды зақымдауы, өзіне зиян келтіруі, тіпті жанындағы одақтастарға қауіп төндіруі мүмкін. Сол себепті батырлардың жыр мәтінінде бұл қару түрін арнайы жағдайларда пайдаланғанын көріп отырмыз. Кесетін қару мен оның құрамдас бөлшектерінің атауларын қарастыратын болсақ, жыр мәтінінде жүзі ұзын және жүзі қысқа қару түрлері сипатталған. Жүзі ұзын қару түрлеріне Алмас, берен, қылыш, семсер жатады. Жүзі қысқа қаруға қанжар және пышақ жатады. Этнография және тарихи деректерге сүйенсек, жырда сипатталған жүзі ұзын кесетін қарудың тұрқы иілген және жүзі бір жағынан қайралған болып келеді. Жүзі ұзын қарулардың өзара ішкі айырмашылығы функционалдық қасиетінде көрініс беріп тұр және қарулардың атауы функционалдық ерекшеліктерін көрсетіп жатыр. Бұл ретте жүзі ұзын кесетін қару атауларындағы функционалдық сипатқа көшпес бұрын, кесетін қарудың қызметтік ерекшеліктеріне тоқталған жөн. Қ. Ахметжанов, М. Ағатай, Л. Бобров және өзге зерттеушілердің еңбектерінде жүзі ұзын, сабы және тұтқасы бар қару қызметі жағынан кескіш және кескіш-шапқыш болып бөлінеді. Кескіш жүзі ұзын қару тіліп өту, жұмсақ тіндерге жарақат салуға бағытталған болып келеді. Қарудың осы бір мақсаты оның сырт пішіні мен физикалық қасиеттеріне әсер етеді. Кескіш, жүзі ұзын қарулың әдетте пішіні жаңа туған ай кейпінде иілген, тұрқы жіңішке және салмағы жүзінің бойына теңдей үлестірілген болып келеді. Кескіш қарудың жүзін аса өткір етіп жасайды. Жыр мәтінінде кескіш қаруға *алмас* пен *семсерді* жатқызамыз. Алмас сөзі «өткір» мағынасын беретіні бәрімізге белгілі. Осы атауды қаруға беру қарудың негізгі функционалдық қасиетін көрсетеді. Яғни қару атауы семантикасында қарудың физикалық кескіш қасиеті және соған сәйкес пайдалану ерекшелігі жайында ақпарат берілген. Семсер – кескіш қару түріне жатады. Дж. Стоунның анықтамасына сүйенсек семсердің доғал пішімі ауыр және терең соққы жасауға арналмаған. Семсердің доғал пішіні мен өткір жүзінің қосындысы тіліп өтетін соққылар жасау үшін қолайлы. Семсердің бұл қасиеті оны атты жауынгерлер үшін қолайлы қаруға

айналдырды. Семсердің сөзінің мағынасына келетін болсақ, қару атауы парсының шамшир (парсыша 'شمشیر') сөзінен тараған. Бұл атау парсының шам (жазылуы 'شم', мағынасы 'азу') және шир (жазылуы 'شیر', мағынасы 'арыстан') сөздерінің қосындысынан шыққан. Яғни қару атауы парсы тілінде «арыстанның азуы» мағынасын береді. Дегенмен қару атауы қазақ тіліне өткен шақта дыбыстық өзгерістерге ұшырағанын анық байқаймыз. Сондай-ақ сөздің семантикасында парсы тіліндегі атауына тән поэтикалық реңкі жоғалған. Жыр мәтінінде семсер – жүзі ұзын, жаңа туған ай секілді біркелкі доғал, жүзі сырт радиусын бойлай қайраған, жүзінің ұшы ұштанған кескіш қару ретінде сақталған.

ҚҚБ жырында кескіш-шапқыш жүзі ұзын қару ретінде *берен* мен *қылыш* кездеседі. Кескіш-шапқыш жүзі бар қарудың бойында ерекшелейтін функционалдық қасиеттері бар. Бұл ерекшеліктер кескіш-шапқыш қаруды ұқсас жүзі бар қарулардан ерекшелейді. Кескіш-шапқыш қару көздеген нысанды тіліп өтумен қатар, терең жарақат салуды көздейді. Бұл тұрғыдан кескіш-шапқыш жүзі ұзын қарудың құрылымы мен пішіні күрделі болып келеді. Кескіш-шапқыш қарудың пішіні доғал келеді. Дегенмен пішіні жаңа туған жарты ай кейпінде біркелкі дөңгеленген болмайды. Кескіш-шапқыш қарудың жүзі балдақтан бастап ортасына немесе үштен екі бөлігіне дейін шартты түрде бір иірімді, ортасынан бастап ұшына дейін екінші иірімді құрайды. Жалпы айтқанда қарудың жүзі екі секциядан құралған. Қарудың балдақтан басталып жүзінің ортасын немесе үштен екі бөлігін қамтитын секция пішінінде иірімі әлсіз. Жүзінің ортасынан немесе үштен екі бөлігінен бастап ұшына дейін иірімі күшейіп, пішіні доғал болады. Жүзіндегі иірімі әлсіз секция қарудың шабу қасиетін арттырады, ал жүзіндегі иірімі күштірек ұшына дейін созылған секциясы қарудың тілу қасиетін қамтамасыз етеді. Кескіш-шапқыш қару жүзінің сыртында секциялар түйіскен жерде металы көп жағдайда қалыңдап кетеді. Соның есебінен қарудың соққысы күшейтеді. Аталған қарудың күрделі пішіні тұтқаға үлкен салмақ түсіреді. Сондықтан кескіш-шапқыш қарудың тұтқасы аяқталған тұсында әдетте металл алма болады. Металл алма қаруды басқаруды жеңілдетіп, білезікке түсетін жүктемені азайтады. Соның есебінен қару ұстаған адамның қолы талмайды, әрі қарудың физикалық мүмкіндіктерін қажетіне қарай пайдалануға мүмкіндік береді. ҚҚБ жырында кездесетін *берен* де қылыш та кескіш-шапқыш қарудың айқын мысалы. *Берен* сөзі сөздікте қылыш сөзінің синонимі ретінде көрсетілген [130]. Сонымен қатар сөздікте *берен* сөзімен сауытты, мылтықты [131] білдіреді. Осы ретте *берен* сөзінің семантикалық аясында металл немесе металл қорытпасын білдіруі әбден мүмкін. Біздің болжауымызша жүзі бар қаруға *берен* атауын оның жүзі жасалған металға және/немесе жүзінің физикалық қасиеттеріне байланысты берген болуы керек. Яғни қару атауы метонимиялық құбылысқа негізделген. Бұл жағдайда қару атауының семантикалық өрісі қарудың нақты бір қасиетіне ден қойып, аталған қасиетінің физикалық қасиеттерін сипаттайды. Осы арқылы аталған қаруды ұқсас немесе жақын жүзі бар қару аналогтарынан ажыратады. *Берен* атауының семантикалық өрісі арқылы қару-жарақ дискурсымен таныс жыр айтушылары мен тыңдаушылары кезінде

қаруды бірден идентификациялап отырған. Сонымен қатар жырды осы кезге дейін жеткізген Мұрын жыраудың ата кәсібі ұсталық болғанын ескерсек, жырау жыр мазмұнындағы қару түрлерін жақсы ажыратқаны анық. Кескіш-шапқыш жүзі бар қару үлгілері мысалында берен қаруының физикалық беріктігі оны функционалды жағынан ұқсас қарулардан айырғаны байқалады. ҚҚБ жырының мәтініне сүйенетін болсақ береннің ақ және көк типі атап көрсеткен. Бұл қаруды түске бөліп классификациялаудың мәні біз үшін айқын емес. Сонымен қатар дереккөздерде қарудың түстелуі бойынша ақпарат нақты емес. Дегенмен біздің болжамымызша береннің жүзі соғылған металл қорытпаның құрамындағы элементтердің арақатынасы қаруға түс берген болу керек. Осы ерекшелік береннің ішінара классификациялауға әкелуі мүмкін.

Жыр мәтінінде жүзі бар кескіш-шапқыш қарудың тағы бір атауы кездеседі. Ол атау – қылыш. ҚҚБ батыры жырында жүзі ұзын қару атауларының ішінен ең жиі қайталанатыны «қылыш». Қазақ әдеби тілінің сөздігінде қылышты шауып түсуге лайықтап жасалған қару ретінде сипаттаған [132]. Яғни анықтамада қылыштың кескіш-шапқыш табиғатына ден салған. Жыр мәтінінде қылыштың әрі шабу әрі кесу функциясын қатар атқара алатын әмбебаптығы бірден көзге түседі. Сол себепті аталған қару ҚҚБ жырына кіретін дастандардың көбінде көрініс берген. Кейде тіпті қылыш сөзінің жүзі ұзын қару атауының орнын алмастырғандай ой тудырады. Алайда бұл когнитивтік ауытқу. Шын мәнісінде жыр мәтінінде «қылыш» атауының жиі қолдануында рационалды негіз бар. Ол негізді біз тарихи деректерден табамыз. Қылыш ерте замандардан бері келе жатқан суық қарудың бірі. Қылыш сөзін алғаш көне түркі жазбаларынан кездестіреміз. Нишанян сөздігіне сүйенетін болсақ қылыш сөзі «қыл» (мағынасы 'істеу, әзірлеу') етістігінен және «ыч» жұрнағының қосындысынан туындаған [133]. ҚҚБ жырында сипатталған оқиғалар орын алған заманда қылыш ең көп тараған өткір жүзді қару ретінде қолданыста жүрген болу керек. Қарудың әмбебаптығы және қарапайым құрылымы, қылышты ортағасыр жауынгерлері үшін салыстырмалы түрде қолжетімді еткен секілді. Сонымен қатар ерте ортағасырдан бері жауынгерлер қауымы арасында қылыш қолданыста жүргендігін ескерсек, ұзақ уақыт аралығында қылышпен жұмыс істеудің өзіндік дәстүрі қалыптасып, шамасы ҚҚБ жыры оқиғалары орын алған заманда аталған қару жауынгерлерге тиесілі базалық соғыс құралдарының біріне айналған сияқты. Ал жыр мәтінінде қылыш туралы ақпарат кристалданып, оның семантикасын құратын ядролық ұғымдардың бірі ретінде көрініс берген. Жыр мәтінінде қылыштың екі санатын көрсеткен. Олар – алмас қылыш және қалақ қылыш. Алмас қылыш атауында қылышқа тән кескіш және шапқыш қасиеттері ішінен кескіш қасиетінің басым екенін көрсетілген. Яғни бұл сөздің тіркесінде алмас сөзі зат есім емес, сын есім ретінде «өткір» мағынасында қолданылады. Қалақ қылыш атауы қылыштың екінші сыныбын сипаттайды. Атаудағы «қалақ» сөзін жыр контекстінде жалпақ, енді мағынасында қолданған. Сол себепті қалақ қылыш атауы қарудың жүзі әдеттегіден кең екенін көрсеткен. Бұл атау қалақ қылыштың шабуға салаланғанын көрсетеді. Өйткені жүзі бар қарудың ені артқан сайын, оның салмағы сәйкес өседі. Салмағы артқан қарудың соққы жасайтын

әлеуеті артады. Бұған қоса қылыш ауыр болған сайын оны пайдаланатын жауынгерге жүктеме де артады. Яғни қаруды қолданатын адамның жауырын, иық, шынтақ, білек, білезік және саусақ бұлшықеттеріне көбірек салмақ түседі. Бұл жағдайда жауынгер қаруды жылдам әрі нәтижелі сермей алмайтындықтан, қарудың салмағын пайдалана отырып, қуатты соққы жасау арқылы шауып түсіруге ден қоятыны анық. Сондықтан жыр мәтінінде қылыш атауына «қалақ» сөзі жалғанып қолданған. «Қалақ» сөзі қарудың функционалдық ерекшелігін көрсетіп, оның конструкциялық құрылымы мен қолдану ерекшелігі жайында әдістемелік ақпарат беріп тұр.

ҚҚБ жырында ұзын жүзді, кескіш және кескіш-шапқыш қару жан жақты көрсетілген. Аталған қару түрінің сипаттамасы атауларымен шектелмеген. Жыр мәтінінде кескіш және кескіш-шапқыш қарулы классификациялаудың кемінде екі деңгейін байқаймыз. Бірінші классификациялау деңгейі – көрнекі. Жүзі ұзын қару жырда ақ және көк түске түстелген. Жыр мәтінінде ақ алмас пен көк алмас, ақберен мен көкберен және ақ семсер бар. Бұл жерде түстеу құбылысы қарудың өзіне қатысты емес. Түспен белгілеу қарудың жүзін меңзейді. Яғни қарудың жүзі жасалған металды көрсетеді. Кескіш және кескіш-шапқыш қарудың жүзі соғыс құралының маңызды бөлігі болғандықтан, ауыз әдебиет үлгілерінде қарудың сол бөлшегінің қару атауына ауысуы немесе атауының құрамына енуі үйреншікті құбылыс. Жоғарыда келтірген қару үлгілерінің мысалында біз қару жасалған металдың сырт көрінісі қару атауына еніп, атауының құрамдас бір бөлігіне ену құбылысын бақылап отырмыз. Функционалдық тұрғыдан осы секілді ат қою құбылысының табиғатында ақпаратты ықшамдап жеткізу және стереотиптеу үдерісін байқаймыз. Жырды тыңдаушы қауым үшін қарудың түсі туралы ақпараттың үзігі қару жасалған метал, қарудың пішіні, қарудың сырт келбеті туралы ақпарат береді. Жыр мәтіні жазылған уақытта қарудың түсі туралы ақпарат қарудың құны, функционалдық ерекшелігі, жасалу орны және өзге де мәлімет берген болуы әбден мүмкін. Қолымызда бар заманауи ғылыми әдебиет қазіргі таңда қарудың атауындағы түсі туралы ақпараттың мәні жайында шектеулі ақпарат беріп, қару атауының семантикалық өрісін жан жақты талдауға мүмкіндік бермей жатыр. Әзірге қолда бар фактілерге сүйене отырып, сақ тұжырымдар жасауға мәжбүрміз. Дегенмен жақын болашақта бұл ақпарат толығы түседі деген ойдамыз.

Жырдағы жүзі ұзын қаруды классификациялаудың екінші деңгейін қарудың пішініне байланысты атауларынан байқаймыз. Бұл атаулар қарудың конструкциялық ерекшеліктеріне негізделеді. Бұл жерде конструкциялық ерекшеліктеріне қарудың сырт келбеті, жүзінің иілу дәрежесі, жүзінің иілу сипаты, жүзінің сегменттелуі, жүзінің ені, жүзінің ұзындығы, жүзінің қалыңдығы, жүз металының тығыздығы, қарудың салмағы, салмақталғандығы, қарудың беріктігі және өзге параметрлер кіреді. Аталған параметрлер жинақтала келе кешенді түрде жүзі бар қарудың қасиеттерін айқындайды. Осы бөлімнің басында атап өткендей, жыр мәтініндегі жүзі ұзын қару физикалық қасиеттеріне қарай кескіш және кескіш-шапқыш болып ішінара жіктеледі. Ал жүзі бар қару аталарында аталған физикалық қасиеттері қару атауына арқау болған. Мәселен

алмас және *семсер* атаулары қару жүзінің кесу үшін арнайы жасалғанын көрсетеді. Қарудың кесу мақсатына сәйкес оның құрылысы, салмағы, жүзінің қалыңдығы, жүзін қайрау ерекшелігі, өткірлігі өзара байланыста көрініс береді. Жүзі ұзын кескіш қарудың өткір жүзіне, қару салмағының жеңіл болуына және жүзінің иілу градусына ерекше мән беріледі. Себебі қарумен жұмыс істегенде сермеу әрекеті жүзеге асады. Сермеу әрекеті қарудың жүзіне салмақ салуды көздемейтіндіктен, кескіш қарумен жұмыс жағдайында қару жүзінің қайралған бөлігінің ауданы маңызға ие. Қару терең жарақат салып, шауып түсіруді көздемейтіндіктен, қару жүзінің өткір болуы аса маңызды. Қару жүзінің иілу градусы қарудың нәтижелілігіне әсер етеді. Кескіш қару жүзінің әдетте иілу жоғары, әрі мүмкіндігінше біркелкі болады. Соның арқасында қарудың пішіні жарты ай тәріздес келеді. Жоғарыда келтірген кескіш қару ерекшеліктері жырдағы *алмас* және *семсер* атауларының семантикасында көрініс берген. Алмас атауында қарудың өткірлігіне ден қойылған. Яғни қаруға қатысты семантикалық өрістердің ішінен оның айрықша өткірлігі фокусқа түсіп, қару атауына көшкен. Семсер атауы тілімізге парсы тілінен енген. Бұл қару жыр оқиғалары өрбіген заманда шамасы жауынгерлер арасында сирек кездесетін қару болған секілді. Сонымен қатар тарихи деректерден қарайтын болсақ, семсер жүзінің иілу көрсеткіші жоғары болғандықтан, ол қаруды игеру ұзақ уақыт жаттығуды қажет еткен сияқты. Семсердің қатты иілген жүзі қуатты соққы жасауға мүмкіндік бермегені анық. Жауынгер семсер арқылы кескілеген соққылар арқылы қарсыластың бұлшықеті мен сіңірлеріне зақым келтіруге тырысқан болу керек. Демек аталған қару ҚҚБ жырындағы оқиғаларда атау арқылы сирек қолданатын кескіш қаруды білдіріп, оның иесін семсермен жұмыс істеудің арнайы техникасын игерген сарбаз ретінде көрсетіп жатыр. Семсер атауының семантикалық өрісінде қарудың шеттен келгендігі, қарудың сирек қолданылатынын және қаруды қарапайым батыр иемденіп, пайдалана алмайтынын анық көрсетіп тұр.

Жүзі ұзын қарудың ішінде ҚҚБ жырында кең тараған типі ол – кескіш-шапқыш қару атаулары. Жыр мәтінінде аталған қару түрлері жиі кездеседі. Олар – *берен* және *қылыш*. Бұл қару атауларының семантикалық өрісінде физикалық беріктік және әмбебаптық семалары бар. Мәселен *берен* қаруының атауы лингвистикалық тұрғыдан метонимия құбылысының нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Қару атауында жүзі ұзын қаруға тән физикалық қасиеттерінің ішінен беріктігі алға шыққан. Яғни береннің атауында оның өткірлігі, сырт қалпы назарға алынбаған. Қару атауында оның түрлі физикалық жүктемелерге қарсы тұра алатын беріктігі бірінші кезекте тұр. Бұл қарудың сырт пішініне де әсер еткен болу керек. Тарихи деректерден қарастыратын болсақ кескіш-шапқыш ұзын жүзді қарудың сырт пішінінде конструкциялық өзгешеліктері болады. Кескіш қару үлгілеріне қарағанда кескіш-шапқыш қару салыстырмалы түрде тік келеді. Кескіш-шапқыш қарудың иілу көрсеткіші төмен. Қару формасы өзге қару түрлерінен жасалған соққыларға төтеп бере алатындай етіп қалыптасқан. Сонымен қатар кескіш-шапқыш қару арқылы қуатты соққы жасауға қолайлы етіп жасалған. Келтірген қасиеттер *берен* қаруы атауының


семантикалық өрісінде көрініс берген. Бұған қоса жыр мәтінінде аталған қару атауының жиі ұшырасуы жыр оқиғаларын сипаттаған заманда қарудың батырлар арасында кең тарағанын көрсетеді. Жыр мәтінінде ең көп кездесетін *қылыш* атауына келетін болсақ, аталған қару типі ортағасыр дәуірінде өзінің әмбебаптығымен көзге түскен. Пішіні жағынан екі түрлі сегменттен құралған қылыш әрі шабу әрі кесу қызметін жақсы атқарады. Жыр мәтінінде қарудың жоғарыда келтірген қасиеті оны ұқсас қарулардан ерекшеледі. Яғни типтес қару үлгілері арасынан сырт пішініне сәйкес классификацияланады. Бұл ерекшелік қылыш атауының семантикалық өрісінде көрініс тауып, кристалданып әбден бекіген.

ҚҚБ жырында жүзі ұзын өткір қарумен қатар жүзі қысқа қару атаулары кездеседі. Олар *қанжар* мен *пышақ*. Келтірген атаулар сабы бар, жүзі қысқа, жүзі бір немесе екі жағынан қайралған, өткір ұшы бар құралды білдіреді. Жүзі қысқа қарудың екі атауындағы ұқсастықтар осымен шектелген. Жүзі қысқа қарудың екі атауында семантикалық айырмашылық бар. Қанжар сөзінің семантикалық құрамында бірыңғай әскери кәсіпке байланысты семалар бекіген. Жыр мәтінінде *қанжар* атауы бірыңғай ұрыс алаңдарында қолданғанын байқаймыз. Қанжарлар көбіне екіжүзді болып келеді. Себебі қарудың қолданыс аясы соғыспен шектелген және өзге тұрмыстық қажеттіліктерді өтеу үшін қолайсыз. Бұл ерекшелік жыр мәтінінде де көрініс берген. Қарудың этимологиясына келетін болсақ, қанжар сөзінің этимологиясы арамей/сирия тілінде "қорғаныш пышағы" мағынасын беретін 'ḫangərā, 𐤅𐤒𐤍𐤏 ' сөзінен тараған [134]. Сөздің этимологиясынан байқағанымыздай, қарудың атауы және оның мағыналық құрамы ғасырлар бойы өзінің алғашқы мәнін сақтаған. Жыр мәтінінде қанжар өзінің әуел бастағы қорғаныш пышағы, яғни қорғану үшін жасалған жүзі қысқа қару атауын сақтап қалғанын көрсетеді. Пышақ атауы жыр мәтінінде салыстырмалы түрде жиі кездеспейді. Дегенмен жырға кіретін дастандарда пышақ қару ретінде танылған және жыр мазмұнында соғыс құралы түрінде қолданыс тапқан. Бұл өз кезегінде қазіргі қазақ тілінде пышақты тек тұрмыстық және кәсіби құрал ретінде танумен айырмашылық тудырып жатыр. Көне мәтіндерде пышақ сөзі жиі кездеседі. Мысалы Махмуд Қашғари сөздігінде пышақ сөзіне әрі пышақ (жүзі қысқа құрал) әрі қылыш (жүзі ұзын қару) ретінде анықтама берген [135]. Осыны негізге ала отырып, ҚҚБ жырында қару ретінде қолдануы орынды екенін тұжырымдаймыз. Жырдағы пышақтың семантикалық өрісінде «қару» мағынасы бар екені анық көрініп тұр. Жыр оқиғалары орын алған кезеңде пышақ атауы тұрмыстық және шаруашылық құралымен қатар қаруды да білдіргенін байқаймыз.

ҚҚБ жырындағы кесетін қару туралы ақпаратты жүйелеп карталайтын болсақ, қару жүзі ұзын және жүзі қысқа болып екі топқа жіктеледі. Жүзі қысқа қару екі атаумен шектеледі. Жүзі ұзын қару функционалдық ерекшелігіне қарай кескіш және кескіш-шапқыш болып тармақталады. Кескіш, жүзі ұзын, кесетін қару екі атау және төрт вариациялық атаудан тұрады. Кескіш-шапқыш, жүзі ұзын, кесетін қару да екі атау және төрт вариациялық атаудан тұрады. Кесетін қарудың жыр мәтіні негізіндегі жіктелу картасын Сурет 1-ден көре аласыз.

3.1.3 Түйрейтін, шабатын, соғатын қару атауларының когнитивтік-прагматикалық мәні

ҚҚБ жырында сабы ұзын, ұшы өткір, кейде ілгегі бар қаруға қатысты жалпы 24 атау кездеседі. Олар барлығы 258 рет қайталанған. Түйрейтін қаруға қатысты атаулардың жіктелімін Сурет 3-тен қараңыз.



Сурет 3 – Түйрейтін қарудың жіктелуі

Найза. Бұл қару атауы «Аңшыбай», «Парпария», «Нұрадын», «Мұса», «Орақ-Мамай», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Тана», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Қосай», «Кеңес», «Тұяқбай», «Телағыс», «Ахмет», «Алау», «Әмет», «Төрехан» дастандарында кездеседі. Барлығы 127 рет қайталанған. Жыр дастандарында найзаның келесі типтері бар:

Ақ найза. «Аңшыбай», «Қарадөң», «Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Нәрік», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қосай», «Телағыс», «Ахмет», «Төрехан» дастанында кездеседі. Барлығы 46 рет қайталанған.

Алмас найза. Найзаның бұл типі «Қарғабойлы, Қазтуған» дастанында ғана кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Болат найза. «Қарадөң» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған. Болат найзаның бір санаты бар:

Шашақты болат найза. «Көкше» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Жалаң найза. «Телағыс» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Көк найза. «Сүйініш», «Тегіс, Көгіс», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Әмет» дастандарында кездеседі. Жырда төрт рет қайталанған.

Қырлы найза. «Аңшыбай» дастанында кездеседі. Жырда бұл қару бір рет қайталанған.

Ұшты найза. «Қарғабойлы, Қазтуған» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Сүңгі. «Едіге», «Нұрадын», «Орақ, Мамай» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде бес рет қайталанған. Сүңгінің екі типі жырда көрініс берген. Олар:

Ақ сүңгі. «Парпария», «Едіге», «Нұрадын», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Тана», «Нәрік», «Шора», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Кеңес», «Телағыс», «Алау», «Сұлтанкерім» дастандарында кездеседі. Жырда 34 рет қайталанған.

Көк сүңгі. «Нұрадын», «Тегіс, Көгіс», «Телағыс», «Әмет» дастандарында кездеседі. Аталған қару типі жырда барлығы төрт рет қайталанған.

Түйрейтін қарудың құрамдас бөліктері атаулары.

Жалау. «Едіге», «Қосай» дастандарында қыл жалау атауы кездеседі. Барлығы екі рет қайталанған.

Жебе. «Ахмет» дастанында кездеседі. Жырда бір рет қайталанған.

Сап. «Бегіс», «Нәрік» дастанында кездеседі. Жыр дастандарында екі рет қайталанған.

Ту. «Аңшыбай», «Қарадөң», «Нәрік», «Шора», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Ахмет» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде барлығы тоғыз рет қайталанған.

Ұш. «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастанында кездеседі. Аталған дастанда бір рет қайталанған.

Шашақ. «Көкше» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Түйрейтін қарумен жұмыс атаулары.

Найзаны егеу. «Аңшыбай» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Найзаны саптау. «Қарадөң» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Найзаны үйіру. «Аңшыбай» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Түйрейтін қарумен қимыл атаулары.

Айқасу. «Аңшыбай», «Қарадөң» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде үш рет қайталанған.

Жаншу. «Аңшыбай» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Найза салу. «Аңшыбай», «Жұбаныш», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде тоғыз рет қайталанған.

Түйрейтін қаруды пайдалану ерекшеліктері. Сабы ағаштан жасалған әрі жіңішке де ұзын, бір ұшы өткір және әдетте металдан жасалған, орта қашықтықтарда пайдаланатын соғыс құралын түйрейтін қаруға жатады. Түйрейтін қару соққы жасау үшін қол күшін және ат күшін пайдаланады. Қаруды пайдалану қарудың өткір жағымен нысанға тура соққы жасау арқылы жүзеге асады. Түйрейтін қарудың ұзындығы қуатты соққы жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен қарудың ұзындығы салмағының артуына әкеліп, қаруды белсенді пайдалану мүмкіндігін азайтады. Сол себепті қарумен жұмыс жауынгерден арнайы дайындықты талап етіп, қаруды меңгеру ұзақ мерзім жаттығуды қажет етеді. Түйрейтін қаруды пайдалану бірнеше мақсатты көздейді. Түйрейтін қару қарсылас және/немесе нысанға механикалық соққы жасау арқылы тепе-теңдігінен айыруды, аттан құлатуды көздейді. Сонымен қатар түйрейтін қару жебесі ұшы арқылы қарсыластың немесе соғыс атының дене мүшелеріне терең жарақат салуды да көздейді. Қарудың жебесіндегі ілмектер арқылы қарсылас сауытының немесе өзге жарағының тұтастығын бұзу, сауытты қалыпты орнынан жылжыту, сауыттың тігісін бұзуды көздейді. Жоғарыда келтірген мақсаттарға қарай түйрейтін қарудың ұзындығы мен жебесінің пішіні анықталады. ҚҚБ жырында түйрейтін қарудың түрлі атауы көрініс берген. Олар – найза және сүңгі. Қ. Ахметжановтың айтуынша найзаның ұзындығы 1,5-2 метр аралығын құрса, сүңгінің ұзындығы 3-3,5 метрді құрайды [34, б.67]. Алайда қарулардың арасындағы айырмашылық мұнымен шектелмейді. Түйрейтін қаруды жалпылай сипаттағанда бір ұшы өткір ұзын таяқ болғанымен, шындығына келгенде аталған қару санатының ұзындығы, салмағы, жебесінің материалы өзіндік маңызға ие. Мәселен найзаның ұзындығы оны пайдаланушы сарбазға үлкен физикалық жүктеме салмайды. Өйткені қарудың ұзындығы орта бойлы адам үшін қарумен соққы жасауға үйлесімді келеді. Жыр мәтінінде найза түйрейтін қару түрлерінің ішінде ең жиі кездеседі. Найзаны ұрыс алаңдарының көбінде қолдана береді. Дастандарда найзаны майданда, топтасқан әскери қимылдар кезінде, жекпе жекте, жартылай қоршалған кеңістіктерде қолданған. ҚҚБ жырына кіретін отыз

алты дастанның отызында батырлар найзаны пайдаланған. Бұл көрсеткіш ноғайлы жырлары туындаған заманда найзаның батырлар арсеналына міндетті түрде кіретін қару болғанын көрсетеді. Сонымен қатар найза атауының жыр мәтінінде кездесу жиілігі статистикасы аталған қарудың әмбебаптығын паш етеді. Жоғарыда келтірген пайымның тағы бір көрінісі ретінде жырда найзаның жеті типі мен бір ішкі типтерінің атауы бар. Найза типтерінің атауы қарудың функционалдық ерекшелігіне, жебесінің металына, пішініне қарай классификациялады. Мысалы *ақ найза*, *болат найза*, *көк найза* атауларында қарудың жебесі жасалған металды меңзеген. Болат найза атауындағы «болат» аса беріктігімен әрі иілгіштігімен ерекшеленетін металл қоспасын білдіреді [136, б. 519]. Бұл ретте жебесі болаттан жасалған найза атауындағы метал қоспасы семантикалық тұрғыдан көп ақпарат беріп жатыр. Яғни қару жебесінің болаттан жасалғаны найзаға ауыр соққы жасау әлеуетін арттырған болу керек. Қарудың семантикалық өрісінде болат метал жауынгер үшін найзаның беріктігі әрі қайта жөндеуге жарамды икемділігі туралы ақпарат берген болу керек. Найзаға түсті білдіретін ақ және көк атаулары қару жебесі жасалған металдың реңкін білдірген болу керек. Кесетін қаруларға байланысты бөлімде атап өткендей, қаруды түстеп атаудың нақты уәждемесі біз үшін әлі белгісіз. Дегенмен қолда бар аздаған мәліметтерді пайдалана отырып қаруға байланысты, соның ішінде найзаға қатысты ақ және көк белгіленімдер, аталған қарудың метал бөліктері жасалған қоспасының беретін реңкін білдерген деп тұжырымдаймыз. Қаруды түсі оның физикалық және механикалық қасиеттеріне қаншалықты дәрежеде әсер еткені біз үшін белгісіз. Найзаны ішінара классификациялаудың тағы бір үлгісі, қару жебесінің, яғни металдан жасалған үшкір немесе өткір бөлігінің пішініне негізделген. Қ. Ахметжановтың жазуынша найзалар жебесіне қарай қатты ерекшеленген. Жебенің екі қырлы қанжар секілді өткір түрлерінен бастап, үш, төрт, алты, сегіз және одан да көп қырлы түрлеріне дейін, тіпті диаметрі толық шеңбер құратын жебелерге дейін кездеседі. Найза жебелерінің түрленуі олардың функционалдық қасиеттері мен қарсыласқа зақым келтіру ерекшеліктерімен анықталады. Мәселен жыр мәтініндегі *алмас найза* атауы найза жебесінің қырлары өткір екенін меңзейді. Сонымен қатар бұл атау найза жебесінің қыры өткір екенін көрсетеді. Жебесінің қыры өткір болуы есебінен найзаның бұл типі кесу арқылы жарақат салуға маманданғанын және ауыр физикалық соққы жасауға арналмағанын көрсетеді. Найзаға қатысты *Жалаң найза* атауы бар. Жалпы сөздіктерде жалаң сөзі «жалаңаш» сөзі құрамында жиі кездеседі. Сонымен қатар жалаң сөзі қаруға қатысты «жалаң қылыш» [137] атауында қолданған. Дегенмен сөздіктерде берген анықтамаларда сөзінің семантикалық құрамы анық емес. Сондықтан «жалаң» сөзіне қатысты анықтамаларды негізге ала отырып, *жалаң найза* атауында қару жебесінің қырлары жоқ, ұшы біркелкі тегіс екенін білдіреді деп тұжырымдаймыз. Жалаң найзаның ұшынан бастап, сабына қосылатын бөлігіне дейін жебе диаметрі шеңбер тәрізді. Жебесі найзаның ұшына қарай сүйірленіп конус тәрізді пішін құрып аяқталған. Жалаң сөзінің семантикасында «тегіс», «біркелкі», «ашық» мағыналары бар. Бұл пікірімізді жалаңбас, жалаңаяқ, жалаңбұт, жалаңтөс секілді қолданыстардың

тілімізде кеңінен қолданыста болуы растайды. Яғни келтірген мысалдардан «жалаң» сөзі адам денесінің ашық, тегіс, біркелкі бөлігін білдіретіні анық. Осы ретте *жалаң найза* атауы қарудың соққы жасауға арналған метал бөлігінің диаметрі тегіс және біркелкі ұштанғанын білдіруі мүмкін. Сабы ұзын қару типтерінің ішінде *қырлы найза* атауы бар. Яғни бұл найза типіне кіретін қару жебесі кемінде үш қырдан тұрады. Қырлы найзаның мағыналық құрамы қарудың соққы жасауға арналған бөлігі ұшынан бастап, қару сабына қосылатын бөлігіне дейін қыры бар екенін көрсетеді. Қырлы найза жебесінің диаметрі пішіні жағынан үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш және өзге көпбұрыштарды құрайды. *Қырлы найза* жебесі ұшына қарай сүйірленіп пирамида тәрізді үшкірленген келеді. Жоғарыда келтірген сипатты негізге ала отырып *қырлы найза* мен *жалаң найза* арасында семантикалық оппозицияны байқауға болады. Оппозиция найза жебелерінің пішініндегі айырмашылыққа негізделген. *Қырлы найзаның* жебесі бұрышы бар пішіндер құрып, ұшына қарай пирамида құрып аяқталса, *жалаң найзаның* жебесі шеңбер пішінін құрып, ұшына қарай конус түрінде аяқталған болып келеді. Қарулардың атауындағы семантикалық оппозиция, олардың функционалдық ерекшелігіне қаншалықты ықпал еткені белгісіз. Дегенмен жыр мәтінінде найзаның қырлы және жалаң болып классификациялаудың шамасы өзіндік мәні бар болған секілді. Археологиялық деректер аталған болжамды ішінара растайды [138]. Найза жебесінің диаметрі шеңбер немесе көпбұрышты болуының жыр туындаған заманда маңызды болған деген ойдамыз. Қазіргі қолда бар деректерді негізге ала отырып, қырлы найзаның жебесін өңдеу жұмыстары жүргізу біршама жеңіл болған секілді. Себебі жыр мәтініне сүйенсек найзалардың жебесі ұрыс алдында егеуден өтіп, ұшын өткірлейтін. Бұл жағдайда қырлы найзаны пішінінің қарапайымдылығы арқасында ретке келтіру оңай болатын. Жалаң найза жағдайында қарудың жебесін өңдеу арнайы дайындықты және арнайы аспаптарды қажет еткен секілді. Найза пішініне байланысты *ұшты найза* атауы жыр мәтінінде кездеседі. *Ұшты найза* атауында қарудың соққы жасайтын бөлігін ерекшелеген. Найзаның ұшы қарудың маңызды бөлігі. Қарудың аталған бөлігі нысанға тиіп, соққының қуаты сонда жинақталады. Найзаның ұшына байланысты қарудың қолдану мақсаты анықталады. Мәселен найзаның ұшы өткір болса, түйреу қасиеті артып, соққы жасау қуаты кемиді. Ал егер найзаның ұшы өткір болмаса, қарудың түйреу қасиеті кеміп, соққы жасау қуаты артады. Өйткені ұшы өткір найзамен соққы жасағанда, соққы қуатының көп бөлігі ұшына түсіп, соққы қуаты найзаның ұшын деформацияға ұшыратады. Сондықтан ортағасырлық ұрыс майданында найза ұшының өткірлігі қару сапасының индикаторы болған сияқты. ҚҚБ жыры мәтінінде *ұшты найзаны* сауыттың денені қорғамайтын бөліктерінен түйреп түсіру үшін пайдаланғанын байқаймыз. ҚҚБ жыры мәтінін талдау барысында найзаның ерекше мәнін анықтадық. Найзаның бұл мәні оның соққы жасау және түйреу қасиетінен тыс жатыр. Жыр мәтінін талдай отырып, найзаның әлеуметтік функциясы назарға ілікті. Жыр мәтінінде найзаға ілетін әшекей заттар атауы кездеседі. Олар *жалау*, *ту* және *шашақ*. Найза сияқты соғыс құралына ілетін мата кесінділерінің қарудың соққы жасау қуатын күшейтіп, нәтижелілігін арттыратын қасиеттері

жоқ. Соғыс майданында жалау мен ту танымдық қызмет атқарған болу керек. Тудың түсіне, пішініне, тудағы таңба арқылы жауынгер және әскери топтың одақтас немесе қарсылас екенін, әскери топты, әскербасыны танып отырған секілді. Ал найзасына ту ілу батыр үшін дәрежесі жоғары міндет саналған. Сондықтан найзаға ту немесе байрақ ілген батыр ортағасырлық әскери иерархиядағы орны жоғары болған деп пайымдаймыз. Жырда *жалау* мен *тудың* батыр немесе әскери топқа қатысы бойынша нақты үш атау кездеседі. Бірі *қыл жалау* атауын қалмақ әскерін сипаттағанда қолданған. Екіншісі «қаралы ту» атауы. «Аңшыбай» дастанында қарсыластың қолбасшысы өлген соң, қарсылас тарап қаралы ту көтеріп қойған. Дегенмен жыр мәтінінде қаралы тудың функционалдық мәні, қолдану ерекшелігі туралы ақпарат бермеген. Сонымен қатар қаралы тудың соғыс қимылдарын тоқтату күші бар-жоғы туралы ақпарат бермеген. Үшіншісі «Шора» дастанында Шора батыр Қазан қаласына найзаға қызыл-жасыл ту іліп кірген. Жыр мәтінінде кездесетін найзаның тағы бір әшекей элементі *шашақ*. *Шашақ* атауы *шашақты болат найза* атауында кездеседі. Шашақтың жауынгерлер үшін танымдық және символикалық рөлі жайында қолымызда ақпарат аз. Дегенмен ҚҚБ жырында шашағы бар найзаны жекелей атап өткені шашақ иесінің әскери қауымдастық ішіндегі атағы, мүмкін тіпті дәрежесі жайында белгілі бір ақпарат берген болуы әбден мүмкін. Болмаса соғыс майданында екі тарап жауынгерлері үшін шашақ сигналдық мәнге ие болған секілді.

ҚҚБ жырында сүңгінің екі типі кездеседі. *Ақ сүңгі* және *көк сүңгі*. Қаруды ақ және көк түске жіктеу сүңгінің соққы жасауға арналған бөлігі жасалған метал қорытпасы байланысты аталған болу керек. Жебені құю барысында қолданған металдардың қосындысы қаруға реңк береді. Сүңгінің функционалды ерекшеліктеріне қатысты қарудың ұзындығы көп ақпарат бере алады. Соғыс құралының ұзындығы сабы мен жебесін қоса есепке алғанда үш-үш жарым метр құрады. Мұндай ұзын қаруды басқару оңай емес екені анық. Бұған қоса ортағасыр жауынгерлері сүңгіні әдетте ат үстінде қолданғанын есепке алсақ, қару жекелеген мақсаттар үшін, мүмкін тіпті ерекше жағдайларда жұмсалуды мүмкін. Соғыс майданында сүңгі бір нүктеге бағытталған қуатты соққы жасау үшін жарамсыз болған сияқты. Себебі қарудың ұзындығы оны жылдам бағыттауға кедергі болатын. Сүңгінің әдетте ағаштан жасалған сабы әрі серпімді әрі иілгіш қасиеті арқасында қарумен нәтижелі соққы жасауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан біздің пайымымызша сүңгіні қарсыласқа жарақат жасау үшін пайдаланбаған. Сүңгінің негізгі міндеті қарсыласты аттан құлатып, жаяу соғысуға мәжбүрлеу болатын. Сол үшін ҚҚБ жырында сүңгі қаруы тек жебесінің металына қарай жіктелген. Найза типтері секілді жебесінің пішініне қарай классификациялау жоқ. Сүңгі үшін жебесінің пішіні, жебедегі қырларының саны, жебе ұшының өткірлігі, жебе ұшының қайралу дәрежесі маңызды рөл атқармайды. Аталған ерекшеліктер жыр мәтінінде көрініс тауып, сүңгі атауына қатысты әдістемелік ақпаратта көрініс берген. Төменде түйрейтін қаруды жыр мәтіні негізінде классификациялаудың когнитивті картасы берілген.

Шабатын/соғатын қару қатысты атаулардың когнитивтік-прагматикалық мәні. ҚҚБ жырында қысқа қашықтықта пайдаланатын қару түрлері бар. Бұл қару түрлерін жақын қашықтықтан қуатты соққы жасау үшін, қарсыласқа ауыр жарақат салу үшін жасалған. Аталған қару түрлеріне қатысты ортақ қасиеттер осымен ғана шектеледі. Себебі шабатын/соғатын қару түрлерінің пішіні, тұрқы, пайдалану ерекшелігі бірыңғай классификациялауға келе бермейді. Қаруға қатысты жалпы 7 атау кездеседі. Олар барлығы 11 мәрте қайталанған. Шабатын және соғатын қару түрлеріне қатысты атаулардың жіктелімін Сурет 4-тен қараңыз.



Сурет 4 – Шабатын/соғатын қарудың жіктелуі

Айбалта. «Аңшыбай» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Балта. «Құттықия», «Орақ-Мамай» дастандарында кездеседі. Жалпы жыр мәтінінде екі рет қайталанған.

Қол тоқпақ. «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастанында кездеседі. Жырда бір рет қайталанған.

Шынжыр. «Кеңес» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде екі рет қайталанған.

Шабатын/соғатын қарудың құрамдас бөліктері атауы

Сап. «Аңшыбай» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Ұңғы. «Орақ-Мамай», «Жұбаныш» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде үш рет қайталанған.

Шабатын/соғатын қарумен жұмыс атаулары

Саптау. «Аңшыбай» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Шабатын/соғатын қаруды пайдалану ерекшеліктері. ҚҚБ жырында кездесетін кейбір қару түрлерін шартты түрде шабатын/соғатын қару деп атадық. Себебі бұл қару түрлерінің ататын, кесетін және түйрейтін қарулар секілді айқын ортақ пішіні жоқ. Сонымен қатар жыр мәтінін талдау барысында ататын, кесетін және түйрейтін қару түрлерінің мамандануы, қолдану ерекшелігі, функционалды сипаттамасын байқасақ, шабатын/соғатын қару түрлеріне қатысты ақпарат аз. Қолда бар ақпаратқа сүйеніп аталған қару түрлері жақын қашықтықта пайдалануға арналғанын, жүзі қысқа немесе мүлдем жоқ екенін, жақын қашықтықта пайдаланатын қару үшін массасы үлкен және сәйкесінше салмағы ауыр екенін анықтадық. Шабатын/соғатын қаруды ішінара шапқыш-соққыш және соққыш деп бөліп қарастырамыз. Шапқыш-соққыш қаруға балта және айбалта атаулары кіреді. Жыр мәтінінде балта және айбалта атаулары сирек кездеседі. Аталған қаруларды жабық кеңістіктегі, қамал мен қорғандардың ішіндегі соғыс қимылдарында қолданған. Қарудың жыр мәтінінде сирек аталуы және аталған мысалдарда арнайы кеңістікте қолданылуы қарудың қолдану аясының тарлығын көрсетсе керек. Бұл пайымды балтаның типтеріне қатысты ҚҚБ жырында жалғыз *айбалта* атауының кездесуі және балтаның құрамдас бөліктеріне қатысты ақпараттың аздығы растайды. Балта және айбалта атауларының айырушы семасы «ай» сөзі. Қ. Ахметжановқа сүйенетін болсақ, балта мен айбалтаның айырмашылығы жүзінің пішінінде екенін атап кеткен [34, б. 82]. Айбалтаның жүзі жалпақ және жарты ай пішіндес иілген болып келеді. Соның есебінен айбалтаның шабу ауданы балтаға қарағанда кең болады. Осы ерекшелік қару атауында көрініс тауып, атауына арқау болған. Танымдық тұрғыдан қару атауы балта жүзінің пішінін сипаттап жатыр. Сондай-ақ қару атауы қарудың бастапқы нұсқасына сілтеме жасайды. Яғни балтаның семантикалық құрамында бар қасиеттердің сипаттамасы негіз болып, айбалта атауымен ортақ семаны құрайды. Ал айбалтаның шапқыш бөлігіне тән семантикалық белгілер айырмашылық жасап, дифференциалдаушы сема ретінде танылған.

ҚҚБ жырында кездесетін шабатын/соғатын соғыс құралдары ішінен соққыш қарулар тобын анықтадық. Аталған топқа кіретін қарулар *қол тоқпақ* және *шынжыр* атауларымен көрсетілген. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «тоқпақ» сөзі төрт мағынада қолданған: 1) қазық қағуға арналған құрал; 2) кілем тоқуға арналған құрал; 3) соққы, жаза мағынасында; 4) бір адамға, топқа немесе ұйымға өз еркімен немесе еріксіз қызмет етіп, деструктивті әрекеттермен айналысатын адам [139]. Бұл анықтамаларда тоқпақ атауы тұрмыс құралын сипаттау үшін қолданған. Келтірген анықтамалар тоқпақты соғыс құралы ретінде қарастырмайды. Осы ретте ҚҚБ жырында тоқпақтың қару ретінде көрініс беруі семантикалық тұрғыдан орынды құбылыс санаймыз. Себебі сөздіктер тоқпақ сөзінің мағынасын заманауи тұрғыдан қарастырған. Сондықтан анықтамада құрал атауын синхронды тұрғыдан, қазіргі қазақ тілі шеңберінде зерделеген. Сол себепті анықтамада тоқпақ соғыс құралы ретінде көрініс бермей тұр. ҚҚБ жырына тоқпақ, қол тоқпақ тіркесі түрінде кездеседі. Мәтінде қол тоқпақтың құрылысы, пішіні және өзге сипаттары туралы ақпарат бермеген. Қарудың

жасалған материалы туралы да мәлімет жоқ. Нишанян сөздігінде тоқпақ сөзіне мағыналас «doku|mak» сөзі бар және оның көне түркі тіліндегі tokı формасы «ұру, соғу, пышақ салу, тасқа жазу салу» мағыналарын береді [140, б.195]. Демек ҚҚБ жырында кездесетін *қол тоқпақ* атауының семантикалық құрамында көне түркі заманынан бері «ұру, соғу, жарақат салу» семалары сақталған. Жыр оқиғалары орын алған дәуірде қол тоқпақ қару ретінде танылып, соғыс құралы кейпінде қолданыста болған секілді. Бұл факт жыр мәтінінде сақталып көрініс берген болу керек. Кейінірек от ататын қарудың дамуы мен металл өңдеу технологияларының алға жылжуы қол тоқпақтың қару ретінде актуалдығын жоғалтуына әкеп соғып, қазық қағуға арналған тұрмыс құралының атауы ретінде сақталуына ықпал еткен сияқты. ҚҚБ жырында тағы бір соққыш соғыс құралын сипаттау үшін *шынжыр* атауын қолданған. Жыр мәтінінде шынжырды тар кеңістік ішінде, жекпе жекте қолданғанын байқаймыз. Қазақстан сөздіктерінде шынжыр атауы бар қарудың сипаттамасын таппадық. Дегенмен қырғыз тілінде шынжырдан жасалған «шалк этме» атты қарудың сипаттамасы бар және ақпаратқа сәйкес аталған қарудың атауы Манас жырында кездеседі екен [141]. ҚҚБ жыры мен «Манас» жырындағы оқиғалар хронологиялық тұрғыдан бір дәуірде орын алғандықтан, ҚҚБ жырындағы *шынжыр* деп аталатын қарудың сипаты, сырт пішіні және қолдану ерекшелігі Манас жырында кездесетін *шалк этме* қаруына жақын болуы әбден мүмкін. Манас жырындағы шалк этме қаруы үш бөліктен тұрады: тұтқа, шынжыр және соққы жасайтын доп. Шынжыр қарудың тұтқасы мен добын байланыстырады. Қарудың добында өткір метал тікендер болады. Соның арқасында қару әрі соққы жасайды әрі жарақат салады.

3.1.4 Жарақ атауларының когнитивтік-прагматикалық мәні

ҚҚБ жырында соғыс құралдарын жалпылама түрде *қару* деп атайды. Сонымен қатар соғыс құралдарын белгілеу үшін *қару-жарақ* және *жарақ* деген атауды да қолданады. Шын мәнісінде аталған белгіленім бір қарағанда соғыс құралдарын жиынтық түрде белгілеуі мүмкін. Алайда келтірген сөздердің мағыналық құрамында айырмашылықтар бары анық. Сөздіктерге назар аударатын болсақ, Қазақ әдеби тілінің сөздігінде *жарақ* сөзіне «жауға қарсы қолданатын әртүрлі құрал-сайман, қару-жарақ» [142] деген анықтама берген. Өзге сөздіктерде *жарақ* сөзіне қатысты «қару» [143,144] деген анықтама берілген. Б. Қалиев сөздігінде *жарақ* деп «қорғану үшін қажетті соғыс құралдарының жалпы атауы» [145] деп түсінік берген. Жоғарыда келтірген анықтамалар жарақ сөзінің соғыс құралдарын сипаттау үшін пайдаланатын ортақ атау екенін көрсетіп тұр. Дегенмен келтірген анықтамалардан жарақты қарудан айыратын семантикалық ерекшеліктерге келгенде екі түрі көзқарасты кездестіреміз. Ғалымдардың бір бөлігі *жарақ* сөзін *қару* сөзінің баламасы ретінде қарастырып, *қару-жарақ* сөзін соғыс құралдарының жалпы атауы ретінде көрсеткен. Екінші көзқарас *жарақ* сөзін қорғануға арналған соғыс құралдарының жалпы атауы ретінде қарастырған. Қ. Ахметжанов қару-жараққа арналған монографиясында *қару* мен *жарақ* сөздерінің аражігін ажыратып, қаруды шабуылдауға арналған соғыс құралдары атау үшін, жарақты қорғануға арналған соғыс құралдарын атау үшін қолданған. Сонымен қатар ҚҚБ жырын

талдай отырып, жыр мәтінінде жарақ сөзімен қорғануға арналған жеке соғыс құралдарын атағанын атап өткен жөн. Осы ретте Қ. Ахметжановтың пайымымен толық келісеміз. Жарақ сөзі қорғануға арналған соғыс құралдарының жалпы атауы екеніне толық қосыламыз. Жыр мәтінін талдай отырып, мақсатына қарай жарақты үш түрге жіктедік. Олар – бас жарағы, дене жарағы және қозғалмалы жарақ. ҚҚБ жырында жараққа қатысты жалпы 21 атау кездеседі. Олар барлығы 40-тан астам мәрте қайталанған. Жараққа қатысты атаулардың жіктелімін Сурет 5-тен қараңыз.

Бас жарағы. ҚҚБ жырында қару түрлерінің соққыларынан басты қорғауға арналған жараққа қатысты 3 атау және бас жарағына тағатын әшекей бұйымдарға қатысты 2 атау кездеседі. Олар барлығы 40 рет қайталанған.

Дулыға. «Аңшыбай», «Парпария», «Нұрадын», «Орақ-Мамай», «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Қосай», «Кеңес», «Телағыс», «Ахмет», «Алау», «Төрехан» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде барлығы 35 рет қайталанған.

Телпек. «Аңшыбай» дастанында кездеседі және жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Дулығаның әшекейлері.

Жыға. «Нұрадын», «Орақ-Мамай» дастандарында кездеседі. Жырда екі рет қайталанған.


Мүйіз. «Қосай» дастанында кездеседі. ҚҚБ жырында бір рет қайталанған.

Бас жарағының құрамдас бөлігі.

Қасаба. «Тегіс, Көгіс» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған. «Қасаба» атауына қатысты «дулығаның биік төбесін айтады» [1, б.196] анықтама жырда берілген.

Бас жарағын пайдалану ерекшеліктері. ҚҚБ жырында бас жарағы мәтін ішінде жиі кездесетін қорғануға арналған соғыс құралдары атауларының бірі. Бас жарағының базалық құралы дулыға. Дулыға – басты әртүрлі қарудың соққысынан қорғауға арналған, сырты металмен қапталған баскиім. Әдетте дулығаны жалаң басқа кимейді. Дулығаны жалаң басқа кию жауынгердің өзіне қауіпті болуы мүмкін. Өйткені дулығаның метал бөліктері басқа батып, жаралауы мүмкін. Дулығаға соққы тигенде дулыға металынан тараған резонанс жауынгердің бассүйегін зақымдауы ықтимал. Сондай-ақ дулығаның метал қабаты күн ыстықта жылуды бойында жинақтап, күн суықта бойына суықты жинақтайды. Осыған орай дулығаның астына баскиім киеді. Жырда жауынгерлер дулыға астына киетін баскиімді *телпек* деп атаған. Біздің ойымызша дулыға астына киген телпек соққыға қарсы амортизация беріп, жауынгердің басын қорғауға септігін тигізген. Жырда дулыға астына телпек кию фактісі сипатталған. ҚҚБ жырында дулығаға қатысты *қасаба* атауы бар. Жырдың жарияланымында Қ. Сыдиықұлы мен С. Сәкенов *қасабаға* «дулығаның биік төбесі» [1, б.196] деген түсінік берген. Ал сөздіктерде берген анықтамалар қасабаның а) баскиімге қатысты екенін [146], ә) баскиімнің төбесіне қатысты екенін [147], б) батырларға қатысты екенін көрсетті. Бұл ретте жыр мәтінін

талдай отыра және сөздіктерде берген анықтамаларды негізге алып, қасаба сөзіне қатысты келесі ерекшеліктерді анықтадық. Қасабаның дулыға төбесінде орнасқан болуы керек. Шамасы қасабаның түрлі қауырсын(дар), жалау және түрлі әшекейлер тағу үшін арнайы тесігі немесе ойығы бар болған секілді. Сонымен қатар қасабаның дулыға үшін маңызды бір конструктивті қызметі болуы әбден мүмкін. Жоғарыда келтірген атаулар ҚҚБ жырында басты қорғауға арналған жарактың конструктивтік бөліктерін сипаттайды.



Сурет 5 - Жарақтың жіктелуі

Жалпы бас жарағының конструктивтік бөліктері жыр мәтінінде бар атаулармен шектелмесі анық. Дегенмен жыр мәтіні бізге бас жарағы туралы жоғарыдағыдай мәлімет беріп тұр.

ҚҚБ жырында бас жарағының конструктивтік бөліктерімен қатар әшекей бөліктері де көрініс берген. Олар *жыға* және *мүйіз* атаулары. Жыға атауы жырда екі жерде кездеседі. Екеуінде де жығаға қатысты жығаны сипаттайтын пропозициялық ақпарат кездестіреміз. Жыр мәтініне сүйенсек жыға алтыннан жасалған және дулығаның немесе баскиімнің төбесіне тағады. Жығаны батырлар және хандар тағады. Сөздіктерге сүйенсек жыға сөзіне көптеген анықтама бар. Анықтамаларды жиып шыққанда келесі мағыналық тізбек шығады: 1) баскиім, 2) тәж, 3) әшекей, 4) қауырсын, 5) алтын, 6) асыл тас, 7) баскиімнің төбесі. Тізбекте келтірілген сипаттардың бірсыпырасы ҚҚБ жырында аталатын жығаға да тән. Дегенмен сөздіктер жығаға қатысты бір аспектіні өткізіп алып отыр. Ол жығаның ортағасыр қоғамы үшін мәні. Осы тұста жығаға қатысты әдістемелік ақпарат алға шығады. Жыға атауының диахрониялық тұрғыдан семантикалық аясы біртіндеп көрініс береді. ҚҚБ жырында жығаның әлеуметтік аспектісін ерекшелеп көрсеткен. Мәселен Нұрадын дастанында Едіге (әкесі) Нұрадыңға (баласына) біз жыға таққанға дейін, ноғайлыда біз секілді шынжырлы тұқым аз болғанын ерекше атап өтеді. Яғни Едіге мен Нұрадын өздерінің жыға таққанын айрықша әлеуметтік дәрежесін көпшілікке паш ететін символ ретінде көрсеткен. Екінші жағынан Нұрадын дастанындағы бұл тұжырымның тарихи негізі бар. ҚҚБ жырындағы Едігенің тарихи прототипі Алтын орда дәуірінде өмір сүрген адам. Тарихи деректерге сүйенсек Едіге Алтын ордада жоғары әлеуметтік статус пен саяси ықпалға ие болған ортағасырда жасаған тұлға. Саяси ықпалының күштілігінен Алтын орданың бірнеше ханын тағайындауға тікелей қатысы бар [148]. Алтын орда дәуірінде өмір сүрген Едіге ҚҚБ жырындағы Едігенің тарихи прототипі саналады. Туғаннан тайпабасының ұлы болған тарихи Едіге қарасүйек табына кіретін. Дегенмен Едіге өзінің ұзақ жылдар бойы қалыптастырған саяси ықпалының негізінде және тайпасының әскери қуатын пайдалана отырып, сол кездегі Алтын орда қоғамында белді әрі беделді тұлғаға айнала алды. Қалыптасқан жағдайын пайдалана отырып, саяси және әлеуметтік статусын балаларына беруге талпынды. Соның бір амалы саяси неке болатын. Алтын орда қоғамында Шыңғыс хан ұрпақтары мен Мұхамед пайғамбар ұрпақтары ақсүйектер табына жататын. Шыңғыс хан тұқымымен құдаласуға қол жеткізе алған адам «көрекен» дәрежесіне ие болатын. Дегенмен бұл атақ жоғары әлеуметтік дәреже берсе де, ақсүйек қатарына кіргізбейтін. Ал Мұхамед пайғамбар ұрпақтарымен құдаласудың өзіндік ішкі ерекшеліктері болатын. Ол сонау Мұхамед пайғамбар өміріне және ұрпақтарына тікелей қатысты. Бәрімізге белгілі, Мұхамед пайғамбардың ұлы болмаған. Оның ұрпақтары жалғыз қызы Фатима арқылы тарап келеді. Бұл факт пайғамбар ұрпақтарының шежіресін еркек жақтан да әйел жақтан тарқатуға негіз болды. Қожалар шежіресінің еркек және әйел жақтан бірдей дәрежеде тарайтынына хабардар болған Едіге, беделі мен байлығын пайдаланып қожадан әйел алуға қол жеткізген болу керек. Бұл

жағдайда Едігенің ұрпақтары туғаннан ақсүйек болып шыға келген. Ақсүйек статусына сәйкес баскиіміне «жыға» тағу мәртебесіне ие болатын [149]. Жыр мәтінінде Едіге мен Нұрадынның диалогы жоғарыда келтірген фактілердің нәтижесі ретінде имплицитті түрде көрініс берген. Жыға сөзінің этимологиясына келетін болсақ көне түркі сөздігінде ("Древнетюркский словарь") құс қауырсыны мағынасын беретін "JÜK II ("йүк" [IPA: iük]) перо птицы: jelim jükka jarİšdİ клей пристал к перу (МК III 70); [70, б.285]. Жығаның хандар мен сұлтандар үшін символдық және церемониалды мәні туралы Брукс өте жақсы жазған [150]. Брукстың жазуынша Осман сұлтандарының басына тағатын құс қанаты ерте замандардан келе жатқан билік символы. Құс қанаты билік пен күш атрибуты ретінде ғасырдан ғасырға көше келе бойына түрлі мәдениеттер мен әртүрлі ұлттардың дүниетанымын қабылдап, синкреттелген. Шамасы әртүрлі діндер мен идеологиялардың орнауы, жығаның билік символы ретіндегі сипатын жоя алмаған секілді. ҚҚБ жырында жығаның айрықша билік белгісі ретіндегі символдық мәні айқын көрініс берген. ҚҚБ жырында дулығаға тағатын тағы бір әшекей атауы бар. Ол – мүйіз. Ортағасырдағы әскери ғылыми әдебиетте мүйізге қатысты ақпарат таппадық. Жыр мәтінінде де дулығаға тағатын мүйізге қатысты ақпарат аз. Алайда ҚҚБ жырында мүйізді дулығаның әшекей элементі ретінде көрсеткені аталған әшекейдің батырлар жарағында орын алып, қолданыста болғанын көрсетіп отыр. Қазіргі таңда қолымызда бар деректер дулығаға тағатын мүйіздің атқарған рөлі мен маңызы жайында ақпарат аз. Дулығаға тағатын мүйіз атақты Ескендір Зұлқарнайға еліктеп қолданатын әшекей ретінде қолданыста болғаны әбден мүмкін.

Дене жарағы. Дене жарағы ортағасыр жауынгерінің ішкі органдарын, дене бұлшықеттері мен сүйектерін қарудың кез келген түрімен жасаған соққыдан қорғауға арналған қорғаныс кешені. Әдетте көпшілік танымда дене жарағы адамның денесі мен қолдарын жауып тұратын, темірден тоқыған немесе құрастырған киіммен байланыстырады. ҚҚБ жырында дене жарағы вариациялары мен соған сәйкес атауларымен ерекше көзге түсті.

Сауыт. «Аңшыбай», «Парпария», «Мұса», «Қарадөң», «Бегіс», «Тана», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қосай», «Алау» дастандарында кездеседі. ҚҚБ жырында 29 рет қайталанған.

Ақ сауыт. «Аңшыбай», «Нұрадын», «Қарадөң», «Сүйініш», «Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Нәрік», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Қосай», «Кенес», «Тұяқбай», «Телағыс» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде 27 рет қайталанған.

Бадана көз сауыт. «Қарадөң», «Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Ахмет», «Әмет» дастандарында кездеседі. Барлығы алты рет қайталанған.

Екі қабат сауыт. «Аңшыбай» дастанында кездеседі және жырда бір рет қайталанған.

Көк сауыт. «Аңшыбай», «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде екі рет қайталанған.

Қалбыр сауыт. «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастанында кездеседі және ҚҚБ жырында бір рет қайталанған.

Тоғыз қабат сауыт. «Әмет» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Берен. «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Телағыс» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде екі рет қайталанған.

Берендік. «Нәрік», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Телағыс» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде үш рет қайталанған.

Жеңсіз берен. «Нәрік», «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде үш рет қайталанған.

Көбе. «Нәрік» дастанында ғана кездеседі және жырда бір рет қайталанған.

Шекпен. «Шора», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Тұяқбай» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде бес рет қайталанған.

Қой жүн қызыл шекпен. «Асанқайғы, Тоған, Абат» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Шарайна. «Аңшыбай», «Нұрадын», «Мұса», «Орақ-Мамай», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Тана», «Шора», «Қобыланды», «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше», «Қосай», «Телағыс», «Ахмет», «Алау», «Төрехан» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде 40 рет қайталанған.

Дене жарағына қатысты қимыл атаулары.

Сауыт бұзу. «Жұбаныш» дастанында кездеседі. Жыр мәтінінде бір рет қайталанған.

Дене жарағын пайдалану ерекшеліктері. ҚҚБ жырында денені және ішкі органдарды қорғауға арналған соғыс құралдарының түрлері кеңінен сипатталған. Жыр мәтінінде дене жарағының негізгі төрт түрі мен оннан аса типтері кездеседі. Жыр мәтінін талдау барысында дене жарығы түрлерінің міндетіне қарай ішкі мамандануы бар екенін анықтадық. Сонымен қатар ҚҚБ жыры мәтінін талдау арқасында дене жарағына қатысты түрлі әдістемелік ақпарат ашылды. Мәселен сауыт атауымен көбіне металл шынжырлардан тоқып пішкен қорғаныс киімін атайды. Сауыт шынжырлары қатарласып байланысады және өзара өрмек құрады. Сауыт өрмектері біріге келе сауыттың бөліктерін құрайды. Әдетте сауыт алдыңғы мен артқы бөліктерден және жеңдерден тұратын сегменттерден құралған. Дегенмен сауыттың сегменттері жоғарыда келтірген бөліктермен шектелмеуі де мүмкін. Сауыттың сегменттері металл сым болмаса өзге иілгіш материалдар арқылы бірігеді. Біріктірілген сауытты үстіңгі киім сияқты етек жағына бас пен қолды сұғып киеді. Сауыт металдан жасаған шынжырдан тұрғандықтан, сауыттың астына көйлек киген. Бұны сауыт денеге батпас үшін және адам денесіне металдың тотығуынан аллергиялық реакция тудырмас үшін істеген. Сауыттың жұмысы өрмекші өрмегінің жұмысына ұқсас. Жіңішке шынжырлар өзара байланыса келе қорғанысты құрайды. Шынжырдың бір нүктесіне немесе аймағына тиген соққының қуаты бүкіл сауытқа тарап қорғанысты қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда сауыттың берік болуы шынжырларды біріктіру тәсілі, шынжырдың пішіні, металы, қалыңдығына қатты тәуелді. Шынжырдың физикалық қасиеттеріне қарай сауыттың да тұтастығы мен

беріктігі анықталатыны ҚҚБ жырында айқын көрініс берген. Жыр мәтінінде сауыттарға шынжырына байланысты атау беріп, классификациялаған. Мысалы ақ сауыт және көк сауыт атауларындағы түс белгіленімі металл қоспасынан туындайтын фотоэффектіге негізделген. Яғни сауыттың шынжырларын құрастырған металдан шығатын жарық эффектісі сауыт атауына негіз болған. Жалпы тұтас жыр мәтініне қарасақ, жарақты да қаруды да түсі бойынша жіктеу кең көрініс берген құбылыс екенін байқаймыз. Қаруға қатысты алдыңғы бөлімдерде *ақ найза, көк найза, ақберен, көкберен, ақ алмас, көк алмас* секілді соғыс құралының металына байланысты атаулар кездескенін білеміз. Талдау барысында қарудың ақ және көк болып жіктеуге негіз болатын металл қоспасының құрамы жайында ақпарат қолымызда жоқ. Жарақтың ақ және көк болып жіктелуіне қатысты қолымызда нақты ақпараттың болмауынан, біз жарақты түсіне қарай ажыратудың негіздерінен білетін ақпаратымыз аз. Біз қару-жарақтың ақ және көк болып жіктелуі қару-жарақ құрамындағы металдардың үлесіне байланысты болуы мүмкін деген болжамымызды ұсынамыз.

ҚҚБ жырында *екі қабат сауыт* және *тоғыз қабат сауыт* атаулары кездеседі. Жоғарыда айтып өткендей сауыт өзара байланысып, белгілі бір тәртіппен пішкен шынжырлардан тұрады. Шынжырдың бір сақинасы өзге сақиналармен байланысып тізбекке айналады, сосын сегмент құрады, ақырында сауытты қалыптастырады. Сонымен қатар сауыттың шынжыры екі немесе одан да көп сақинадан құралуы мүмкін. Бұл жағдайда сауытты құрайтын шынжырлардың беріктігі құрамындағы сақина саны артуына қарай күшейеді. Алайда байланыс құратын бір сақина орнына екі сақина орнатып күшейткен сайын шынжырдың салмағы артады да, сәйкесінше сауыттың салмағы ауырлайды. Сондай-ақ металы көп әрі тығыз тоқылған сауыттың құны жоғары болары анық. Жыр мәтінінде мұндай қалың сауытты бетпе бет шайқастарға қатысатын, ауыр қаруланған атты әскер мен хандар пайдаланады. Себебі ауыр қаруланған атты әскердің негізгі міндеті қарсылас шебінің тұтастығын бұзу. Осы міндетті орындау үшін жауынгерлер найзамен қаруланып, бойына берік сауытпен жарақтануға міндетті. Бұл жағдайда жауынгер сауыттың ауыр салмағынан қозғалысы шектеледі. Есесіне қарсыластың қатарына керемет қарқынмен, тік соққы жасай алады. Жыр мәтінінде Аңшыбай батыр *екі қабат сауыт* киіп жаудың шебін бұзуға аттанған. «Әмет» дастанында батырға қарсыласып жүрген хан *тоғыз қабат сауыт* киіп шайқасқа шыққан. Жыр мәтінін және тарихи деректерді талдай отырып, сауыттың екі не одан да көп қабат сақиналардан құрастырылуы орын алған факт екеніне көзіміз жетіп жатыр, Жоғарыда келтірген тұжырымдарды негізге ала отырып *екі қабат сауыт* және *тоғыз қабат сауыт* атауларының негізінде жарақтың құрылысы мен физикалық қасиеттеріне байланысты танымдық құбылыстар жатқанын нық сеніммен айта аламыз.

ҚҚБ жырында *бадана көз сауыт* атауы бар. Аталған сауыт типін Ө. Ағатай мен Ж. Сәбитов [151, б.1503] жан жақты сипаттаған. Аталған сауыт типі өзге сауыттар секілді шынжырлардан құралған. Дегенмен *бадана көз сауыттың* өзіндік бір ерекшелігі бар. Сауыттың бұл типінде сақиналары жалпақ және

ортасы ойылған диск пішіндес келеді. Сауыт құрылысындағы бұл ерекшелік сауыттың пішінінде өзгеріс туындатады. Кәдімгі сауыттардың шынжыры жауынгер денесін қайталап орналасатын болса, *бадана көз сауыт* шынжырлары адам денесінде сақиналар түйіскен аумақта бүтін, иілмейтін бөліктерді құрайды. Сауыттың бұл құрылысы сауыттың белгілі аймақтарын қорғау үшін өте қолайлы келеді. Дегенмен шынжырдың диск тәріздес пішіні жауынгер қозғалысын шектейтін болған секілді. Бұл жайлы Ө. Ағатай бадана көз сауыттар көбіне денені жапқанын келтірген. Тұжырымның дәлелі ретінде Ө. Ағатай жарактың этимологиясы арабша *баден* сөзінен шыққанын және оның «дене» мағынасын беретінін атап өткен. Біз Ө. Ағатай тұжырымына қосыламыз және оның келтірген дәлелін орынды санаймыз. *Бадана көз сауыт* атауындағы *көз* сөзі шынжыр сақинасының формасы сипаттаған болу керек. Біздің болжамымызша жарак атауындағы *көз* сөзі сақинаның диаметрі эллипс тәрізді екенін білдірген секілді. Қорыта келе, *бадана көз сауыт* атауы – металдан тоқылған, сақинасы жалпақ және диаметрі эллипс тәрізді келген, денені қорғауға арналған шынжырлы дене жарағын білдіреді.

Жыр мәтінінде дене жарағына қатысты бір сирек атау кездеседі. Ол – *қалбыр сауыт* атауы. Бұл жарак атауын талдау кезінде әдеби көздерден *қалбыр сауыт* атауын кездестірмедік. Дегенмен сөздіктерде *қалбыр* сөзіне қатысты бірнеше анықтама бар. Қазақ тілінің араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде қалбырды «тас, құм елейтін кең көзді елек» [102, б.251] деп түсінік берген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қалбырға «бидай, арпа тазалауға арналған, тесіктері ірірек, елек сияқты құрал» [104, б.92] деген анықтама берген. Осы екі анықтаманы талдай келе *қалбыр* сөзінің семантикалық өзегін құрайтын келесі семалар анықталды: 1) құрал, 2) металдан жасалған, 3) бүтін емес, құрама, 4) тесіктері бар, 5) тесіктері ірі. Келтірген семаларды негізге ала отырып, *қалбыр сауыт* атауының құрылысы мен сырт бейнесін құрастыруға болады.

Қозғалмалы жарак. «Қалқан» атауы ҚҚБ жыры мәтінінде төрт рет «Аңшыбай», «Қобыланды», «Алау» дастандарында кездеседі. Жыр мәтінінде қалқанға қатысты ақпарат аз берілген. Қалқанның түрлері көрсетілмеген, қалқанның қолданылуына қатысты ақпарат жоқ. Тіпті қалқанның қандай жағдайларда қолданатынын көрсетпеген.

3.1.5 Әскери терминдер мен гиппонимдердің ортағасырлық таным шеңберіндегі когнитивтік-прагматикалық аспектісі

ҚҚБ жырында соғыс тақырыбы өзекті орын алып жатыр. Жыр мәтінінде елуден аса соғыс, ұрыс және жекпе-жектің сипаттамасы бар. Бұл тұрғыда ҚҚБ жыры Алтын орда заманындағы соғыстар туралы жүйелі мәлімет беретін бірегей шығарма ретінде қарастырамыз. Жыр мәтіні ортағасырларға тән соғыстың бейнесін ашады. Соғыстың концептуалды негіздерін жаңа қырдан қарастыруға мүмкіндік береді. Соғыстың концептуалды түрдегі даму эволюциясының тілдегі көрінісін Т. Байжановтың диссертациясынан айқын байқауға болады [152].

Мәтінді талдай отырып ноғайлы заманындағы соғыстың күрделі әрі кешенді іс-шара екеніне көзіміз жетті. ҚҚБ жырындағы соғыс қимылдары көптеген әрекет түрлерінен тұрады. Әр қимылдың мақсаты мен міндеттері бар. Мақсаты

жеңу немесе саяси, экономикалық басымдықты арттыру болса, міндеттері түрлі сипатта көрініс береді. Сондықтан ортағасырдағы соғысқа қатысты талдау бастамас бұрын соғыс эволюциясы жайында мәлімет алған орынды болады. Бұл шегініс танымдық тұрғыдан талдауға оң әсер етіп, жырда сипатталған соғыстарға объективті көзқараспен қарауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Адамзат тарихында соғыс туралы идеялар мен түсініктер мыңдаған жылдар бойы өзгеріп отырды. Көне замандардан түрлі соғыстар жүріп жатты. Соғыстардың негізгі мақсаты саяси немесе экономикалық басымдылыққа ие болу, материалдық болмаса рухани құндылықтарды иемдену болды. Ал сол мақсатқа жету жолындағы соғысу тәсілдерін күшейту, қару-жарақты жетілдіру, соғысқа дайындық жүргізу, логистиканы ұйымдастыру, жауынгерлерді үйрету, ішкі коммуникацияны құру секілді шаралар үнемі жетіліп жатты. Адамдардың соғысты нәтижелі етуге талпынысы, ұрыс қимылдарының дамуына әкеп соғып жатты. Бұл өз кезегінде соғыстың жалпы бейнесін өзгертті. Сондықтан әр тарихи кезеңде соғысты жүргізу тәсілдері, соғыста қолданатын қару-жарақ кешені әртүрлі болып келеді. Бұл фактіні есепке алмау соғыс қимылдарын объективті бағалауға кедергі келтіріп, когнитивті ауытқулардың (Cognitive Biases) пайда болуына әкеледі. Сол себепті қазіргі танымымыздағы соғыс пен ортағасырлардағы соғыстың аражігін ажырату маңызды.

Қазіргі заман соғыстары бұқаралық сипатқа ие. Яғни соғысқа әр мемлекеттің 18 бен 40 жас аралығындағы ер азаматтар әлеуметтік жағдайына қарамастан қатысады. Соғысқа бұқаралық сипат XIX ғасырда енген. Соғысқа тұрғындарды жаппай тартуды алғаш енгізген Наполеон Бонапарт болатын. Содан бері әлемде соғыстар бұқаралық сипатқа ие болған. Алтын орда заманында соғыс бұқаралық сипатқа ие болмаған. Соғысқа әлеуметтік артықшылықтары бар ақсүйектер мен рубасылары қатыса алатын. ҚҚБ жырының мәтіні соны көрсетіп тұр. Соғысқа қатысып жүрген батырлар ортағасырдағы әлеуметтік элитаға кіреді. Батырларға қатысты ақсүйек, төре, мырза, алдияр, батыр секілді қаратпа сөздер қолданған. Батырлардың қарсыластары әлеуметтік элитаға кіреді. Оларға қатысты хан, сұлтан, батыр, би, шайыр, ақын секілді сөздер қолданған.

Қазіргі біздің санамызда соғыс жаппай қару-жарақ өндірісімен сипатталады. Яғни соғыс жағдайында мемлекет зауыттардың қуатын әр жауынгерді қару және оқ-дәрімен қамтамасыз ету үшін жұмсайды. Жаппай қару-жарақ өндірісі өнеркәсіптік революция нәтижесінде мүмкін болды. Ортағасырда қару-жарақ өндірісімен ұсталар айналысқан және олардың қару-жарақ шығару мүмкіндіктері өте төмен болғаны анық. Сол себепті жыр мәтінінде қару-жарақ әкеден балаға мұра ретінде беріліп отырды.

Қазіргі таңда әскери мамандарды дайындау үшін арнайы білім беру мекемелері қарастырылған. Әскери білім беру мекемелерінде жас кезінен балаларды әскери дайындықтан өткізеді. Ортағасырда әскери мамандану әкеден балаға берілетін кәсіп болған. Баланы кішкентайынан әке-шешесі, туыстары және қоршаған ортасы әскери өнерге үйреткен. Тұқымынан жауынгер болып

жүрген әулеттерді «шынжырлы тұқым» деп атайтын. Бұл өз кезегінде ортағасырда әскери кәсіпті саны шектеулі адамдар меңгергенін көрсетіп жатыр.

Қазіргі кезде заманауи әскери технологиялардың даму деңгейі соғысу кеңістігін едәуір ұлғайтқан. Көп жағдайда соғысушы тараптар бірін бірі көрмейді. Соғыс майданы бірнеше жүз шаршы шақырымға дейін созылып кеткен. Ортағасырда соғыс кеңістігі ары кетсе бірнеше шаршы шақырым кеңістікті алып жатты. Соғысушы тараптар бірін бірі көретін, көп жағдайда танитын. Сол үшін ҚҚБ жырында батырларға қарсы соғысқан қарсыластардың есімдері сақталған.

Қазіргі заман соғыстары кеңістікті басып алып, бақылауда ұстауға бағытталады. Сол үшін әскери техника мен көлік үшін үлкен қашықтықтарға орын ауысу маңызды көрсеткіш саналады. Ортағасыр соғыстарында кеңістікті басып алу маңызды болғанымен, басты міндет болмаған. Ортағасырлық соғыстар экономикалық мүдделерді басым қойған. Маңызды сауда жолдарын немесе маңызды сауда жолдарында орналасқан елдімекендерді бағындырып алуға тырысқан. Бұл факт ҚҚБ жырында да көрініс берген. Жыр мәтінінде ұрыстардың әжептәуір бөлігі камал, қорған, қала секілді қорғанысы бар елдімекендердің жанында немесе маңызды сауда жолдарының бойында, болмаса камалдар мен қорғандарды басып алу үшін орын алған.

Жыр мәтінін талдап отырып әскери терминдерді релятивтілігіне қарай категориялап, төмендегідей жіктедік.

Әскери мақсаттағы құрылыстар мен ғимараттарға қатысты терминдер: ауыз, бекіту, дарбаза, есік, жар, жер орта, зындан, қақпа, қала, камал, қапы, қор, қорған, құдық, мұнара, ор, тас қорған, тесік, тор, шеге (қорған), шыңырау, ін.

Әскери мақсаттағы құрылыстар мен ғимараттардың ерекшелігі. ҚҚБ жыры мәтінін талдай келе, классикалық ортағасыр камалдардың, яғни от ататын қару кең тарағанға дейінгі әскери құрылыстардың бейнесін бақылауға болады. Ортағасырға тән қорғаныс ғимараттары әдетте тастан немесе топырақтан тұрғызылатын. Ғимараттың бұрыштарына мұнара қояды, бірнеше қақпасы болады. Қорғаныс ғимараттары сауда жолдары жанына, өзен бойына, қалаларға жақын немесе ішіне тұрғызатын. Қорғаныс ғимараттарының периметрін қоршап ор қазып қояды. Жаудың камал түбінде қозғалуын баяулату мақсатында тор тартып қояды. Атты әскердің қозғалысын бұғау үшін камал сыртына шегелер төсеп тастайды. Бұл шаралар қорғаныс ғимараттарына жаудың ену мүмкіндіктерін қатты шектейді. Сонымен қатар жыр мәтінінде камалдың сырт қабырғасынан бөлек іш қабырғасына дейінгі аралықты «жер орта» деп атайды. Жырдағы сипаттамаға қарағанда жер орта камалдың ең қауіпті тұсы секілді. Жыр мәтініне сүйенсек қорғаныс ғимараттарының бойында шағын өткелдер мен жерасты жолдар болғанға ұқсайды. Соғыс уақытында аталған жолдар құнды ақпарат саналған. Қорғаныс ғимараттары ұзақ уақыт қорғанып отыру үшін ғимарат ауданында құдықтар қазылатын болған. Сондай-ақ азық-түлік қорын ұстайтын. Жыр мәтініне қарасақ зындан секілді құрылыстар камалдардың ішінде орналасқан болу керек. Себебі көшпенді тұрмыста әр көшкен сайын жаңа жерден зындан қазу шығыны мол әрі нәтижесіз іс болған сияқты.

Жоғарыда келтірген ақпарат қамалдың бейнесін көз алдымызға шығарады. Жыр мәтінінде қорғануға арналған ғимараттардың егжей-тегжей сипаттамасын беруі бекер емес. Орта ғасырларда қамалдарды алып, оларды бақылауда ұстау ноғайлының элитасы үшін маңызды іс саналған. Әскери мақсаттағы құрылыстар әмбебап рөл атқарған. Қамалдарға иелік ету батырды және оның туыстарына қауіп төнгенде қорған болған. Сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған. Жау шапқан кезде көпшілік үшін өмірін сақтап, малы мен мүлкін қорғайтын пана болды. Сонымен бірге батырлар үшін жауларын қамауда ұстап тұруға арналған орынның да рөлін жақсы атқарды. Жырды алғаш айтқан жыраулар қамалдар мен қорғандардың мақсатын жақсы білген секілді. Олар өз танымындағы қорғануға арналған құрылыстар мен ғимараттарды жыр мәтінінде жақсылап бейнелеп берген.

Әскери қимыл атаулары. ҚҚБ жырында әскери қимылдардың кең спектрі сипат берген. Жыр мәтініндегі соғыс қимылдары ортағасырға тән әрекет түрлерін толық қамтыған. Соғыс қимылдарының басынан бастап соғыс қимылдары аяқталар шақта орын алатын қимылдарға дейін көрсеткен. Ортағасырдағы соғыс қымбат әрі күрделі кәсіп болған. Кәсіптің бейнесін жыр мәтінінен анық көруге болады. ҚҚБ жырындағы әскери қимыл атауларының жіктемесін ҚОСЫМША Қ-ден қараңыз. Жыр мәтінін негізге ала отырып соғыс барысы мен соғыс қимылдарын жүргізу кезеңдеріне қарап келесідегідей жіктедік.

Ақпарат жинақтау және тыңшылық. ҚҚБ жырында соғысқа дайындық жолды қарау, соғыс қимылдары өтетін кеңістіктің бедерін сипаттау, майдан болатын ықтимал орындарды қарау, қонысты таңдау секілді міндеттерді қамтиды. Сонымен қатар бұл кезең жаудың орналасқан жерін анықтау, қозғалыс бағытынан хабардар болу және жауды қамтамасыз ету арналарын анықтау жұмыстарын да қамтыған. Осы әрекеттер жыр мәтінінде көрініс тапқан.

Барлау – соғыс жүріп жатқан кеңістік, жаудың орналасқан жері, жаудың азық-түлікпен қамтамасыз ету жолдары туралы ақпарат жинақтайтын, арнайы дайындықтан өткен жауынгерлер тобы жүзеге асыратын шара.

Шолу – төңіректі қарап шығу мақсатында жүргізетін жолды қарау әрекеті.

Із кесу – жау әскерінің болмаса қосшыларының жүріп кеткен бағытын анықтау үшін жүргізетін шаралар.

Әскерді соғыс орын алатын аймаққа жеткізу. Соғыс орын алып жатқан кеңістікке әскер, қосын, қызметшілер, ұсталар мен шеберлер көшіп барып, уақытша немесе тұрақты қоныс жасайды. Сондай-ақ қонысқа тұрақты түрде азық-түлік жетіп отырған. Бұл әрекеттер жырға кіретін бірнеше дастанда жорықтың сипаттамасы бар. Бұл шара логистика тұрғысынан арнайы біліктілікті қажет етеді. Сондықтан жыр мәтінінде әскердің көшінің өту барысы, тіпті кейбір дастандарда көшті бастаған батырдың аттары бар.

Аттану – атқа мініп, жолға шығу.

Жорту – белгілі бір тәртіпті сақтай отырып әскердің соғыс аймағына қарай қозғалуы.

Жорық – әскердің соғыс орын алып жатқан аймақта қозғалуы.

Озар бас – жол жүріп жатқан әскердің алдыңғы қатарында жүретін жасақ.

Әскери кеңістік пен қосынды орналастыруға қатысты терминдер. Тұрақты немесе уақытша қонысына жеткен соң әскер белгілі тәртіппен орналасады. Жыр мәтінінде әскердің орналасуы мен әскери кеңістіктерді сипаттаған. Әдетте әскери кеңістік қарсылас тараптардың қоныстарынан, қоныстарының арасындағы майданнан және қарсылас тараптар орнатқан бақылау нүктелерінен тұрады. Әскери қоныста әскери басшылықтың ордасы, жауынгерлерге арналған шатырлар, шеберханалар, қоймалар, қосын болады. Қоныс ішінде және маңызды жолдарда қаруланған күзет тұрады. Қоныс периметрінде қарауыл орналасады. Жырдағы әскери орындардың тізімі және олардың дастандарда қайталануы бойынша ақпаратты ҚОСЫМША Л-дан, әскери рөлдер бойынша ақпаратты және олардың дастандарда қайталануы бойынша ақпаратты ҚОСЫМША М-дан қараңыз.

Ат-жарақ – соғыс құралдарының және соғыс көлігінің жалпы атауы.

Әскер – соғыс ісіне қатысып жатқан жауынгерлерге, қосшыларға, ұсталар мен шеберлерге, емшілерге және өзге де адамдарға қатысты қолданатын жалпылама атау.

Әскербасы – соғысты немесе әскери кампанияны ұйымдастырып жүрген адамның лауазымы. Әскербасы рөлі ұйымдастыру және қамтамасыз ету ісіне жақын. Әскербасы соғыс қимылдарына тікелей қатыспауы да мүмкін.

Зауыт – қару-жарақ жасайтын немесе өңдеумен айналысатын шеберхана немесе шеберханалар.

Күзет – әскери қоныс ішінде белгілі бір нысанды бақылау үшін жасақталған және қаруланған жауынгер немесе жауынгерлер тобы.

Қанат (әскер) – жауынгерлердің топтанып келіп саптың шеттерін құруы.

Жол күзетші – жолды күзететін қарулы жауынгер немесе жауынгерлер тобы.

Қарауыл – белгілі бір кеңістікті шектеулі уақыт ішінде бақылап отыратын қаруланған жауынгер немесе жауынгерлер тобы.

Қарауылға шығу, қарауылда жату – белгілі бір кеңістікті бақылау.

Қарауылшы – қарауылда жүрген жауынгер.

Қол – соғыс қимылдарына тікелей қатысатын, жауынгерден құралған топтардың жиынтығы.

Қосшы – жауынгерлерге қызмет көрсететін, әскери қоныстың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін әскери жасақ.

Майдан – белсенді әскери қимылдар жүріп жатқан соғыс алаңы.

Олжа – соғыс кезінде қолға түскен мүлік.

Орда – әскердің басшылығы орналасқан жер.

Сыбай – соғыс кезінде әскери қимылдарда көмектесіп жүретін одақтас жасақ.

Шек – қарсылас тараптар бірін-бірі шабуылдамайтын аралық.

Әскери рөлдер және дәрежелер. ҚҚБ жырында әскерилерді және соғыс аймағында жүрген адамдарды белгілеу үшін қолданатын атаулар бар. Әскерилерге қатысты атаулар соғысып жүрген жауынгердің әскердегі

иерархиялық дәрежесі, соғыс қимылдарында атқарып жүрген рөлі және әскери тәжірибесі жайында ақпарат береді. Ал соғыс аймағында жүрген әскери емес адамдарға қатысты атаулар адамның құқықтық дәрежесін және қорғалу деңгейін көрсетеді.

Ардагер – соғыс тәжірибесі мол жауынгер.

Ата жау – кезінде жасы үлкен туыстары немесе руластары өзара соғысқан қарсылас тараптардың бір-біріне қатысты қолданатын атау.

Бас батыр – жауынгерлер арасында дәрежесі жоғары, қолбасшылық қызметті атқаратын батыр.

Басқыншы – сырт жерлерден басып келген жау әскеріне қатысты қолданатын атау.

Бастық (басшы) – әскерде соғыс қимылдарын және соғысты ұйымдастыруды жүргізетін адамға қатысты қолданатын атау.

Дұшпан – жау.

Жансыз – жауға қатысты ақпарат жинаумен және таратумен айналысатын тыңшы.

Жау – қарсылас тарап.

Жауыз – жауға қатысты қолданатын, негатив мәндегі атау.

Жаһи – белгісіз.

Жесір – күйеуі соғысып жүрген, хабарсыз кеткен немесе тұтқынға түскен әйел.

Жесір-жетім (жетім-жесір) – соғыс уақытында қорғансыз қалған әйелдер мен балаларға қатысты қолданатын жалпы атау.

Жете – Й. Ли бойынша «Cedd» сөзінен тараған. Қазақша «ата, баба» мағынасын береді [153]. Жыр контекстінде «жете» сөзі ағайын мағынасын беріп тұр.

Жетім– әке-шешесі соғысып жүрген, хабарсыз кеткен немесе тұтқынға түскен бала.

Күнді – белгісіз.

Күн – күйеуінің немесе ағайын-туысының қорғанысыз қалған әйел.

Қарақшы – тонаушылықпен айналысатын, ешкімге бағынбайтын қаруланған топ.

Қары – қарақшы топ мүшесі.

Қас – жау.

Қашқын – соғыстан, тұтқыннан қашқан жауынгер.

Қолбасы (қолбасшы) – жауынгерлерден құралған әскерді және соғыс қимылын басқаратын адам.

Мерген – ататын қарумен жұмысты жоғары деңгейде меңгерген жауынгерге беретін атақ.

Сарбаз – жауынгер.

Сере – белгісіз.

Тұтқын – жау қолына түскен жауынгер, адам.

Қарулы – қаруы бар.

Құлдық – тұтқынның мал-мүлкін тартып алып, еркіндіктен айыру.

Шынжырлы тұқым/туған – бір әулет мүшелерінің бірнеше буына әскери кәсіпті ұстап жүрген жауынгерге қатысты қолданатын атау.

Шынжыры үзілмеген – ата-бабасынан бастап әскери кәсіпті ұстап келе жатқан әулетке қатысты қолданатын атау.

Шынжырды үзу – жауынгерлікті кәсіп еткен әулеттің кәсіпті жалғастырмауы.

Соғыс қимылдары. ҚҚБ жырында соғыс қимылдарының кең спектрі көрініс берген. Соғыс қимылдарының сипаттамасы ортағасырлық қақтығыстардың өте қымбат және күрделі шара болғанын көрсетеді.

Топтық және жеке соғыс қимылдарының атауы.

Айқасу, алысу, жаншу, жау әпшісін қуыру, жаугершілік жауласу, жаусырау, қайрат ету/қылу/көру, соғыс соғысу (соғыс салу/қылу/ету), талапай салу, тарту, ұрыс, ұрысу, шабу (шауып кету), шабысу, шайқасу – екі не одан да көп тарап әскердің қолына қару алып бірін бірі жою әрекеті.

Айла – ұрыс кезінде орын алатын жағдайларға байланысты соғыс қимылдарын бейімдеу.

Асар – әскери көмек.

Ат құйрығын түю/байлау/өру – ұрысқа кіру алдында соғыс атын дайындау әрекеті.

Бағындыру, Сағын сындыру, – жау әскері мен халқына өз билігін орнату.

Босып көшу – жан сақтау үшін мал-мүлікті тастап, бос көшу.

Бұғау – жау әскерінің қозғалысын шектеп, қимылдауға кеңістік қалдырмау.

Бұйыру – бағынышты әскерге соғыс қимылдарын нұсқау.

Бұйрық – бағынышты әскерге беретін соғыс қимылдарына қатысты нұсқау.

Бұлтару – әскерді қолайсыз позицияда қалдырмас үшін жасайтын қимыл.

Бүлік, бүлік салу – әскер ішінде жалған ақпарат тарату негізінде жауынгерлерді әскери басшылыққа бағынбауы.

Жену, Жеңіс – әскери мақсатты орындау.

Жеңілу – әскери мақсатты орындамау.

Жесірлікке айдау – жауынгердің әйелін және бала-шағасын күштеп қоныс аударту.

Қорғау – белгілі бір нысанға жаудың өтіп кетуін болдырмау.

Қамау – жауынгерді қару-жарағынан айырып, қозғалысын шектеп тастау.

Қолға түсу – әскердің соғыс аймағында жүрген бөтен адамдарды ұстап алуы.

Қырғын, Қырылу, Қыру, Ойран салу (ойрандау) – әскерге көлемді залал келтіру.

Өз әпшісін қуыру – суицид.

Сапқа тұру (сапталу) – жауынгерлердің соғыс қимылы алдында реттеліп орналасуы.

Сауға – соғыста түскен олжадан жауынгерге тиесілі үлес.

Сауындық беру – жаудың қонысын тонаған кезде әйел мен бала-шағаны аш қалдырмас үшін қалдырып кететін мал.

Тасалану – жасырыну.

Тонау – өзіне тиесілі емес мал-мүлікті күштеп тартып алу.
 Топ – әскери бірлік.
 Топты жазбау, Топқа қосылу – жауынгерлердің топтық қимылы.
 Тұлпар – соғысқа арнайы үйреткен ат.
 Тұлпардың жалын тарату – ұрыс біткен кезде соғыс атын дайындау әрекеті.
 Шабуыл – жауынгерлердің өзара бірігіп нысанды немесе позицияны басып алу қимылы.
 Шегіну – жауынгерлердің позицияны қалдыру қимылы.
 Шыр құру – қақпан жасау.
 Ыдырау – жауынгерлердің саптан шығып, жан жаққа тарап кету қимылы.
Жекпе-жек.
 Жекеге шығу/келу – жеке шайқасуға шығу.
 Жекпе-жек – соғысушы тараптардан дәрежесі жоғары екі батырдың өзара келісіп бір-біріне қарсы шайқасуы.
 Кезек алу – қаруды алып, соққы жасау кезегін пайдалану.
 Кезек беру – қарсыласқа соққы жасау кезегін беру.
 Кезектесіп тұрмау – екі батырдың кезек күтпей соққыласу әрекеті.
 Қорғаныс ғимараты жанындағы әскери қимыл атаулары.
 Қақпаны бұзу – қорғанға кіретін қақпаны сындыру.
 Қапы қалу – қақпаны бұза алмай қорған сыртында қалу.
 Ортаға алу – жауды қорған мен майдан аралығында ұстау.
 Ортада қалу – қорған мен майдан арасында қалу.
 Ортаға түсу – қорған мен майдан арасында әскердің баруы.
 Ортада тұру – қорған мен майдан арасында әскердің қалуы.
 Соғысқа қатысты құралдар атауы.
 Жөке арқан – жөке қабығынан өрген арқан.
 Кісен – адамның қимылын шектеуге арналған құрал.
 Қақпан – адамдар мен аңдарды аулауға арналған құрал немесе құрылыс.
 Ұран – әскердегі топтардың өзін ажырату үшін пайдаланатын сөз.
 Шарық – құлдардың алысқа кетіп қалуын болдырмас үшін қозғалысын шектейтін ыңғайсыз аяқкиім.
 Шынжыр – метал сақиналардан тізіп жасаған бұйым.
 Қару-жарақ және әскери терминдердің толық тізімі және ҚҚБ жырының дастандарында қайталану статистикасы ҚОСЫМША Ә-де көрсетілген.
 Соғыс аттарының есімдері немесе гиппонимдер. ҚҚБ жырында соғыс аттарының 44 аты кездескен. Жыр мәтінінде соғыс аттары батырды майданға жеткізетін көлік ретінде көрсеткен. Жыр мәтінін талдай келе батырлардың соғыс атын тек тікелей шайқас басталарда мінегенін аңғаруға болады. Батырлар шайқас басталар шақта соғысқа мінетін атының жал-құйрығын өріп немесе түйіп дайындаған. Шайқас аяқталған соң жал-құйрығын таратып тастаған. Соғыс атын жарақтау бойынша жыр мәтінінде ақпарат бермеген. Сондықтан соғыс аттарының қорғаныс жүйесі туралы ақпарат келтіре алмаймыз. Жырда соғыс аттарына қойған есімдер жануардың сырт белгілеріне негізделген. Яғни жырдағы соғыс аттарының есім қою жүйесі жылқыны сырт танымдық

белгілеріне байланысты болып келеді. Осы ретте жырдағы соғыс аттарына қойған есімдер Британияда қолданатын жылқыны тану жүйесіне ұқсас екенін атап өткеніміз жөн. Аталған фактіні негізге ала отырып тәжірибе жасадық. Зерттеу аясында Британиядағы жылқыны тану және ажырату жүйесін негізге ала отырып, жыр мәтініндегі соғыс аттарының есімдерін жіктеп көрдік. Тәжірибенің ғылыми негізі ретінде белгілі ат спорты төрешісі және жылқы малына байланысты отыздан аса еңбек авторы Е. Хартлей Эдуардстың «The Horse Encyclopedia» [154] (Жылқы энциклопедиясы) еңбегін алдық.

Жырға сәйкес соғыс аттарына есімді ат терісінің базалық түсіне, ат терісіндегі таңбаларға, аттың жүрісіне және аттың жасына қарап қойғанын анықтадық. Жоғарыда келтірген белгілердің кемі біреуі соғыс атына қойған есімдерде кездескен. Соғыс аттарына қойған есімдердің толық тізімін және батырға қатыстылығы туралы ақпаратты ҚОСЫМША F және ҚОСЫМША D-дан көре аласыз. Жыр мәтінінде кездескен соғыс аттарының есімдерін келесі формулалар бойынша жіктедік:

Соғыс аты терісінің түсі. Мысалы: Ақсұр ат, Боз ат, Кер ат, Көк ат, Көк тұлпар, Күрең ат, Күрең тұлпар, Қара ат, Қара тұлпар, Қара көк тұлпар, Қоңыр ат, Қызыл тұлпар, Сары қызыл тұлпар, Сұр ат, Сұр қызыл ат, Телкүрең.

Соғыс аты терісіндегі таңбаға/таңбаларға байланысты. Мысалы: Ақтанау, Кер ат, Құлаша, Торы ат, Тобылғы меңді торы ат, Шұбар ат.

Соғыс аты терісінің түсі + терідегі таңба. Мысалы: Ақтабан қара ат, Боз тарлан ат, Кер тарлан ат, Көк қасқа, Жирен қасқа, Көк қасқа, Ала аяқ тарлан, Жез тұяқты жиренше, Күміс тұяқ күреңше, Күрең шұбар ат, Құла шұбар ат.

Соғыс аты терісінің түсі + жасы. Мысалы: Торы құнан ат, Ала тай.

Соғыс аты терісінің түсі + терідегі таңба + жас. Мысалы: Көк ала тай, Көк азбан.

Соғыс атының жүрісі. Мысалы: Жорға.

Соғыс аты терісінің түсі + жүріс. Мысалы: Күрең жорға, Боз жорға, Қара жорға.

Жіктеуге келмеген соғыс аттарының есімі: Ақтанау, Кершабақ, Қатукер, Қатукөк, Таспакер.

Тәжірибе нәтижесі жыр мәтініндегі соғыс аттарының есімдері аттың сыртқы визуалды белгілеріне негізделіп, прагматикаға құралғанын көрсетті. Соғыс аттарының есімдері жануарлардың сырт сипатын көрсетіп, есімдерінің мағынасы аттарға байланысты өзге күрделі ақпарат үстемеген.

Үшінші бөлім бойынша түйін

ҚҚБ жырындағы қару жарақ және әскери терминдер атауы ең көлемді әрі кең көрініс берген тілдік бірліктер қатарына кіреді. Жыр мәтініндегі қару-жарақ ең жиі кездесетін материалдық мәдениет атауына жатады. Қару-жарақ атаулары жыр мәтінінде өзекті орынға ие және жырда орын алған оқиға қару-жарақсыз өтпейді. Жыр мәтінінде қару-жарақ атауларымен қатар қаруды қолдану ерекшелігі, функционалының сипаттамасы, қолдану ерекшелігі, қаруды

пайдалану тәртібі, конструктивті құрылысы және құрамдас бөліктерінің атауы егжей-тегжей суреттелген. ҚҚБ жырының осы бір ерекшелігі оны өзге ұқсас ауыз әдебиеті үлгілерінен бөліп шығарады. Жыр мәтінінде қару-жарақ атауларының сипаттамасы жүйелі сипатқа ие. Бұл ерекшелік жыр мәтінінде атап өткен қару-жарақтың семантикалық өрісін анықтап, когнитивтік құрылымын зерделеуге мүмкіндік берді. Қару-жарақ атауларын талдау жұмысы барысында қару атауларына қатысты семантикалық өріс қарудың құрылымдық әрі функционалдық ерекшеліктерін көрсетті. Қару-жарақ атауларының семантикалық құрылымына байланысты бай эмпирикалық материал соғыс құралдарын классификациялауға жол ашты. Жыр мәтінін талдау барысында қаруды құрылымы және функционалы жағынан ортақ белгілер негізінде топтастыру жасадық. Бұл жерде қару атауына қатысты семантикалық белгілер және олардың қайталану жиілігі қарудың семантикалық және когнитивтік семантикалық құрылымын ашып берді. Сондай-ақ қару атауларының семантикалық құрылымын ашу қару түрлерін ажыратуға мүмкіндіктер ашты. Өз кезегінде аталған қару атауларын бірнеше деңгейде классификациялауды мүмкін етті. Қаруға қатысты жоғарыда келтірген құбылыстарды жүйелеу үшін когнитивтік карталау әдісін қолдандық. Нәтижесінде назарымызға өзара байланысты және өзара тәуелді, әдістемелік ақпаратқа негізделген когнитивтік құрылым пайда болды. Қаруға байланысты зерттеудің келесі сатысында талдау барысында жинақталған ақпарат ортағасырлық қару-жарақ тақырыбында маманданған тарихи және археологиялық деректермен салыстырудан өтті. Жыр мәтінін талдау барысында жинақталған ақпарат пен тарихи деректер арасында ақпараттың басым жағдайда үндестігі көрініс бергенін атап өту керек. Тарихи деректер жыр мәтініндегі қару түрлерінің сипаттамасын толықтыра түсіріп, жыр мәтініндегі соғыс сипаттамасына объектив көзқарасты қалыптастыруға зор ықпал етті.

Соғыс құралдарының екінші үлкен тобы – жарақ атаулары. Қазіргі заманауи ғылыми және көпшілік әдебиетте «жарақ» сөзі қару-жарақ сөзінің құрамдас бөлігі ретінде жиі берілген. Алайда жарақ соғыс құралдарының жеке бір лексика-семантикалық тобын білдіретін сөз екенін атап өтуіміз керек. Жыр мәтініндегі қару-жарақты талдау барысында бұл пікіріміздің дұрыстығына әбден көзіміз жетті. ҚҚБ жырында жарақ атаулары мен құрамдас бөліктерінің кең сипаттамасы бар. Сонымен қатар жыр мәтінінде жарақ түрлері құрылысы мен ерекшеліктері сипатталған. Бұл фактілер жарақ атауларын жыр мәтінін талдау арқылы классификациялауға мүмкіндік берді. ҚҚБ жырындағы жарақ атаулары негізінен дене мүшелерін, басты қорғауға арналған және жылжымалы қорғану құралдарынан тұрады. Денені және ішкі органдарды қорғауға арналған жарақ сырт белгілеріне қарай сипатталған. Дене жарағының формасы, жасалған металы, металл түсі, жарақ шынжыры немесе сақиналарының пішіні мен бедеріне қарай іштей жіктелген. Жыр мәтіні дене жарағының конструктивті ерекшеліктерімен қатар мықты және әлсіз тұстары жайында да ақпарат берген. Бұл ақпарат жинала келе дене жарағы атауларының когнитивтік-семантикалық бейнесін ашады. Яғни жыр қатысушыларының дене жарағына қатысты тілдік

санасында қалыптасқан түсініктен хабар береді. Сондай-ақ дене жарағының түріне байланысты қарсы қолданатын қару да жыр мәтінінде көрініс берген. Жоғарыда келтірген мәлімет ҚҚБ жырындағы сипатталған жарақ атаулары түбінде ортағасырлық тарихи кезеңде өмір сүрген жауынгерлерде белгілі бір пресуппозиция болғанын және аталған пресуппозицияның үзігі жыр мәтінінде көрініс бергенін атап өткіміз келеді.

ҚҚБ жырындағы әскери кәсіпке байланысты тілдік бірліктерді талдау нәтижелері соғыс қимылдарының жыр мәтінінде ауқымды сипат алғанына көрсетті. Жыр мәтінінде соғыс қимылдары шайқастар мен жекпе жектерді суреттеумен шектелмеген. Жырдағы соғыс қимылдары соғыс қимылдарын күрделі іс-шаралар жиынтығы ретінде көрсетілген. Мәтіннен соғыс шараларының ауқымы мен масштабын сипаттайтын тілдік бірліктер бар. Бұл ретте әскери кәсіп пен соғыс қимылдарына қатысты тілдік бірліктерді талдай келе оларды соғыстың белгілі бір кезеңі немесе кезеңдеріне қатыстылығына қарай жіктеуді жөн көрдік. Бұл жіктеу тілдік бірліктің семантикалық өрісі мен соғыс қимылы/қимылдарының когнитивтік белгілеріне негізделді. Осы бір белгілер негізінде талдау арқылы тілдік бірліктерді келесідегідей топтадық. Әскери ғимараттар мен құрылыстар атауы, соғысу кезеңдеріне қатысты (соғысқа дайындық, соғыс орнына бару, әскери қоныс ұйымдастыру, әскерді құру, күзет пен қарауылды ұйымдастыру, шабуылдау, қорғану, шегіну, жекпе жек), соғысты аяқтауға қатысты (тонау, олжаны бөлу, тұтқын алмасу, келіссөз жүргізу, әскерді тарату), әскери дәрежелер мен статустарға қатысты атауларды қамтиды. Бұл тұрғыда жыр мәтінін талдау барысында жинақталған эмпирикалық материал лингвистикалық антропология тұрғысынан тілдің даму эволюциясын ретроспективалық көзқараста қарастыруға мүмкіндік береді. Қоғамның дамуы, қоғам мүшелері санының артуы, қоғам қатысушылары арасында қатынастардың күрделенуі және қоғамның шаруашылық жүргізу тәртібі мен нәтижелілігінің өзгеруі міндетті түрде тілдік санада көрініс береді. Бұл құбылысты ҚҚБ жырындағы қару-жарақ атауларының мысалында көруге болады. Жыр мәтінінде қару-жарақ пен соғысқа қатысты таным, жыр туындаған аралықтағы әскери өнердің даму деңгейін бойына сіңірген. Қоғам санасындағы соғыстың бейнесі жыр мәтінінің тіндерінде таралып, өзара тәуелді әдістемелік ақпарат түрінде кодталған. Кодталған әдістемелік ақпарат «соғыс» концептуалды ұғымының шеңберінде жинақталып, когнитивтік құрылымдарды құрайды. Дегенмен жыр мәтініндегі «соғыс» ұғымы мен қазіргі заман танымдағы «соғыс» туралы танымдық біліміміз арасында үлкен айырмашылық бар екенін байқаймыз. Дей тұрғанымен жоғарыда келтірген айырмашылық ҚҚБ жырында соғысқа байланысты келтірген танымдық ақпараттың маңызын еш төмендетпейді. Керісінше, жыр мәтініндегі танымдық ақпараттың диахрониялық сипаты, соғыс туралы қоғам санасындағы түсініктердің үзігін беріп жатыр. Бұл ақпарат тілдегі таным эволюциясы үдерісін салыстырмалы негізде қарастыруды мүмкін етіп жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Когнитивтік лингвистиканы Дж. Лакофф пен Р. Лангакер бастаған ғалымдар жеке ғылым саласы ретінде бөліп шығарғалы бері когнитивтік лингвистика үлкен эволюциялық жолдан өтіп жатыр. Когнитивтік лингвистиканың зерттеу құралдары күрделеніп, ғылыми зерттеу аппараты жетіле түсті. Когнитивтік лингвистика алдына қойған міндеттер оны сабақтас ғылым салаларымен тығыз байланыс орнатуға итермеледі. Бұл байланыс тілдегі танымдық құбылыстардың табиғатын түсінуге нық қадамдар жасауға әкелді. Нәтижесінде қазіргі таңда когнитивтік лингвистика тілдегі танымдық құбылыстардың түрлі аспектілерін қарастырып жатқан заманауи лингвистиканың қарқынды дамып жатқан салаларының бірі. Когнитивтік лингвистика қарастыратын міндеттердің ауқымы кеңейген. Аталған сала қанатын синхрониямен қатар диахрония бағытына да жая алды. Диахрония бағытындағы когнитивтік лингвистиканың әлеуетін анықтаған, әрі аталған бағыттағы пионерлердің қатарында Р. Крофт, А. Дуранти, Б. Нұрдәулетова, А. Бергс және өзге зерттеушілер бар. Когнитивтік лингвистиканың диахрониялық бағыты классикалық лингвистика қол жеткізген жетістіктерді пайдалана тұрып, классикалық лингвистика шеңберінен тыс мәселелерді қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде когнитивтік лингвистиканың ғылыми аппаратын тарихи жәдігерлер және өзге мәтіндердің жасырын мазмұндық құрылымдарын ашу үшін қолайлы құрал етеді. Диссертациялық жұмыстың зерттеу объектісі етіп көптеген тарихи жәдігерлер арасынан ҚҚБ жыры мәтінін алдық. ҚҚБ жырын таңдауға жырға қатысты бірнеше объективті факті себеп болды.

ҚҚБ жыры мәтін көлемі жағынан қазақ ауыз әдебиеті ірі шығармаларының бірі. ҚҚБ жыры өзара байланысты отыз алты дастаннан тұрады. Жыр дастандары иерархиялық кезектілік құрып топтасқан. ҚҚБ жыры қырық бір батырдың өмірі мен жаугершілік хикаяларын сипаттайды. Жырдағы батырлардың тарихи прототиптері бар. Сонымен қатар жырдағы өзге кейіпкерлердің тарихи прототиптері бар. Жыр кейіпкерлерінің тарихи прототиптері 14-16 ғасырлар аралығында Алтын орда және Ноғай ордасында өмір сүрген. Жыр мәтінінің жазып алу және жариялау тарихы назар аудартады. ҚҚБ жырын жырлаған Мұрын жырау отызыншы жылдардағы репрессияларға ілінбеген. Жырау туралы алғаш ақпарат 1939 жылдан бастап кездеседі. ҚҚБ жырын жазып алу үшін Қ. Сәтбаев пен Н. Сауранбаев көп күш салып, мәселені Қазақ КСР үкіметі деңгейіне дейін көтерген. Жыр 1942 жылы Алматыда жазылған. Дегенмен жырды зерттеу мен жариялауға 1944 жылы КСРО Коммунистік партиясы тыйым салғаннан кейін, Кеңес уақытында жыр мәтіні көпшілікке қолжетімсіз болды. Жыр мәтіні 1942 жылы жазып алғаннан бастап елу жылдан астам уақыт өңделмей жатты. Бұл жағдай жыр мәтінінің бастапқы нұсқасын сақтап қалуға зор ықпал етті. Жыр мәтіні Кеңес социалистік идеологиясының цензурасына ұшыраудан аман қалды. Бұл ретте жырға қатысты келтірген факті бірегей жағдай тудырды. КСРО Коммунистік партиясының жырға байланысты орнатқан тыйымы уақыт капсуласы эффектісін тудырды. Яғни партияның шешімі жыр мәтінінің бастапқы

қалпында консервіленуге көмектесті. Ал егер жыр жазып алған уақытта Мұрын жыраудың жасы сексеннен асқанын есепке алатын болсақ, жыр мәтіні XIX ғасырдың төртінші ширегіне тән сөз саптау мәнерін көрсетеді деп толық сеніммен айта аламыз. ҚҚБ жырының жалғыз толық мәтіні 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланды. Жоғарыда келтірген фактілер қабаттаса келіп ҚҚБ жыры мәтінін зерттеуіміз үшін материал ретінде алуға негіз болды.

ҚҚБ жырының мәтіні 2005 жылы жарияланған. Бұл басылымда жыр мәтінімен қатар жырға байланысты зерттеушілердің түрлі тарихи кезеңдерде жариялаған мақалалары, БАҚ мақалалары, энциклопедия анықтамалары, естеліктер, ресми хаттар көрсетілген болатын. Бұл жарияланымның мақсаты ҚҚБ жырын елу жылдан асқан тыйымнан кейін көпшілікке жария ету еді. 2005 жылы жариялаған мәтіні мақсатын толық атқарды. Осы атаулы оқиғадан кейін ҚҚБ жырына байланысты жаңа зерттеулер толқыны басталды. Зерттеушілер жыр мәтінінен түрлі лингвистикалық, тарихи, әдеби және мәдени құбылыстарды анықтай бастаған. Алайда зерттеулер ҚҚБ жырына қатысты базалық ақпаратты бермеді. Осы бір олқылықты толтыру үшін зерттеу жұмысы сүйенетін сандық және сапалық көрсеткіштерді жинақтау қажет болды. ҚҚБ жырының ғылыми сипаттамасы жыр мазмұнынан басталды. Зерттеу жұмысында ҚҚБ жырына кіретін дастандардың атауларын және жалпы дастандар санын нақтыладық. Дастандардың жүру ретін және өзара байланысу кезектілігін пысықтадық. ҚҚБ жырының статистикалық көрсеткіштері айқындадық. Атап айтқанда жырға кіретін әр дастанда және жалпы жыр мәтінінде қолданған өлең жолы мен қара сөз (сөйлем) санын, дастандардың өзара байланысуының сандық көрсеткіштерін, дастандардың жазылып алу дәрежесін, дастандар арасындағы мазмұндық иерархияны анықтадық. Жыр мәтінінде жиі қайталанатын тілдік бірліктерді анықтадық. ҚҚБ жырында кездесетін антропоним, топоним, этноним, лауазым атаулары, атақ атаулары, қару-жарақ атаулары, әскери кәсіпке байланысты атаулар және жылқы аттарын жинақтадық. Тілдік бірліктердің жазу нұсқаларын анықтап, лексика-семантикалық топтар бойынша жіктедік. Жинақталған тілдік бірліктердің санын екі параметр бойынша шығардық. Тілдік бірліктердің жыр дастандарында қайталану статистикасын және жалпы жыр мәтінінде қайталану көрсеткіштерін есептедік. Бұл ақпаратты дерекқорларға жинақтап, осы зерттеу жұмысында пайдаландық.

ҚҚБ жырының зерттелуін «кеңестік» және «посткеңестік» деп атап, екі үлкен кезеңге бөлеміз. Кеңес кезеңіндегі зерттеулер шартты түрде 1939 жылдан бастап 1991 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде жыр мәтіні жазылып алынды, ҚҚБ жырына қатысты алғашқы зерттеулер жария болды. Алайда бұл тарихи кезеңнің цензурасы жыр мәтін жариялауға рұқсат бермей, зерттеулердің көбі жырды зерттеуге тыйым күшіне енгенге дейінгі аздаған зерттеу материалдарын талдаумен ерекшеленген. ҚҚБ жырының зерттелуіне қатысты посткеңестік кезеңі жырды зерттеу сапасының бірден артуымен ерекшеленеді. Зерттеу сапасының артуына екі үлкен оқиға әсер етті. Әуелі ҚҚБ жырының мәтіні жарияланды. Жырға қатысты Кеңес уақытында орнаған шектеулер толық

күшін жойды. Қазақстандағы және жақын шетелдегі қалың көпшілік жыр мазмұнымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл оқиға ҚҚБ жырының аудиториясын әжептәуір кеңейтті. ҚҚБ жырына қатысты екінші ірі оқиға шетелде орын алған. 2007 жылы Түрік тілі қоғамы ҚҚБ жырын түрік тіліне аударды. Алыс шетелдегі ғылыми көпшілік жыр мазмұнымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл оқиғаның нәтижесінде қазіргі таңда ҚҚБ жыры тарих, лингвистика, әдебиет, антропология, генетика, педагогика салаларындағы түрлі мамандардың зерттеуіне арқау болып жатқанын анықтадық.

ҚҚБ жырының лингвистика, соның ішіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан құндылығы шығарма мазмұнында жатыр. ҚҚБ жырын өз ұқсас ауыз әдебиеті үлгілерінен ерекшелейтін бірнеше белгілер бар. Аталған белгілер жинақтала келе ҚҚБ жырының лингвистика тұрғысынан құндылығын айқындайды. ҚҚБ жыры мәтінін талдау барысында жырдың мазмұны көптеген қабаттарға ие екенін көрсетті. Диссертация жұмысында қарастырған тілдік бірліктердің лексикалық және семантикалық қабаттарымен қатар, бойында бізге беймәлім әдістемелік ақпаратты қамтығанына анықтадық. Бұл ақпарат жыр мазмұнына тығыз байланған. Сонымен қатар бұл ақпарат жыр мәтіні пайда болған тарихи кезеңге тән қоғамды сипаттайтынын анықтадық. Әдістемелік ақпарат жинақтала келе жырдың мазмұнында когнитивтік құрылымдарды құрып жатыр. Мәселен жыр мазмұнындағы батырлар мен өзге де жыр қатысушыларының қарым-қатынасында екі деңгей көрініс тапқан. Олар – шежіре ішіндегі қатынас және шежіре сыртындағы қатынас. Шежіре ішіндегі қатынас паттерндері катал иерархияға бағынып, туыстар арасында көрініс берген. Шежіре сыртындағы қатынас күрделі сипат алған. Шежіре сыртындағы қатынас иерархия басында тұрған жыр қатысушылары арасында көрініс берген. Бұл қатынас түрінің қатысушылары арасындағы қатынас батырлар немесе кейіпкерлердің иерархия ішіндегі лидерлік статусына негізделген және иерархия лидерлері арасындағы эгалитарлық қатынасқа негізделген. У Крофт жасаған тіл мен қоғамды стратификациялау жүйесіне сәйкес, жоғарыда келтірген паттерндер бойында әрі рулық әрі тайпалар одағына тән белгілері бар тайпалық одақ қоғамын (chiefdom society) қоғамды сипаттайды.

ҚҚБ жыры антропонимдер саны мен варианттылығы жағынан бірегей ауыз әдебиеті туындысы. ҚҚБ жырында 200 кісі есімдері мен есім варианттары кездеседі. Кісі есімдерін талдау нәтижелері жырдағы антропонимдердің шығу тегі әртүрлі екенін, есімдерге салған семантикалық және когнитивтік ақпараттың түрлі екенін көрсетті. Бұл жерде ҚҚБ жырындағы антропонимдерге қатысты құбылыстар Орталық еуразия өңірін ортағасырда мекендеген көшпенді түркі тілдес халықтардың есім қою дәстүріне тән үрдістерге үндес екенін көрсеткіміз келеді. Мысалы «Аңшыбай батыр» шежіресінің үлгісінде түркілік есімдердің орнын мұсылмандық немесе Ислам мәдениетіне тығыз байланысты есімдердің басу құбылысын байқауға болады. Батырлардың көне түркіден келе жатқан дәстүрге сай зооморфтық көпшілік есім, яғни когномен алу құбылысы жыр антропонимдерінде көрініс берген. Сондай-ақ жырда бірегей прецеденттік есімдер кездескен. Соның бірі – Ақжонас есімі. Бұл есімнің шығу тегі иврит

тіліне сілтейді және есімнің семантикалық қабаттары түркі тілдері үшін әдеттен тыс құбылыс деп атауға негіз бар.

ҚҚБ жырындағы жер-су атауларын талдау зерттеу жұмысының күрделі міндеті болды. Қолда бар ғылыми және тарихи ресурстарды пайдалана отырып, жыр мәтініндегі басым көпшілік жер-су атауларын идентификациялау мүмкін болды. Алайда жырда идентификациялау мүмкін болмаған жер-су атаулары кездесті. Бұл жұмыстың күрделенуіне ҚҚБ жырының миграциясы әсер еткен. Бастапқыда ҚҚБ жыры Каспий – Арал – Мұғалжар – Еділ аралығында пайда болған болу керек. Өйткені идентификациялау мүмкін болған топонимдер аталған географиялық нүктелер аралығында орналасқан. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап ноғайлар Еділдің батыс жағалауы Азау аралығына қоныс аударған. Ноғайлармен бірге ҚҚБ жыры да қоныс аударған. Бұл уақыт аралығында жыр мәтінінде Каспий – Арал – Мұғалжар – Еділ аралығына тән жер-су атаулары сақталып қалған болу керек. Кейінірек ноғайдың кейбір рулары XIX ғасырда кіші жүзге қосылған кезде ҚҚБ жыры да ноғайлармен бірге қазақтар арасында тарағанға ұқсайды. Алайда ноғайлар көшіп кеткеннен кейінгі үш ғасыр ішінде жырдағы жер-су атауларының біразы актуалдығын жоғалтып, басқа атаумен алмасқан болу керек. Бұл мәселе арнайы картограф мамандарды қатыстыру арқылы кешенді зерттеуді қажет етеді.

Қару-жарақ – ҚҚБ жырында ең жиі кездесетін материалдық мәдениет атауы. Талдау нәтижелері көрсеткендей ҚҚБ жырында қару-жарақ репрезентациясы жүйелі әрі кешенді сипат алған. Жырдағы қару-жарақ атауларын талдау бірнеше сатылы жұмысты қажет етті. Алғаш сатыда қару-жарақ атауларын мәтінді қазбалау (text mining) әдісі арқылы классификациялау жүзеге асты. Содан кейінгі сатыда жинақталған мәліметтерді қару-жараққа қатысты кәсіби әдебиет материалдарымен сәйкестендіру жүргіздік. Талдаудың ақырғы сатысында жинақталған ақпаратты ортағасырлық қару-жараққа байланысты тарихи зерттеу материалдарымен салыстырдық. Осы бір күрделі операциялар нәтижесі ҚҚБ жырындағы қару-жарақ атауларына байланысты ауқымды танымдық ақпарат берді. Мысалы ҚҚБ жырында сипатталған қару-жарақ атаулары, олардың физикалық қасиеттері, әр қару түрін пайдалану ерекшелігі, жарақты пішу формасы, сақиналарының ерекшелігі хронологиялық тұрғыдан Алтын орда, Ноғай ордасы және Қазақ хандығының бастапқы кезеңдеріне сілтейді. ҚҚБ жырындағы қару-жарақ атауларының астарында ауқымды когнитивтік құрылымдар жатыр. Қаруды жасаған металдың атауы мен түсі, жүзінің формасы мен ұзындығы, тұтқасының пішіні, ұшын қайрау тәсілі, қарудың ұзындығы, қаруды қолдану ерекшелігі және өзге параметрлер жиналып келіп қару-атауында көрініс берген. Жараққа қатысты сақиналардың пішіні мен формасы, сақиналардың байланысу тәсілдері, сауытты жасаған метал және өзге көрсеткіштер атауында көрініс тауып, жараққа қатысты прагматикасы басым ақпарат берген. Қорыта келгенде ҚҚБ жырындағы қару-жарақ атаулары әскери өнер дамуының эволюциясынан хабар беретін ақпарат көзі. Ортағасырдағы көшпенді мәдениетке тән қару-жарақ асыну тәртібі мен әскери идеялар ҚҚБ жырында көрініс тапқан.

ҚҚБ жырындағы әскери терминдер ортағасырлық соғыс үдерісін кеңінен суреттейді. Танымдық тұрғыдан әскери терминдер әскери кәсіптің ішкі құрылысын сипаттаған. Жырдағы соғыс сипаттамасы соғыс актісінен өзге соғысқа дайындық, соғыс орнына жету, соғыс кеңістігін бөлу, қосынды орналастыру, жауынгерлерді басқару секілді үдерістерді қамтыған. Сондай-ақ жырда соғыс зардаптарын да сипаттаған. ҚҚБ жыры соғысқа қатысты санамызда қалыптасқан стереотип бейнелерді бұзды. Мәселен батырдың концептуалды бейнесі жырда фундаменталды деңгейде өзгеше көрініс берген. Бұқаралық медиадағы нарративтердің әсерінен санамызда батыр бейнесі ел үшін туып, ел үшін өлетін, көпшіліктің игілігі үшін өзін құрбан етуге дайын, жеке бас пайласынан көпшіліктің пайдасын жоғар қоятын тұлға ретінде көрініс берген. ҚҚБ жырында батыр атасынан бастап соғыс кәсібін жалғастырып келе жатқан, дәулетті әрі ықпалды, өзінің және өз әулеті, руы немесе тайпасының саяси, экономикалық мүдделерін жоғары қоятын тұлға ретінде бейнеленген. Қазіргі батыр мемлекет берген қару-жарақты асынып соғысады. Ал ҚҚБ жырындағы батырдың қару-жарағы әкесінен мұраға қалған жеке заты. Қазіргінің батыры әскери басшылық бұйырған жерде соғысатын болса, жырдағы батыр өзінің саяси және экономикалық мүдделерін басшылыққа алып соғыстарға қосылады. Жырда суреттелген соғыс оқиғаларының басым бөлігі қамалдар үшін, қамалдардың жанында немесе сауда жолдарында орын алған. Бұл ерекшеліктер батырлардың және «батыр» ұғымының ортағасыр кезеңдерінен бері когнитивтік-семантикалық деңгейде қаншалықты өзгергенін көрсетіп жатыр. Сонымен қатар ҚҚБ жырында соғысу масштабы да өзгеше көрініс берген. Жырда соғыс батырлар мен ақсүйектер айналыса алатын іс-шара ретінде көрсеткен. Батыр қаруын, жарағын, атын, азығын, қажеттіліктерін өз есебінен қамтамасыз еткен. Сондықтан қарапайым адамның соғысқа қатысуы екіталай. Бұл тұрғыда жыр мәтініндегі соғысқа қатысты когнитивтік ақпарат адамзат тоталды соғыс (total war) кезеңіне өткенге дейінгі тарихи кезеңді көрсеткенін аңғаруға болады.

Тарихи мәтіннің ішіндегі когнитивтік құрылымдарды талдаған зерттеу осы диссертациялық жұмыс шеңберінде тоқтап қалмайды деген ойдамыз. ҚҚБ жырының көлемі мен тарихи-мәдени мәнін есепке ала отырып, зерттеулер жалғасын табатыны анық. ҚҚБ жырындағы когнитивтік құрылымдарға байланысты жаңа зерттеулер жүргізу жоспарымыз бар. Диссертациялық жұмысты жазу барысында жинақталған дерекқорды диссертациялық жұмыс жарияланғаннан кейін Mendeley Data платформасында жариялап, өзге зерттеушілер үшін ашық етуді жоспарлап қойдық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 Қырымның қырық батыры: Ноғайлы жырлары. / ред. Сәкенов С. Алматы: Арыс, 2005. - 544 б.
- 2 КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Москва: Политиздат, 1985. - 576 с.
- 3 Гумилев Л. Черная легенда: Друзья и недруги Великой степи. Москва: ЭКОПРОС, 1994. - 581 с.
- 4 Қоңыратбаев Ә. Мұрын ақын жырлаған “Қырымның қырық батыры” // “Социалистік құрылыс” газеті. Алматы, 1948. - 18 б.
- 5 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Ленинград: Наука, 1974. - 727 с.
- 6 Габдуллин М. Проблемы народности казахского героического эпоса // Материалы к дискуссии по казахскому эпосу. Алма-ата, 1953. - 213 б.
- 7 Батырлар жыры. / құраст. Шалабаева А. Алматы: Қазмемоқу-педбос, 1959. - 503 б.
- 8 Батырлар жыры. II т. / құраст. Ғұмарова М. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961.
- 9 Ақсауыт, батырлық дастандар. / құраст. Нұрмағамбетова О. Алматы: Жазушы, 1977. - 747 б.
- 10 Садырбаев С. Вопросы циклизации казахского эпоса (на материалах эпического репертуара известного сказителя Мурын-жырау): автореф. дисс. ...канд.филол.наук: 10.01.09 - фольклористика. 1965. - 168 с.
- 11 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы: Ғылым, 1982. - 232 б.
- 12 Габдуллин М., Сыздықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы: Ғылым, 1972. - 338 б.
- 13 Сыдиықов Қ. Ақын жыраулар. Алматы: Ғылым, 1974. - 240 б.
- 14 Сыдиықов Қ. Қырымның қырық батыры // Қазақ совет энциклопедиясы. 1975. - 640 б.
- 15 Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Алматы: Жазушы, 1976. - 152 б.
- 16 Мелетинский Е. Кипчакский эпос о ногайских богатырях // История всемирной литературы. - М., 1985. - С. 577–586.
- 17 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. - 368 б.
- 18 Сыдиықов Қ. Мұрын жырау ізімен: М, Сеңгірбекұлы (1859 ж туған) туралы // Коммунистік жол. 1988. - Б. 86–93.
- 19 Сикалиев А. Ногайский героический эпос. Черкеск: КЧИГИ, 1994. - 328 с.
- 20 Қоңыратбай Т. Қырымның қырық батыры // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2004. - 696 б.
- 21 Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). / жауапты ред. Б. Сағындықұлы; Әл-Фараби атын. Қаз. Ұлттық ун-ті... – Алматы : Қазақ

университеті, 2004. - 315 б.

22 Симбаева С. Ноғайлы дәуіріндегі жырлардың тілдік ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2008. - 127 б.

23 Sabitov Z.M., Karatayev A.A. Epics About Idegei and His Relatives in the Epic Cycle “Forty Heroes of Crimea” // *Zolotoordynskoe Obozr.* - 2024. - Vol. 12, № 4. - P. 814–831.

24 Agatay O.M., Sabitov Z.M., Dossymbetov N.A. ARROWS-JEBE AND THE NOGHAIC-KAZAKH HEROIC EPOS // *Mater. po Arkheologii i Istor. Antichnogo i Sredn. Prichernomor'ya.* - 2023. - Vol. 2023, № 15.

25 Bobrov L.A. et al. Three Sabers of the Mongol Empire Times from the Territory of Kazakhstan // *Vestn. Novosib. Gos. Univ. Seriya Istor. Filol.* - 2021. - Vol. 19, № 7.

26 Victorin V.M. Nogai Horde – The Last Area of Turkic Nomadism in Eastern Europe // *SSRN Electron. J.* - 2002. <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.2234026>. 21.03.2023.

27 Zhabagin M. et al. Medieval Super-Grandfather founder of Western Kazakh Clans from Haplogroup C2a1a2-M48 // *J. Hum. Genet.* 2021. - Vol. 66, № 7. - P. 797–716.

28 Орлов А. Казахский героический эпос. Ленинград: Академия наук СССР, 1945. - 147 с.

29 Сәкенов С. “Қырымның қырық батыры” эпопеясындағы топонимдер мен этнонимдер // *Ономастикалық хабаршы.* - 2006. - Том. 1, № 1. - Б. 53–65.

30 Сәкенов С. “Қырымның қырық батыры” және Ноғай ордасының тарихы туралы шежіре деректері // *Абай.* - 2011. - № 3. - Б. 53–59.

31 Türkmen F., Arıkan M. KAZAK DESTANLARI 4. KIRIM'IN KIRK BATIRI. Ankara: Türk Dil Kurumu. - 2007. - 1048 s.

32 Çakır A. KIRIM'IN KIRK BATIRI // *Türk Dünyası İncelemeleri Derg. / J. Turkish World Stud.* - 2008. - Vol. VIII, № 2. - P. 155–181.

33. Gün F. (Kyrgyzstan-T.M.U., Gözcü N. (Hacettepe U. KIRIM'IN KIRK BATIRI DESTANI'NDA ALKIŞ VE KARGIŞLAR // *TURUK Int. Lang. Lit. Folk. Res. J.* - 2019. - № 18. - S. 210–228.

34 Croft W. Social evolution and language change // See [http://www.unm.edu/\\$~wcroft/Papers/SocLing.pdf](http://www.unm.edu/$~wcroft/Papers/SocLing.pdf). - 2003. - P. 1–39.

35 Hartmann S. Diachronic Cognitive Linguistics // *Yearb. Ger. Cogn. Linguist. Assoc.* - 2021. - Vol. 9, № 1. - P. 1–34.

36 Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы: Қазақ ССР-нің “Ғылым” баспасы, 1976. - 270 б.

37 Нұрдәулетова Б.І. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.02 – Қазақ тілі. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2008. - 321 б.

38 Жұбанов Е. Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері. филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін

жазылған диссертация: 10.02.06 - түркі тілдері мамандығы. 1997. - 365 б.

39 Қарағұлова Б. Тарихи жырлар лексикасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.06 - түркі тілдері. 2000. - 127 б.

40 Lakoff G. *Women, Fire, and Dangerous Things*. Chicago: The University of Chicago Press, 1990. - 614 p.

41 Жаманбаева Қанығұл. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері / ред. Сағым Б. Алматы: Ғылым, 1998. - 140 б.

42 Кубрякова Е.С. и др. Краткий словарь когнитивных терминов. 1st ed. / ed. Кубрякова Е.С. Москва: МГУ имени Ломоносова, 1997. - 197 с.

43 Kintsch W. *Comprehension: A Paradigm for Cognition*. Cambridge University Press, 1998. - 461 p.

44 Оразалиева Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2007. - 302 б.

45 Duranti A. *Dilbilimsel Antropoloji*. / ed. Doç Dr. Ahmet Naim Çiçekler. İstanbul: Kesit, 2019. - 435 s.

46 Bergs A. *Studies in Morphosyntactic Variation in the Paston Letters (1421-1503)*. Berlin, Boston: De Gruyter Mouton, 2005.

47 Jones M.N. *Big Data in Cognitive Science*. 1st ed. / ed. Jones M.N. New York: Routledge, 2017. - 382 p.

48 Есеналиева Ж. Лингвистиканың өзекті мәселелері / ред. Қоңырова А. Алматы: “Полилингва” баспасы, 2021. - 288 б.

49 Сүйеркұл Б. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIV ғ.) лингвосемиотикалық кеңістік / ред. Сағындықұлы Б. Алматы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2011. - 250 б.

50 Ахметжанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. Алматы: Елтаным, 2012. - 564 с.

51 Abduali B. et al. Historical and linguistic system of Turkic names and some specific features of creating vocabulary // *Man India*. - 2017. - Vol. 97, № 18.

52 Zhanpeissova N., Kuzembayeva G. The epic “Edige” in Kazakhstan // *Intercult. Commun.* - 2019. - Vol. 1, № 6.

53 Keesing R.M. et al. Exotic Readings of Cultural Texts [and Comments and Reply] // *Curr. Anthropol.* [University of Chicago Press, Wenner-Gren Foundation for Anthropological Research]. - 1989. - Vol. 30, № 4. - P. 459–479.

54 Öztürk G. *Edige batır destanı'nın Başkurt versiyonu*. Marmara Üniversitesi, 2001. - 334 s.

55 Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.02.06 - түркі тілдері. Қ. А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті. - 2007. - 150 б.

56 Özkan Nalbant B. (Pamukkale U., Aman B. (Pamukkale U. *Çağatay dönemi giyim kuşam ve süslenme terimleri* // x. uluslararası dünya dili türkçe sempozyumu. 1st ed. / ed. Ağca F., Koç A. Eskişehir: Eskişehir Osmangazi

Üniversitesi Yayınları. - 2019. - P. 1196–1210.

57 Рақышева Ж. “Қырымның қырық батыры” жырының мәтіндік ерекшеліктері // Дәстүрлі және заманауи Қазақстан этнологиясы: халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары. - 2014. - Б. 332–335.

58 Дуйсенов К., Суйеркул Б. «Қырымның қырық батыры» жырында кездесетін ұйқас есімдер құбылысы // «Актуальные научные исследования в современном мире». - 2021. - Том. 8, № 5(73). - С. 145–150.

59 Сабитов Ж. Эпос «Сорок батыров Крыма» в казахском народном фольклоре // Glob. Turk. - 2015. - № 3/4. - P. 46–57.

60 Уалиев Т.А., Кушкумбаев А.К. К вопросу об изучении казахских вариантов преданий об идегее // золотоордынское обозрение / golden horde Rev. - 2024. - № 12(4). - P. 782–813.

61 Жанұзақ Т. Очерк казахской ономастики. Алма-ата: Наука, 1982. - 176 с.

62 Рысберген Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері / ред. Жанұзақ Т. Алматы: Дайк-Пресс, 2011. - 328 б.

63 Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ түркі жазба ескерткіштері негізінде). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. 10.02.06 мамандығы бойынша. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2010. - 320 б.

64 Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. Астана: Астана полиграфия, 2012. - 320 б.

65 Оспан Б. Есімдер: Сақтардан қазақтарға дейін. Алматы: “Асыл сөз” баспасы, 2019. - 744 б.

66 Рахымберлина С. Қазақ тіліндегі бейресми кісі есімдерінің этнолингвистикалық және танымдық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша. Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2009.

67 Jones L. Encyclopedia of religion. 2nd ed. / ed. Jones L. Macmillan Reference USA, 2005.

68 Adams M. Power, politeness, and the pragmatics of Nicknames // Names. - 2009. - Vol. 57, № 2.

69 Ainiala T., Östman J.-O. Socio-onomastics: The pragmatics of names. Amsterdam: John Benjamins, 2017. - 231 p.

70 Древнетюркский словарь / ред. Наделяев В.М. . Ленинград: Наука, 1969. - 677 с.

71 Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. 1st ed. Oxford: Oxford University Press, 1972. - 989 p.

72 Karagöz İ. EDGÜ KELİMESİ ÜZERİNE // Belleten. - 2006. - № II. - S. 127–131.

73 Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Окшы ата, мавзолей // Сакральная география Казахстана: Реестр объектов природы, археологии, этнографии и культовой архитектуры / ред. Байтанаев Б.А. Алматы: Институт археологии им.

А. Х. Маргулана, 2017. - 904 с.

74 Гумилев Л. Древние тюрки. Москва: Товарищество “Клышников, Комаров и К,” 1993. - 501 с.

75 Cahen C. Alp-Arslan // Encyclopædia Britannica. Encyclopædia Britannica. <https://www.britannica.com/biography/Alp-Arslan>. 22.05.2024.

76 Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы - қаламгер. Алматы: “Зерде” баспасы, 2007. - 360 б.

77 Тоғысбаев Б., Сужикова А. Отырар. Алматы: Арыс, 2005. - 477 б.

78 «Қазақстан» РТРК» АҚ. «Қазақстан Барысы» турнирінің тарихына шолу // <https://qazaqstan.tv/news/79832/>. - 2017. - 1 р. // <https://qazaqstan.tv/news/79832/> 01.01.2021.

79 Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: “Ғылым” баспасы, 1971. - 215 б.

80 Jonah // Online Etymology Dictionary. 2020. // <https://www.etymonline.com/word/Jonah>. 08.04.2022.

81 Ashraf A. ĀBĀDĪ // Encyclopaedia Iranica, Online Edition. 1982. <http://www.iranicaonline.org/articles/abadi>. 09.11.2022.

82 Әлімбай Н. Асан қайғы // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. DPS, 2011. - Б. 220–221.

83 (Multiple authors). CHORASMIA // Encyclopaedia Iranica. - 1991. - P. 511–520.

84 İbrahimov K. Şamaxı şəhərinin tarixi // <http://shamakhi-encyclopedia.az/samaxi-tarixd%C9%99/>. - 2015. // <http://shamakhi-encyclopedia.az/06.01.2021>.

85 Klein E. A Comprehensive Etymological Dictionary of the Hebrew Language. New York: Macmillan. - 1987. - 721 p.

86 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна Ltd., 2010. - 592 б.

87 Klein E. Online Etymology Dictionary // Moses. // https://www.etymonline.com/word/Moses#etymonline_v_18397 11.05.2021.

88 Hays C.B. Hidden riches: a sourcebook for the comparative study of the Hebrew Bible and ancient Near East. first edit. Louisville, Kentucky: Westminster John Knox Press, 2014. - 425 p.

89 Hirsch E. et al. SOLOMON // The Jewish Encyclopedia. 11th ed. Funk & Wagnalls, 1905. - P. 436–448.

90 Barton J., Muddiman J. The Oxford Bible Commentary. OUP Oxford, 2007.

91 Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. Қырымның қырық батыры «Нұрадын» кейбір діни тілдік бірліктерге лингвокогнитивтік талдау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2019. - №2 (78). - Б. 166–169.

92 Laflamme M. On the problem of the namesake // Cult. Anthropol. - 2016. - Vol. 31, № 1.

93 Тұрантегі Д., Боранбап Ж. Баба Түкті Шашты Әзіз / ред. Әссанди

Әсет. Шымкент: “Жібек жолы” баспа фирмасы, 1996. - 48 б.

94 Demirci M. ZENC // İslam Ansiklopedisi. TDV İslâm Araştırmaları Merkezi, 2013.

95 Alexander // Online Etymology Dictionary. 2020. // https://www.etymonline.com/word/Alexander#etymonline_v_8133. 22.05.2021.

96 Аралбаев Н., Қасенова Б. Сүйімбике // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2006. - Б. 103–104.

97 Асанов Ж. Едіге жыры – тарихи-қаһармандық эпос. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2010. - 271 б.

98 Мағауин Е. “Едіге” жырының тарихилығы және көркемдік ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 10.01.09 - фольклористика. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 1994. - 156 б.

99 Seres I. A crimean tatar variant of the Ğora Batir epic // Acta Orient. 2010. - Vol. 63, № 2.

100 Sarıkaya Y. Tulum Hoca ve Edige destanlarinin tip ve vakalar bakımından karşılaştırılması // Milli Folk. 2005. - Vol. 9, № 68.

101 Şahriyar Q. Edigey haqqında dastanın versiya və variantları / ed. Əsgər Əfsələddin. Bakı: “Sabah,” 2024. - 276 s.

102 Әлмұханова Р. Ер тарғын // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2001. - Б. 403–404.

103 Сабитов Ж. Кобланды из рода Каракыпшак // Тарих тағылымы. 2016. - № 1 (9). - С. 44–52.

104 Қондыбай С. Есен-қазақ / ред. Көшербаев Қырымбек. Алматы: Арыс, 2008. - 400 б.

105 Омарбекова А. Ащысай // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998. - 482 б.

106 Planhol X. de, Balland D., Eilers W. BADAQŞĀN // Encyclopedia Iranica. - 1988. - P. 355–361.

107 Қалиев С. Төрткүл // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2006. - 386 б.

108 Оразова А. Қызылқұм // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2004. - 169 б.

109 Әлібекұлы А. Мысыр // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2004. - Б. 665–666.

110 Бірмағамбетов Ә. Әмудария // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. 1st ed. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998. - 681 б.

111 Карпеков Қ. Жайық // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2001. - Б. 473–473.

112 Ахметов Қ. Жем // “Социалистік құрылыс” газеті. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2001. - 640 б.

113 Ахметов Қ. Қарабұлақ // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2007. - Б. 428–429.

114 Ахметов Қ. Сырдария // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ

энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2006. - Б. 137–138.

115 Өскенбай Қ. Темір // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2006. Б. 341.

116 Жұматаев Б. Қаратау // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2003. - 613 б.

117 Ақтанбердиева З., Омаров Д. Астрахан // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998. - 492 б.

118 Каримов М. Қазан // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2003. - 451 б.

119 Madiyrovich Q.O. The issue of lexic levels of Khorezm Dastans’ onomastics // Journal of Critical Reviews. - 2020. - Vol. 7, № 5. - P. 98-110

120 Әшімбева Н.М. Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атауларының тілдік сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2009. - 164 б.

121 Бабалықұлы Ж. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / ред. Әлімбай Н. Алматы: Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігі; Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі, 2011. - 735 б.

122 Сәкенов С. “Қырымның қырық батыры” эпосы және Ноғай ордасының тарихнамасы // Абай. 2007. - № 3. - Р. 68–75.

123 Жеменей И., Абдуалы А. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің тарихи әлемі. Алматы: Арыс, 2009. - 200 б.

124 Дүйсенов Қ., Сүйеркүл Б. «Қырымның қырық батыры» жырындағы «мырза» сөзі лексикалық мағынасының экстралингвистикалық факторларға байланысты түрленуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2019. - № 5. - Б. 261–264.

125 Арғынғазин С. Сұлтан // “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2006. - 91 б.

126 Kara D. Kalmak: The enemy in the Kazak and Kirghiz epic songs // Acta Orient. - 2010. - Vol. 63, № 2.

127 Terbish B. Kalmyk Identity in Historical Perspective // Caucasus Surv. - 2022. - Vol. 34, № 2.

128 Гийасаддин А. Дневник похода Тимура в Индию. - М.: Издательство восточной литературы, 1958. - 205 с.

129 Қарин Е. Қазақ ауыз және жазба әдебиетіндегі жебе түрлерінің атаулары // Abai.kz ақпараттық порталы. - 2010. // <https://abai.kz/post/3037>. 31.12.2022.

130 Қайыржан К. Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. Алматы: Өнер, 2013. - 480 б.

131 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 63-том. Тарихи жырлар. Астана: Фолиант, 2010. - 456 б.

